

Ж О Г А Р Ы Б И Л И М



А. Қалшабек

Әдебиеттану ғылымына кіріспе





АСТАНА УНИВЕРСИТЕТІ НАУКАСЫНДАКИ АРДЫНДА
АСТАНА УНИВЕРСИТЕТІ НАУКАСЫНДАКИ АРДЫНДА
АСТАНА УНИВЕРСИТЕТІ НАУКАСЫНДАКИ АРДЫНДА

А. Қалшабек

Әдебиеттану ғылымына кіріспе

Оқулық

Асқар ҚҰРДАУЕШТАРДЫҢ


Академиялық шартты

Фондаменстальтер шартты магистратуралық меморандумында, 1998 жылда

Академиялық шартты магистратуралық меморандумында, 1998 жылда

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2016



ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

КБЖ 83.3 (5 каз) я 73

Қ 30

Баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ жасындағы ҚР БжФМ РОӘК
«Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы
(№3 хаттама, 17.06.2014 ж.) ұсынған

Пікір жазғандар:

Мырзахметұлы М. – филология гылымдарының докторы, профессор;

Ысмақова А. – филология гылымдарының докторы, профессор;

Құлбарақ С. – филология гылымдарының докторы, профессор;

Оразбаев Қ. – филология гылымдарының кандидаты, доцент

Қ 30 Калшабек А.

Әдебиеттану ғылымына кіріспе: *Оқулық* / А. Калшабек. – Астана: Фолиант, 2016. – 208 б.

ISBN 978-601-302-360-1

Автордың бұл енбекі көп жылғы ізденістен тұған дүние. Енбекте әдебиеттану ғылымының негізгі теориялық мәселелері жаңа ғылыми тұжырымдар мен әдеби материалдар негізінде қарастырылады.

Оқулық жоғарғы оку орындарының филология факультеттінің оқытушылары мен студенттеріне, жалпы әдебиетсүйер қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)

КБЖ 83.3 (5 каз) я 73

ISBN 978-601-302-360-1

© Калшабек А., 2016

© «Фолиант» баспасы, 2016

МАЗМУНЫ

Алғы сөз.....	5
1-тарау. ЭДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНА КІРІСПЕ.....	6
1.1. Эдебиет теориясы	6
1.2. Эдебиет тарихы.....	8
1.3. Эдебиет сыны.....	9
1.4. Қазак әдебиеттану ғылымының даму барысы	12
2-тарау. КӨРКЕМ ЭДЕБИЕТ.....	29
2.1. Эдебиет туралы түсінік	30
3-тарау. ЭДЕБИЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ.....	40
3.1. Эдебиеттің мәні не?	41
4-тарау. КӨРКЕМ БЕЙНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ.....	50
4.1. Эдебиеттегі бейнелеу (образ)	50
4.2. Тип	51
4.3. Көркем бейне жасау тәсілдері.....	52
5-тарау. КӨРКЕМ ШЫГАРМА.....	61
5.1. Мазмұн мен пішін	61
5.2. Идея және тақырып.....	64
5.2. Сюжет және композиция	70
6-тарау. КӨРКЕМ ШЫГАРМА ТЛІ.....	76
6.1. Троп деген не?	77
6.2. Фигура деген не?.....	82
6.3. Троп – көркем бейне жасайтын негізгі қурал.....	84
7-тарау. ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ.....	100
7.1. Ырғак.....	100
7.2. Үйкас	103
7.3. Буын.....	105

8-тарау. ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕКТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ	126
8.1. Эпостық жанрлар	127
8.2. Лирикалық жанрлар	137
8.3. Драмалық жанрлар	140
9-тарау. ӘДЕБИ ПРОЦЕСС	142
10-тарау. КӨРКЕМ ӘДІС. ӘДЕБИ БАҒЫТ, АҒЫМДАР	158
10.1. Әдеби ағым	158
10.2. Стиль	168
Тест сұрақтары	178
Әдебиеттер	201

АЛҒЫ СӨЗ

Әдебиеттану ғылымына кіріспе – қазак тілі мен әдебиеті мамандығын мен-герудегі басты пәннің бірі. Тілші, әдебиетші болам деген талапкерлер осы пәнді қаузап оқудан бастайды. Әдебиеттану ғылымына кіріспе әдебиет теориясының негіздері дегенді білдіреді. Кез келген ғылым негізі теориядан тұрады. Теорияны менгеру онай шаруа емес, әсіресе ол әдебиет теориясы болса. Еңбек еркін стильмен жазылғандай болды. Аса қатты академиялық қалыпқа түсіруді автор өзіне мақсат тұткан жок. Болашакта да бұл жұмыстың осымен тоқтамай, кенею, толығу, толысу үстінде бола берері хак деп ойлаймыз. Еңбек окулық ретінде – 050117 – «Қазак тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған Абай атындағы Қазак Үлттых педагогикалық университетіті қазак филологиясы факультетінің кенесі ұсынған (хаттама №1, 29.09.2006 ж.) типтік оку бағдарламасына сәйкес жазылып, бағдарламада айтылған: «әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы, өнердің коғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері, өнердің халықтығы, көркем туындының тақырыбы мен идеясы, мазмұны мен пішіні, композициясы мен сюжеті, тип, типтендері, көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең күрылсызы, әдебиеттің тектері мен түрлері (жанрлары), көркемдік әдістер мен бағыт, ағымдар, стиль мәселесі, т.б. жөнінде жан-жакты мәлімет беріліп, студенттердің әдеби-теориялық ұғымының қалыптасуына мүмкіндік жасалады. Пәннен сабак (лекциялық, семинарлық) жүргізу барысында тарих, тіл білімі, философия, эстетика, халықтық педагогика, психология, т.б. ғылымдармен пәнаралық байланыс жүзеге асырылады» (С. Макпышұлы) деген жүйеге толық сай келеді.

Айта кететін бір жайт, автор осы дүниені жазуда әл-Фарабидін, Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Абайдың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Халел Досмұхамедовтың, Есмағанбет Ысмайловтың, Қажым Жұмалиевтің, Серік Кирабаевтың, Тұрсынбек Кәкішевтің, Зейнолла Қабдоловтың, Мекемтас Мырзахметовтің, Айгүл Ысмақованың, т.б. еңбектеріне сүйенді. Сондай-ақ, орыс әдебиетшілерінен А. Потебня, Б. Эйхенбаум, Л. Тимофеев, В. Хализев, А. Есин сынды авторларға да көз жүгіртпі отырды. Қалғаны – өзінің ой-пікірі, айтпак болғаны, түйгені, корытканы. Кемшілігін оқырман жүрт жанашырлықпен қарап, пайдалы тұсын керегіне жаратар деген ойдамыз.

1-тарау. ЭДЕБИЕТТАНУ ГЫЛЫМЫНА КІРІСПЕ

Әдебиет бар, сондай-ақ оны танып-білетін әдебиеттану деген ғылым бар. Әдебиет өнер болса, калайда ол өнерді танушылық талабы пайда болады. Өйткені өнер атаулының негизінде танымдық қызметті болғанмен ол оның басты қызметі емес. Танымдық басты қызметке ие бұл – ғылым. Яғни, теориялық қызметке жүгінетін ғылым. Сондай көп ғылымның бірі ол – әдебиеттану. Әдебиеттану ірі үш саладан тұрады. Олар: **әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны.**

1.1. Әдебиет теориясы

Әдебиет теориясы әдебиеттің өнер ретінде теориялық мәселелерін карайды. Яғни, әдебиет өнеріндегі әрбір айтулы ерекшеліктерге ғылыми ұғым тұрғысынан түсініктеме береді. Не үшін? Оны, әрине, тану үшін. Ол кажет пе? Өте кажет. Теориялық түсінік болмаса, ғылыми катынас болмаса, кез келген өнер түрі дамып, жетіле алмақ емес. Онда ол өнер өз бойында не болып, не койып жатқанын түсініне алмас еді. Өнердің бағыт-бағдарын айқындал беретін де ғылым. Әйтпесе өнер күргақ түйсікпен яки эмо-

циямен дұрыс жолды таба алмайды. Жап-жарықта адасады. Яғни, күллі өнер атаулы өз бетімен лағып жүріп, максат-мұратына жете алмақ емес. Адамзатқа пайдалы қызмет етеп алмақ емес. Осы шырғаланды мәселелерді шешіп бере алатын ол тек – ғылым. Теория. Яғни, ғылым атаулы теориядан тұрады. Осындай әдебиеттану ғылымына тән теориялық түсініктер етеп көп. Олар: әдебиет жайлы түсінік (Яғни, әдебиет деген не ол өзі?), әдебиеттің қызметі, функциясы (Ол кімге һәм неге қызмет етуі керек? Қызмет етсе не үшін қызмет етуі керек?), көркем бейне (Образ дегенді калай түсінеміз?), көркем шыгарма (Көркем шыгарма деген не: ондағы тақырып, идея, сюжет, композиция деген не? Көркем шыгарма тілі деген не?), әдебиеттің тектері мен түрлері (Тек деген не, жанр деген не, оның түрлері қандай, роман деген не?), әдеби процесс (оның қандай ерекшеліктері бар?), көркемдік әдіс, бағыт, стиль, әдеби ағым деген не? Әдебиет теориясын айту үшін осы мәселелердің бәрін сарапал шығу керек және бір ескеретін жайт әдебиет теориясы бір айтып койғанмен шешіліп кететін нәрсе емес, ол ұдайы, үз-

діксіз жаңарып, қозғалыста болатын ғылым, әйтпесе оның өзі өлі ғылымға айналып кетуі әбден мүмкін.

Қазак әдебиеттанды ғылымында әдебиет теориясы туралы толымды еңбек жазудың тарихы алаш көсемі Ахмет Байтұрсыновтан басталады. Р. Нұргалиев бұл жөнінде былай дейді: «Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындаپ беретін курделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек кепшілік арасына мол тарарап үлгермегі. Бірак қазактың ұлттық әдебиеттандының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған». Осы кітабы арқылы А. Байтұрсынов – казак әдебиеттанды ғылымында әдебиет теориясының негізін салушы деген атка ие болған тұлға. А. Байтұрсыновтан кейін әдебиет теориясына арнайы қалам тартқан 1938 жылы «Әдебиет теориясы» деген еңбек жазған Қажым Жұмалиев пен 1940 жылы «Әдебиет теориясының мәселелері» деген кітап жазған Есмағамбет Ысмайлотовтар болатын. А. Байтұрсыновтың еңбегі кейінгілерге қарғанда өзінің әдебиет мәселелерін түбірлі кейіппен түсіндіре және әрбір ұғымды ұлттық

сана мен тіл өрнегі накышына түсіріп жазуымен ерекшеленеді. Сол үшін де оның еңбегі теория негіздерін қалаған туынды ретінде бағаланады әрі кейінде қаншама енбектер жазылғанмен А. Байтұрсынов еңбегі айнымас темірказық туынды болып қала бермек. К. Жұмалиев, Е. Ысмайлолов енбектері «Әдебиет танытқышқа» қарғанда, ұлттық өрнектен ғорі европалық үлгіге қатты жақындаپ, терминдері де бірынғай батыстық үлгімен берілді. Олай болуы да заман талабы еді. 40-жылдар кеңестік жүйенің құрсауы күшейіп, социалистік реализм әдісінің монополияға айналған тұсы болатын. Сондықтан сонғы авторлар көркемдік тұғыр ретінде таптық ұстанымдарды алады. Бұл тұрғыдан қарғанда А. Байтұрсынов кітабы қатты идеялық қысымсыз, еркіндікпен жазылған. К. Жұмалиев, Е. Ысмайлолов кітаптарынан кейін әдебиет теориясы туралы жазылған іргелі еңбек – академик Зейнолла Қабдолловтың 1970 жылы жазылған «Әдебиет теориясының негіздері» атты шығармасы. З. Қабдоллов еңбегі өз тұсындағы әдебиеттанды ғылымының сұранысын ескеріп, соның қажетіне жараган жақсы еңбек болып шыкты. Енбекте негізгі әдеби терминдер одан әрі ұшталған түсті, әрі түбекейлі түрде орнықты деуге болады. Эрине, ғалым өз әдеби тұжырымдарында әдебиеттің таптығы, әдебиеттің партиялығы немесе социалистік реализм сияқты

терминдерді айналып өте алған жок, кайта оларды негіз етіп алуға мәжбүр болды. Соған қарамастан, өз еңбегінде ұлттық әдебиеттің үздік үлгілерін насиҳаттай алуға жол да таба білді. 1998 жылы академик Зәки Ахметов пен филология ғылымдарының кандидаты Тұрдығұл Шаңбаевтардың құрастыруымен «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» атты сөздік жарық көрді (екінші басылымы). Қазак әдебиеттанды тарихында бұл басылымның орны зор. Сөздікте әдебиет теориясы мәселелерін зерттеу үш боліктен тұратындығы айтылған. Олар: 1. Жазушының өмір шындығын образды түрде бейнелеу ерекшеліктері туралы ілім; 2. Әдеби шығарманың көркемдік құрылымы жөніндегі ілім; 3. Әдеби процесс туралы ілім.

2005 жылы «Қазак әдебиеті» атты энциклопедиялық анықтамалық, 2009 жылы Қазақстан Жазушылар одағының құрылғанына 75 жыл толуына орай «Қазақстан жазушылары» атты анықтамалық жарық көрді. Бұның бәрі – төл әдебиеттанды ғылымына қосылған комакты үлес. Сондай-ақ, К. Ахметов «Әдебиеттанды кіріспе» (Караганды: АРКО, 2004), С. Макпиров «Адамтану өнері» (Алматы: Арыс, 2009), F. Райс «Сөз өнері теориясы» (Алматы: Таңбалы, 2010) атты еңбектер жазды. Сондай-ақ, орыс тілінде де біраз еңбектер жазылды (Джуанышбеков

Н. Введение в литературоведение. – Алматы: Қазак университеті, 2005; Садыков Х.Н. Введение в литературоведение. – Алматы: Ассоциация вузов РК). Яғни, әдебиет теориясы бір орында тұрган жок, әр түрлі авторлардың ыжидихатымен біргіндеп алға жылжуда.

1.2. Әдебиет тарихы

Әдебиет тарихы әрбір ұлт әдебиеттің тарихын қарастырады. Яғни, оның қашан, кайтіп пайда болғандығын, өсіп-өркендеу жолдарын, қандай тарихи-коғамдық оқигалардың әдебиет ағымына асер еткенін, әдебиет тарихын кезеңдерге бөліп, әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін анықтап түсіндіреді.

Әдебиет тарихы ұлт тарихымен қабаттас, сонымен желілес, катар жүреді. Сейтіп, өзінің әр кезеңінде қоғамдық ішкі-сыйртқы толқулар мен қозғалыстарды қамтиды. Қазак әдебиет тарихын зерттеу, зерделеу туралы айтқанда, кезінде қазіргі әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеттің қазак әдебиеті кафедрасының менгерушісі болған, профессор **Бейсенбай Кенжебаевты** атап кету керек. Фалым 60-70 жылдары осы бағытта ірі ғылыми мектеп құра білген. Сол 60-жылдарға шейін қазак әдебиет тарихы Бұқар жыраудан, жазба әдебиет үлгілері Абайдан

басталып жүрді. Одан аргы казак әдебиет тарихы болмағандай болды немесе көзге ілінбеді. Осы касандың сініктің көбесін сөккен профессор Б. Кенжебаевтің ғылыми мектебі болды. Атап айтқанда, Б. Кенжебаев шәкірті М. Магауиннің «XV-XVIII ғасырларда жасаған казак ақын, жыраулары» (1965), М. Жолдасбековтың Орхон-Енисей ескерткіштерін қарастырган «Көне түрік әдеби ескерткіштері және олардың казак әдебиетіне қатынасы» (1969), А. Қыраубаеваның «Қыссас Рабғузі» мен «Мұхаббат-наманың идеялық-коркемдік ерекшеліктері» (1973) атты еңбектерін атауға болады. Көне әдебиетті қарастыру үрдісінің ғылымдағы мұжкарғыш кемедей жолашашы «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967) атты еңбек болған.

Қазак әдебиет тарихына катысты мәселелер ете көп. Ен акыры ежелгі дүниені айтпағанда, кеше ғана көз алдымызда отken XX ғасыр әдебиеті, соның ішінде әрине кенестік дәүір әдебиеті туралы бірыңғай зерттеліп, орынкан ғылыми тұжырымдар әлі жеткіліксіз. Сондай-ақ, әдебиет тарихын жүйелеу туралы профессор М. Мырзахметов те бірқатар ой-пікір айттып жүр. Мысалы, ол XVIII-XIX ғасыр әдебиетін отаршылдық дәүірдегі әдебиет, ал XX ғасыр басындағы әдебиетті ояну дәүіріндегі әдебиет деп атауды, соның ішінде отаршылдық дәүірдегі әдебиетті

үш кезенге бөліп карауды ұсынады. Яғни: 1) Хандық-вассалдық билік кезіндегі әдебиет (1731-1822), 2) Аға сұлтандық билік кезіндегі әдебиет (1822-1867), 3) Болыстық ел билеу жүйесі кезіндегі әдебиет (1867-1917) деп.

Әдебиет тарихына катысты әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университетінің «Қазак әдебиеті тарихы және сыны» кафедрасының ұжымы «Қазак әдебиетінің қысқаша тарихы» (2002 ж.) атты екі томдық еңбек шығарды. Мұндағы бір ерекшелік казак әдебиеті тарихын қазіргіден де терендеп, біздің дәүірімізге дейінгі XII ғасырга дейін апарушылық. Әдебиет тарихы жайында соңғы кезде М. Эуезов атындағы әдебиет және өнер институты он томдық іргелі еңбек құрастырды («Қазак әдебиетінің тарихы». – Алматы: ҚазАкпарат, 2006).

1.3. Әдебиет сынны

Әдебиет сынны деген не? А. Байтүрсынов айтады: «Сын деп адам ісінен шықкан нәрсені тексеріп, баға беруді айтамыз. Сынға салуга болады – ғылымнан шықкан нәрсені де, өнерден шықкан нәрсені де, кәсіптен өнген нәрсені де, когамшылықпен құрылған нәрсені де, ол нәрселер көп адам күшімен, ісімен жасалған мемлекет сияқты ұлы нәрсе болуға да

1-тaraу. Әдебиеттану ғылымына кіріспе

ықтимал. Жалғыз адам жасаған ұсақ нәрсе болуга да ықтимал. Адамның кай ісінен шықкан нәрсе болса да, сынға салудағы мақсат – жақсы-жамандығын ашу, мән-мағынасын анық таныту, ғылым тарапынан шықкан нәрсе болса, ғылым жүйесіне дұрыс, терісін көрсету, өнер тарапынан шықкан нәрсе болса, мақсатқа сәйкес келген-келмегенін, кәсіп тарапынан шықкан нәрсе болса, тіршілікке жайлыш-жайсыздығын көрсету, коғамшылық тарапынан шықкан нәрсе болса, калпына колайлы келу-келмеуін көрсету, сейтіп, адам ісінен шықкан нәрсенің бәрі түрлі-түрлі максатпен сынға түседі.

Әдебиет адам ісінің бір түрінен шықкан нәрсе болғандыктан, бұз да сынға түспек. Мұның түрлі ісі түріне карай сынға түседі. Бірақ қайсысы сынға түссе де, шығармалардың түсетін сынының жалпы аты әдебиет сынды деп айтылады. Әдебиет алқасына кіретін шығармалар кара сез, дарынды сез болып, екі айырылатыны жоғарыда баяндады. Сынға түскенде, мұның екеуі екі жүйе таразымен өлшеніп, сынға түседі. Кара сездер, мейлі әуезе, мейлі әліптеме, мейлі пайымдама болсын – ғылым таразысына түсіп, ғылым жүйесінің сынымен тексеріледі. Ғылым сынны ғылым жүйесіне дұрыс, терісін қарайды, шынында сондай нәрсе ме, топшылауы дұрыс па, дәлелдері то-лық па, сипаттары күшті ме деп, со жағынан тексереді.

...дарынды сез көркем сез деп аталаپ, кара сездер жалаң сездер деп айтылады. Қара сездін сынында пікір дұрыстығы, істің растьық жағы тексерілсе, көркем сездін сынында, пікір дұрыстығының үстіне, пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі.

...асылында, көркем сезде екі тыскы, екі ішкі сын болады.

Тыскы сындар: 1) Тілінің, лұгатының сыны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны. 2) Суреттің сыны, яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп суреттеуінің сыны.

Ішкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген калып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс болып шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны».

Әдеби сынның іске асатын түрі – әдеби шығарманы көркем-идеялық түрғыдан талдау. Ол онай жұмыс емес. Ол – сыншының бар интелектуалдық ой-өріс, күш-куаты білінетін тұс. А. Байтурсынов сынның не екенін және оның ішкі мемлекеттік тарқатып айтып берсе, біз енді оны ары карай қозғамай, әдебиет сыннының көрерлік бар-жоғын туралы ай-

тып кетпекпіз. Бұл мәселе жөнінде А.Б. Есин деген ғалым біраз іздениске түседі. Оның бұл төніректегі қысқаша тұжырымы мынадай: мысалы, М. Бахтин деген ғалым шығарманы талдауды екі жақтың диалогы, әңгімелюстіктерінде деп карайды. Ол екі жақ – автор һәм оны окитындар, талдайтындар. Бахтиннің айтуынша, шығарманы зерттеу объектісі етуге келмейді. Өйткені екі тараптың әлгі диалог тоқтаусыз ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жалғаса береді. Демек, бір шығарма туралы түйінді бір пікір айту мүмкін емес дегенге саяды. Анығында Бахтин бұл жерде кателеседі. Бұлай деп айту жалпы әдебиеттану ғылымына терістеу келеді.

Көркем шығармада таза мәтін һәм эмоция бар. Оның осы екі қырын бірдей камтып, қарағанда әдеби талдау дұрыс болады. Әдебиеттануды біреулер ғылым емес, өйткені әдеби шығарманы интуитивті түрде ғана танып, қабылдауға болады дейді. Өйткені әдеби бейне (образ), зерттеуге, әдіске салуға көнетін нәрсе емес дейді. Біреулер көркем шығарманы зерттеуді математика сияқты ғылым еткісі де келеді (*структурализм өкілдері*).

Бұл екі бағытка да А.С. Бушмин деген ғалым орнықты дұрыс жауап береді. Оның айтуынша, интуитивті пікірдегі ғалымдардың кателігі олар әдебиет пен әдебиеттануды шаастырган. Өйткені ғылыми ойлау

мен әдеби көркем ойлау бір нәрсе емес. Екіншілердің катесі – ғылыми әдістің көркем образды сарқып туғаннан көркем түсіндіріп бере алмайтынын андамауы. Егер олай болса, өнер дегеннің қажеті де болмас еді. Ғылым бізге тек өнерді (терминдер, ережелер арқылы) түсінуді оқылатады, жәрдем береді. Ғылыми тұжырымдар көркем шығарманың көшірмесі емес. Оны түсінудің әрекеттері ғана. Көркем шығармадағы эмоцияны ешкандағы ғылым өзіне көшіре алмайды.

Кез келген ғылым түрінің болуының шарты ол ғылым пәнінде белгілі бір заңдылықтар, жүйелер болу керек (Б.И. Ярхо). Әдебиеттануда осы ерекшеліктер бар. Сондыктан ол арнайы бір ғылым саласы бола алады. Яғни, бұл көркем шығарманы (ішкі болмысы мен сыртқы калпын) тексеріп сынау деген бар әрі оны солай істеуге болады деген сөз,

Әдебиеттануда да анализ, синтез деген әдістер бар. **Анализ** – бұл жалпы нәрсені бөлшектеп, оны ұнғыл-шүңғылын көріп-білу, ал одан соң ол туралы тұжырым жасау бұл – синтез болады.

Әдебиет сынны туралы да біраз комакты енбектер жазылды (Т. Қекішев. Қазақ әдебиет сыннының тарихы. – Алматы: Санат, 1994; Дандай Ыскакұлы. Әдеби сын тарихы. – Алматы: Таңбалы, 2012; т.б.).

Дандаидан Ыскакұлы «Әдеби сын тарихы» енбегінде тәуелсіздік тұ-

сындағы әдеби процессті егжей-тегжей қарастырып, катты ыждахат танытқан.

Текстология (латынша: *textus* – ткань, байланыс, *logos* – ғылым) – әдебиеттанудың библиографиядан белініп шыққан аса бір зәру саласы. Бұл саланың басты жұмысы – әр шығарманың түпнұсқа мәтінін анықтау, керек болса шығарманың авторын анықтау, ескі колжазбалардың алғашкы вариантын табу (**архетип**), түрлі коментариймен ғылыми басылым (**эдиция**) шығару сияқтылар. Мысалы, жазушы М. Мағаун «Дала уалаятының газетінде» жарияланған (1892 ж. № 29) «Қазақтардың естерінен көттей жүрген бір сөз» атты авторы жоқ шығарманы Абайдың әнгімесі деп дәлелдейді.

Библиография (грекше: *vivlion* – кітап, *grapho* – жазамын) ғылыми жанама қызмет түрі. Керегі әр түрлі аныктамалық – библиографиялық құралдар құрастыру үшін. Қызмет түрі: бір ғылыми мәселе жөнінде не бір автор енбектері туралы әдебиеттерді жинақтау, библиографиятану ғылымымен айналысу, жарық көрген кітаптар мен шығармалар жөнінде газет-журнал беттеріндегі арнайы белімдерде пікір жариялау.

Историография – әдебиет теориясының, тарихының, салының ғасырлар бойы тарихи дамуы туралы дәйектемелер мен деректер, материалдар мен мәліметтер жинағы (З. Қабдолов).

Эвристика (грекше: *heurisiko* – іздестіремін, іздеймін) – әдебиеттанудағы әр түрлі ғылыми ізденистердің жиынтығы, олар: бір шығарманың авторын табу, жазылған хаттың иесін, датасын анықтау, өмірбаяндық зерттеу жүргізу, прототиптерді іздеу, т.б. болып келеді.

1.4. Қазақ әдебиеттану ғылымының даму барысы

Қазақ әдебиеттану ғылымының даму тарихы теренде жатыр. Атакты философ әл-Фараби X ғасырдың өзінде-ақ әдебиет теориясы туралы ой-пікірлер айткан. Фалым өзінің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты еңбегінде әдебиет жайлы біраз ой айтады. Мысалдар:

«Трагедия дегеніміз – арнайы өлшемі бар, бәріне тындаушыға һәм айтушыға да ләззат беретін поэзия түрі. Онда елктеуге түрарлық, улғі алар орайлы оқиға бар, онда билеушілер мен шаһар манаптары мара-патталады. Орындаушылар, әдетте, оны патшазадалар алдында келістіріп айтып береді. Егер патша өлсе, олар трагедияның орнына кейір ауен косып, марқұмды жоқтайды.

Эпос – мейілінше көркем немесе әдettен тыс эмоциялық күшімен ләззэт беретін поэзия түрі.

Акустика – шәкіртті музика өнегінде үйрететін поэзия түрі: оның пай-

далылығы осымен шектеліп, өзгеге онша кажеті жоқ».

Жакында казақ әдебиеттану ғылымы әлемінде үлкен жаңалық болды. Тұнғыш рет шағатай заманына катысты түрік өлеңінің негізін қалаушы Шейх Ахмет Құдайадад Таразидің Тараз қаласында 1436-1937 жылдары жазылған «Көркем сөз өнері» («Фонун әл-бәлағе») кітабы жарық көрді (Шейх Ахмет Құдайадад Тарази. Көркем сөз өнері. Алматы, Таңбалы, 2013).

Шейх Ахмет Құдайадад Тарази шығармасының қолжазба көлемі 139 парактан (278 беттен) тұрады. Аталған енбектің жалғыз қолжазба нұсқасы Ұлыбритания патшалығының Оксфорд қаласының Бодлеан кітапханасында сакталған. Оның көшірме нұсқасын өзбек ғалымдары алдырып, 1996 жылы араб жазуындағы мәтінді кирилицаға транскрипциялап, профессор Әбдіқадір Хайтметовтың көлемді кіріспесімен Ташкентте шығарды.

Шығарма негізінен өлең теориясына арналған. Кітапты есکі шағатай тілінен казіргі казақ тіліне аударған – Ислам Жеменей.

Шейх Тарази бұл кітапты қашан, калай және қандай максатта жазғанын езібылай түсіндіреді: «...бірде-бір енбекте өлеңінің барлық жанрлары бір-бірімен ұштастырылып, біртұтас карастырылмаған. Сондықтан осыған пейілім ауып, аскан күмарлық

әуестікпен – көнілімнің пердесін ашып, колыма қалам алғып, кара сөз бер өлеңге ниет білдіргендеге оның жалпы зандылықтары жайлы, түрлөрі жайында хабардар етпекпін. Кімде-кім сөз өнерін қаласа және шешендік кабілеті болса, осы енбектен пайда көрмек. Бұл пікір маған теория іспетті не нағыз теория сиякты көрінді. Ұзак уақыт осылай ойланған жүріп күн өткіздім. Ең сонында Расул (с.ғ.с) һижретінен 840 жыл өткенде /1436-1437/ осы ғылымды бастадым. Парсы мен түркі сөздерін косып, рисале /трактат/ құрастыруды аяқтадым. Оның атын «Фонун әл-бәлағе» атадым. Кейбіреулер оның атын «Ләттайеф-е Тарази» десті. Шабыт иелері мен көніл білдірген жандардан бұл мөлдір дур мен гауһар қазынадан нәр ала отырып, кемшіліктерін түзетуге ниет ете койса, «жырлаушы авторға кайыр болғай» деген дүгасын оқып еске алғай дегім келеді».

Шығарма былай басталады:

«Алла Тағалаға мадақ болғай, өйткені (Алланы мадақтау мақсатында) уайымның желаяғы шексіз жылдар бойы жүгірсе де, оның бастау сызығының шекарасына жете алмай келеді. Тағы да Аллаға шүкір мен алғыс болғай, себебі Сана Самұрығы сансыз уақыт үшса да сонғы демінде де шүкір шенберінің іргесіне жете алмаған. Алла сән-салтанат иесі, ұлы мәртебелі түпсіз бастау танында ынта құрылышсызмен бірге

шығармашылық қуатын, емле құдіретін ажыратып әрі бөлшектеп, адам баласының жадында орныктырды. Жаратушы гауһар поэзия, жауһар қара сөз дүниені, керемет нұрымен бірге, ақыл шырағын жандырып, адамзат болмысына қойды. Онымен адам адасу зұлматынан өмір сәулетіне ауыскай және сыншыл зейіні киындықтардың түйінін шеше білгей. Өнер қуаты мен түсінік күшімен бірге жұмбағын шешіп, ұға білгей.

Сейтіп, адамзат кейде шабыттана сайраса, кейде кемесімен терен ой тенізіне жүзеді. Содан тұнғыық ой тенізінің ойларын сөз арқылы парактар жағалауына алып келеді, кей уақытта шырын сөздерді түрлі өнермен нәрлендіріп, сөйлеу күсын тәрбиелеп, шешендік Гүлстаның әр килем өнермен өрнектеп, осылайша тілді ауыз қакпасының ішінде сазды әуенге айналдыра біледі».

Ұлы Могол мемлекетінің негізін қалаған Темір әuletінің үрпағы **Захираддин Мұхаммед Бабыр** (1483-1530) өзінің «Бабырнама» атты тарихи енбекінде өнер, әдебиет жайлы көптеген ой-пікірлер тұжырымданған отырады. Мысалы, Әлішер Науайы туралы былай дейді. «Әлішер бек тенденсі жок дарынды адам еді. Ол түрік тіліндегі өлең жаза бастағаннан бері, ешкім де соңшалық жаксы әрі көп өлең жазған емес. Ол алты мәснауи кітап құрастырды. Оның бесеуін Шейх Низамиге еліктеп «Бестар-

макқа» жауап деп, алтыншысын Низамише «Құс тілі» деп атады. Бұдан тыс ол төрт диуан ғазел құрастырды, олардың әрбіреуіне былай деп ат койды: Балалықтың балғын шағы, Бозбалалық дәурен, Орта жастың әсерлі сәттері, Қаріліктің тәлімдік үағызы. Оның жаксы рубаяттары да, тағы бірнеше шығармалары бар, бірақ бұлар жоғарыда аталғандардан солғындау. Солардың бірі – оның хаттары. Маулан Эбдірахман Жәмиға еліктеп, әр кезде дос-жаарандарына, түрлі адамдарға жазған хаттарын жинастырган, онысы әжептеуір жинак болыпты.

Өлең үйкасы жайында «Өлең өлшемінің таразысы» атты кітап та жазды, бұл біраз мін тағарлық кітап, жиырма рубаяттың мөлшерін аныктай отырып, оның төрт мөлшерінен қателескен, өзге өлшемдерінен де кемшілік бар. Өлең сөздін паркын білген, зерделі жанға мұны анғару киын емес.

Парсыша да жыр жазған адам. Ол парсы тіліндегі өлендерінде Фани лакап есімін пайдаланыпты. Кейір парсыша өлендері жаман да емес, бірақ көпшілігі солғындау. Ол музикалық тәуір шығарма жазған кісі, оның тамаша нақыштары мен пишравтары бар.

Әлішер бек сияқты ғылым мен өнер адамына камқорлық жасап, жана шырлық еткен пенде бүрын-сонды болды ма, болмады ма, ол жағы белгі-

сіз». (Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – Алматы, 1993. – 199 б). XVI ғасырда жазылған осы үзінділерден көп нәрсені байқауға болады. Бабырдың терең интеллектуалы таңғалдырады. Әдебиет теориясы саласындағы дайындығының шырқау биік екендігі көзге үрады. Мүмкін, қазіргі біздің енді жеттік деп жүрген дәрежеміз Бабырдың жаңында солғын тартып калатында. Осылай өзінің орта ғасырлардағы терең мұхиттай корынан қол үзіп калған қазақ әдебиеттану ғылымының біраз шырғалан кезеңдерді басынан откергені ақиқат.

Кашмир патшасы болған, Бабыр патшаның бөлесі, атакты Моголстанның алғашқы ханы Тоғлық Темірдің ұрпағы Жұніс ханының жиені **Мұхаммед Хайдар Дулати** (1499-1551) «Тарихи-и-рашиди» атты әлемге әйгілі тарихи энциклопедиялық кітап жазған. Э. Марғұлан М. Дулатиді «қазақтың тұнғыш тарихшысы» атаған. М. Дулати шығармасында нағашысы Жұнісхан туралы былай дейді: «Сұлтан Жұніс хан барлық шағатай хандарының ішіндегі ең ұлы әрі тенденсі жоғы еді. Көптеген істерде ол тұрпаттас адам оның әuletінде оған дейін болған емес. Мәселен, шағатай хандарының ішінде оған дейін ешкім қырықтан аспаған, олардың көбі қырыққа да жетпеген, ал бакытты хан жетпіс төрт жыл өмір сүрді және өмірінің сонында дүниеауди тіршілік-

тен арылып, тариқат жолына түсті. Осыған орай, сол заманның көптеген шейхтарының сұхбатында болып, әр түрлі білім алған. Былайша айтканда, Құран оқитын, жазатын, ақындық дарыны құشتі, сөзге шешен, муамманы (жұмбак сөздерді) шебер киыстыратын, қолтаңбасы әдемі болатын әрі сурет сала алатын талант еді. Сондай-ақ, басқа да өнерге бейімділігі ерекше-тін. Бірнеше музика аспабында ойнай білген, әрі **Шарафаддин Эли Йәзди**дің тәрбиесінде он екі жыл болған әрі оның шәкірті. Ол талай жерде саяхаттарда болып жат жерлерді аралады, көп білім алған. Жат жерлерде саяхатта болып, білім алғаны, әр түрлі елдерде болғандығы жайында «Тарихтың» негізгі белгігінде айтылады. <Құдіретті Алла кала-са>. Жаңы жомарт, мінезі жайсан һәм жағымды сипаттармен ерекшеленетін. Осындағы касиеттерімен қатар ол нарасатты ерекше көрегенді, шешімнің тегеурінді, ақылының ауқымдылығы, айрықша батылдылығы жағынан оған тенесер жан табылмайтын. Әсіресе құралайды көзге аткан мерген болатын, садак тарту жағынан оған ешкім тен келе алмайтын. Бір сөзбен айтқанда оның әuletінде өзі тұрпаттас жан жок еді. <Аллаһ тағала оның жүзін жарық етіп, қабірін нұрландырсын>».

Бабыр бөлесі (М.Х. Дулати) жайлы былай дейді: «Хұб Нигар ханымының ұлы Хайдар мырза еді. Әке-

сін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үштөрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұксат сұрап, Кашқарияға, ханға кетті.

Алтын, күміс, қорғасын,
Нендей асыл болмасын, тартады
өз тегіне.

Енді ол орныкты, байсалды азamat болып жақсы жолға түсіпті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садак шыбығын июге колының ебі бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты, сез саптауы тәуір» (Бабырнама).

Іә, осы жолдардан Моголстан патшаларының карым-қабілеті, эрудициясы, эстетикалық талғампаздығы қансонардағы аң ізіндей анық бол сайрап көрінеді.

Шоқан Ұәлихановтың әдеби ой-пікірлері де елеуге тұрарлық. Шоқан казактарды поэтикалық қабілеті жағынан арабтармен салыстырады.

Ол өзінің «*O формах казахской народной поэзии*» атты мақаласында біраз әдеби-теориялық талдаулар жасайды: «Джир собственно значит рапсодия. Глагол джирламак значит говорить речитативом. Все степные джиры обыкновенно поются речитативом под аккомпанемент кобызы. Предметами джира обыкновенно бывают жизнь и подвиги какого-нибудь известного в древности народно-

го витязя. При этом должно заметить, что события жизни витязя, его подвиги – словом, все, что составляет собственно повествование, рассказывается прозою, стихи же употребляются только во время, когда герой позмы или главные участвующие в ней лица должны говорить». Кара өлең туралы: «Кара-улен – обыкновенная песня, она состоит из четырехстиший, заключающих в себе каждая отдельную идею. Эти песни поются более для голоса. Часто четырехстишие не имеет никакого смысла», – дейді (Ч. Валиханов. Избранные произведения. М., 1987. – 235-238 с.).

А. Байтұрсынов 20 жылдары үлттық құндылыктарға негізделген әдебиет теориясы туралы «Әдебиет танытқыш» атты окулығын жазды. Әдебиет тарихын зерттеп-зерделеу де жоғарыда айтқандай, кенестік дәуірдің еншісіне тиесілі. Ал әдеби сын ғасыр басында туып, кенестік топыракта жетілді. Белгілі ақиқат бойынша әдеби сын болу үшін газет-журнал керек. Онсыз ол өніп-өспейді. Осы тұрғыдан кішкене шолу жасайык. Біздің газет-журналдарымызда кім, не жазды екен?

Мысалы, «*Дала уалаятының газетінде*» М.Ж. Кепеев тілші болып макалалар жазып тұрды. 1889 жылы газетте Абайдың «Жазды құні шілде болғанда», «Күлембайға» деген өлеңдері жарық көрген.

«Қазак» газетінде А. Байтұрсынов Абай жайлы «Қазактың бас ақыны» (1913. № 43) атты мақала жариялад, тұнғыш рет Абайды казактың бас ақыны деген тұжырым айтты, Арысұлы өзінің «Роман не нэрсе?» (Қазак. 1914. № 48) деген макаласында «Роман – адамзаттың өмірін, дәүірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна» дейді.

«Абай» журналында «Екеудін» «Абайдың өнері мен қызметі» (1918 ж. № 2) деген макаласы жарық көрді.

«Айқап» журналында (1911-1915) әдеби сын бірқыдыру өрбіді. Осы басылым беттерінде тұнғыш рет әдеби сын элементтері бой көрсетті. Қазактың тұнғыш романдарының бірі – Спандияр Қебеевтің «Қалың мал» романына «Айқап» журналы былай рецензия береді: «Бұл романның бет алысы жаксы, жазуы да әдемі, бірак емле жағынан аксанқырайды. Спандияр Қебеев казактың қалың мал алу тұрмысындағы бірсыныра әдеттерін өте ажарлы қылып көрсеткен. Итбайдың Тұрлықұл байға қызын беріп қалыңмал алғандығы, малды алып келіп бағып жүргендегі ойлары, макасстары өте жінішке, өте әдемі көрсетілген. Бұл романды кімге де болса окуға кенес береміз» (1914 ж. № 4). Бұл жерден рецензия жанрының сұлбасын байқаймыз. *Рецензия* (лат. қарастыру, тексеру) – көркем өнер немесе әдебиет сыйнының жанры. Көр-

кем шығарманы талдап, баға беру, пікір қорыту.

«Айқап» тіл мен әдебиетке катар көніл бөлген. «Айқапта» Х. Уалиолла деген автор: «Тіл, әдебиет сиякты нәрселер мол дәулет арқасында сақтала алмайды, жұрттың ішінен шықкан талантты, жаужүрек, халық үшін білімін, қаламын аямайтын ер көнілді жігіттердің қызметімен сақталады» дейді (1911. № 10).

Сондай-ақ, журналдың «М.Ф.» деген авторының «Тіл, әдебиет» макаласы көніл бөлерлік. Автор: «*Til, adebiет – бар мілләттің жасы һәм рухы дүр*» деп қорытады. Автор тағы былай дейді: «Әдебиеті болмаған мілләт тілі шықпаған жас бала кібі дүр: сәби өзінің басындағы қайғы һәм шаттықтарын басқаларға түсіндіре алмас». Әрі қарай: «Дүниеде бір мілләтті өз басына айырым бір мілләт еткен һәм бір мілләтпен екінші бір мілләт арасын жуықтырып, бір-біріне біріктіріп, екі мілләтті бір мілләт катарына келтірген себептердің ен зоры да тіл уа әдебиет» дейді. Автордың тағы бір құнды сөзі мынау: «Тіл, әдебиет – дүниедегі барлық бакыт, сыйфаттың, ғылым, өнердің, дін уа мәдениеттің асыл үршығы дүр» (1911 ж. № 10). Автордың көркем, әсерлі тілі назар аударапты. Мұндағы «М.Ф.» – Габдолла Мұштақ деген Ғұмар Қараштың лакап аты. Ғұмар Қараш – алаш қозғалысының дінін кайраткері әрі «Қазақстан» газетін шығарушы болған.

Сұлтанмахмұт «Айқапта» белсенді тілші болды. Ол «Өлең мен айтушылар» деген макаласында: «Көңілді түзейтін машина – өлең-жыр... Ол машинаның тетігін біліп, сайрайтын, естігендердің аузынан суын ағызып, қонілдерінің уын шығаратын кім? Ол неше түрлі әуез билетін әнге ұста әншілер, жыршылар» дейді. Сұлтанмахмұт білгір әдебиет сыншысы құсан: «Пайғамбардың журегінен құйылған құрандай сокыр кісі сыйдырынан танырылық ак құла ашық тұрады марқұм Абай өлеңдері» дейді. Абай өресіне карай бет бүрган жан – Сұлтанмахмұт.

«Айқап» редакторы М. Сералин Гаспиринский Ысмағұл туралы былай дейді (бұл пікірді М. Сералин тұлғасын ашу үшін деп келтіреміз): «Біздер марқұм Ысмағұлдың аркасында өзімізді тани бастадық, дүниеде қандай ғылым, қандай өнер барлығын көре бастадық, бұрынғы откен, кеткен аталарымыздың қандай ғылымды, қандай өнерлі екендігін біле бастадық. Женіл тәртіппенен оқытудың пайдалы екендігіне, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең кадірлі тіл екендігін білдік. Тілсіз жұрт – жансыз жұрт екендігін анғардық. Біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспиринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух кіргізді» (1911 ж. № 17).

«Айқаптың» белсенді авторы әрі агенті М. Қашімов 1908 жылы шықкан «Ақыл кітабында»: «Адам

баласының тірлікте рахатты болуы үшін ғылымнан басқа һәм бір дәрүя кару, ондай қуатлы һәм бір нәрсе жок дұр. Кім окуғылым білсе, ол кісі рахатты, бакытты, Алла Тағаланың сүйген құлы болар».

Професор Т. Қекішев: «Әрине, бисмилламен бастап, Алламен аяқтайтын өлең, шығармалар мен ой-пікірлердің қоғамдық сананы есіруге тигізетін шапағаты мол болғандығын енді жасырмаямыз керек» дейді.

Діннен үрікпей, танымдық обьекті етуіміз керек дегені бұл галымның. Қорытпа етіп айтартымыз, «Айқап» – сан-салалы қазак қоғамының мын тарау тіршілік өмірін суреттеумен бірге әдебиет мәселесіне де мұқият көніл бөлген басылым. Қазақ рухани өмірінің жол көрсетуші жарық жүлдізы болған журналдың әдеби сын жанрын қалыптандыруда өзіндік рөлі болды.

Кенес дәуіріндегі әдеби сын. Профессор Т. Қекішев XX ғасыр әдебиеті туралы айтканда: «XX ғасырда «сыншыл реализм әдебиеті» мен «социалистік әдебиет» катарласа өркенде жатканда, реализмнен де-калентікке беттеген ізденістерде на-туралызм, символизм, акмеизм, футуризм жүрнектары болғандығы, олардың мықты өкілдері айшыкты із қалдырғаны айтылып, жазылып жатқанда, біз ағартушы-демократ, буржуазияшыл, ұлтшыл, кенес не-

месе алаш ақын-жазушылары деңгедердің тоңірегінде шыр айналдықта, әдебиетіміздің шын сырның жете алмадық» дейді өкініп.

Тағы да: «Сөз өнерін күльтка айналдырган ел екендігімізді ұмытпай, әлемдік танымнан өз арнамызды табуга тиіспіз» дейді.

Тағы бір сезінде: «Қазак әдебиетіміздің шындығын европалық схемага сыйғыза алмай, өз ерекшелігіміз екенін айта алмай келеміз» дейді. Т. Кәкішев кенестік дәуір әдебиетін мынадай кезендерге бөледі:

- 1. 1917-1937 жылдар – профессионалды әдебиет қалыптаскан кезең.**
- 2. 1937-1956 жылдар – құрсаулы әдебиет дәуірі.**
- 3. 1957-1985 жылдар әдебиеттегі тоқырау кезеңі.**

1920-25 жылдар өзінше бір жан талас кезең. Айтыс-тартыс көп болған. Ол айтыс-тартыс перде сыртында тұрып қыршақты ойнатқан айтыс-тартыс болған. Бұл сахнада қазақтар алаш һәм коммунист бол екіге болінген. С. Сейфуллиннің 1922 жылы шыққан «Асая тұлпар» кітабын Н. Төрекұлов былай сынайды: «Сөздің қыскасы білімсіздікпен өлең жазып, әуре болып жүрудің өзі ұят. Сәкеннің өз ақылымен жазғандары түкке жарамайды. «Асая тұлпарды» оқыған кісі өзінің кім, дуниенің не екендігі былай тұрсын, он аяғы мен сол аяғын білмей қалу қаупі бар». Н. Төрекұловтың тағы бір сезі: «Революционер ақын басынан аяғына

дейін бір түсте, бір калыпта болады», 1924 жылы Н. Төрекұлов: «Саясат жағынан Мағжан кенес топырағына отыратын адам емес» деген. Н. Төрекұлов – қызыл кенес өкіметіне құлай сенген, кейін онысына катты өкінген оқыған казақтардың бірі.

Төнкерістен кейін жеке көніл күйлер, талдау мен талқылаулар ұжымдық сипат ала бастады.

1925 жылы 12 маусымда ҚазАПП-ты (қазактың пролетар жазушыларының ассоциациясы) өлкелік партия комитеті күрді, бюро мүшелері боп: С. Сейфуллин, Ә. Байдилдин, Б. Майлін, Н. Фиактистов сайланды. Қазаптың бағдарламасын С. Мұқанов жазды. Онда ол: «Тапшылдық дәуірде басқа жұмыстар таптан тыскары болмауы сықылды, тап тілегінен тыскары жайылатұғын әдебиетте болмайды» деді. Тағы: «Біздің Одақ пролетариат, кара шаруаның бір болімі болғандықтан тұрмысқа диалектика-материализм көзімен караиды» деп жазған.

Алашордалықтар ҚазАПП-ты сүймейді.

Мағжан осы кезде Мәскеуде жүріп, «Алқа» әдеби үйірмесін күрмакқа талпынған. «Алқа»-ның «Табалдырық» атты бағдарламасында ол: «әдебиет басынан бақайна дейін тап туралы гана болса деп үзу марксшылдыққа да, әдебиетке де киянат», – деді. Тағы қазіргі қаламгерлер нені жазуы керек дегенде: «Өмі-

ріміздің күнді әм күнгірт дәуірлері болған әм бар. Қазақтың өзінің жаратылысқа, өмірге, тұрмысқа козқарасы, өзінше философиясы, терең сезімі болған әм бар. Осылардың бірі туралы елі айтартылған қалам тартылған жоқ», – деді.

Ішкі ұстаным тұрғысынан «Еңбекші қазақ» бір бөлек, «Ақжол» бір бөлек болды. Бұл туралы F. Мұсірепов: «Әсіреле Орынбор, Ташкент болып екі жарылған топта келісім жоқ» деген.

Ташкентте – «Ақжол» газеті, «Шолпан», «Сана» журналдары, «Талап» қауымы жұмыс істеді. «Талапты» M. Жумабаев пен M. Әуезов күрган. Осы «Талаптың» өткізген бір іс-шарасында Мырзағазы Есболов деген азамат «Ібырай Алтынсарин өмірі һәм қызметі» деген баяндама жасап, онда Ібырай шоқынды деген сөзді жокқа шығарып, ол татар молдаларының шығарып жүрген қауесет сөзі екендігін айтқан.

1923 жылы «Лениншіл жас» журналының № 5 санында Ж. Аймауитов өзінің атакты «Мағжанның ақындығы» атты сынни мақаласын жариялады. Онда ол Мағжанды сол кездегі солакай сыннан қорғауга талпынды.

Москвада Н. Төрекұлов «Темірқазық» журналын шығарып тұрды.

F. Тоғжановтың сөзі: «В наших условиях основная масса наших советских писателей пока что попутчики. Я лично никогда не признавал и сей-

час не признаю товарища Сейфуллина пролетарским писателем. У него не только нет ничего пролетарского, но зачастую не хватает и советского» («Советская степь», 12.04.1928). Сәкеннің советшілдігіне күдік келтірген Тоғжанов – Голощекиннің саясатына көп қызмет қылған.

КазАПР басшысы М. Қайыпназаров: «Пролетариат холхозы әдебиетіміз казіргі қарқынга ере алмай келеді, артта қалып келеді. Осы күн партиямыз түрлі саяси-шаруашылық науқандарды жүргізіп жатыр: малдайындау, астық дайындау, егіс науқаны, жаппай оқу, колхоздану тағы басқалар. Осы туралы біздің пролетариат бағытындамыз деген жазушыларымыз: Сәкен, Глияс, Бейімбет тағы басқалары төсөліп ештеңе жаза алмай жүр» деді.

С. Сейфуллин сөзі (алашордаудың таптың өсіп келе жатқан екпінді күші, жаз таянған сайын іріген кардай ірітіп бітірмек. Еңбекші тап жазушылары әдебиет майданында енді қарсы күшпен тіктеп күресуге жетті. Қазақтың коркем әдебиеті енді таптықі болмақ».

30-жылдары социалистік реализм деген атап пайда болды. «Соцреализм» деген термин алғаш рет 1932 жылдың 23 мамырында «Литературная газета» бетінде айтыл-

ды. Реализм деген терминді тұнғыш рет орыс әдебиетінде П.В. Анненков И.С. Тургенев пен И.А. Гончаровтың шығармашылығына қатысты 1849 жылы «Заметки о русской литературе прошлого года» атты макаласында колданған болатын. Батыс әдебиетінде реализм термині XIX ғасырдың бірінші жартысында романтизм терминімен катар колданылып, екеуінің енші алып белінуі француз жазушылары Ж. Шанфлери «Реализм» деген жинакта (1857) және Л. Дюранти «Реализм» деген журналда (1856-57) реализм принциптерін орнықтырмакшы болып, теориялық декларацияларын жариялағанда басталған. Асылында реализм терминінің негіздік түп-торкіні ретіндегі антикалық «мимесис» («табигатка еліктеу») термині (Аристотелің талдауындағы) айтылады. КЛЭ. 6-7 томдар.

1932 жылы ҚазАПП таратылды.

1937 жылы 7 қыркүекте Алматыда «Ұлтшыл-фашистердің әдебиеттегі зиянкестік істерімен курсесу және жас кадрларды өсіру туралы» ақын-жазушылардың жиналышы болды.

1946-50 жылдары ұлтшылдықпен күрес жалғасты. **Космополитизммен** айыптау пайда болды.

1947 жылы партияның «Қазак ССР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының саяси өреспек көшелері» деген Қаулысы шықты.

Бұл Е. Ысмайлов институт директорлығынан құылып, 25 жылға сотталатын тұс. К. Мұхаметханов, К. Жұмалиевтер де осында мерзімге сотталған.

1956 жылы 20 съезден кейін сәлде болса «жылымық» (оттепель) пайда болды. Қазақ Стalin қурсаудың құтылды (Мысалдар «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» кітабынан алғынды).

60-жылдардағы әдеби процесс. 60 жылдар – әдебиеттің іштей бір буырқанған кезі. Осы кезеңде қазақ әдебиетіне өзіндік мінезі бар, жаңа бір толқын келіп қосылды. Жалты, өзі 20 гасыр әдебиеті – күрделі бір қызын кезең әдебиеті. Гасыр басында әркілшіл әдеби бағыттар бой корсетті. Соның бірі дінді өзіне тұғыр еткісі келген кітаби яки қиссашибіл ақындар деген атка ие болған тұлғалар тобы болатын. Олар: Мақыш Қалтаев (1869-1916), Әбубәкір (Кердере) Шоқаев (1858-1912), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Мұса Молда Байзаков (1849-1932), Шәді Жәнгіров (1855-1933), Мәшін Жусіп Қөпееvetter (1858-1932) еді. Тағы бірі – Абай өнегесін үлгі тұтып, европаға бет түзеген топ болатын. Олар А. Байтұрсынов көшін бастаған – Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, М. Әуезов, М. Дулатов сынды әдеби үрпақ өкілдері еді. Кейін бұл толқындар шетінен саясатқа тұншықтырылып, тарих сахнасынан ысырылды. Бірақ

із-тұzsіz кетпеді, XX ғасырдың бірінші жартысына тиесілі үлкен, іргелі әдебиет жасап кетті. Содан әдебиет бір серпіліп барып, басылды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы өзіндік өрнегі катты әдебиет 60-шы жылдардан бастау алады. XX ғасырдың екінші жартысында қазак когамында үлкен өзгерістер болды. Саяси билік казак ұлт өкіліне тиді. Д.А. Қонаев билік басына келді. Елдің экономикалық, әлеуметтік хал-ахуалы ілгері жылжыды. Мәдениет дамыды. Осы кезде «60 жылғылар» деген үғым пайда болды. «60 жылғылар» – мәдени-саяси-әлеуметтік құбылыс. Негізінен бұл қозғалыс, үрдіс мәдени түрде болғанмен, оның саяси астары зор болды. Кинематография саласы дамыды. «Қызы-Жібек» фильмі үлкен құбылыс болды. «Қызы-Жібек» фильмі – казак ұлтының мәдени ірі көрсеткіші.

Атакты қырғыз режиссері Боллат Шамшиев: «Біз 60-70 жылдары ресми идеология тарарапынан әдей тұншықтырылған үлттың өз ой-пікірін саяси жоғарғы идея диктатынан күткару тақырыбын қозғадық. Біз әлемдік кино өнеріне үлттық идея арқылы кіруді ойладық. Тарих – біз үшін ол кезде касиетті тақырып болып саналатын» деген.

Кинорежиссер Шәкен Айманов феномені дәл осы кезенге тиесілі. Музыка саласында Ш. Қалдаяков үлкен бедерлі із калдырды. Шәмшінің

«Менің Қазакстаным» әні сол кездің өзінде бейресми әнұранга айналған. Сәулет өнерінің бірегей көрінісі реңтінде Алматы қаласы бой түзеп, есіп жетілді. Живопись саласында С. Айтбаев, К. Телжанов сынды суретшілер тың ізденістер жасады. Қазакстанның бейнелеу өнері жайындағы альбомда (1992) былай делінген: «Адекваттық бейнелеу тілін табуда 60 жылдардың суретшілері, бір жағынан, шығыс миниатюрасының композициялық құрылымына, екінші жағынан, қазатардың ою-өрнек жүйесі принциптеріне сүйенбекші болды. Біріншісі – оларға композициялық кеңестік пен уакыт компоненттерін еркін пайдалануға мүмкіндік берді, оның өзі оларды форманы жинақтап көрсетуге үмтүлдірді. Екіншісі – модульдің ірілігіне, бояудың өз нақыш-әрімен конуына мүмкіндік берді. Сөйтіп, екеуі де конструкциялық шешімнің айқындығына, суреттің жып-жинақы үқшам шығуына баулыды».

Саяси тұргыдан айтатын тағы бір жайт, ол – 60-жылдардағы Москва қаласында оқып жүрген казак жастарының «Жас тұлпар» деген мәдени үйім күруы. Бұл үйімнің да өзіндік мәдени, саяси мәні болды. Бұл үйім басында Б. Тайжан, М. Әуезов сынды лидерлері болған. «Жас тұлпарға» қарайлас Қарағандыда «Жас казак», Семейде «Тайшұбар» деген үйімдар құрылды. Жалпы кеңестік дәүірде мұндай үйімдар

Қазақстанның түкпір-түкпірінде көп болған. Көбісін біз білмейміз.

Режиссер Эмен Хайдаровтың 1967 жылы түсірілген «Карлығаштың күйрығы неге айыр?» атты фильмі 1975 жылы Нью-Йоркте өткен мультфильмдердің I Халыкаралық фестивалінде «Кола Прак синоскоп» жүлдесіне ие болды. «Карлығаштың күйрығы неге айыр?» – тұнғыш казак мультфильмі.

Осы «60 жылғылар» ауқымында әдебиет те үздік үлгімен дамыды. 60 жылдары әдебиетке жаңа үрпак, жаңа толқын келді. «60 жылғылар» XX ғасырдың екінші жартысындағы казак әдебиетінің негізін құрайды. Олар – О. Сүлейменов, М. Мағаунин, О. Бекеев, А. Сүлейменов, Т. Айбергенов, М. Шаханов, И. Есенберлин, т.б.

1961 жылы әлемді дүр сілкіндірген оқиға болды. Кенес азаматы Ю. Гагарин әлемде тұнғыш рет ғарышқа үшты. Бұл – адамзат санасына зор әсер еткен оқиға болды.

Осы оқиғаның ізін сүтпай жас ақын О. Сүлейменов Ю. Гагаринге арналған «Земля, поклонись человеку!» атты поэмасын жазды. Гагариннің ерлігін жырлаумен бірге О. Сүлейменов өз атағын да елге шығарды. Поэма казак әдебиетіне жана есім келгенін, жаңа ұрпак келгенін әйгілегендей болды. М. Магауин 60-жылдардың әдебиетіне үлкен әдеби зерттеушілікпен келді. Фалым-

әдебиетшінің «Қобыз сарыны» атты монографиясы осыған дәлел. І. Есенберлин 1969 жылы «Қаһар» атты тарихи роман жазды. Жүртшылықта бұл шығарма көнінен танылды. Қазак халқының тарихи сана сілкінісін жасаған туында болды бұл роман. Оның ролі ете күшті. «Қаһар» жазылуы жағынан І. Есенберлиннің «Көшпенділер» атты трилогиясының басы, 1-кітабы болатын. І. Есенберлин 60 жылдарда казак әдебиетінде тарих тақырыбын ашты. Ол жабулы жатқандай еді. Жазушы А. Сүлейменов те осы кезеңдерде өзінің әдеби шығармашылық жұмысын бастады. А. Сүлейменов әуелгіде өзінің өткір сындарымен, ашық әнгіме түріндегі әдеби пікірталастарымен белгілі болды. Дәл осы кезеңде «Жұлдыз» журналы танымал жас жазушылар А. Сүлейменов пен К. Ыскаковтың диалог түріндегі пікірталас мақалаларын жариялаган болатын. Асқар мақаласы «Түр туралы бірер сез» (1963) деп аталатын. Оның максаты кезінде Абай, Мәшіүр Жүсіп Көпееев, Жұсіпбек, Міржакып, Мағжан, М. Әуезов өрнектерімен орнықтырылған, кейінгі казак әдебиетінде септегендей болған әлемдік мәдениет пен тел әдебиет арасындағы көркем мәтіндік байланыстыраша паш ету еді.

А. Сүлейменов «60-жылғылардың» белгілі дәрежеде көшбасшысы болды. Ол кандай көшбасшы? Көр-

кемдік интеллектуалдық мағынадағы көшбасшы. Аскар осы кезеңдегі интеллектуалдық органдың, қоғамның ішкі рухани ашытқысы болған секілді. «60 жылғылар» – жалпы бұл қазір гуманитарлық ғылымда тың жатқан такырып. Ол – аукымды үлкен такырып. 60-жылдары казак әдеби өмірі өте белсенді, қызғылықты болды. Оған себепкер жана, жас толқын өкілдері дедік. Осы кезеңде «Лениншіл жас» газетінің даңқы шықты.

Жазушы О. Сәрсенбай: «..алпыңыншы жылдарда қаулап шыққан жас ақын-жазушы-сыншылардың біразы «Жұлдыз» журналы мен «Лениншіл жас» газеті төнірегінде топтасты. Айрықша осы екі басылым беттерінде А. Сүлейменов, З. Серікқалиев, Т. Токбергенов, Т. Ибрағимов секілді жауажурек сыншылардың еткір мақалалары жарияланып, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, мазмұн мен түр, такырып пен идея, т.б. туралы таза көркемдік ұғымдар туралы қызу айтыстар басталды» дейді.

Осы кездеңі «Лениншіл жастың» аты шығуына бас редактор Шерхан Мұртазаның әсері зор. «Лениншіл жас» – 60-жылдардағы қазақ баспасөзінің лидері болды. Салыстырып айтқанда, ол өзінше бір оныншы жылдардағы А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газеті болған сияқты. «Лениншіл жас» газетінің шын мәніндегі орны осындай болды. 60-жылдар – ұлт, ел тарихындағы үлкен бір серпіліс

кезең. Тұтас қарағанда солай. Оның ішінде «60-жылғылар» феномені – өз алдына бір әлем. Эрине, казактық «60-жылғылар» кезіндегі одактық ауқымдағы «шестидесятниктермен» тамырлас. Оны бөліп қарауға келмейді. Біз бұл такырыпқа кен жайылмай, ықшам түрде барып отырмыз.

90-жылдардағы әдеби өмір. Қазақ әдебиеті тарихындағы XX ғасырдың екінші жартысындағы түйінді кезеңдердің бірі – 90 жылдар деуге болады. 90 жылдар – саяси-қоғамдық ерекше сипатка ие кезең. Осы кезде қазақ елі 200 жылдық отарлық жүйеден басы босап, тәуелсіздік алды. Қоғамда тұтастай алғанда зор өзгеріс толқындары болды. Қазақ әдебиетінде үлкен іштей, сырттай қозғалыстар болды. Оның әдебиетке тигізген әсерлері: 1) *Танымдық-тарихи жаңалық.* Саяси репрессияның күрбандары болған әдеби есімдер мен шығармалар әдеби ортага оралды. Әдеби айналымға қайта түсті. Олар: Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев болатын. Бұл жағдай (факт) әдебиет тарихын, әдебиетке деген көзқарастың бағытын күрт өзгерпті деуге болады. Жұтсан тартқан әдеби мазмұн терендей, өзінің негізгі түбірімен қайта кауышты. 2) Әдебиет 70 жылдық кеңестік цензурадан құтылды. Рухани еркіндік кеңістігіне ие болды. Әдебиетке 90-жылдар бөлігінде әсер етуші негізгі фактор ре-

тінде осы екі құбылысты айтуға болады. Осы жағдайларға байланысты 90-жылдардағы әдеби бөлік өзінше 60 жылдардағы әдеби бөлікке, кезеңге үксас. XX ғасырдың екінші жартысындағы онжылдықтар ішінде әдеби мағынада 70-80-жылдарға қарағанда 60, 90-жылдардың шоқтығы биік, орны бөлек деуге болады. 60, 90-жылдардағы кезеңдерге қарағанда 70-80-жылдарды мінез-құлқы жағынан біркелкі, бірқалыпты жуас деуге келеді. 60, 90-жылдар бұырқанған әдеби кезеңдер заманы болды. Олар әдебиет тарихында ерекше шешуші кезеңдер болып саналады.

Мысалы, 20 жылдар әдебиеті сияқты 90 жылдардың әдебиеті өзіндік ерекшеліктерге бай әдеби кезен. Бұл кезеңнің негізгі әдеби формасы – көсемсөз (публицистика) түрінде өрбіді. Басқа әдеби жанрларға қарағанда әдебиеттің көсемсөз жанры авантгардтық рөл аткарды. Ол елдегі тұрмыстық-саяси ахуалға байланысты еді. 90 жылдарда ұлттық рухани мәдени кеңістік информациялар тасқынына тоғытылды. Ұлттық рухани кеңістік есіргі бүкіләлемдік хабар-ошар жүйесіне еркін ашылды. Осы жағдайлардың бәрі де ұлттық әдеби санаға да әсер етті. Оның үстінен 200 жылдық үзілістен кейін кол жеткен тәуелсіздік оқиғасын да қазақ жазушылары ішкі рухани сұзгіден өткізіп алулары керек еді. Елге де әдеби дүниелердің ішінен қолма-кол

тез жететін жанрлық шығармалар қажет болды. Оқиғалы, өзгерістерге толы кезен, жылдамдықпен козғалды және әдебиеттен де сондай жылдамдықты талап етті. Соның нәтижесінде 90-жылдар әдебиетінде публицистика жетекші жанрга айналды. Бұл салада белгілі қalamгер – акын, жазушылар енбек етті. Олар: Ә. Кекілбай, Ш. Мұртаза, М. Шаханов, О. Сүлейменов, Д. Исабеков, т.б.

Бұл қalamгерлер сонымен бірге белсенді саяси өмірге де араласты. Баспасөз құралдары тарапынан «Жас Алаш», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ» газеттері заман сұранысына карай қызмет етті. «Қазақ әдебиеті» газетінде акын, журналист М. Ақдәuletov өткір, сауатты макалаларымен көзге түсті. Осы газет бетінде әдеби сыншы Ә. Мендеke әдеби сын жанрында белсенді енбек етті деуге болады. 90-жылдарда М. Шаханов өнімді әдеби жұмыстар жасады. Ол өзінің атақты «Өркенииеттің адасуы» атты өлеңмен жазылған романын жария етті. Кейиннен бұл жұмыстың жалғасы іспеттес «Жазагер жады космоформуласы» (Шынғыс ханның пенделік құпиясы) атты дастандардан құрылған романы жарық көрді. 1997 жылы «Рауан» баспасынан М. Шахановтың Ш. Айтматов екеуінің біріккен авторлығымен «Құз басындағы аңшының зары» («Гасыр айрығындағы сырласу») атты естелік ро-

маны жарық көрді. Бұл шығарма екі ірі автордың философиялық ой түю, пікір жақындастығынан туындаған дүние деуге болады. Шығарманың қамтыған тақырыптық ауқымы өте кен.

90-жылдардағы белсенді авторлардың бірі – Шерхан Мұртаза. Шерхан Мұртаза мен белгілі журналист К. Смайлотовтың біріккен авторлығымен 1998 жылы «Елім саған айтам, Елбасы, сен де тында» атты эпистолярлық шығармасы жарық көрді. Бұл шығарма да ел тараپынан улken ілтипатқа ие болды. Ш. Мұртазаның сонымен бірге бұл кезеңде «Ай мен Айша» атты автобиографиялық романы жарық көрді. Бұл – автордың «Қызыл жебе» романынан кейінгі жазылған ірі әдеби дүниесі-тін. Белгілі жазушы М. Мағаун де 90-жылдарда өнімді еңбек етті. Автор «Салах-ад-диннің үкімі» атты әңгімесімен оқырмандарымен қауышты. Әңгімеде діни-рухани жауапкершілік сезімі қозгалады. Әңгіме өзіне ауыр жук тақырып сайлап алған. Такырып жана заманға лайық. М. Мағаун діни тақырыпты өте ұтымды түрде жаңа заманмен кабыстырады. Шебер киоластырылған шығарма архитектоникасы, сюжеті бұл мақсатка мінсіз қызмет етеді. Жазушының кенестік идеологиялық шытырманың сипатын канық бояумен көрсеттін тағы бір шағын шығармасы – «Коммунистік реализм» әңгімесі.

«Коммунистік реализм» – әңгімесінде Хрушевтік «Жылымық» кезіндегі университет студенттерінің рухани өмірі нанымды суреттегеді. Әңгіме автобиографиялық калып бояумен жазылған сон, құндылығы қатты арткан.

90-жылдардағы әдеби ой-пікірлер заман ағымына қарай пайда болған түрлі мәселелер төнірегінде өрбіді. Әдеби ой-пікірлер «Қазак әдебиеті» газетінде жарияланып тұрды. Олар мәжіліс, өзара пікір, сұхбат түрінде жүріп отырды. «Қазак әдебиеті» газетінде «Әдебиетіміз үдең жүр ме, жүдеп жүр ме» (1996. № 10), «Әдебиетіміздің мұны көп пе, міні көп пе?»

(1996. № 19), «Қазак әдебиетінің тарихы кайта жазылуға тиіс» (1996. № 26), «Жел отіндегі қогам және қалам қабілетінің салмағы» (20.03.1998) атты жарияланымдар пайда болды. 1996 жылы қарап отырсақ, бірқыдыру әдебиет төнірегінде кәсіби поэтикалық талқылаулар болып өткен «Әдебиетіміз үдең жүр ме, жүдеп жүр ме?» атты мақалада Ш. Ыбыраев: «Модернизм, абстракционизм, авангардизм, экзистенциализм, мифологизм, сюрреализм» сиякты ағымдар өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырыды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке карауды қою керек те сиякты. Қоркемдік ізденістері алуан түрлі, егемен еліміздің ешкімге ұқсамай-

тын жаңа дәүірінің ұлттық әдебиетін жасау – алдымызда тұрган зор міндет», – дейді. Сондай-ақ: «Мәселен, Абай мұрасын герменевтика, жүйелі-функционалдық анализ тұрғысынан зерттеп көрсек қайтер еді? Бәлкім сонда Абайың әлі де бізге бейтаныс қырлары ашыла түсер ме еді?» дейді. Бұл жерде ғалым Ш. Ыбыраев әдебиеттану ғылымының келелі мәсселерін көзгайды. Академик З. Қабдоллов: «Ал енді біздің әдебиеттануызыздың алдында тұрган максат не? Әдебиеттегі тап тартысының, әдебиеттің партиялылығының бекер екенін жап-жаксы ашып, жан-жакты дәлелдеп бердік кой. Сол сиякты, ендігі міндет – жазушының шеберлік критерийін белгілеу. Сол арқылы кім жазушы, кім жазушы емес дегенді айқындалап, анықтау» дейді.

Әкім Тарази: «Бізде әдебиет бар. Мәселен, қазіргі Маркестің деңгейіне Мағжан, Жусіпбек өздерінің әңгімелерімен 20-жылдары-ак көтерілген болатын. Әдебиеттанудың үніле зерттейтін объектісінің бірі де осы болу керек...» деген пікір айтады.

Әкім Тарази терең профессионалды көзқарасты талдауга шакырады. Ә. Нұрпейісов: «Көркем әдебиет – өнер ғой. Ал өнердің міндеті – таң калдыру. Оқырман таң қалғандаған ләzzat алады» дейді. Нұрпейісов бұл жерде әдебиеттің бір ғана қырын айтпап тұрган сиякты. Бұл әдебиеттің ассоциациялық жағы ғой.

Фольклоршы Сейіт Қасқабасов: «Басын ашып алатын бір жай, бізге идеологияның керегі жок. Әдебиет онда тағы да идеологияға қызмет ете бастайды. Әдебиеттің өзінің мүддесі далада қалады» дейді.

Қалтай Мұхамеджанов оған керісінше: «Идеологиясыз ел болмайды. Халықка максат, сенім, мұрат, рух керек. Идеология дегеніміз – осы» дейді.

Осы идеология жайын («Әдебиеттің мұны көп пе, міні көп пе?») Ә. Қодар: «Қазір көп нәрсе өзгерді. Өзгеріп те жатыр. Менің бір таң қалатыным, біздің санамыз өзгерер емес. Әлі де баяғыша ойлаймыз. Дәл қазір идеология кажет деудің өзі үят. Идеология – адамды өзіндік ойлаудан, өзіндік ой айту мүмкіндігінен ажырататын алапат күбылжық емес пе? Оның несін аңсаймыз? Керісінше әдебиетке, өнерге де автономизация керек. Сонда ғана әдебиет көркейеді» деп топшылайды.

Осы орайда идеология керек пе, керек емес пе? деген сұраптың көп айтылуы нені мегзейді? (мензейді). Бұл өнердің дербестігі болар, бәлкім өнерді қоғамнан оқшаулау болып шықпай ма? Баяғы («Чистое искусство») «Таза өнер» жаңғырығы емес пе? Жапы алғанда, Ә. Қодар казак әдебиетшілері ішінде танымдық көзқарасы жағынан (форма) пішінге көп мән беретіндерден.

1-тaraу. Әдебиеттану ғылымына кіріспе

Жазушы С. Асылбеков: «Жасырып-жабатыны жок, біздің казак әдебиетшілері талант жағынан кенделік көрмегенмен, интеллект жағынан ағылшын тілді мен орыстілділерден кемшін түсіп жататыны бар» дейді. Айтса-айтқандай интеллект мәселесі – қазак әдебиетінің улken сырқаты. Созылмалы сырқаты сиякты. Анығында интеллект зораймай, әдебиет зораймайды.

Бакқожа Мұқай жақсы ой айтады: «Жетпіс жыл ішінде жасалған әдебиетіміздің деңгейі қандай? Енді осыны анықтап, ірікеп алуымыз керек. Бізде бұған дейін елек, сүзгі болмады. Ал енді әрбір әдеби шығарма әдеби сынның сүзгісінен сырт қалмауы тиіс. Қайсысы жарамды, қайсысы жарамсыз, уақыт тезіне төтеп бергені қайсы, бірер жылдың жүзінде ескіріп сала беретіні қайсы – осы мәніс мәселелердің түбіне жеткен жөн». Бұл – әдебиет тарихына жақын мәселе.

Мейірхан Ақдәuletұлы: «Біздің енірегендеге етегіміз толып, шарасыздық пен үмітсіздіктің жетегіне еруіміздің де өзіндік себебі жок емес. Меніңше, бұл – жүйелі ойлауымыздың (системное мышление) қалыптаспағандығының, соның нәтижесінде объективті себепті көрмей, субъективті салдардығана есепке алатындығымыздан» дейді. «Бізде белгілі бір асудан асқан ақын-жазушы, «пұтқа» айналып кетеді, оған тек табыну керек!» М. Ақдәuletұлы өзіне тән сарказммен сөйлейді.

Жұмабай Шаштайұлы: «Әдебиеттің теориясы тұралады. Нағыз әдебиеттанушылар жоқтың қасы десем, артық айтқаным бола коймас» Ж. Шаштайұлы шындыққа көп жақын ой айтады. Үлттық әдебиеттанауда проблемалар шаш-етектен. Тіпті, бұл сала проблемалар уйі, орталығы сиякты боп көрінеді кейде.

Мұрат Әуезов – қоғамдық ой қайраткері. Әдебиетке қатыстыры әдебиет сыншылдығынан көрінеді. Ол: «Әдеби процестің жөнге салатын кім? Ол – әдеби сын. Бірақ әдеби сынның мейілінше шыншыл әрі профессионалды болуы шарт» («Жонғардың әдебиеттегі тарихи уақыты бітіп келеді») дейді.

Элия Бөпежанова: «Меніңше, «Ұлы стиль» деп аталған реализмнің әлемдік әдебиеттегі тарихи уақыты бітіп келеді».

Айгүл Ысмакова. Әдебиет теориясымен шұғылданушы: «Жазушы болу деген – іштей оппозиционер болу». «Бүгінгі әдеби процестердің ашып көрсету мен оларды профессионалды тұрғыдан насиҳаттау жағы әлсіз» деген ой айтады.

Осы аталмыш екі мақаланы көз жүгірте карағанда: біздің әдебиеттегі сыншы, жазушы-акындарымыздың 90-жылдар әдебиеттің бірсызыра көзқарастарын байқауга болады. Бұл сұхбат-талқыда айттылған ой-пікірлерде әдебиет кемшіліктері көп жіпке тізіледі. Эрине, көбісі эмоционалдық

көніл күйден айттылады. Ғылыми дән, пікіршілдігі де жоқ емес.

Корыта айтканда, 90-жылдардағы әдеби процестердің өз кезине сай ерекше өрнекті ерекшелігі болды деуге болады. Біздің міндет соны зерделей алсак, сараптай алсак, эне-міне дегенше әйтпесе 90-жылдарда тарих парагына айналып, есек аузында

2000 жылдар түр, қазаки бейғам-
дыкка уақыт аз қалып түр. Байқап
карағанда, 2000 жылдар әдебиеті
90-жылдармен біте кайнаскан әде-
биет болғалы түр.

Ия, әдебиет қазірде бүркүлдан қайнау үстінде. Оған бас-көз болатын – әдебиеттану гылымы. Ол өз тағына қайта отырыу керек.

2-тарау. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

2.1. Әдебиет туралы түсінік

Әдебиет туралы түсінікті әуелі өнер туралы түсініктен бастау кепрек. Өйткені «әдебиет деген не?» деген сұрапқа жауап беру оңай. Оған бір ауыз сөзбен «өнер» деп айтуға болады. Ал «өнер деген не?» деген сұрапқа көп адамдар тосылып калып жатады. Демек, «өнер деген не?» деген сұрапқа жауап берген адам «әдебиет деген не?» деген сұрапқа жауап берген болып саналады. Біз «өнер деген не?» деген сұрапқа А. Байтұрсыновтың сөзімен жауап бергіміз келеді: «Біздің көріп, сезіп, біліп тұрган айналамызыдағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шықкан жаратынды нәрсе, не адам ісінен шықкан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ бұлар табиғат ісінен шықкан жаратынды нәрселер. Табиғат ісінен шықкан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шықкан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскең».

Оп-оңай анықтама. Яғни, өнер адам көлүмен жасалған нәрсе. Ал

А. Байтұрысновтың табигат ісінен деп тұрғаны – Құдай жаратқан нар-сelerді айтқаны. Яғни, адам жа-саған зат пен Құдай жаратқан заттың айырмасы жер мен коктей. Екеудін салыстыруға келмейді.

А. Байтұрсынов өнерді екіге бөледі. Бірінші тіршілікке керекті (егін салу, киіз басу, етік тігү, наң жабу, үй соғы) тірнек өнері. Екінші көнілге жағымды, жанға керекті (ою, сурет, әшекейлеу, әуез, өлең шығару) көрнек өнері. Әдебиет осының екінші түріне жатады. Яғни, атауы бір өнер болғанмен әрине етік тігү мен өлең шығару бір нәрсе емес. Екеуінің отпен судай, аспан мен жердей, қарангы мен жарықтай айырмасы бар. Өйткені тіршілік қалауы мен жан, көніл қалауы әр түрлі. Бірак екі қалауда керек қалау, сонда да болса тірнек өнерінен көрнек өнерінің керегі басым, ойткени жан денеден артық, тірнек өнері дене қалауын жандандыrsa, көрнек өнері жан қалауын жандандырып, рухты шабыттандырады. Сөз өнері туралы А. Байтұрсынов: «...нәрсениң жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері боллады», – деген.

Әдебиет деген сөз арабтың *адабун* деген сөзінен шыккан. Араб сөздерінің әдette мағынасы кен, жалпы араб тілі ете бай, құнарлы тілге жатады. Өйткені араб тілі – Құран тілі. Сол сияқты «адабун» сөзінің де бірнеше мағынасы бар: 1) *Әдебиет, асыл сөз*; 2) *Тәрбие, әдептілік, көргенділік, сыпайылық, кішіпейілділік*; 3) *Мінез-құлық*. Осы сөздердің бәрі – ете мағыналы сөздер. Әдебиет осы мағынаның бәрін ішіне алады. Ақиқатында шығыс әдебиеті (араб, қытай, түрік, жапон, үнді, парсы, т.б) батыс әдебиетіне қарағанда тамыры терең һәм мағынасы да толымды адебиет боп саналады. Батыс әдебиетіне латынның *литтера* (латынша: littera – әріп, жазу) деген сөзін өзіне термин тұтқан орыс әдебиеті де кіреді. Осы терминдердің мағынасынан да кайсысының тамыры терең екені байкалып тұр.

Көркемдік. Әдебиет өзінше бір дерексіз ұғым емес. Ол жеке дара көркем шығармалар жиынтығынан тұрады. Сол шығармалар жиынтығынан, олардың көркемдік мәнінен әдебиеттің сапасы, деңгейі, ауқымы белгінеді. Көркем шығарма – әдебиеттің өмір сүру formasы. Кыска түрдегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерден бастап «Алпамыс ба-

тыр» жыры яки М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы да көркем шығармада жатады. Көркем шығарманың өзіне тән қалыптанған жүйесі, күрылымы, түрлері болады. Мысалы, шағын лирикалық туындыны көлемді романмен салыстыруға болмайды. Әркайсысының өзіне тән орын, қызметі, әсері, маңызы бар. Бірақ көркем шығармалардың бәріне тән ортақ бір нәрсе бар, ол – көркемдік. Ең басты нәрсе – осы. Көркемдік деген – шығарманың шырайлы пішіні ғана емес, оның айттар ой-идеясы да. Осы екі бірліктен ғана нағыз көркемдік, көркем күндылық пайда болмак.

Көркем күндылық жасаушы нәрлі бір орта ол – халық даналығының қалың іші. Халық даналығы қысқа әрі нұсқа түрде, ғасырлар бойы өмір тәжірибесінен корытылған әрі мен нәрі біртұтас тірі организмге айналған көркем шығармалар түрінде болашақ ұрпаққа жеткен. Осы халық даналық коры көркем шығарма түрінсіз болашаққа жетпес еді. Соның бірі әрі бірегейі – мақал-мәтелдер мен афоризмдер. Мақал-мәтел тұрасында профессор Э. Коныратбаев былай деген: «Ел аузында көбіне сөйлеу тілінде колданылатын дүр сөздердің бай да мазмұнды саласы – мақал-мәтел, идиоматизмдер, ойлы фразалар болып келеді. «Сөз асылы – мақал» дейді халық. Оның айттушылары да – көпшілік. Мақал – логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан тажап

табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Оның үйіткисын, ен алдымен мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, коллективтік мазмұн бар, мақалдың қорытындыларын халық еш уақытта теріске шығармайды» (Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 64 б.). Мысалдар:

- Битке пышақ сұырма;
- Шірікке шыбын айналар;
- Бас білген өгізге өк деген олім;
- Жаз арбаңды сайла,
қыс шанаңды сайла;
- Қойшы көп болса қой арам оледі;
- Өлімнен ұят күшті;
- Бейнетсіз рахат жок;
- Еңбек етсең емерсің;
- Ел іші алтын бесік;
- Кісі елі күміс, өз елің – алтын;
- Хан ақымақ болса, халық құйзелер;
- Қансоқта жеп ит семіреді,
пара жеп би семіреді;
- Оқу инемен құдық қазғандай;
- Иманы кеткеннің жигішін кетеді;
- Құдайлға құры сөзбен құлмын деме;
- Жасында салақ болсан,
бара бара былық боларсың;
- Аузы күйген үріп ішер;
- Қысқа жіл күрмеуге келмес;
- Ат басына күн туса,
ауыздықпен су ішер,
- Ер басына күн туса,
етігімен су кешер.

Осы келтірілген мысалдардан не байқауға болады? 1. Шығарма тақыры-

бының нысанын (объектісін) табудағы ғажайып дәлдік. 2. Сөз құраудағы күбылту (троп) және айшықтау, ажарлау (фигура) тәсілдерін шебер пайдаланушылық. 3. Тұжырымдан, ой қорытудағы түбі жок терең дاناлық. Осының бәрі жиылды келгендеге, шығармалар көркем мәнге ие болып тұр. Біздің мақалдарды есіткенде елең ететініміз, ондағы айтылған сөздердің шымырлап бойға жайыла салатыны сол көркемдік қасиетінің арқасында болып тұр. Эйтпесе ауыз екі айтыла салған сөздің бәрі адамның бойына оп-онай дари бермейді. Яғни, көркемдік халық даналығынан бастау алады. Демек, өнер деген нәрсе – халық өмірімен біте кайнасқан күбылтыс. С. Мұқанов өнер туралы былай дейді: «Орынша «искусство» деген сөзді қазақша «өнер» деп аударып жүрміз.

«Өнер» деп табиғат тұрпатын адамның қажетіне, мұқтажына жарарлық етіп, соған бейімдей өзгертуді айтамыз.

Абай өнерді «тән азығы» және «жан азығы» деп екіге бөлгендегі жайында жоғарыда айттық. Тән (дene) азығы тіршілікке қажет бўйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда материалдық мәдениет.

Ал жан азығы дегеніміз – көркем өнер. Бұл табиғаттың бойындағы әсемдікті, күш-куатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қол ия тіл арқылы көріктендіріп жіберу. Мұндай

көркем өнерді Абайдың «жан азығы» деу себебі ол жанга, яғни қоңіл күйіне, сезімге қатты әсер етеді.

Отырыкшы елдерде, әсіресе Еуропада көркем өнердің шынына жете өркендеген көп түрлөрі бар. Мысалы, архитектура (ғимарат), скульптура (мұсін), живопись (сурет салу өнері), музыка (ән-күй өнері), тіл өнері (әдебиет), тағы тағылар. Осылардан революциядан бұрынғы қошпелі казак ауылдарында ен көне заманнан халықпен бірге үздіксіз, жарыса жасап келе жатқандары ән-күй мен тіл өнерлері. Өзгелері бертінде ғана туда бастады (Мұканов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 126 б.).

Қазакта қатты дамыған өнер түрі – қол өнері һәм сөз өнері. Сәulet өнері де кезінде қатты дамыған, бірақ кейін тарих толқынында түрлі аласапырандарға ұшырап, сәulet өнерінің үлгілері болып табылатын қалаларынан ажыраган соң ол өнерден кол үзіп қалған. Негізгі баспаңа түрі – киіз үйге қошкен. Сәulet өнерінің кейбір үлгілерін заманымызға жеткен мазараттардан ғана байқауға болады (Мысалы: Делидегі – Хумаюн, Аградағы – Таж-Махал, Түркістандағы – Қ. Иасауи мазар-кесенелері).

Колонердің негізгі мәні – колданбалылығында жатыр. Яғни, тірнек өнері деуге болады. Қазак колөнері екі керекті көздеген: 1. Әдемілік 2. Тіршілікке керегі. Осы мақсатпен бүкіл колонер түрі жасалған:

киім-кешек, үй жабдықтары, ыдысаяқ, қурал-сайман, кару-жарак. Колөнердегі негізгі өнер элементі – орнамент, оюлар. Қазактың живописі, графикасы, барелеф-скульптурасы бәрі ою-өрнек түріндегі колданбалы колонеріне кіріктірілген. Оның зор, күшті болатыны содан. Олар бірыңғай еуропалық үлгідегі сурет өнерін қабылдамаған. Яғни, әсіресе грек-рим үлгісіндегі скульптура, живопись өнерін мұрат тұтпаған. Қазак даласынан Леонардо до Винчи, Микеланджело һәм импрессионистердің (Сезанн, Гоген, Тулуз Лотрек, т.б.) шықпау себебі сол. Ал бұл өнер түрлерін мақсат етіп, қызықпауы – Ислам дінінен. VIII ғасырдан бастап Ислам дінінің дәмін татқан халық осы діннің талабы бойынша жанды нәрсениң бейнесін салудан бас тартқан. Ислам оған тыйым салады. Есесіне халықтың өнері одан аксамаған. Ислам таланттарын орындағының түрлерінде. Негізгі өнер формасы – ою-өрнек дедік. Сол ою-өрнек формаларына бар бояу колоритін жағын һәм суреттік фигуralарды енгізді. Қазак колонерінің бояу колориті ете бай, айшықты, анық және фигуralық суреттері абстракциялы түрде болып келеді. Бірақ бұл казіргі әлемдегі кең өріс алған модернистік яки постмодернистік абстракция өнері сиякты емес. Модернистік өнердегі абстракция ол – күргак ойдан құрылған

мағынасыз (иррационалды – ақылға сыйымсыз) өнер болса, Исламға сүйенген өнердегі абстракция әлемде бар жаратылған заттардың өсімдіктер мен геометриялық фигуralар түріндегі стилдік қалыпта түсірілген (стилизация) көшірмесі. Өйткені бүкіл суретшилер сарсылып, іздеи жүрген шын даналық та, сұлулық та жаратушының құдіретімен табиғат пен адам бейне сұлбасында көрініс тапкан. Яғни, мұсылмандар үшін өнердегі құндылық: жаратылған заттардың фотографиялық қалыптағы көшірмесін жасауда емес, оның абстракциялық, стилдендірілген көшірмесін жасауда. Дүниедегі ұшы-қыры жок, миллиардтаған жаратынды заттарды бейнелеу біркүдайшылдық идеясын көлгейлесе, керісінше ол заттардың стилдік қалыпта түсірілген абстракциялық бейнелері жаратушының жалғыздығын әйгілеп тұрғандай болады (Бұл туралы қараңыз: Титус Буркхардт. Сакральное искусство востока и запада, принципы и методы // Таң Шолпан. 2002. – № 3. 178-205 с.). Осы өнерді казак қатты менгергендігін езінің қолонерінде паш етті.

Сөз өнері – казактың ең озық өнері деуге болады. Халықтың өзі: «Өнер алды – қызыл тіл» деп бекер айтпаған. Қазақтың бүкіл даналығы оның ауыз әдебиетінде жасалған, сакталған. Оған дәлел, жоғарыда келтірілген афоризмдер. Қазак сөзінің сондай бір негіз болған сүйекті белгі – фразеологизмдер.

Фразеологиялық сөздер казак тілінің каймағы, сығынды сөлі десе болғандай. Бұл – шын мәнінде біздің ғалымдарымыз қарастырып жүргендей, тек тілге кажетті өлі материалдар емес, нағыз әдеби шығармалар. Бұлар – тілдің казынасы һәм әдебиеттің кайнар бұлағы. Фразеологиялық тіркестерді білмей, әдеби шығарма тумайды. Фразеологизмдер – көркем бейнелер ордасы, даналықтың маржандай тізіліп, хатка түскен түрі, өнердің асқан үлгісі. Сөзімізді мысалдармен тірілтейік:

1. Қызыл кенірдек болу;
2. Қылышынан қан тамып тұр;
3. Қыршынынан киылу;
4. Ләм-мим демеу;
5. Мұзға отырғызып кету;
6. О дүние;
7. От алып оракка тұсу;
8. Опық жеу;
9. Өмір-бақи;
10. Өтірікке сүттей үю;
11. Пышак үстінен бөлу;
12. Райдан кайту;
13. Рені сынық;
14. Сабыр тубі – сары алтын;
15. Салпан кұлак;
16. Сапты аяққа ас құйып, сабынан карауыл карау;
17. Сиыр құйымшақтату;
18. Сойып қантап койғандай;
19. Су жұқпас;
20. Суқаны сүймеу;
21. Су сепкендей басылу;

22. Сүр бойдак;
 23. Сырдың сұзы сирағынан келмей;
 24. Сырт көз;
 25. Сіркесі су көтермеу;
 26. Сүтке тиген күшіктей;
 27. Такияна тар келе ме;
 28. Таң құлан иектенгенде;
 29. Тонның ішкі бауындей;
 30. Топырағың торка болсын;
 31. Түймедейді түйедей ету;
 32. Түлен тұрту (түлен тұртпесе, түнде қайда барасын);
 33. Тіл емізу;
 34. Тіл үйіру;
 35. Тіс каккан;
 36. Ұзын құлак;
 37. Үршықша иру;
 38. Үстараның жүзіндей;
 39. Үзенгі жолдас;
 40. Үріп ауызға салғандай;
 41. Үш қайнаса да сорпасы қосылмайды;
 42. Шала бүліну;
 43. Шашбауын көтеру;
 44. Шаш етектен;
 45. Шыбындай жанды шүбереккетую;
 46. Шіріген жұмыртка;
 47. Ілгері басқанның иті оттайды;
 48. Іші үдай ашу;
 49. Ішінде ит өліп жатыр;
 50. Пешенесіне жазылған;
 51. Өкпесі кара казандай;
 52. Өгіздей өрге сүйреу;
 53. Өз қотырын өзі касу;
 54. Отпен, сумен кіріп, құлмен шығу;

55. От ауызды, орак тілді;
 56. Ораза ашу;
 57. Ойсыз құлак;
 58. Ойға олақ;
 59. Нұр үстіне нұр;
 60. Нәпсісін тыю;
 61. Муйіз шығу;
 62. Мұрындық болу;
 63. Мұршасы келмей;
 64. Мұрынынан шанышулу;
 65. Миы ашу;
 66. Миға кону;
 67. Мандайға жазған;
 68. Мандай терін төгу;
 69. Майын тамызу;
 70. Майдай жағу;
 71. Қырымнан көрү;
 72. Қыстың көзі қырауда;
 73. Қыл көпір;
 74. Қызыл шака;
 75. Қыл аркан;
 76. Қызыл қарын жас бала;
 77. Құрдай жорғалау;
 78. Құлағы түрік;
 79. Құлағына құю;
 80. Құдайга қараған;
 81. Құдайдың салғанын көрү;
 82. Құдай сүйер қылығы жок;
 83. Ку бастан қуырдақтық ет алады;
 84. Коныз теріп кету;
 85. Қой үстіне бозторғай жұмырткалаған заман;
 86. Қол ұшын беру;
 87. Қара тану;
 88. Қара шанырак;
 89. Қара қылды қақ жарған;

- 90. Қой аузынан шөп алмас;
- 91. Қой көз;
- 92. Қоңыр күз;
- 93. Қара күз;
- 94. Қара қазан, сары баланың камы;
- 95. Қаны жерге тимеу;
- 96. Қан жоса;
- 97. Қаймағы бұзылмаған;
- 98. Қіндік кесіп, кір жуган жер;
- 99. Қек ми;
- 100. Қөзге тұртсे көргісіз;
- 101. Ит жығыс;
- 102. Ит жеккен жер;
- 103. Инемен құдық казғандай;
- 104. Иман жүзді;
- 105. Иманы жок;
- 106. Зәм-зәм суындар;
- 107. Жазмыштан озмыш жок;
- 108. Жалған дүние;
- 109. Жабулы қазан жабулы күйінде;
- 110. Етек басты болу;
- 111. Есек күрты мұрынан тұсу;
- 112. Ертеңнен қара кешке дейін;
- 113. Ел құлағы елу;
- 114. Екі жүзді;
- 115. Дін карындастар;
- 116. Дүниеконыз;
- 117. Бір күн бие, бір күн түйе;
- 118. Бүйректен сирақ шығару;
- 119. Буынсыз жерге пышақ ұру;
- 120. Бит терісінен биялай токиды;
- 121. Бие сауымдай уакыт;
- 122. Балапан басына, тұрымтай тұсына;
- 123. Бармағынан бал тамған;
- 124. Байыз таппау;
- 125. Әліпті таяқ деп білмеу;
- 126. Әжетке жарау;
- 127. Әсіре қызыл;
- 128. Аузын буган өгіздей;
- 129. Аузына құм құю;
- 130. Аузы берік (ораза);
- 131. Арасы жер мен қоктей;
- 132. Ала өкпе болу;
- 133. Ай сүттей жарық;
- 134. Айдарынан жел есу;
- 135. Ажалға дауа жок;
- 136. Ағаштан түйін түйген.

Үлгі талдау: Осындағы келтірінді әрбір сөз өзінше тарих, өзінше көркемдік кеніші. Мысалы: **Ләм-мим демеу** деген фразеологизмнің астарлы мағынасы – сейлемеу, ауыз ашпау, бір ауыз сөз айтпау дегенді білдіреді. **Ләм-мим** – араб әріптері. Араб алфавиті қазақтың мың жылдай, сонау VIII ғасырдан 1929 жылы Стalin өзгерктенге дейін жазған жазуы. **Ләм-мимнің** алынып тұрғаны содан. **Ләм-мимнің** бұл жердегі мағынасы тілдің ең кішкентай бөлшегі ретінде алынуы. Яғни, адам ауыз ашпаған, сейлемеген, ең болмаса бір әріп те айтпаған дегенді білдіреді.

Еуропалықтарда осы секілді альфа және омега деген фразеологизм бар. Оларда ол бір істің басы мен аяғын білдіреді. Ал альфа грек алфавитінің бірінші әрпі болса, омега соңғы әрпі.

Қазақтың сөзге шеберлігінің тағы бір көрінісі – **жұмбақ айтыс**. Аттың шабысын:

Жогарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп,
Даусы күндей күркіреп,
Жаңбырдан тери сіркіреп, –

деп жырлаған казак айтыс өнерінің
ен киыны жұмбақ айтыста да импро-
визацияның биік үлгісін көрсеткен.
Мысал:

Қожахмет:

Жапанга біткен құ агаши,
Көгермейтін құр агаши.
Асты топырақ, усті тас.
Бір бұтагын байқасаң,
Петербургтен шамалас.
Бір бұтагын қарасаң,
Бұхарамен қаралас.
Өзін адам көрмейді,
Tipi жсанга жоламас.
Сейлеседі екі адам,
Біреуінің жсаны бар,
Жаны жоқ десем жарамас,
Жаны бар десем біреуін
Кылыштен шапса қанамас...

Әубекір:

Алтыншы айтқан жұмбагың –
Телеграф агаши,
Касына барсаң корінер,
Темірінің қарасы.
Көмген жері топырақ,
Бас жасына қарасаң,
Шыныдан болар мұржасы.
Шыңылдатып қақкан соң,

Tipi жсанга жоламас,
Сөзінің сенің бәрі рас...

Сапарғали мен Нұржан айты-
сынан:

Сапарғали:

Мен көрдім неше жүйрік даналарды,
Байқауга ойладың ба шамаларды.
Жұмбагыма қайтарса, дұрыс жасауп,
Біз де сынап қарайық балаларды.

Нұржаным, білдірейін сізге тагы
Құс көрдім озі жансызың бір аяғы,
Теңізде салған жолы сарап жатыр,
Фәніммен ойлат тапқын мұны-дагы.

Нұржан:

Сапеке, айтқаныңды қазір табам,
Жансызың құс бір аяқты мұның –
қалам,
Теңіз мысал – қагаз гой,
Жолың – жазу
Жұмбагың осыменен болсын тәмам...

Сапарғали:

Бір үй бар әйнегі жоқ және есігі,
Ішінде қорек етер бар наслібі.
Болады бірде жсанды, бірде жансызыз,
Нақ козге корінерлік жоқ кәсібі.

Нұржан:

Демеймін бұл сөзді бос болады,
Жұмбакты шешсем көңілім
қош болады,

Жұмыртқа әйнегі жоқ және есігі,
Әуелде жансыз, ақырында
құс болады.

Сапарғали:

Бір құс бар қанат жайса,
Дөп-дөңгелек,
Адамнан еш уақытта
жүрмес болек.
Ұшырса, қондырса да еркі адамда,
Шықпайды панаңыздан көлеңкелеп.

Нұржан:

Мысалы, жайса зонтик құс секілді,
Темігі қолда болған іс секілді.
Жауса пана, күн шықса көлеңкесі
Достығы бейне сіз берен
біз секілді...

Қазак әдебиетіндегі алтын па-
рактардың бірі – жыраулар сөзі. Со-
ның бірі Бұқар жырау:

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллага жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шүгyl пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске!
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа!...

Бесінші тілек тілеңіз,

Бес уақытта бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алтыс басты ақ орда
Ардақтаган аяулың
Біреуге олжы болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіт,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып түрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қыыр, шартаран
Жер тұлданып түрмасқа!
Тогызынышы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақттан таймасқа!
Тоқсандағы қарт бабаң,
Топқа жаяу бармасқа!
Онынышы тілек тілеңіз,
Он ай сені котерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айланған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа!
Он бірінші тілек тілеңіз,
Он бармагы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Исің жұпар аңқыған,
Даусы кудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Қылығымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің,
Жылай да жесір қалмасқа!

Сұрақтар:

1. А. Байтұрысновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде өнердің жүйеленуі.
2. Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі өнерге көзқарасының биліні.
3. М.Х. Дулатидің өнерге катысты ұстанымы.
4. Өнерді түсінудегі көзқарас айырмашылыктарының негізгі себептері.
5. Батыс пен шығыс өнеріндегі айырмашылық.
6. Макал, мәттелдер мен фразеологизмдер, жыраулар шыгармаларының ұксас жерлері, өзіне тән ерекшеліктері.
7. Әдебиет сезінің этимологиясы.

3-тaraу. ӘДЕБИЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫГЫ

Әдебиеттегі халықтың деген үғымның түп-төркіні: әрбір сурет-кердің халық жүргегін толғандыратын шығарма жаза алуы. Өйткені сурет-керді түптің түбінде шын бағалайтын – халықтың өзі. Ал халықтан жақсы баға алу оңай шаруа емес. Халықтан лайықты баға алған ақынның бірі – Мұқағали Мақатаев. Мұқағали – өз халқымен сырлас, мүндас, үндес болған ақын. Ақынның сондай жырының бірі «Халыққа хат» деп аталады:

Туган халқым!
Қатемді кешір менің?
Сенің арқаң сескенбей, есіргенім.
Егерде жырың болмай,
ұрың болсам,
Алақанга саласың несін мені.
Жоқ!
Менің жүрек емес төсімдегі,
Ол бір от сенің ұлы көшіңдегі.
Өзіңнің жандырганың, өшіргенің,
Әзірге тастаган жоқ есім мені.
Уа, жұртый!
Кешір мені?
Кешір мені!

Зәредей қылышың жоқ
мен сенбеген,
Жасудамын жсаныммен
корсем деп ем.
Жасымнан жамандықты
жесңем деп ем,
Жасырмай бәрін айтып
берсем деп ем.

Жамандық көре алмайсың сенсөң
менен,
Өзіңнің қалыбыңмен өлшенген ем,
Аманат бір өзіңе өлсем денем.
Аманат бір өзіңе жырым –
сырым,
Аманат Асан – жүрек
жырым-жырым,
Жолсызбен жортамын деп,
Орта жолда
Жете алмай жетеріне
жыгылды ұлың,
О, менің
Желтілдеген туырлығым!
Желбіреп, жетіле бер Туың бүгін!

Осы халық махаббатына ие болудың сыры неде жатыр? Оның бір өлшемі бар ма? Жоқ әлде ойына келгенін айткан, жазған ақын-жазушының бәрі осы биікке шығандап шыға бере ме? Оны саралау үшін әде-

биеттің мәні не өзі? деген сұрақтың бетін ашып көрү керек.

3.1. Әдебиеттің мәні не?

Бұл тақырыптың мағынасы мынау: Әдебиеттің мәні не, өзі? Ол кандай болу керек? Жоқ әлде ол кандай болса да бәрі бір ме? Оның өнер ретіндегі функциясы (қызыметі) не болмақ? Бізге, адамдарға, қоғамға оның не керегі бар? Оның пайда, зияны не? Осының бәрін пайымдап, біліп алмай әдебиетпен айналысу мағынасыз нәрсе болып шығады. Және осы сұрақтар төнірегінде бас ауыртаған ақын, жазушы, әдебиетші жоқ. Бірак бәрінің тапқан жауабы бір емес. Өйткені барлық адамның ойы бір жерден шыгуы мүмкін емес. Әркім өзінше әр түрлі ой түйген, соған қарай олардың әрқайсысының шығармасы да өздерінің түйген ойларына сай болып келеді. Сол ойлардан, түсінік, көзқарас калыптасады. Әрбір адам калыптасқан көзқарасына сай өмір суреуді. Егер өнермен айналысса, сол көзқарасына сай өнер жасайды. Мысалы, кеңестік дәуірде *пролеткульт* һәм *соцреализм* әдістері әдебиет аренасына шықты.

Пролеткульт һәм соцреализм деген не? *Пролеткульт һәм соцреализм* – бұл түп-тамыры социализмге барып тірелетін ұғымдар. *Социализм деген не?* Бұл – материализм

идеясымен көмкерілген бір философиялық ағым. Көздегені адамдарды тапқа, сословиеге бөлу. Адамның азсалына пролетариатты санап, баскаладарды екінші сорт дәрежесіне шыгару. Адам маймылдан жаратылған деген идеямен желігу. Қалыпты үлт түсінігін адамзат сезімен бүркемелеп, жаныштау. Жекеменшік адамзаттың дүшпаны, керісінше тіршілік тұтқасы ортак қазанға салынған ас деушілік. Әйел мен ерек еркіндігін айткансып, екі жыныстың арасына от салып, шағыстыру. Бұлардың әдебиеті де соған сай. Соцреализм деген өтірік идея 70 жыл бойы ССРО (СССР) елін тұмшалады, өтіріктің тұтінімен елді тұншықтыры. Соған олардың әдебиеті колхоз, орақ пен балға, бесжұлдыз, Ленин, коммунизм, дінсіздік, съезд, сияқты өлі тақырыптарды ұдайы сарнап, соғып келді. Бүтінде бұның бәрі бояуы онып, өні кашкан керексіз дүниеге айналды. Өкінішке орай, осының бәрі казак әдебиетін де өрттей шарпып өтіп, әдебиетіміздің біраз жеріне жара түсірді.

Пролеткульт – 1917 жылы февраль, октябрь айларында ағартушы мақсатта пайда болған әдеби һәм мәдени бір үйим. Әуелгіде (1917-20 ж.) қатты тарап 400 мынға дейін мүшелері, 20 шакты журналдары болған: «Горн» (Мәскеу), «Грядущее» (Петрополис), «Зарево заводов» (Самара), т.б. Пролеткульттің бастығы һәм теоретигі А. Богданов деген болған. Теор-

риялық негізі: Адам енбегін, (әсіресе зауыт жұмысшысын дәріптеу), колектившілдік ұғымдарын идеал-пүт тұту, шектен тыс революция атаулыға әуестік. Пролетариатқа қатысты емес откендердің бәрін беталды тәрк ету. (Бұл тәркілеуге Абай мен Пушкинде түскен кезінде). Олар таза пролетарлық мәдениет жасау жолында болды. Ол деген сез мәдениет тек пролетариаттың мұңданап, жоғын жоктамайды, оны жасайтындардың өзі де пролетариат өкілдері болуы міндетті еді. Ұйымдары: «Пролеткульт», «Кузница», РАПП, ВОАПП, Октябрь, т.б. Пролеткультшілер Лениннің өзін шошыткан. Содан олардан коркып «О пролетарской культуре» атты резолюция дайындаған (8 окт. 1920). 1932 жылы РАПП өзінің «студықтығы» үшін таратылды (ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 ж. 23 апрельдегі каулысымен). 1934 жылы СССР жазушылар одағы құрылып пролеткульттің жолы кесілді. 1932 жылы пайда болған соц. реализм – пролеткультка карсы ойлап табылған жаңа термин болатын. 1934 жылдың 17 августінде болған СССР ЖО 1-ші сезінде соц. реализмнің көздегені бол мыналар айтылды: жеке адамды жетілдіріп, өсіріп табиғатты біржола бағындыру, сойтіп алаңсыз, бакытты ұзак ғұмыр кешу, ол үшін еңбекшілерді (енбек етушіні) социализм рухында тәрбиелу.

Көрнекті жаршылары: М. Горький, В. Маяковский, А. Фадеев, т.б. Біздін ҚазАПП осы РАПП-ка еліктеуден шықкан. С. Сейфуллин, С. Мұқанов, F. Тогжановтар күрган оны. Қенес үкіметінің тұртқілеуімен. Жоғарыда келтірілген ҚазАПП платформасынан көбірек үзінді келтіреміз: «Пролетариат тап күресін аяктап, өзіне дүшпандарды соғыс майданында жеңіп шықты. Шаруа, әкімшілік екеуі де соның колына көшті. Бірак әлі де болса пролетариаттың, әсіресе казак еңбекшілерінің түгел колына алып болмаған жұмыстары бар: соның бірі – салт-сана (идеология) майданы. Қазак байлары орыс байларындағы Октябрьдің таяғын ондаң жеген жок. Ауылда әлі де болса байлардың, байлардың екілі – алашорданың ықпалы бар. Мұны партия ашық айттып отыр. Жаңа шаруашылық саясатты бетке ұстап (НЭП) қазактың байлары соғыс кезде салт-сана жүзінен ықпалын жүргізуге жұмыла кірісуде. Сондыктan қазак жағдайындағы қазіргі мықты күрестің біреуі салт-сана майданындағы құралдың біреуі – көркем әдебиет. Сондыктan қазактың пролетариат, қара шаруа жазушылары жалпы қазак еңбекшілерінің салт-санасын тәрбиелеп, еңбекші бұкараны социалдық дәүірге жетктеуге, еңбекші таптың максатына теріс пікірлермен күресуге партияға көмектес болулары керек».

1925 жылы Қызылорда да күрүлғанмен, келер жылы ғана аяққа тұрған ҚазАПП кейін тарқады. Пролетарлық жазушылыққа катысты болғандықтан, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» атты романының «Алаш туының жыртылуы» атты тарауынан Сәбіттің Сұлтанбек Қожановпен болған сұхбатынан мысал көлтіреміз: «Сен, Сәбит шырағым, – деді жасы үлкен ағалық ақылы сиякты дауыспен, – «пролетариат жазушысы болам» дегенді қойсайшы? Сәкен ғой, осы жок нәрсені бар кылам деп жүрген. Ең алдымен, сол Сәкеннің өзі бола алмайды ғой пролетариат жазушысы. Қайдан болады ол? «Бай ұлы болсан – Адай бол, Арғын болсан – Алтай бол» демей ме казак? Сол Алтайдың ішінде, Сәкен ең ірі атасын бірі – Жәнібекке жататын көрінеді. Әкесі – Сейфолла серілік күрганнан басқаны білмеген. Сәкен соның мырза баласы бол ескен. Революцияға араласуы – әлдекалай бір нәрсе. Мырзадан революционер шыққан емес...». Ақиқатында пролетаршылдықтың «жоқ нәрсені бар кылам деген» бір әуре іс екенін С. Қожанов 20-жылдардың өзінде анық андаған. Советтік өлеңдерге мысал:

Советстан, біздің стан, Советстан
Экспресс тағма екпінді шабыстан
Гүле жүріп,
Үні құрып,
Калсын ұлып,

Ескі жалған, арттан қалмай
жабысқан...
Карап тұр.
Жол ұзақ,
Кондуктор,
Айдан бақ!
Уклон бар,
Терең жар,
Сақ бол, сақ!
Так-так-так.
Айдан бақ,
Рудзутак,
Трат-тат-тат!

(С. Сейфуллин)

Жұп-жұмыр жұмысшының
білегі бар,
Тап-таза таптық ойы, тілегі бар.
Кып-қызыл Ленин туы бір қолында,
Бір қолда балға, орақ, күргегі бар...

(А. Токмағанбетов)

Жалғанда табынатын
тәңірім-табым,
Табы жоқтың тәңірі жоқ,
күні жарым.
Табым десем, бұлақтай
таудан ақкан,
Он бойымда шымырлап,
білейді ағын.

Кияга өрлеп, қырандай
қанат жайып,
Табым десем, қозады аруагым...

(С. Мұқанов)

Я меряю
по коммуне
стихов сорта,
В коммуну
душа
потому влюблена,
Что коммуна,
по-моему,
огромная высота,
Что коммуна,
по-моему,
глубочайшая глубина.

(В. Маяковский)

Имажинизм (французша: *image* – образ, бейне) – орыстарда осындай әдеби ағым болған. Оның В. Шершневич, А. Мариенгоф, А. Кусиков, т.б. сиякты өкілдері болған. Бұлар көркем образға құлай беріліп, әдебиетте образ мағынадан да құнды деп жарсалған жандар.

Орысша мысал:

*В небе облак лохматой
дворняжской,
По-собачьему звонко плачет.*

(А. Кусиков)

Сөзбе-сөз аудармасы: *Бұлтты аспанда сабалак қорашил им, им қүсан сыңырлап жылайды.* Бұл жерде мағынадан гөрі бей-берекет бейнелер тізбегін байқаймыз. Образдар суре-

ті жалпы кисыны болғанмен, онша нанымды емес.

Әлемдік әдебиетте бұндай ағымдар ете көп болған. Имажинизм соның біреуі. Орыстың атакты ақыны С. Есенин де осы ағымда болған, біра兹 уақыт. С. Есенин іірімдері:

*Ягненочек – кудрявый месяц,
Пасется в голубой траве.*

Бейнелі суреттерді тым коюландырып, қабаттастыруды ұнаткан ғой Есенин.

10-20-жылдары Франшияда пайда болған тағы бір **сюрреализм** (французша – *surrealisme* – орысша – *сверхреализм*, қазақша – шектен шыққан реализм деген сөз) деген авангардтық ағымда осындай бір нәрсе. Олардың стилі: баста пайда болған жүйесіз ой ағысын ақылдың безбеніне салмай қағазға түсіре беру. Бергсонның әсері бар оларда. Олардың «Қара әзіл» (черный юмор) дегені бар. Оның мәні – өзара ұйқаспайтын бейнелер шоғырын тоғыстыру. Мысал: «Прекрасно, как случайная встреча на столе для вскрытия трупов зонтика и швейной машины» (Лютреамон). Ал, «автоматты жазу» (автоматическое письмо) дегені – ойға түскен сөзді сол қалпында қағазға өзгерпей жазу. Өкілдері: Арагон, Бретон, Элюар, т.б.

Сюрреализм – реализмге қарсы ағым. Біреуі тек өнінде көргенін түртсі, екіншісі түсінде көргенін

жазумен әуестенеді. Ол негізінен дадаизм ағымынан шығады. «Дада» деген сөздің шығу тегі әр түрлі – біреу оны кара түсті бір тайпаның тіліндегі «касиетті сиырдың құйырығы» деген сөзben, енді біреу оны Италияның кейбір жерлерінде кездесетін «ана» сөзімен, кейбіреулер балдар ойнайтын ағашт ат атауымен, ал тағы біреулер тілі жана шықкан жас бала byлдырымен байланыстырады. Дадаизмнен неміс экспрессионизмі де канат жайған. Дадаизм – қазіргі постмодернизмнің іргетасы саналады. Дадаизмнің бастау бұлғалы – XIX ғасырдағы Париждің «фумизм мектебі». Яғни, бірінен-бірі шығады. Ал имажинизм – футуризмнен шығады. Дадаизм анархизм әсеріне ұрынған мектеп. Бұларды біз алдағы модернизм тараушасында кең жайып, тарқатыңқырап айтамыз.

Осы жерде енді данышпан Абайды еске алайык? Ол не дейді?

Абайдың Мұрсейіттен жеткен колжазбасында «Китаб тасдиқ» («Иман кітабы») деп аталған, кенестік редакторлар «38 кара сез» деп ат койған шығармасында былай делінеді:

«Біз ғылымды сатып мал ізdemек емеспіз малменен ғылым қасіп қылмакпаз. Өнер-өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірак ол өнер ғадалеттан шықпасын, шарғыга муафих болсын».

Абай не дейді, Маяковский не дейді? Маяковский өленді, яғни өнерді

коммунаға (социализмге) қарап сортаймын десе, Абай өнерді шарғыға (шарифатқа) қарап өлшемін, саралаймын дейді. Міне көзқарас айырмасы деген осы болады. Содан да әр түрлі әдебиет шығып жатыр. Абайға ұксас тұлғаның бірі – Л. Толстой. Ол бүй дейді: «Өнердің басты максаты – егер өнер деген нәрсе бар болатын болса, егер оның максаты бар болатын болса, ол – адамның жан дүниесі жайлы ақиқатты тауып айту, және оның жай сөзben айтуға болмайтын құпияларын ашып айту. Сонда ғана ол өнер боп саналады. Өнер деген бұл микроскоп, жазушы оны қолына алып өз жанының қатпарланған құпияларын ашып, содан кейін оны жүртка жағады». Тағы бір сезі: «Көркем шығармадағы басты нәрсе оны жазып отырған адамның жан дүниесінің қандай екендігі». Толстой әдебиет өнерін қалай дегенде де адам жан дүниесімен тығыз байланыста қарайды. Өзі де әдебиетті жай адам жанының еріккендегі ермегі деп емес ар-ождан, иман, жүрек өлшемдерінің түрғысынан қарайтын маңызды өнер түрі деп түсінген. Эйтпесе еріккеннің ермегі болған ағымдар көп, сонын бірі жоғарыда келтірілген – имажинизм һәм сюрреализм.

Абайда бұндай әсіре өнер қызығушылығы атымен жок, онда керісінше әсiet, акыл айтушылық – басты сарын. Ол өленді адамның адам болуына жол көрсететін бір

3-тaraу. Әдебиеттің халықтығы

кұрал ретінде пайдаланады. Оның әсіресе 40 жасынан кейін өлеңге қатты ден коюында да осындай әлеуметтік сырлы астар жатыр. Бұл турасында М. Әуезов былай деген: «Абайдың 1886-89 жылдары өлеңдері. Бұл жылдарда шындан шұғылданып кіріскеңі – ел мінезін сұнауда әуелі қоғам тіршілігінің паразиттерін мінеуден бастап еді. Абай ел ішінде жүрген болыс билерді сұнаумен бірге, өзі ел ішінде үлкен тірек еді. Абай өзінің ақындық міндетін терең түсінеді. Маңындағы інілеріне, ақындарға арнап көп өлең жазады. Солардың бірі – «Өлең сөздің патшасы». Тек қана осы өлеңнің өзі Абайдың өз заманындағы ақындардан ерекше екенін аңтаргады. Абай Европа әдебиетінін, жалпы қоғам құрылышы мен алыстан келе жаткан адамдардың ісі қандай болса, ақындары да сондай өзінің міндетін білу керек дейді. «Өлең – сөздің патшасы» деген өлеңінде ақын сөзін халықтың ардактайтынын біледі. Сол сөз патшасы ақынды ұлылық пен күрметке бөлейді:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс
Сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы.

Өлеңнің белгілі мақсатты, келісімі дәл болуын мазмұн мен түрдің бірдей үйлесуін талап етті. Абай өлеңнің көректігін:

«Әуелі аят, хадис сөздің басы,
Косарлы байтісымал келді арасы.
Кисынымен қызықты
Болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар
Мен оны Алласы», –
деді.

Абай өнерлі өлең сөз биік мақсатты көзделген ірі, зор, азamatтық ақынның көкірегінен ғана шығатын құбылыс екенін айтады. Пушкин мұза мен Аппалонды айтса, Абай тыңдаушысы мұсылман болғандықтан олардың өз нанымымен дәлелдейді. Фасырлар бойы ұмытылмаған ақындардың ой саларлық үлгілі-өнегелі жерін еске алады. «Өлең – сөздің патшасында» жақсы сөз туғызу көректігін айтып, өткендегі өнезі шықкан өлең өнегесін мыскал етеді. «Іші алтын, сырты күміс дегенде» мазмұн мен түрді алып, мазмұнға көбірек мағына береді. Мазмұн шешуші нәрсесе, түр соған бағынышты дәрежедегі орында тұруы керек дейді». (М. Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы, 1988. – 141-142 б.).

Яғни, Абай үшін негізгі идеялық тін – шарғыга муағих болсын мен әуелі аят хадис сөздің басы екендігі анғарылады, одан соң ол үлтyn жоктауға, қажет болса сұнауга, мінеуге де барады, адамшылықтың негіздеріне шақырады, оны аршып, талдаң түсіндіреді, өз заманындағы әлемдік қоғам шындықтарына, өр-

кениет биіктегіне иңк тенестіруге үндейді, осының бәрінен күрал етіп өленнің сикырлы күшін пайдаланбакка бекиді, ол сикырлы күштің шарты етіп *іші алтын, сырты күміс* сез жақсысын алады. Оның бүкіл өмірінің өрнегі болған, өнер іірімі осындағы ғаламат арпалыс, толқындардан тұрады. М. Әуезов сөзсіз осыларды мензеп тұр әлгі сөздерінде. Абайдың сондай бір өлеңі интернатта оқып жүрген казақ балаларына жанашырлықпен айткан өснег сөзі:

*Интернатта оқып жүр
Талаі қазақ баласы.
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Куанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шаригатқа шаласы.
Орыс тілі жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение жазуга
Тырысар келсе шамасы.
Ынсансызға не керек
Істің ақ пен қарасы.
Нан таптаймыз демейді,
Будінсе елдің арасы.
Ежедиңтасыз, михнатсыз
Табылмас гылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панаңы?
Орыс теріс айттайды,
Жаман бол деп оларды*

*Қаны бұзық өзі ойлар
Кү менен сүм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват
Я Семейдің қаласы?
Я қазақтың аласы?
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санаңы.
Ақылы кімнің бар болса
Демес бұны тілі аңы.
Айтыңызы болсаңыз,
Зздравомыслящий
Ақыл айттай ма аласы?
Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге
Артық гылым кітапта
Ерінбей оқып көруге;
Военный қызмет іздеме
Оқалы киім киоге,
Бос мақтанды салынып
Бекер кокірек керуге.
Қызмет қылма оязга.
Жанбай жатып сөнүнге
Қалай сабыр қыласың
Жазықсыз кунде сөгүгे?
Өнерсіздің қылышы –
Тура сезін айта алмай,
Қорлықпенен шіруге,
Аз ақшага жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүргүрге
Алыста болса ізден тап
Кореннайға кіруге,
«Талапты ерге нұр жауар».*

Жүріп өмір суруге.
Я байларга қызмет қыл,
Ерінбей шауып жеслуге.
Адал жсүріп, адал түр,
Счетың тұра келуге.
Жаныңа жақса, соңынан
Жалқауланба еруге.
Қисық болса закон бар
Судьяга беруге.
Ол да оязной емес қой.
Алуга теңдік сенуге.
Өз бетіңмен тауекел,
Занимайся прямотой
Женіл көрме, бек керек
Оған да гылым, оған да ой.
Қалайша, қайда енуге.

Мағжан шығармашылығында сан тарау тақырыптармен қатар елшілдік тақырып басты сарынның бірі десе болады. Сондай бір ерлікке, өрлікке үндейтін жыры – «Жауынгер жыры» деп аталады:

Желе бер, жсаным Қаракөк,
Желкілде жеслен, айдарым!
Қолымда наиза көк болат –
Ерлігіме айгагым.
Ел дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Халқынан мен садага,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі кәрі Күн күә –
Ежелден жасудан таймадым.
Корқыныш емес нахсагай,
Нахсагай – өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,

Олімменен ойнадым.
Желе бер, жсаным Қаракөк,
Желкілде жеслен, айдарым!
Қазам жетсе майданда,
Басымда наизам – сайгагым.
Кайратты, қайтпас жсан досым –
Ерлігіме айгагым.
Желе бер, жсаным Қаракөк,
Желкілде жеслен, айдарым!

А. Байтұрсынов «Намыс толғау» туралы былай дейді: «Намыс толғау басында тайгақ кешу, тар жолда, қынышылық шегіне жетіп тақалған шақта шыгатын сөз. Қын жол нағыз қын шегіне жеткенде қын істі істеуге көбінің батылы жеттей, намысына тигізіп, қанын қыздырып сойлеу қайрау сөз деп аталаған. Сол қайрау сөздің өлеңмен айтылғанын намыс толғауы дейміз. Не оліп, не өлтіріп шыгатын өлім жолына айдаған жеріне айтқан». Осы жerde А. Байтұрсыновтың әдебиеттің намыс кайрайтын күшіне катты мән бергенін көруге болады. Яғни, «әдебиет не үшін, кімге қызмет ету керек?» деген сұрап әдебиеттегі манызды сұраптардың бірі, оның өзі әдебиетті жасаушы автордың көзқарасына тікелей байланысты екенін айттық. Ақиқатында сондай. Мысалы, ғасыр басындағы казак қоғамындағы толкулардан туған алашорда қозгалысы өзінің идеологиялық-рухани қажеттілігіне орай әдебиет жасады. Ол әдебиет «Қазақ», «Ақжол» газеттерінде,

«Шолпан» журналында, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, т.б. шығармашылықтарында көрініс тапты. Алаш козғалысының һәм әдебиеттің идеялық ядросы – отарлықта жаншылған казак халқының бейшара халін түзету, соны түзетудің

жолын тауып халыққа көрсетіп түсіндіру, жария ету болған. Оны олар еуропалық либерализм ұстымдарын пайдалана отырып, казакы калыптен жаңаша заманға сай түлеп, жетілу керек деп түсіндірді һәм сол жолда саясат көрігін қыздырды.

Сұрақтар:

1. Өнер ұғымы. Абайдың «38 кара сезіндегі» «өнер» ұғымына катысты ұстанған бағыты.
2. М. Дулатидін «Тарихи-рашидиді» жазудағы ұстанған көркем әдісі.
3. М. Шаханов шығармаларындағы азamatтық позиция.
4. Кеңестік дәүірдегі «Пролеткульт» және «Соцреализм» ұғымдары.
5. Абай шығармашылығындағы жақсы мен жаман ұғымы.
6. М. Дулатовтың «Оян, казак» поэмасында елге, жерге катысты көтерілген келелі мәселелер.
6. Алаш козғалысы тұлғаларының әдеби ұстанымы.
7. А. Сүлейменовтің «Шашылып түскен тіркестер» эссеіндегі көтерілген тақырыптар.

шын дүниенің дағылған жағдайларын
ортақ мәдениеттің мөрөн – мемлекеттік
мәдениеттік мекемелерде жасалып
жүргізіледі.

4-тарау. КӨРКЕМ БЕЙНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

4.1. Әдебиеттегі бейнелеу (образ)

Бейнелеу (образ) – шын жаратылыс дүниенің көркем киял, түйсік, зердемен тіл арқылы сурет бейнесіне кешірілуі. Әдебиеттің жұмысының өзі осы. Яғни, образ ұғымын казакша бейнелеу, сөзбен сурет салу, перделеу (перде сыртынан жасырып айтуды) деп айта берсе болады.

А. Байтұрсынов: «Қара сөзді әдебиетте пікір сұлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни, сұлде үстінен өн, ажар, жан, мінез, қылыш беріліп, тұрпат, тұлға түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады» – деген.

Осы А. Байтұрсыновтың «*тірі нәрсе*» деп отырғаны – образ. Яғни, өзі бар тірі нәрсені тілмен майын тамызып бейнеге түсіру. Яки, шын өмірді қағазға көшіру һәм жаратылысқа еліктеп, оның сырын ұғуға тырбану. Өйткені адамның өзінің жаратылысында бірденені білгісі келіп тұратын қызығушылық қасиеті бар, анау не, мынау не деп. Сол ой адамның тынышын кетіріп, оны әрекеттерге көшіреді. Әдебиет ой, киял әрекеті, ми әрекеті, жүрек әрекеті,

шығарма дағыншының түрінде жүргізіледі. Мәдениеттік мекемелерде оның әрекеттерінің өзінің мемлекеттік мекемелерде жасалып жүргізіледі. Ал оның әрекеттерінің өзінің мемлекеттік мекемелерде жасалып жүргізіледі.

Жаратылыс дүниенің көркем киял, түйсік, зердемен тіл арқылы сурет бейнесіне кешірілуі – әдебиеттегі образ. Оның соны қағаз бетіне әріп белгілер боп тусумен бітеді. Соны біз шығарма дейміз. Яғни, адамның ішінен шықкан нәрсе.

Академик Қажым Жұмалиев образ туралы былай ой толғайды: «Образ деген сөз әдебиетте негізінде екі түрлі қолданылады. Бірінші, көркем сөз мәғынасында, екінші, адам образы – тип мәғынасында.

Көркем сөз ұғымында – образға тенеу де, эпитет те, троп, фигуралардың түрлөрі де жатады. Кейде сөз образы немесе бейнелеу деп те айтамыз.

Екінші адам образы – тип мәғынасында қолданамыз. Бұрын образ (адам образы) деп ұнамды қаһармандарды ғана атап, ұнамсыз қаһармандарды тип дейтін. Ал соңғы кездерде көбіне образ бен типтің арасына ондай шек койылмайды. Қазакша образды – типті – кейіпкер, ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлер деп те жазып жүрміз.

Бұл кітапта біз адам образы – тип (казакша: кейіпкер) деген сөздердің бір мағынада қолданамыз.

Көркем шығармаларда адамның өмірі, олардың өзара қарым-қатынастары, наным-сенімдері, ой-сезім-

дері, мінез-құлықтары суретtelінеді дәдік. Бірақ жазушы шығармасында езіне белгілі бір адамның ғана сипатын көрсетіп қоймайды, сол адамның өмір сүрген кезіне, өскен ортасына дәл келетін көп адамдарға тән іс-әрекет, мінез-құлық, наным-сенімдердің ең керекті, екшенділерін теріп алып, бір адамға тән сипат етіп көрсетеді және солай болуы мүмкін екендігіне оқушыларын сендіреді. Міне, адам образы – тип – деп осыны атаймыз».

К. Жұмалиев образ ұғымына жақсы шолу жасайды.

Образдың төмендегідей түрлері бар:

Этикалық образ – даралық және типтік ерекшеліктері айқын көрініп, әбден пісіп-жетілген бейне. Мысалы: «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай, «Ақиқат пен азыз» роман – диалогіндегі Бауыржан бейнелері сияқты.

Лирикалық образ – лирикалық жанrlарға тән, адам жан дүниесіндегі бір қалыптық толғаныс сәттерді көрсететін бейне. Бұндай шығармалар барлық ақындарда бар, әсіресе Мағжанда, Қасымда, Мұқағалида көп. Мағжанның «Мені де өлім әлдиле», Мұқағалидың «Фаризага» елеңдеріндегі лирикалық кейіпкерлер осындағы бейнелер.

Драмалық образ ерекшелігі – жартылай қағазда қалам күшімен, жартылай сахнада әртістің күшімен жасалатындығы.

4.2. Тип

Белинский «Талантты жазушының әр образы – тип» деген. Тип деген негізінде жиынтық бейне дегенді білдіреді. Яғни, жазушы белгілі бір кезеңдегі қоғам суретін, адамдар өмірін айшықтап көрсету үшін осындағы қасиеттің бәрін бойына жинақтаган кейіпкер бейнесін сомдайды. Бір қарағанда әдебиеттің ісі де сол емес пе? Егер кейіпкерден өз заманының көрінісі, сол замандағы адамдарға тән мінез-құлық, жүріс-тұрыс, киім-киіс ерекшеліктері көрінбесе, ол нанымды әрі тартымды болмас еді. Осы тұрғыдан З. Қабдолов М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы кейіпкер Құнанбайды типтік бейнеге жатқызады. Өйткені Құнанбай XIX ғасырдағы қазак қоғамындағы билік иелерінің (ага сұлтан, датқа, сұлтан-правитель, би, болыс, т.б.) жиынтық бейнесі сияқты. Екінші жағынан қарағанда, Құнанбай – тарихи тұлға, романдағы кейіпкер Құнанбайдың шын өмірдегі тарихи прототипі бар. Бұл жерде тарихи кейіпкер типтік бейнеге айнала алады ма? деген сұрақ туады. Бұл сұракка ия, тарихи кейіпкер де өз даралығын, тарихилығын сактай отырып типтік бейне бола алады деп жауап беруге болады. З. Ахметов бұл жонінде «Әдебиеттану. Терминдер» сөздігінде: «Кейіпкердің іс-әрекетіндегі, мінезіндең көптеген жекелік сипат-белгілер

өзінің даралық, нактылық қалпын сақтай отырып, типтік магына да алады, сол ортадағы басқа адамдарға да тән касиетті танытады» деген. Демек, типтілік пен даралық яки тарихилық бір-біріне қарама-қайшы түсініктер емес, бірін-бірі толықтырушиғана түсініктер. Яғни, көркем шығармадағы Құнанбай бейнесінің тарихилығы оның даралығын күштеттін элементке айналады.

Тек тарихи бейнелерді көркем бейнеге айналдырығанда тарихи мәліметтерді көркем қиялдың заңдылығына салып, жонсіз бұрмалауға болмайтынын ескеру керек. Өйткені тарихтың аты – тарих. Әдебиеттің аты – әдебиет. Әдебиет пен тарихтың тамырластығы да бар, сондай-ақ өзіне тән ерекшелігі де бар, оның шекарасын бузуға болмайды.

4.3. Көркем бейне жасау тәсілдері

Пейзаж. Көркем бейне жасаудың өзіндік калыптанған тәсілдері бар. Соның біреуі – **пейзаж** (французша: *paysage, pays* – ел, жер). Пейзаж – көркем шығармадағы сөзбен табиғат суреттерінің салынуы. Қазақ әдебиетінде пейзаждың ерен үлгілерін салған шеберлер жетерлік. Пейзаж шығарманың суретті бейнесін арттырады. Кейіпкердің жанды бейнесін, сұлбасын шығаруда косымша материал-жәрдемші болады. Кейі-

пкөр төңірегінде кеңістік ақиқатын жасайды. Уақытты бейнелуге де себебін тигізді.

Ж. Аймауытов салған «Картқожа» романындағы табиғат суреттері:

«Шілде. Шағала көлдің басы иін тірескен ауыл, бықырлаган мал, жердің жузін, кектің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні беленген асып, шеті қылтып барады. Шаңдатып, карауытып, то-пирлатып жылқы шауып суға түсті. Жамыраған кой, азынаган сиыр, өкірген бұқа, айғайлаған бала, ауқаулаған катындардың даусы косылып, көлдің басы ың-жың, у-шу, ауыл-ауылдың түтіні ұрандастып, ұласып, көл арнасын кек тұман басып тұр. О жерде, бұжерде кара құрық, біреуді біреу біліп болар емес.

Жадыраған жаз елді де жадыратты. Ел маужыраған. Елде ес жок. Ел мас. Маужыраған елдің ішіне кіріп не қыламыз? Ұйқымыз келер, басымыз ауырап. Ардақты оқушылармен бірге серуендереп, дөн басына шығып, бой котерелік».

ТАҒЫ БІР СОНДАЙ ДАЛА СУРЕТИ:

Мидай жазық, кен дала, жел жок. Күн шуак. Аспанда ак сабынның көбігіндей, ак мактадай ак бүлтттар. Деген шеке қызар, ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, бөгелек, масаның калың шептің арасынан ұшып, әуені каптап, шарықтап, олай-былай жүйіткіп шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағанинан басқа, екі

әттың пысқырып, құрығы сүйлдап, ағын тебініп, бөгелек шакканынан басқа, анда-санда шық-шық еткен торгайдың даусынан басқа жаңырыккан ешбір тықыр не бір үн естілмейді.

Поэзия тілінде табиғат суретін салудың айтулы бір шебері – Мағжан.

Жел жалығып, хал жиын,

Калғып қана тербелер.

Жұмсақ қана жыныып,

Жібек қанат жаз келер.

Кек алтынга көмілген,

Ауага алтын себілген.

Алтын емес себілген,

Жаздың шашы төгілген.

Осындай гажайып табиғат суретін салу үшін не істей керек дегендеге бір-ақ жауап: ол үшін Мағжан болып туылу керек дейміз!

Абай Қалшабек деген заманымыздың жас ақыны табиғаттың гажайып көрінісін толғаныспен былай әрнектейді:

Хақ сәулесі төгіліп,

Аспаннан жарық сорғалар.

Түн көбесі свегіліп,

Төбемде күн домалар.

Күн батар да, қайтадан,

Түн қаусырап алемді.

Бар әлемді шайқаған,

Еске аламын Егемді.

Түн қабагы қатқанда,
Жұлдыз өрнек тоқиды.
Бар адамзат жатқанда,
Әлем дүға оқиды.

Үркөр көктің журегі

Сияқтанып дірілдейд.

Бәрінің Хақ тілегі

Адамзатқа ол білінбейд.

Ай домалап барады,

Бетінде екі-үш дагы бар.

Екі-үш жүлдыз агады,

Шыгар-шықпас жсаны бар.

Портрет екі түрлі болады: *сұлба портрет*; *мінез портрет*. Сұлба портретте кейіпкердің сыртқы пошымы, суреті беріледі: түрі, киімі, дene түркы, кымыл-қозгалысы, мимикасы, т.б. Мінез портретте кейіпкердің ішкі мінезі көрініп, оның мінез-құлқынан хабар беріледі. Мысалы, Махамбеттің өзінің мінезін көрсете жырлауы:

Еңсөлігім екі елі,

Егіз қоян шекелі,

Жараган теке мушелі

Жауырыны жазық, мойны ұзын.

Оқ тартарга қолы ұзын,

Дүштанына келгенде

Тартынбай сөйлер асылмын.

Кұла бір сұлу ат мінген,

Күйрек жалын шарт түйген,

Күм сағыздай созылған,

Дұлығалы бас кескен,

Ту түбінен ту алған,

*Жауды көріп қуанған,
Мен – Өтемістің баласы
Махамбет атты батырмын!*

Бұл – Махамбеттің мінездік автопортреті.

Сұлба портретке жазушы Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінді келтірсек болады:

«Қара торы, орта бойлы, кошкар тұмсық, түлкі мұрт, шұңқірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым – Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған кара елтірі жекей тымак, үстімде орысшалау пенжек, шалбар. Сұр шапан, сар сафиянға кара ала жапқан күміс белбеу, аяғында көнелеу кисық табаным бар. Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шашакты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім, алдыңғы канталдағы дабыл байлайтын ұзын қайыс шеттігім – менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар.

Бұрын бір байдын, осы күнгі орта шарқы үйдің органишы баласынын, бұрын қой бес жүзге, жылқы екі жүзге, сиыр алпыска, түйе жиырмаға жеткен еді, осы күні сол малдың торттеген бірі де жок.

Әкеміз неше жылдай елу басы, ауылнай, би болған. Бір ауылнай елдің басты адамының бірі. Ағам отау болып, енші алып кетті. Інім Семейде окуда. Шешеміз жылқы жылы құрт аурудан кайтыс болған соң, әкеміз бір кедей адамның ак күбаша, бауырсақ

жаңа өспірім қызын, беріп қойған же-рінен, 15 қарага бата бұзып алып еді. Тоқал бұл күнде әкейдің мойнына мініп алды.

Жылдағы зекет, пітір, садақасын беріп, бізді оқытуға әкеміз танқы мұрт, жылтыр кара кожаны ұстап, се-гіз жылдай жаз үй артындағы коста, қыс конак үйде тенселіп, калғып-шүлғып, сабак оқыдық. Тіл алмай, асқа, атка өкпелеп, кісі боқтап, шал-дуар боп, қожадан таяқты талай же-сем де аяғында хат таныдым. Көр-шінің катыны мен кожаның өсегі бі-лінген соң, әкеміз шығарып жіберіп, содан кейін көзіміз ашылды.

Оннан асқан соң-ак қыдырған, колы бос жігіттердің бокаяузынын, былапыт әнгімесін тыңдал, он беске келген соң, қыз-келіншек бар үй-дің іргесін тырнап, жібін киып, есі-гін киаратып, түн баласында дамыл көрмедік. Жолдастарға еріп, ойын-са-уық күп жүріп, қылжакты, өлең-ді, домбыраны үйрендім, еті тірі жақсы жігіттерге еліктеп, насыбай, мылтық атуды, ит жүтіртіп, құс са-луды үйрендім. Тұзды ет беріп, сауға жығып, кашырып алып, талай құстан айырылсам да аяғында құстын да ті-лін білдім. Я, шіркін! Астында жарава бедеу, колында қыран түйғын, үстінде сымдай киім, өзек-өлкені сыйыл-дата кезіп, жарқ-жұрқ еткізіп, каз, үйректі сыйыртып, кешке таман сұлу қызды ауылдың сыртына қонам деп, шіреніп келіп тұрар ма ек!

Жалғанның кызығы сол да!..»

Бұл жерде Бекболат деген жігіттің сұлбасымен қатар, мінез-құлқы да анық-канық көрінеді. Тірі адам суреті деген осы болар сірә! Ал тірі сурет деген сол нағыз – образ, көркемдік, яғни, көркем әдебиет болып табылады!

Заттар әлемі. Заттар әлемінің көркем шығармада алар орны ерекше. Жазушы Аскар Сүлейменовтің «Бес-атар» повесінде орыс офицері Крейгель пайдаланатын заттар коры мына-дай: караболат маузер, солкылдақ фаэтон, ағылшын винтовкасы – мосли, қакпағында айыр бас самурыктың суреті бар портсигар, шпорлы өкше, френчтің алқым түймесі, кара сапи-янмен қаптаған, жанға жайлы майда солкылы бар трашпенке, Черняевтің компаниясы туралы материал іздесті-ріп жүргендеге кездескен этнографиялық жинақ, жұмсақ, жұпар «Дукат», есектүяқ аяқтарына қараганда төркінім Черняевкадағы ауғандардың битбазары деп тұрған құйрықбасар – орындық.

Осы заттар болмаса, Крейгель, Крейгель болмас еді. Сөйтіп, шығармадағы заттар әлемі кейіпкердің бейнесін сомдауға косымша жәрдемші кызметтің аткарады. Осы заттарды тұтынған кезде кейіпкер жасанып шығып, жанды бейнеге айналады.

Үй іші (интерьер) суреті шығармадағы кейіпкерге көп мән дарыта алады. Мысал:

«Балташ кабинетіне кіріп келді.

Кызыл шүғамен кежімделген емен үстел. Сұр ала тас дәүіт, калам сауыт, шамдал, басқыштар. Былқылдақ баркыт орындық. Тактай – айнадай. Үстел – шытырдай. Оңында – Ленин, солында – Сталин суреті. Үстелде – телефон. Колын созса – электр. Бір түймені басып шылдыр еткізе – хатшы жетіп кеп, мойнын қылқын еткізеді.

Осы сынды кабинетіне Балташ кіріп келді.

Орындық та, үстел де, қаламдар да жегулі аттай жаландап «отыр да өкірте бер!» деп тұр.

Балташ сары портфельді үстелге бір алып ұрып, бетті бір сипап, былқылдақ орнына алшая келіп отырды. Сол колының түймелі жеңін ашты да уақытты білді. Тоғыздан қаңғып барады екен. Сол жағындағы каттаулы қағаздарды алдына таман алып, кой қырқатын кісіше икемдей баурап, түйіліп қарай бастады. Біріне «анықталсын», біріне «тексерілсін», біріне «мәжіліске салынсын», енді біріне «саржы жок», тағы біріне «тындалсын», «кайқайтылсын» деген тәрізді бұрыш-бұрышына кигаштап «резолюция» тартып кап жатыр еді. Есік тырс етті». (Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан).

Образға қатысты кейір мысалдар:

Мен Қырымның ішінде

Ақша ханның қызы едім.

Атам менен анамның
Асыранды қазы едім.
Жылқыда шаңқан боз едім,
Қытай менен Қырымнан
Тамам жсақсы жиылса,
Аузындағы сөз едім.

(«Ер Тарғын»)

Жырдағы Ақжүністің өзін мінездеуі. Ол бірсес – асыранды қаз, бірсес – шаңқан боз, бірсес – аузындағы сөз. Әсіресе асыранды қаз дегені тосын, әдемі. Бейнелер осылай жасала береді.

H. Төреқұловқа:

Жас марксшіл,
Тағы бір «шіл»
Төреқұл.
Я капитал,
Мәзірімді ал,
Қабыл қыл.

Магжанның этиграммасы ойнақы қалжың тілмен жазылған. Қалжыңында шындық бар. Нәзір Төреқұлов кезінде қатты марксшіл болған. Қазаққа марксшілдікті сіңдірем деп біраз тер төккен. Магжсан сонысын сөзбен қагытып тұр. Этиграммалық образдар өте анық, бедерлі бол келеді.

Жұмбактар – образдар қоймасы. Қазақ халқы жұмбак арқылы образ күрганды қатты ұнатқан және оған

шебер болған. Жұмбак – өнері халық даналығының елеулі бөлімі. Сөз өнерінің таусылмас алтын кен коры. Жұмбак туралы Ә. Коныратбаев: «Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбак, жаңылтпаши жас баланың тілін жетілдіріп, табигат, өмір жайындағы түсінігі мен киялдау қабілетін дамытады. Жұмбак ең алдымен жас бөбектерге үйретілген.

...Жұмбак – өмірдегі реальдық зат пен құбылысты танытудың куралы. Оның айналатын казығы – ұғым (сөз). Бірақ сол ұғымға біз төтелей емес, түрліше салыстыру, ұқсастыру жүргізу арқылы келеміз. Жұмбакта абстракция күрделенген» (жоғарыда келтірілген шығарма, 66 б). Ә. Коныратбаев осы тұжырымдарында көркемдік ұғымының шығармадағы деректі қалпын, яғни образ ұғымын айтып отыр. Осындағы жұмбак сөзінің орнына көркем бейне, образ сөздерін қойсақ та тұжырым дұрыс күйінде қалар еді. Оның себебі жұмбактың әдеби жанр ретінде образ, образшылдық яки көркемдік ұғымын толық бойына дарытып, дәл сондай мағына беріп тұргандығынан. Жұмбакқа мысал:

Оз елімде шөп едім,
Желкілдеген боз едім.
Колга тустим, қылымдым,
Он жерімнен буылдым.

Өзі батыр, жасырынып жасатыр.
(қакпан)

Жұмбактың ішкі образ жасалу технологиясына кішкене көңіл белейік. Мысалы:

Кара сиырым қарап тұр,
Кызыл сиырым жалап тұр.

(қазан мен от)

Қазан – от. Күйе – қара тұс, қара сиыр бейнесінде бол тұр. Қарап тұрғаны – қазан жылжымайды. Қозғалысы жок, өлі кейінте. Қызыл сиырдың қара сиырды жалап тұрғаны от лаулап жанып қазанды шаршып тұрады. Үнемі қозғалыста болады. Оның үстінен сиыр тілінің жақтағаны оттың кимыл-қозғалысына құсады. Оған қосымша сиырдың тілі де отпен тұстес – қызыл. Яғни, көркем бейне, сурет өте нанымды шығып, шындыққа сай бол тұр. Көшірліген бейне шын өмірге неғұрлым ұксас болса, соғырлым жанды, шыншыл, мәністі болмак.

Мысалдар келтіреік:

Сұлтанмахмұт:

Оллаң! Айт етемін Алла атымен,
Орыс тілін білемін қәм хатымен,

История, география пәнді білмей,
Олланы, тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше
ұға алмасам,
Жер жұтсын,
мәз болмаймын ішер асқа.

Сенемін еңбек қылсам,
бақыт жақын,

Келер жаз атақты алам
деген «ақын».
Жүректің қазынасы тазартылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ
ертең халқым.

(Өмірімнің уәдесі)

Тұрмыстың оғы шыбындаі,
Тезінен туар көңілімде ай.
Бір магынауи күш түртін,
Баққа ұмтылып тұр маңдай
Үміттің көзі жарқырап,
Бұлагы агар сарқырап.
Бұл бәйгеде Махмұттың
Азбаны келер арқырап.

Бұл жерде Сұлтанмахмұт акын өз бейнесін сомдап отыр.

Акын Мұхтар Шаханов космополиттік мінез-құлыққа ұрынған қазақ болмысына былай шолу жасайды:

Өз зәузатымыздың ішінен
Сүйеніш тапқан космополиттік ағым мен билік күшінен.
Қазақтығы тек түрінде
Екі ауыз сөйлем құрай алмайтын ұлтының ұлы тілінде.
Нарықтан бұрап үлестен жалғыз анасын гана шегеріп,
Бөлініп шықты арамыздан міне «космополит қазақ» деген ұлт.

Тек өз мүддесі үшін уақыт ұтқандар,
Байлықты гана бақыт деп үққандар,
Ождансыз өрге,
Рухсыз төрге,
Құл болмагандар, кім болар?!
Тарих көз ойшыл белес-белдерден бабалар уні жаңғырган.
Ұлт неден ұтылды, неге қондікті,
Рухсыз, тілсіз егемендікті
Тілеген кім бар тағдырдан.

Тарихың түр санаңа откел тастап,
Өз тіліндегі ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап
Бүкіл баба рухымен байланысың кесілер.
Тағдырыңан ата мұра шамын солай өшірер.
Қатендей әбжіл туэтпесең, толыққанды жсоқ тірлік.
Біз бабалар сүйегіне, сеніміне бақ құрдық,
Бақ құрдық та, үлтсыздық кеңістікке ат бүрдық.
Өз тілінді жерсінбейудің,
Өз анаңды менсінбейудің
Арсыздығы қай дәүірде болып еді тапқыртық?
Ол рухи мүгедектік әрі ұлттық сатындық!

Ахмет Байтұрсынов табиғат күбылыстарына кіріктіріп, XX ғасыр басындағы қазақ халін өлең тілімен айшықты етіп бедерлейді:

Қаз едік қатар үшіп қаңқылдаган,
Сахара көлге қонып салқындалған.
Бір өртке қаудан шықсан душар болып,
Не қалды тәнімізде шартылмаган...

Махамбеттің Истатай батырдың Ақтабан атын жырлауы:

Мінгені Истатайдың Ақтабан-ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптаған-ай!
Зеңбірек уш атқанда дарымады,
Кұдайдың, міне, қара сақтаған-ай!
Мінгені Истатайдың көгілдір-ай,
Әскерін Барша құмға төгілдірді-ай!
Мыңды алған, бірді беріп Ақтабанды
Жыландаі белге соққан бүгілдірді-ай.

Осылай әдебиетте образ жасаудың сан тарау жолы мен әдіс-тәсілі бары байқалады.

Футуризм. Әдебиет, сөз кейде сикыр сиякты адамға әсер етеді. Оған абайламаса болмайды. Ол өзінің тереңіне тартып кетсе киын. Құмға батқандай яки ұйыққа кіргендей. Әдебиет тарихында осындай ағымдар да болған. Оларды бірыңғай жазғыруға да болмайды. Соның бірі – **футуризм** (лат. *futurum* – болашак) деген ағым. Футуризм – денеге, затка құлышылық ету. Ол адамның рухын денеден темен қояды. Махаббаттың орнына машинаны қояды. Нагыз өлең ақын жыры емес, машина моторының гүрілі дейді. Соғысты әлемнің тазарткыш күрал ретінде қарап, **фашизмді** дәріптеген. Өткеннің бәрін киратуды ұсынады. Сезімнен гөрі рухсыз қара күшті (*булышқ ет*, энергия, мотор, сөгүс, т.б.) жырлайды. Олар: «Жар, исходящий от куска дерева или железа, нас волнует больше, чем улыбка

и слезы женщины» (Маринетти), – дейді. Футуризм еуропада пайда болып, тамыр жайған өнер. Қосемдері жаңағы – **Ф. Маринетти, У. Баччони, К. Кар,** т.б. сияктылар. Орыстағы қосемдері – **В. Хлебников, А. Крученых, В. Маяковский** дегендер. Бұлар сейтіп әдебиетті бұзып, өзінше әдебиет жасағысы келген. Мысалы, жәй кәдімгі синтаксисті бұзу керек, сөйлем қалай болса солай құралу керек деп те айткан. Тіпті, мағынаның да кажеті жок деген. Осыларға кезінде совет ақыны Сәкен Сейфуллин де еліктеген, сол үшін Мағжаннан таяк жеген (сөзбен). Ол оны:

Фуллин Сәкен

Кекен-кецен

Футурист

Бала ақымақ

Кожа тасақ

басын кес, –

деп синаған.

Орыстарда ЛЕФ, «Центрифуга» деген үйымдары болған. Енді футурист ақын В. Хлебниковтің өлеңінен мысал:

Бобэоби пелись губы,
Пиззо пелись брови,
Вээоми пелись взоры,
Лиэзи пелся облик,
Гзи-Гзи-Гээо пелась цепь
Так на холсте каких-то соответствий
Вне протяжения жило лицо.

Футуристік ойын өрнегінің бір кейіп осы. Бұл жерде автор дыбыстық портрет жасайды. Дыбыска шектен

тыс мән береді. Ден кояды. Нәтижесінде, Бобэоби, Вээоми, Пиззо, Лиэзи, Гзи-Гзи-Гээо деген адам тілінде жоқ сөздер жасайды. Оны ақын өзі ойдан кұрастырып отыр. Сондыктан бұл мағынасыз өлең, мағынасыз сөзден күралған. Бірақ бұл өлеңде образ бар. Демек, образ өздігінен ештеңе шешетін нәрсе емес. Оған басшы мағына болу керек. Мағынасыз образ – құры бос нәрсе болып қалады. Маяковскийдің бір өлеңі «Облако в штанах» деп аталады. Казакшасы «Шалбар киген бұлттар». Мұндай өлеңдер тек кеңестік дәүірде тузы мүмкін. Кеңестік жүйенің өзі шалбар киген бұлт сияқты еді ғой.

Сұрақтар:

1. Образ, тип үғымдары.
2. Футуризм ағымы екілдерінің образ жайлы түсінігі.
3. М. Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңіндегі тарихи тұлғалар бейнесі.
4. М. Жұмабаев эпиграммасындағы портрет сомдау шеберлігі.
5. Абайдың «Болыс болдым мінеки» өлеңіндегі болыс бейнесі.
6. Ә. Нұршайықовтың «Ақикат пен аныз» роман-диалогіндегі Бауыржан бейнесі.
7. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожа бейнесі.
8. Көркем бейне (образ) жасау жолдары.
9. Көркем бейне және тарихи тұлға.

5-тaraу. КӨРКЕМ ШЫГАРМА

5.1. Мазмұн мен пішін

Мазмұн мен пішін терең мәні бар ұғымдар. Әрбір өнер үшін де бұлар негізгі ұғымдардың бірі. Жаратылыс дүниеге карасақ, үлкен бір даналық сырын байқайтындеймыз. Ол әр нәрсениң мазмұн және пішін деген екі беліктен тұратындығы. Әр әрсесе жұп түрінде жаратылғаны сиякты, әрбір заттың мазмұн мен пішін деген екі қыры барын байқауға болады. Байқау деген сөзді босқа айтып жаткан жоқпыз, ейткені әрбір заттың еки құбылыстың осы екі қырын, құндылығын дұрыс ажыратып байқау не орнын ауыстырып шатастыру, емде жи болып жататын құбылыс. Мысалы, адамды алайык. Адамның мазмұны (яки мағынасы) не және оның пішіні не? Бұл сұрапқа жауап беру үшін сол адамның екі беліктен тұратындығын байқап, ажыратып шу керек. Яғни, адам жан (рух) және дене деген заттардан тұрады. Осы жерде не де болса адам мазмұны жан шінде болмак та, пішін оның денесіне катысты нәрселер болмак. Яғни, жанға катысты ар-намыс, ождан, маҳаббат, иман, ұят деген нәрселер

адамның мазмұны болса (Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы, Өлімнен ұят құшті), дененің өзі және денеге катысты яки керекті болған киім-кешек, ас-аукат, үй, көлік, байлық деген нәрселер адамның пішініне жататыны ақиқат (Ас – адамның арқауы, Үйі жоқтың күйі жок, Денсаулық терең байлық). Яғни, осы жерден адам үшін осы игіліктердің кайсысының маңызы жоғары екендігі көрініп тұр. Эрине, сөз жоқ адам баласы үшін астан ар кымбат («Намысынды нанға сатпа» Б. Момышұлы), демек пішіннен мазмұн қымбат, қадірлі. Өкінішке орай, ақиқат өмірде ардан асты жоғары қойып, мазмұнды пішін немесе пішінді мазмұн деп түсінетіндер жок емес. Дәл осы тұжырымды, мазмұн мен пішін ұғымдарын жаратылыс дүниедегі барлық құбылыстар мен заттарға катысты етіп саралап, тауып, тануға болады. Мысалы, құлпырып өсіп тұрған жеміс ағашының пішіні – ол оның тамыры, дінгегі, бұтағы, жапырағы болса, мазмұны – адамдарға шырын жеміс беріп, саялы қоленке болуы. Үйдін пішіні – іргетасы, қаырғасы, есік-терезе, шатыры, іштегі

жиһазы болса, мазмұны – адамға тіршілік арпалысынан тынығып демалатын, ыстық-сұыктан, кар, жанбыр, желден корғанып, панағайтын жылы ұя болуы. Дәл осы сиякты мазмұн, пішін ұғымдары өнер атаулыға да катысты болады, тек өзіндік ерекшелігімен әрине. Мысалы, өзімізге катысты әдебиет өнерін алсақ, оның да пішін, мазмұн бар. Ол туралы З. Қабдолов: «Әдебиеттегі мазмұн мен пішін дегенді белгілі бір көркем шығармадағы затты деректерге қошшысек, былай болар еді: шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішін – әдеби қаһармандардың өзара қарым-катынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композициясы және жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, яки көркем шығарманың тілі», – дейді. Осы ойды ғалым Л. Тимофеев те қолдайды. Бірақ академик И. Виноградов мазмұнға тек көркем шығарманың идеясын ғана жатқызады, тақырыпты пішінге катысты элемент деп санайды. Шындығында тақырып мазмұннан горі пішінге орайласатын сиякты бол корінеді. Өйткені мазмұн деген нәрсе – шығарманың ең негізгі құндылығы, бар айттар ой, мағынасының сөлі. Бұған әдеби шығарма элементтерінен тек идея ғана келінкірейтін сиякты. Бұл ойды анық, ашып айтпаса да академик З. Ахметов те қолдайтын секілді. Ол

«Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» кітабында «Мазмұн» терминіне анықтама бергенде мынадай пікір айтады: «Шығарманың көркемдік тұлға пішіннен, өрнек-кестесіне, өн бойына қан жүгіртпі, жан бітіретін, өн-нұр беретін идеялық мазмұн, мағына – жазушының биік қоғамдық максаттары, идеалдары». Соган қарағанда, әрине, тақырып бұл жерде идеямен тенесе алмайды. Әдебиетші ғалым А.Б. Есин тақырыпты идеядан анық бөліп, идея ауқымына: авторлық баға, авторлық идеал, көркемдік идея, пафос ұғымдарын жатқызады. Бұл жерде тақырып жок. Бірақ тақырып идеяға қатты жақын ұғымдардың бірі. Сондықтан Е. Ысмайлұв тақырып, идея туралы: «Тақырып – әдебиеттің мазмұнды формасы. Тақырып – жазушының алған бағытын, идеясын көрсететін мөлшер» деген.

Мазмұн мен пішіннің көркем әдебиетте өзіндік орны, аткарап қызметі бар. Керегі жағынан екеуі де бір, олардың артық-кемі тек маңыздылығында ғана. Керек жағынан бір-бірінен кем болмайтыны мазмұнсыз пішін болмайтын болса, пішінсіз мазмұн да болмақ емес. Яғни, адам рухының да денесіз өмір сүре алмайтыны сиякты. Көркем шығармадағы негізгі айттар ой идея түрінде берілсе, сол идея жалаң түрде өмір сүре алмайды. Ол өмір сүру үшін міндетті түрде пішіндік қалып керек. Пішіндік қалып – жоғарыда айтылған: образ, сюжет,

фабула, композиция, тақырып, тіл (троптар мен фигуralар), әдеби ағымдар, әдістер. Осының бәрі өз орнымен беріліп, бір мақсатка жұмылғанда барып, нағыз идеялық мазмұн шығады. Шеберлік дегендің езі де – сол. Яғни, пішін мен мазмұн өз орнымен жұмсалуы керек. Мысалы, XX ғасырда әдебиет тарихында шайда болған түрлі ағымдардың көбісі пішінді мазмұннан жоғары койып шатасқаны мәлім. Әлемдік модернизм құбылысы мазмұннан пішінге көп ден коюшылықпен белгілі болы. Модернизмің шығуына да себепші болған өзіне лайықты идеялық алғы – шарттар бар. Ол – XX ғасырдағы материализмге малышынған *euro-шылдық-американдық философиялық таным өрісі*. Осылай идея көркем пішінді туғызуы мүмкін, керісінше үшін идеяны туғызудың түп казығы бола алмайды. Қазақ әдебиетіне тән жарс – мазмұнның кашанда пішінге тұтыр бола алатындығы. Оған мысал шағын олең шумағы:

*Басы алтын олеңімнің бақайы жез,
Өзіңе болдым бүгін оңынан кез.*

*Іздеген сұраганга үшырасса,
Әр түрлі ойда жүрген айтылар сөз.*

*Іші алтын олеңімнің, сырты күміс,
Жақсы атқа бірдей бітер жорға,
жүріс.*

*Олеңім – жақсылардың жан азығы,
Тағы да табам екі қолға бір іс.*

Демек, «Қара өлеңнің» рухани стихиясы үшін өлеңнің іші – алтын, сырты – күміс екен.

Тағы бір мәселе, әр мазмұнға лайықты пішін керек. «Абай жолы» роман-эпопеясының дәл осындаид түрде жазылуы бекер емес. Абайдың «Қара сездері» тек кана өзіне ғана лайықты формада жазылғанына шұбә жоқ. Оны басқа формада жазса, осыншалықты мәғынаның шықпауы әбден мүмкін еді. Сол үшін жазушы, ақын өз шығармасы үшін негізгі тұғырлы идея іздел қанша толғанса, пішін табу үшін де одан кем күш жұмсамайды. Сондыктан пішіннің де әдебиет үшін алар орны зор. Т. Әлімқұлов бұл тұрасында былай дейді: «Дүниеде формасыз құбылыс жоқ. Ишкі, сыртқы формамен келісті қомкерілмеген мазмұн жапырақсыз ағаштай сидам тартыпак. Мазмұн мен тұрдің тұтастығы өнер иелерінің атам заманнан бергі арманы. Мінсіз тұтастық табылмаған. Келешекте табылуы және негайбыл. Мазмұн атаулы байып, не кедейленіп, уздіксіз өзгеріске ұшырап тұрады. Форма «калауын тапқан кардай» осыған қызмет етеді. Қызмет еткендіктен, мазмұннан мыскыл да болса кем соғады. Формасы әдемі туындының мазмұны тайыз болса, жасандылықка, жылтырлыққа бастайды. Мазмұнды шығарма әдемі әдіппеліп, келісті қомкерілмесе, әсерден айырылады. Дөрекі айту айыпка бүйірылмаса, мазмұн – өмір де,

форма – сол өмірді бейнелеу тәсілі. Екеуінің ымы-жымы бір болса, нұр үстіне нұр» (Әлімқұлов Т. Жұмбак жан. – Алматы: Жазушы. 1978. – 113-114 б.).

5.2. Идея және тақырып

Идея – (грекше: *idea* – тікелей аудармасы: «көзге көрінетін нәрсе», образ. Философия мен әдебиеттегі мағынасы – ой, сана, мән, мағына).

Шығарма өздігінен шығарма бола алмайды. Шығарманың шығарма болуында тақырып пен идеяның өзіндік алар орны бар. Егер тақырып шығармада не нәрсе туралы әнгіме болатының білдірсе, идея сол шығарманың не айткысы келетінін білдіреді. Кез келген шығарманың бір айтар ойы болады. Айтар ойы жок шығарманың мағынасы болмайды. Қазак әдебиеті үлгілері осылай бол келеді. Өйткені казак халқының менталитеті осындай. Олар мағынасыз, айтар ойы жок шығарманы шығарма деп санамайды. Осы жәйт туралы Абай хакім кезінде:

Мен жазбаймын өлеңді ермек ушін,
Жоқ-барды, ертегіні термек ушін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым улғі жастарга

бермек ушін, –

деген еді. Яғни, шығарма мағынасы ол – идея деген сөзге келеді.

Идея деген – бір ой айту деген сөз. Тақырып сол идеяның өз ойын айту үшін таңдал алған объектісі, материалы десек те болады. Әдебиеттегі тақырыптардың пін идеяның арасына проблема (мәселе) деген нәрсені де қыстырып кояды. Сонда шығарма тақырып, проблема, идея деген нәрселерден тұратын болады. 1) Тақырып: шығармада суреттөр объект (нысан). (Тақырыпта бағалау, баға беру жок); 2) Проблема: шығарма жүзінде қойылар мәселе; 3) Идея: мәселенін шешілуі.

Тақырып туралы А. Байтұрсынов: «Әнгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Мәселен, пікір жаз туралы болса, шығарманың тақырыбы жаз болады. Той туралы болса, шығарманың тақырыбы той болады, ат туралы болса, тақырыбы «ат» болады. Әнгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін, шығарманың тақырыбы басынан қойылады. «Айман-Шолпан», «Бақытсызы Жамал», «Кобыланды ба-тыр», «Атымтай Жомарт» деген сөздер шығарма тақырыптары болады», – дейді. Мысал жүзінде:

Акку, Шортан һәм Шаян

Жүк алды Шаян, Шортан,
Аққу бір күн,
Жегіліп тартты ушеуі
дүркін-дүркін.

Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суга қарай
Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп мәз болмады.
Тартса да бар қүштерін аямай-ақ,
Асылы, жұқ орнынан қозғалмады.

Осыншама ол жұқ артық
ауыр емес,
Күр сырттан «пәлен»
деу де тәуір емес.
Жұқ бірақ алі күнге орнында түр,
Бірыңгай тарттаған соң
бәрі тегіс.

Жігіттер мұнан гибрат алмай
болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріншің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

Бұл жерде **Тақырып:** Бір ел, қауым үлкен бір саяси не әлеуметтік істі көғам болып бірігіп атқармакшы болды. (Акку, Шаян, Шортан жұқ сүйремекші) **Проблема:** осындай істі атқару кезінде алауыздық туды: (жұқ орнынан қозғалмады). **Идея:** Алауыз бол бүндай іс атқарылмайды.

Мәтін бойынша:
Тақырып: Жұқ алды Шаян, Шортан, Аққу бір күнде өткізу болып табылады.

Мәселе:
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суга қарай Шортан шіркін.

Идея:
Жұқ бірақ алі күнге орнында түр,
Бірыңгай тарттаған соң бәрі тегіс.

Яки болмаса:
Бірінші айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

А. Байтұрсыновтың «Замандастарыма» өлеңін мысал қыламыз:

Орыстың тәржіме еттім
мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Канагат азга деген, жоққа сабыр,
Қамсынып, қоқырайма,
құрбыларым.

Бабы жоқ жұмыстагы
мен бір арық,
Күн қайда үздік шыгар
топты жарып.
Ат түрмас аяғында жесіл болса,
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.

Бар болса сондай жүйірік
қызар деймін,
Естілсе құлагына дубір барып.
Әйттесе арық шауып ондыра ма,
Жүргенде қамыт басып,

Бұл өлеңдегі:

Тақырып:

Орыстың тәржісіне еттім мысалдарын

Мәселе:

Бабы жоқ жұмыстагы мен бір арық

Идея:

Бар болса сондай жүйрік қызар деймін, –

деген жолдарда жатыр.

Тақырып, идея ұғымдарын қа-
зіргі прозалық шыгарма үлгілері-
не катысты қарастырайык. Әдетте
әуелгіде жазылар шыгарма жайында
авторлық ой өзек (замысел) пайда
болады. Бұл туралы жазушы Орал-
хан Бекеев былай дейді: «Асылы,
мен жазбак дуниемді ең әуелі ойымда,
сана-киялымда әбден илеуін
қандырып, пісіріп алғанша колыма
каlam ұстамай толғатып жүріп ала-
тын әдептім бар. Жылдың жалғыз
мезгілінде, әсіресе күз айларында,
көңілім құлазып, жалғызырап
онашылықты көксеп барып бір-ак
отырамын. Әрі тез, әрі көп жоңқалап
жонбай бір деммен жазамын. Біткен
соң шұқылап, туып қалған «сәбидін»
мазасын алып, жамап-жасқағым да
келмейді. Бәлкім, кейбір кемшин-
діктер осы әдептің салқыны шығар»
(Оралхан Бекеев. Оқырманға айттар

сырым бар...// Біздің жақта қыс ұзак. Алматы, 1984. – 428 б). Жазушының «илеуін қандырып, пісіріп алғанша» деп отырғаны әрине ол біріншіден – тақырып пен идея. Өйткені бұл еке-
уі шыгарманың нерв жүйесі әрі жүрегі. Одан әрі біртіндеп шыгар-
ма қанқасы сұлбаланатыны анық (композиция, сюжет, тіл, бейнелер
пошымы, көністік, мерзім, т.б.). Жа-
зушы идея-кейіпкер туралы былай
дейді: «Меніңше, көркем туындыда
жалғыз ғана кейіпкер бар, ол – жа-
зушының өзі, яғни оның айтайын,
уағыздайын деген ойын арқалап жүр-
ген кейіпкер. Я, көркемсөз шеберінің
айтпақ ойы осы екі бейненің арка-
жұлыны арқылы етеді. Сондыктан да
жазушының идеясы бір ғана кейіп-
кер арқылы білінбейді де жинақтал-
майды. Суреткер идеалы – ең әуе-
лі шыгармасы» (Оқырманға айттар
сырым бар... 430. ә) Демек, идея тек
кейіпкер арқылы көрінбей, шыгарма
бойына түгел тарап, жайылатын нәр-
седей. Идея шыгарманың әрбір бол-
шек клеткасында өмір сүреді, немесе
шыгарманың бүтін бітім-болмысы
идеялық ұстанымға бағынышты болып,
соган қызмет етеді. Сонда да
болса оның шыгарма бойында айқы-
нырақ көрінетін тұстары болады.
Мысалы, О. Бекеевтің «Жетім бота»
повесіндегі идеялық темірқазық
ой шыгарманың бас кейіпкерлері –
сәүлетші Тасжан мен жетім бота же-
тектеген Ақбота қыздың мына толға-
ныстарынан көрінеді деуге болады.

Тасжан толғанысы: «Мен тасбакадай зиянсызыбын, сондыктан да әлмеймін, өлтүрмөннен келмейді. **Жолдастар, біздер – тасбақамыз!** Түкке керек жоқ бармактай басымызды аман сактау үшін тас немесе темір сауыт киіп, жер бауырлаймыз! Қандай сорлымыз!..

Осының бәріне кім кінәлі? Неге? Мен емес, сен емес, ол да емес – ешкім емес... Ұшығы мен түйіншегі жоқ дөп-денбелең дүние: кай жерден кіруге болады, кай жерден ұзуге болады, кай жерінен шығуға болады – мықты екенінді білейін, тауып көрші. Айтальық, мен алып бір самолеттің ішінде өмір сүріп келе жатқандаймын, бірақ мен мінген самолеттің моторы жоқ, ұшарын жел, қонарын сай біледі, бәлкім, қаңбак-тірлік деғеніміз осы шығар-ау... Біз асқан ақылды дәүірді бастан кешудеміз, сондыктан да әлемнің ақылгейсіген бетіне қарағым келмейді, жек көргендіктен бе, әсте олай ойламаныз, тым-тым сұңғыла да сак тірлікten шалдықканым шығар. Мен ертерек туылғанымды сезе бастадым. Ал Ақбота өте кеш жаратылған. Ол он сегізінші ғасырға лайық адам. Бүгінгі ғылыми-техникалық дамудың қолды-аяққа тұрмайтын асығыс ағысна ілесіп, иін тірессе итермелескен итіс-тартыс суетасына қоңдіге алматан. Осыдан барып шұлы қаланың ластанған ауанын, самолеттің гүрлі жанына түа біткен он сегізінші ға-

сырлық психологиясына қатты әсер еткен. Осыдан барып, қазіргі дәүрігеге лайық келмейтін бүкіл организмі уланған, демек биосфераны техносфера женген. Ол бетонға еккен гүл секілді... мұнайдың ішіне коя берген балық секілді...»

Ақбота толғанысы: «Аға, сіз салған қала мені Маңқыстаудың маңдаласынан қуып келе жатып, тенізден сескеніп, серейіп-серейіп қатып қалған кірпіш пен тастан жаралған алып адамдар секілді коркынышты... қоркынышты...»

Айналып келгенде Тасжан да, Ақбота да жазушының жан дүниесіндегі толғаныстан туған бейнелер, яғни кейіпкер Тасжан мен Ақбота толғанысы – жазушы толғанысы, Оралхан Бекеев толғанысы. Оған дәлел жазушының жоғарыда біз келтірген сөзі. Ақбота – жазушының фантазиясынан туған киялшыл кейіпкер, сәулетші Тасжан – шын өмірде болатын реалды кейіпкер. Енді осы «Жетім бота» повесінің негізгі **такырыптық-мәселесі** не? Біз айтар едік: *көңестік идеологиямен тәрбие-ленген ұрпақ өмірінің (соның ішінде, әсіресе зиялғы қауымның) рухани дагдарыска ұшырауы*, – деп. Ал негізгі **Идея** ше? Адамның жан мен тәні өзара сәйкесіздікке ұшыраған когамда оның бакытты болуы – абсурд. Бұл ой мына **символ-образдар** арқылы беріледі: *темір сауыт киген тасбақа адам, маршрутсыз алып са-*

молет жолаушылары, қаңбақ тіршілік, бетонга егілген ғұл, мұнайға қоя берілген балық, кірпіштен, тастан жаратылған алтын адамдар, т.б. (Бас кейіпкер Тасжан өзін Жанынан айрылған Тас екендігін айтады ылғи).

Мысалдар:

Қазак әдебиеті – сан алуан тақырыпка бай әдебиет. Сондай тақырыптың бірі – дін тақырыбы. Діндар, діншіл шығармалар дін тақырыбына катысты мәселелерді қозгайды. Қазак әдебиетіндегі олардың үлес салмағы зіл батпан ауыр деуге болады. Бұл тақырыптың көрігін қыздырғанның бірі – кеңестік үкіметке еш жақпай кеткен, атакты Шортанбай ақын:

Атқа мінген азамат,

Халаңдық қыл да тап залал!

Пайдасын ақыр көрерсің.

Харамдық қыл да, пайда тап!

Залалын ақыр көрерсің.

Бұгін жеген наныңды

Тағы да бір күн көрерсің.

Алып барап малиң жоқ,

Бақыр міскін кез келсе,

Бәріне де қайыр қыл!

Мақшарда нұрга қанарсың.

Жетім менен жесірге

Кор тұтынып сөз айтта,

Сен де сондай боларсың.

Дүшпаниңа жақсы орын бер!

Кетсе, өзің қонарсың.

Мектепке бер балаңды!

Залым болса – Жәннемге,

Фалым болса агарсын.

Жазғытуры тұқымга

Не шашсаң, соны орарсың.

Жамандықты кейін қой!

Бұгін кейін қалсаң да,

Ақырында озарсың.

..Билер пара жемеңіз!

Жалғанды жал демеңіз!

Ақирем қалын іздеңіз!

Жанға тіпті тимендер!

Кісі ақысын алмаңдар!

Аузыңа арам салмаңдар!

Дуние жиып откен жоқ

Бізден бұрынғы пайғамбар,

Сөз айтайын, үлкендер!

Құдайдан қапы кетпендер!

Әлің келсе, Мекке бар,

Старшын, болыс болам деп

Ұсыран қып мал токпеңдер!

Әбубекір:

Әуел бисмилла деп сөз басталық,

Алланың хақ жолынан адаспалық,

Жолы деп шаригаттың

Адамдардың гамал қылса,

Еншалла, сол уақытта

азбас халық.

Азырақ осы жерден шошынамын –

Өтірік пайдага асты, рас қалып.

Жалған сөз азаматқа болды оңай,

Замана болды, халқым, алдеқалай!

Аузыңнан жалғыз калам шыққан

сөзін,

Кезеді бір сагатта тоқсан тогай.

Күдайым өзі сақтап, оңгармаса
Болып тұр бұл замана судан ылай.

А. Байтұрысновтың «Әдебиет танытқыш» кітабынан мысал:

Дін ушін шәр туゼп, мешіт салсам!
Хақ жолға жансанан кешіп бағыштасам.
Азаны даусын естіп риязаттен,
Намазга бес уақыт барып тұрсам.

Мінбәрда уағыз айтып тұрса имам,
Хақ іске қайым тұрып, сонан қансам,
Мұддәріс медреседе дәріс айтса,
Шакіртке кунде екі рет түье шалсам.

Астыртын халифамен ақылдас бол,
Күн сайын телеграммамен хабар алсам.
Осындай қазақ затта бір ер бар деп,
Жұрттына дар ісләмнің анықталсам.

«Жұсіпбек, Ахметбек» жырынан:

Ойран етіп тау асты,
Қанға бояп көз жасты,
Шөлдірлеміп қызылбасты,
Сайлап шашар күндер бүгін.
Асыл алмас тышақтары,
Тығырадан шашақтары,
Ақыметжсанның қожсақтары

Жансан кешер күндер бүгін.
Гашырбектің сол озары,
Құрылсын Мақшардың базары.
Бек Жусіптің қошқарлары
Қаннан кешер күндер бүгін.
Ат құлагын теңестіріп,
Бір-біріңе кеңестіріп,
Кепілерді қойша қырып,
Майдан кешер күндер бүгін.

Кәпірге қылыш сілтеп қарысқаным!
Дүниеде теңін тауып жарысқаным!
Тәніңен, дүшпан көрсөң, түгін шыққан,
Лайық заманыңа арыстаным!
Нашарды сырт дүшпанин арашалап,

Қам ойлан, қарашиға болысқаным!
Үлгімен әр орында тұра берген
Ақылга Аплотондай данышпаным!
Достардан қасірет отын қалас ойлан,
Қайырлы сағатында қауышқаным.
Шұбалаң, Қарақога, Жыланышқен
Дені сау туисінікті болыстарың.
Бұл күнде сіздер үшін дұгада тұр
Атқарып жолдас болған орыстарың.

Қарпық ақын

Ауру болып азамат,
Койылса басың жастыққа,
Достарменен сөйлесін,
Жарамайсың достыққа,
Көңілің жұрмес хоштыққа.
Өзіңнен бақыт кеткен күн
Айналар достық қастыққа.
Не қылмайды адамзат,
Әурешілік жастықта?
Дүние қуган мастықта?
Әбдірахман, Әбуиет,
Адасып, жолдан астық па?
Ғибадат бізден болса да,
Тауфық сізден білейін.
Рахметті патшамсың
Кешіре ғөр гүнәйім!
Өзің бендер демесең,
Пайдага аспас құр уайым.
Тауфық берсең иұрланар,
Ықылас бенен іс ылайым.
Зор сүйеніш етемін
Мұсылман болып туганга.
Ләпбайка деп рухым,
Хаққа мойынсұнганга,
Шукір қылғын, жараңдар!
Жақсы мал шалып құрбанга.

Дәрет алып, намаз қыл,
Суды құйып құмғанга.
Зекет беріп, қажыға бар,
Айналмаңыз құр малға.
Дүниеге айналып,
Тәңірі берген дәулеттен
Мақшар күні құр қалма!
Көңілге иман бекітіп,
Үйретіңіз туганга.
Іслэмнің бес парызы
Жанған оттанаң құтқарар
Хақ таразы құрганда.
Шапагат қылар бес намаз
Әзірелі жетісін,
Жаныңды қабыр қылғанда.
Бұл дүниенің қызығы
Үқсайды, білсең, жарапандар.
Көзіңді ашып-жұмғанга.

Әбубекір

5.2. Сюжет және композиция

Жаратылыш әлем бүтін заттардан тұрады. Егер бүтіндігі болмаса, ол зат

бала алмас еді. Ал кез келген бүтін нәрсе бөлшектерден тұрады. Дүниедегі жаратылыс ретінің өзі осындаған. Айналаға андан караганда осындаған жайып құрылым әлемін көргө болжады. Мысалы, тау жоталардан, ойпаттардан, шындардан тұрады. Ағаш дінгектен, бұтақтардан, жапырақтардан тұрады. Адам, жан-жануар дene мүшелерінен, ол дene мүшелері ет, тері, сүйектерден, бұындардан тұрады. «Бұйынсыз жерге тышақ ұрма» деген қазак құрылым жүйесін жақсы менгерген халық болған. Яғни, бөлшексіз бүтін жоқ, бүтінсіз бөлшек те құрала алмайды. Ғылым салалары да белімдерден тұрады. Жердің де, аспанның да беліктері бар. Қазақ «Жеті қат аспан» деген сөзді айтқанда, аспанның жеті қабаттан тұратындығын біліп айтқан. Міне, осы әрбір заттың, құбылыстың бөлшекке белінуі оның негізінде құрама екендігін, сол құрамалықтың бұл дүниенің бір мызғымас, бұлжымас заңдылығы екендігін айғақтайды. Осы заңдылық адебиет өнеріне де катысты. Әдебиет өнеріндегі осы құрамалық көркем-өнер шығармаларын құрастыруға катысты. Өнер шығармасы жіктерден, беліктерден құралады. Ол шығарма беліктері мыналар: *нейзаж* (табигат суреті), *тілдік қоржын* (лексикалық кор, троптар, фигураалар), *адам суреті* (портрет), *адамның ішкі жан толғанысы* (психологизм, монолог), *жан-жануарлар бейнесі, шыгар-*

мада бейнеленетін заттар әлемі, бөлме іші (интерьер), *шыгармадағы кеңістік пен уақыт мөлшері, кейінкердің іс-қимыл әрекеті* (сюжет). Осының бәрінен шығарма бүтіндігі шығады. Сол бүтіндік, тұтастық себебінен көркемдік жасалады. Аталған элементтер арқылы бойына тұтастық касиетін дарытқан көркем шығарма реалды, нағыз өмірдің шағын моделі, кішірейтілген суретті әлемі болып шығады. Осы көркемдік бөліктердің бәрінің реттеліп, бір бүтіндікке не болып, көркем шығарманың құралуына себепші болып тұрган құрылым – **композиция** (латынша: *compositio* – құрастыру, байланыс) деп аталады. Яғни, композициясыз шығарма болу мүмкін емес.

Композиция – адамның дene клеткалары секілді құрделі құрылым. Оны байқағыш көз байқайды. Женіл-желпі қолға түсетін ол емес. Бір ауыз сөзде (мысалы: *жел тұрмаса шөптің басы қымылдамайды*) композициялық құрылым: тәртіп, рет, жүйелілік бар. Білген кісіге. Білмегенге бәрі өзінен-өзі тұрган сықылды. Композицияны көре алған, шығарманы көре алады. Композицияның өзіне тән түрлері, әдістері бар. Сондай әдістің бірі – **кайталау**. Шығармада бір сөзді яки бейнені, яки детальді қайталап отыру арқылы шығарманың шымырлығы шығады. Мысалы, Мағжанның «Мені де өлім, әлділе» атты өлеңіндегі қайталанып келетін мына жол-

дар өлеңнің композициялық жанды жері болып табылады:

Өлім күйі – тәтті күй.

Балқыды жсаным бұл күйге.

Мені де өлім, әлділе,

Әлділе, өлім, әлділе!..

Қайталау әдісі поэзияда кебіне дыбыстық қайталаулар арқылы болады.

Тағы бір әдіс – **монтаж**. Монтажда шығармада бір-біріне катысы жок бірнеше құрылымдық беліктер (сюжеттік желілер) катар келе береді. Мысалы, жазушы Ш. Айтматов өзінің романдарында осы монтаж әдісін көп қолданған. Оның ең атақты «Жан пидә» («Плаха») романы курделі монтаждық құрылымнан тұрады. Мысалы, романда бір-бірімен тікелей байланысы жоқ оқигалар мен кейіпкерлер катар жүріп отырады. «Жан пидә» романы осындай торт белік сюжеттік желіден тұрады. 1. Романың бас кейіпкері Авдий Каллистровка катысты же лі 2. Иса пайғамбардың өмірінен алынған мифтік же лі 3. Аккүртка мен Тасшайнар атты бөрілер туралы же лі 4. Бостон Үркіншиев бас кейіпкер ретінде бейнеленген же лі. Романда төрт белік же лі өз алдына жеке-дара жүріп отырады. Олардың бір-біріне тікелей катысы жоқ. Әрине, мұлде катысы жоқ деп айта алмаймыз. Олардың арасындағы сюжеттік же лі ете алсіз болғанмен,

есесіне оте берік, тығыз концепциялық байланыс орын алған. Романың композициялық құрылымын құрап тұрган да сюжеттік емес осы – концепциялық-идеялық же лі байланыс.

Эр шығарманың композициялық ерекшеліктері де әр алуан болады. Мысалы, Ә. Нұршайыковтың «Ақикат пен аныз» роман-диалогіндегі негізгі құрылымдық ерекшелік оның жанрында жатыр. Роман екі адамның сұхбатынан тұрады. Бірі – бас кейіпкер Б. Момышұлы, екіншісі – сұхбат алушы-журналист, кейіпкер әрі автор Ә. Нұршайыков. Шығарма құрылымы деректі кейіпкермен автордың бетпе-бет сұхбат күруынан тұрады. Төл әдебиетімізде бұрын бұндай шығарма болған емес. Шығарманың жанрлық ерекшелігіне сай автор шындыққа катты жақындаған, есесіне ойдан шығару мүмкіншілігінен мұлде дерлік айырылған. Және бас кейіпкер – тек кейіпкер емес шығарманың жазылу барысына тіке лей араласып отырушы әрі тарихи ірі тұлға, кенестік дәуірдегі ұлт көсемі. Мұндай шығармалар жұз жылда бірақ рет туды, әрине. Композициясы ерекше құрылған шығармалардың бірі – жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Бітей жара» атты романы. Роман автордың өзі туралы. Негізгі кейіпкер – өзі. Шығарма модернистік «ой тасқыны» әдісіне ұксатып жазылған. Роман негізінен бітпей калған. Бірақ ойланып қарағанда оның компози-

шылдык бір ерекшелігінің өзі де осы оның бітпей қалғандығында сиякты болып көрінеді. Оның бітпей қалуының себебі – жазушының кайтыс болуынан болған.

Композицияда *сюжет* болады. А. Байтұрсыновтың мазмұн дегені осы сюжетке келеді. Мазмұнды ол түшкө бөлінеді: 1. *Аңдату*; 2. *Мазмұндау*; 3. *Қорыту*.

Сюжет (французша: *sujet* – зат (предмет) деген – шыгармадағы оқиғаның өрбү реті.

Казіргі әдебиеттерде сюжет (*нам композиция*) былай жікке бөлінеді:

1. Сөз басы (пролог);
2. Дәйектеме (экспозиция);
3. Байланыс (завязка);
4. Оқиға өрбүі (развития действие);
5. Шарықтау шегі (кульминация);
6. Шешілу (развязка);
7. Сөз соны (эпилог).

Бұл жікке бөлудегі *сөз басы* мен *сөз соны* сюжетке кірмейді, композицияға кіреді. Қалғандары сюжетке жатады.

М. Дулатовтың «**Бақытсызы Жамал**» шыгармасын сюжетке, (композицияға) жіліктей:

Шыгармадағы **сөзбасы** – пролог жатады. **Сөз басында** (прологта) сюжетке қатыссыз нәрселер қозғалады.

*Мир-Якуб-төмендердің аласасы,
Сөзімнің бар ма,
Жоқ па тамашасы?!*
*Жылтырап тесік моншақ
жерде қалмас,*
Қазақша бір роман жаза салыны.

I-II-III-IV бөлімдерде сюжет басталады һәм бұл бөлімдер дәйектемеге жатады. Дәйектемеде автор кейіпкерді таныстырып, оқиға ететін жерді һәм оның қашан болатынынан хабар береді.

Сөзбасы:

Жамалдың жайын жаздым бұл кітапта,
Бақытсыз бір қыз екен осы шакта.

I. Оқиға өрбитін мекен-жай: Кектал, Саумалкөл.

II. ... анық анаттапқ үшін Сәрсенбайдың кім екендігін жазамын.

Жылқысы 100-ден асты. 200-дей қойы бар. Баласы жоқ. Токал алғысы келеді. Алды. Шолпан.

III. Жамал балаша киініп ерке есті.

... *Күні бір ауылга бір шәкірт келіпті...»* Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен (Фазиз).

IV. Мұғалім Жамалдың зейінін байқап бөлекше, үсүлжәдидкө оқытты.

V-VI-VII бөлімдерде байланыс (завязка) басталады. Байланыста оқиғаның тұттану себебі айтылады.

Бір күні бие ағытар уақытта ауылдың сыртындағы бір төбешікте құпия сойлесіп уш кісі отыр еді.

(Болысқа тұсу мәселесі).

VI. Байжан бай Жамалға құда түсті. Қырық жеті мал, 200 теңге.

VII. Жамал есі кірген соң уайымға түсті.

Мен қайран атам малға сатқанына;
Бір тазды жалтақ елден татқанына.

VIII – IX – X – XI бөлімдерде оқиға өрбүі белен алады. **Оқиға өрбүінде** әр кейіпкер конфликтіні шешүгे белсенді түрде кіріседі.

VIII. Фали мен Жамал кездеседі.

IX. Жұман Жамалға ұрын келмекші.

Келуіне жексүрінның бір ай қалды.

Фали мен Жамал хат арқылы сез байласады.

X. Фали мен Жамал бірге қашып шыгады.

XI. Ауыл Фали мен Жамалды іздеуде.

XII. Бөлім шарықтау шегіне жатады. **Шарықтау шегінде** оқиганың әбден шиеленісіп барған жері, ең тірелер нұктесі жазылады.

XII. Бакытсыздық. Фали қашқында жүргенде ауырып қайтыс болады.

Кып-қызыл шоқтың ішіне тастап, алыс сапарга жөнелдің, өзің ушін қайырлы болсын! Мен сорлың кеудемде шыбын жсаным барда сені ұмытпастын. Дүниеде патшаның баласы болса да саган тәңгермеспін. Кош, Жаным! Фали! Бір мен ушін мейірбан ата-анаңды да көре алмай, қолдарынан топырақ салғыза алмай кеттің, кеш, жсаным! Алла тағала ақиремтте қосылуға несіп тілесін, сол уақытта гана көрген қасиремтім бір сағаттай болмай ұмытылар.

Жамал үйіне қайтты.

XIII бөлім шешілуге жатады. Шешілуде оқиға бітелі, оқиға біткендегі кейіпкерлердің хал-жағдайы айтылады. Жамал Жұманға қайтып келді. Артынан қалаға қашпақ болды. Бірақ...

Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, декабрдің раҳымсыз боранды түнінде жан тәсілім қылды...

Осы белім эпилогқа да ұқсайды.

Идея мен тақырып әдеби шыгарманың ішкі ядролық мәні болса, композиция мен сюжет ұғымдары әдеби шыгарманың сыртқы материалдық денесінің (формасының) маңызды тұсы болып табылады.

Сұрақтар:

1. Мазмұн мен пішін аракатынасы.
 2. С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасындағы ұлттық идея тақырыбы.
 3. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романының сюжеттік күршілімі.
 4. М. Меркішұлының шығармашылығындағы дін тақырыбы.
 5. А. Байтурсыновтың «Маса» жинағының идеясы мен тақырыбы.
 6. Абайдың кара сездеріндегі көтерілген негізгі тақырыптар.
 7. Ш. Айтматовтың «Жанпида» («Плаха») романының композициялық күршілімі.

6-тарау. КӨРКЕМ ШЫГАРМА ТІЛІ

Көркем шыгарма негізі – тіл. Тіл – шыгарма материалы. Үйдің негізі кірпіш болатыны секілді. Эр нәрсениң материалы бар. Сурет өнерінің негізі, материалы – бояу, калам, графит, туш, пастел. Зергерлік өнер материалы – темір, күміс, алтын, ағаш, маржан, гауһар, тері деген сияқты. Сәулет өнерінің материалы – тас, лай, күм, гранит, мәрмәр, эйнек деген сияқты. Эдебиеттегі бар бояу, ренк, сурет, бейне, үн сөзбен жасалады. Сондыктan шыгармада тілдін алар орны ерекше. Тілсіз шыгарма жок һәм әдебиет жок. Тілі құнарлы жазушы – жақсы жазушы. Тілінде құнары жок жазушы шыгармасын оку – күргак талқан асағандай болу. Кейбір жазушылардың тілі «калька» – көшірме ауруына шалдығады. Кейбіреудің тілі жасанды, ойдан құрастырылған тіл бол шығады. Бұндай тіл, сөздер адамның жан дүниесіне әсер ете алмайды. Талантты жазушы Т. Әлімұлов: «Жазушының жаңы сез шырайынан көрініп тұрмак. Сөздің бетіне шыккан шырай жүрек қанының қызы болмай, жасанды бояу болса, ондай сез иесі суреткер санатына қосылмак емес. Тез онатын әсіре-қызылға бар-бар болмак» деген.

Тіл құнарының негізгі өніп-өсіп шығатын жері – ақиқат. Ол үшін шыгарманың өзі ақиқатпен жазылуы керек. Сонда тілдің де шырайы кіріп, көркемдігі артады. Ақиқатка төсемеген тіл құнарсыз, құнсыз нәрсе бол шығады. Өйткені ақиқатпен тілге жан кіреді. Тіл тірі тілге айналады. Ақиқатсыз тіл – өлі тіл. Рухсыз кұрыдене. Сол тірі тіл – нағыз көркем тіл. (Өлі тіл – бос сез).

Көркем әдебиет тілінің мақсаты – тілдің жеткізбек болған мағыналық ой қуатын көрнекі, қалың сурет бояуымен орап, беzenдіріп жеткізу. Ол үшін негізінен затты яки құбылышты езге нарсеге тенеп, үксатып, балап айту тәсілі колданылады. Яғни, көрнек тіл екі шартта сәйкес келу керек: 1) ақиқат ой; 2) тенеу тәсілі.

Оның баска да түрлі калыптанған тәсілдері бар. Олар туралы төменде айтылады.

А. Байтұрсынов осында сез мағынасын ауыстырып колдану тәсілі туралы былай дейді: «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, езге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк үксастық жоқ екі нәрсенің

етептің әсері бірдей болса, біріне касындалды екіншісіне аудыстырып айтамыз. Мәселен, «күн күтырып кетті», «аяз карыған», «қырау соккан» дейміз. «Күтырып кетті», «карыған», «соккан» деген сөздер нак өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Күтыру» – жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің жалдустегі адамның күтырган күйін – ұксас әсер етегендігінен, жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге аудыстырып алымып тұр.

Шығарма тілін ажарлап, көркейтушін әр түрлі тәсілдер колданылады. Солардың бәрін негізгі екі топка беліп карауға болады. Олар: *троп* (грекше: *tropos* – айналым) және *фигура* (латыниша: *figura* – бейне, кескін) деп аталады.

6.1. Троп деген не?

Шығарма тілін ажарлау, көркітеу шілтін троп – казақша сөздің мағынасын аудыстырып, өзгертіп колдану азісі колданылады. Троптың түрлері: метафора, кейінтеу, заттандыру, симмет, перифраз, метонимия, синекдоха, тенеу, гипербола, литота, тавтология, оксюморон, символ, т.б. (Сондай-ак, гипербола, литота, антитеза, тавтология, оксюморон сияқты терминдерді де тропқа қосып шырмызы).

Л.И. Тимофеевтің айтуынша, троптың тілдік үш міндеті бар: 1. Танымдық (познавательный), 2. Дараалаушылық (индивидуализирующий), 3. Жеке көзқарастық бағалау (субъективно-оценочный).

Әдette, осы үш касиет бүкіл тілдік поэтикалық комбинациялардың бойынан табылып жатады.

А.А. Потебняның осыған ұксас бір ойы бар. Ол: «Өз жадында көптеген поэтикалық образдар жиынтығын жинаған адам өз иелігінде ұланғайып ойлау массасына не болады. Бұны жай сандарға тигізетін алгебраның әсерімен салыстыруға болады. Алгебралық есеп жолын менгерген жан бұл өрнекке кез келген санды койып өзіне қажетті нәтижені ала алады. Бұл процесті **ойды коюлату** (сгущение мысли) процесі деп атауға болады», – деген (Потебня. А.А. Теоретическая поэтика. – М., 1990). Яғни, троп-образдың танымдық касиеті мензеліп тұр бұл жерде. Троптың танымдық қызметі деген мынау – мысалы: балық басынан шіриди, аудызben орақ ору, оку инемен құдық қазғандай деген сияқты сөз орамдарын осы істерді біліп, көріп, таныған адамдарға айта алады. Яғни, сөйлем образдар арқылы таным көкжиегі артады. Потебняның айтатыны да осы. Бағалаушылық касиет те осы үш мысалдан көрініп тұр: сөз сыйайынан перде сыртында тұрган автордың осы істерге де-

ген жеке бағалаушылық көзкарасын байқаймыз. Ал даралаушылыққа келсек: оны да осы үш мысалдан табуға болады, яғни *әр істің басынан айнып, бұзылатындығы, боссөзділіктің жанды бейнесі, қандай да бір іс қынышылығы накты қырларымен айшықталып, айтылып түр.*

Метафора (грекше: *metaphora* – ауыстыру) шыгармадагы заттың яки құбылыстың суретін күшешту үшін оны ұқсас, басқа зат яки басқа бір құбылыспен балап, магынасының өнін айналдырып айтуда. Метафораға мысал:

Дүние – үлкен көл, заман – сокқан жел, алдыңғы толқын – агалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер (Абай, «37- қара сез»).

Алтын күн батып барады,
Алтын күн ақырын өледі.
Сорлы бұлттар – сорлы жар
Кан жылап күнді көмеді.

(Мағжан)

Кейінтеу (олицетворение: «с гор побежали ручьи» – Н. Некрасов) – жансызың нағарені жанды заттай гып корсету. Абайдағы кейінтеу:

Ақ күімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
Үсті басы ақ қырау, тусі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Заттандыру (овеществление: «Гвозди б делать из этих людей: Крепче б не было в мире гвоздей» – Н. Тихонов) – көрісінше жанды заттың жансызы затқа балау. Мысалы: Эйел – үйдің шегесі.

Кейінтеу де, заттандыру да метафораның түрлері.

Эпитет (грекше: *epitheton* – қосымша, қоса тіркеу) бір заттың, құбылыстың көзге ұрып тұрған бедерлі суретті сипатын, заттың, құбылыстың атына қосақтап айтуда. Мысалы:

Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сіргелі, шашаң оқтан ер Елишебек,
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін,
Тәкәннап Қошқарулы ер Жәнібек.

Қалданга ханмен бірге тұтқын болған
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.
Майданда от шашқандай

оқ шашатын
Сырттаны Бәсенттін ер Сырымбет.

(«Батыр Баян» шыгармасынан)

Орхон ескерткіштеріндегі эпитет:

Жетім халық – өксіз будун
Кырагы көз – көрүр көз
Кара құм – қара құмығ
Сары алтын – саруг алтын.

Перифраз (грекше: *periphrasis*: *peri* – айнала, төнірек *phrazo* – айтудың) айтылатын нағарені кәдүілгідей

тып айтпай, айнтып, ұксасымен бүркемелеп айту. Және бұнда метафора яки теңеудегідей нәрсемен оның ұқсатылған баламасы қатар тұрмай, тек ұқсатылған баламаға тұрады. Перифраз бұл орайда жұмбакқа, фразеологизмдерге келеді. Жұмбактың бәрі, фразеологизмдердің көбісі – перифраз. Перифразға мысал:

Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

«Тұтқын» (М.Д.-га хат)

Перифраз болатын фразеологиялық деректер: *қоңыз теріп кету, қой устіне бозторғай жұмыртқалаган заман, т.б.*

Жұмбактың перифраз болуы: **Такиям толған сөк, таңертең тұрсаң жок.** (Такиям толған сөк – түнгі жұлдызыды аспан, таңертең тұрсаң жок – таң атқандагы жұлдызызы, таза аспан // түнгі жұлдызыды аспан – нәрсе. Такиям толған сөк – нәрсеге ұқсатылған балама).

Метонимия – «Арасында жақындығы бар екі нәрсенің атын аудыстырып, бірінің орнына бірін айту» (А. Байтұрсынов). Мысалы: «Абайдың сөзінен, яки кітабынан көшіріп жаз деудің орнына «Абайдан көшіріп жаз» дейміз. Сөзінің орнына иесін айтамыз» (Тарғы да А. Байтұрсынов). Яғни, кәдуәлгі сөзді тас-

тап кету. Бірақ одан мағынаға зардап келмейді. Мысалы, Зал ішіндегі адамдар шулап кетті.

*Азғындаң жүрген жандар
аз ба бүгін?
Торқа киіп, мінсе де семіз дөнен.*

(М. Тазабек)

Токтар Әубекіров – Махамбеттің дұлығасын скафандрга аудыстырған батыр қазақ.

Синекдоха метонимияға ұксас нәрсе.

Тенеу – бір затты бір затпен теңеп айтту. Тенегенде, әрине, ұксасын тауып, көлтіре айтту, тең теңімен, тезекқабымен дегендей жып. Тенеуге мысал:

*Жас Баян жауды талай көрмеп не еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбелеп не еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнат,
Сан қолга аш борідей кірмеп не еді!?*

(«Батыр Баян» шығармасынан)

Гипербола (грекше: *hyperbole* – есіріп айтту, «түймедейді түйедей ету») – бір затты яки құбылысты әшейіндегі бар калпынан асырып айтту. Мысалы: *Көп түкірсе көл, Қу сүйектен қуырдақтық ет алады.*

Салт-салтыншақ анау ушінде.
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабагалы жаса тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тәң,
Жабысы мен тайы тәң,
Жары менен сайы тәң,
Ботташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдаі,
Балығы тайдай тулаган,
Бақасы қойдай шулаган,
Шырмауығы шоккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жасатырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежедегі адамға
Түн үйқысын таптырмас.
Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Кайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жүрт!...

Литота (грекше: *littotes* – карапайымдылық; деген көт *наплакал* (қалтада соқыр (көк) тының жок), *череңашы тәмтү* (тасбака жүріс): БСЭ. М., СЭ, 1973. – 562 с) – гиперболаға көрініше бір затты яки құбылысты әшейіндегі бар қалпынан кішірейтіп, кораш көрсетеп айтатын троп түрі. Мысалы: *Әліпті таяқ дөп білмеу.* Тагы «*Кара өлеңнен*» мысал:

Күнде алиши түсірсең де асызыңды, (гипербола)

Көрмейді жасат жүрт сениң тасы үзрлы. (литота)

Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді,
Әркімнің өз елінде басы құнды.

Гипербола мен литота қосылып –
әсірелеуге жатады.

Антитеза (грекше: *antithesis* – қарама-кайыш) – бір-біріне қарама-карсы, кайыш заттарды, ұғымдарды шенdestіріп, парлап айтту. Мысалы, («*Кара өлен*»):

Жарқырап жұлдыз біткен
ай болмайды,
Есекті қанша күтсек тай болмайды.
Сағызды күндіз-туні шайнасаң да,
Бір тістем жүрек жалгар
май болмайды.

Кара жерге қар жасаар,
Қарды кор де етім кор.
Қар үстіне қан тамар,
Қанды кор де бетім кор.

(«*Ер Тарғын*» жырындағы Акжүністің Қартқожакқа айтқаны. Мысалды А. Байтұрсынов һәм акад. З. Қабдолов та келтірген).

Тавтология (грекше: *tauto* – бірдей, *logos* – сөз) – анықтауыш сөздін анықталушы сөздің мағынасын кайталауы. Мысалы: қараңғы түн деген сиякты.

Оксюморон (грекше: *oxymoron* – анғырт тапқырлық) – бір-біріне қайыш ұғымдардан қуралып, образды

ұғым тудыратын сөз тіркесі (С. Нетимов). Мысалы: тірі өлік, корқак батыр, жақсы өлім.

Мағжанның «Мен жастарга сенемін» өлеңінен тілдік көріктеу құралдарын тауып көрейік:

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанаты,
Мен жастарга сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарга сенемін!
Жас қырандар балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарга сенемін!
Тау суындаи гүрілдер.
Айбынды алаш ерім дер,
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарга сенемін!
Кажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға
Иман күшті оларда,
Мен жастарга сенемін!
Касиетті құраны,
Сүттей таза жүректі
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарга сенемін!
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанга,*

*Шығарар олар бір таңда
Мен жастарға сенемін!*

Жырдағы тәселеу:

1. Арыстандай айбатты;
2. Жолбарыстай қайратты;
3. Қырандай күшті қанаты;
4. Сүттей таза жүректі;
5. Тау суындаи гүрілдер.

Жырдағы перифраз:

1. Көздерінде от ойнар (*Көзінде бір жасагымды нұр бар дегені*)
2. Сөздерінде жалын бар (*Сөздері откір, шындықты сойлеуден әсте қаймықтайты*).
3. Жас қырандар балапан (*Жас-өспірім балғын жастар*)
4. Қажу бар ма тұлпарға
5. Талу бар ма сұңқарға (*Олар қайратты. Қайраты мұқалмайды, шаршамайды дегені*).

Жырдағы эпитет:

1. Алтын арқа жерім дер (*Сарыарқа деген сөзден көркем бейне шыгарып тұр*).

Жырдағы фразеологиялық тіркеспен жасалған перифраз:

2. Алаш атын аспанға

Шығарар олар бір таңда (*Жақсы істермен алаш елінің атагын алемге жаяр дегені*).

6.2. Фигура деген не?

Фигура (айшықтау) – сөйлем күрлісін безендіріп, оның тартымдағыны арттыру үшін керек болатын нәрсе. Оған жататын, мысалы: *инверсия*. Сөйлемнің кәдімгі ыргағын бұзып жазу. Фигураға тағы жататындар: *аллитерация, ассонанс, градация, эллипсис, анафора, этифора, т. б.*

Аллитерация (латынша: *al* – іртегес, жалғас, *litera* – әріп) – өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстардың қайталанып келуі.

Аллитерацияга мысал: **ж** әрпінің өлеңді безендіргіш кабілеті.

Оспанға

Жайнаган туың жығылмай,
Жасқаның жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек сұынбай,
Жан біткеннен түңілмей.
Жагалай жайлай даулетің
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің,
Жайдак тартып суалмай,
Жайдары жузің жасылмай,
Жайдактап қашып сабылмай.
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өлісің, ятырмай!

(Абай)

Ассонанс (латынша: *assonare* – үйлесімді дыбыс шыгару) *деп* көркем шыгармада дауысты дыбыстардың қайталанып келуін айтады:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаңнан кешіп, жауды құган
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, орт бол,
тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін токкен ерлер қанын жұтқан.
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Градация (латынша: *gradatio* – біртіндеп) – *ой, сөз, құбылыстың барған сайын үдең, асқақтай беруі:*

Шырагым Бурыл, шу! – деді,
Құбылып Бурыл гүледі,
Табаны жерге тимеді,
Tau менен тасты өрледі,
Торт аяқты сермеді,
Күлақтың тубі терледі,
Тер шықкан соң өрледі,
Адырды көзі көрмедин.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балышқтай иледі...
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбениң тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл

Жын қаққанга үсады,
Құлан менен құлжасың
Марал менен бұғының
Үзаттай алдын тосады.
Көлжасалай отырган
Көккүттан мен қарабай
Көтеріліп үшқанша
Белінен қия басады.

(«Кобыланды батыр» жырынан)

Инверсия (латынша: *inversio* – орын ауыстыру) – сөйлемдегі сөздердің калыпты ретінің бұзылып келуі, мысал:

*А, Бозмұнай, Бозмұнай!
Тілекті берді бір құдай.*

Реттісі: *Бір құдай тілекті берді*
 болу керек.

Анафорада (грекше: *anaphora* – жогарыга шыгару) – өлеңнің әрбір жолы, яки ой ағымы бір сөзден басталып, кайталанып келіп отыrsa, **Эпифорада** (грекше: *epiphora* – үстене, кайталau) – әрбір өлең жолының ой ағымының соңғы сөзі кайтанаңып отырады.

Анафорада мысал:

*Кік ойнат шатында боктерінде,
«Айгайтас» «Шалқоденің» нақ торінде.
Кырагы көз шекара – «Күмбел» анау,
Кытаймен екі ортанды қақ болуде.*

«Айгайтас» – «Шалқоденің» шаңырагы,
Ақ отау ақша бұлтты жамылады.

Жат жаққа жүрт үдерес көшкен кезде,
Жабырқап тас та болса аңырады.

«Айгайтас» – тас емес тек
айқайлалаган,
Гұлама қарт – жүрт үшін
қайғы ойлаган.

Халықтың үні жсатыр кеудесінде,
Бір кезде «Елім-айлат» ойбайлалаган.

«Айгайтас» Албандарга атамекен,
(Оны мен шежіредей атап отем.)
Ертеде ел шетіне жау тигенде,
Айгайлап, хабар беріп жсатады екен.

Эпифорада мысал:
Бұрынғы откен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Уш шарбақты, уш кентті
Ногайлы деген жүрт өтті.

Бір замандар болғанда
Ауыр дәулет мал кетті,
Жарлылықтың зары өтті.
Халқы жарлы болған соң,

Жігітінен әл кетті.
Жап-жалаңаш жүрген соң,
Әйелінен ар кетті.

Сол ногайлы жүрттында
Жортакыга мінбеген,
Түстік жерге жүрмеген,
Кірлі киім кимеген,

Аллаға тілі тимеген,
Бес намазын қоймаган,
Бір құдайды ойлаган,
Қара басы хан болған,
Байлығы жүртқа аң болған,
Малы Алашқа таң болған
Бозмұнай атты бай болған.

Байлығының белгісі:
Тоқсан қара құлы бар,
Тоқсан тогай малы бар.
Сол дүниекор зор байдың
Дуниеде жалғыз мұны бар:
Сол Бозмұнай қартайып,
Алтыс жастан откенше,
Құдай қосқан қосағы
Елу жасақа жеткенше
Бір перзентке зар болған.

Эллипсис (грекше: *ellipsis* – қалдырып кету, тұсу) – шыгарма ішінде бір сөздерді әдей айттай тастап кету. М. Мағаиннің «Қант пен ірімшік» әңгімесінен мысал келтірейік:

«Ас алмадың, ғой қарагым...», – деді әжем. «Қант пен шай қандай астан болмасын қуатты, – деді першіл. – Құрт-ірімшік жемей жүріп жаткан жүрт та бар. Қой сауып, құрт қайнатқан деген не? Ол – феодализмнің қалдығы, ол надандық. Ал қант деген – ол... қант деген – мәдениет! Қант деген – социализм! Соғыс бітеді, шаруашылықты қалпына келтіреміз, социализм түпкілікті жеңіп шығады, сол кезде жүрттың бәрі қант пен шай ішетін болады. Ал коммунизм орнаған кезде қант дегеніңді – мынандай құмшекер емес, кесек-кесек шакпак қантты бала-шағаға дейін қалтасына салып жүріп, кеміріп жайтін болады. Ү-ү-пп! Тағы бір шыны шешей!...».

Менің шайым да сұыған болуы керек. Ептең ұрттадым. Тәтті. Кере-

мет тәтті! Өмірімде мұндай тәтті шай көргем жок. Қант деген осы екен ғой! Қант...

6.3. Троп – көркем бейне жасайтын негізгі құрал

Көрнек тіл жоғарыда айтқандай, негізінен екі шарттан тұрады дедік. Ол шарттың бірі тенеу тәсілі дедік. Немесе оны затты яки құбылысты өзге інасеге тенеу, ұқсатып, балап айту тәсілі дедік. Біздің тенеу тәсілі деп отырғанымыз ол – троп. Көрнек тілді жасаушы троппен бірге фигура бар. Осы екі ұғым осы күнге дейін әр жерде әр түрлі айтылып келеді. Біз сол мәселеге теренірек барып, ол жайында өз ойымызды айтып кетпекпіз.

Троп – көркем бейне, образ жасаудың негізгі құралы. Троп негізі – тенеу, балау. Бір затты бір затка, бір құбылысты бір құбылыска. Бұл неге бұлай? Олар не үшін бір-біріне тенеледі, бір-біріне баланады? деудін онша реті жок. Ол адам жаратылысында бар нәрсе. Адамға сейлеу қабілеті қалай берілсе, тенеу қабілеті ол да солай берілген. Сол тенеу қабілеті арқасында адам көркем әдебиет жасайды. Профессор Е. Ысмайлұв айтқандай: «Көркем әдебиеттің тілі, халықтың сейлеу түріндегі сөздердің образды, тенеулі, әсерлі ұғым беретін қалпына негізделеді». Яғни,

тeneу «әсерлі ұғым» береді. Ол бірақ ұғымның өзін ауыстырып алмайды. Тенеу – ұғымның қабығы (футляр). Бірақ тенеу сөз (ұғымнан) ажырағысыз нәрсе. Екеуін бөліп болмайды. Бейнелі тіл – жалпы тілдің сөлі. Оның жоғарғы, зор түрі, рухтанған бір күйі. Бейнелі, тенеулі тілден ажыраған халық жалпы тілінен де ажырайды. Тенеулі тіл – суретті тіл. Яғни, сыртқы пошым, сурет. Образ деген сөздің православиялық – об + газъ, ескі славян тіліндегі – образъ, грекше – (εἰκόν, τύπος, μορφή) һәм полякша – (картина, изображения) сурет, бейнелеу, кескін деген мағыналары осыған келеді. А. Байтұрсынов «көрnek тіл» деген бұны. Яғни, көркемдік образ, тенеушілік, әдебиет (сөз өнері) – бұл шын жаратылыш дүниенің «көрnekі тілмен», қағаз бетіне көшірілуі яки ауызбен айттылуы. Осы көшіру өнерінің негізгі тетігі, құралы – троп.

Троптар туралы аргы-бергі ғалымдардың айтқаны:

«Фигурой речи называется уклонение от обыкновенного способа выражаться с целью усилить впечатление» (Бэн А. Стилистика и теория устной и письменной речи // Пер. с англ. А.Е. Грузинского, СПб., 1886. – С. 8).

«Троп есть выражение, перенесенное для красоты речи с его первично-го, естественного значения на другое, или как чаще всего определяют грам-

матисты, выражение, перенесенное с места, где оно являются неподлинным» (Квинтилиан).

«Греки считают, что речь украшается, если используется изменение слов, которые они называют тропами, и формы предложений и речи, которые они называют фигурами» (Цицерон. «Брут»).

«Троп есть целесмысленное изменение слова или речи от собственного значения к другому» (Квинтилиан. «О воспитании оратора»).

«А у речи есть два вида, речь собственная и троп. Так вот речь собственная есть речь, обозначающая дела при помощи первого значения имен, троп же есть речь, произносимая с отклонением от собственного (значения слов) с неким выражением более украшенным, чем необходимо» (Трифон. «О тропах»).

Слова, употребленные в переносном значении, и слова измененные украшают (речь), словно некие звезды. Словами в переносном значении я называю те, которые переносятся по сходству с другого предмета, либо ради приятности, либо из-за недостатка слов; измененными – те, в которых вместо собственного слова представляется другое, означающее то же самое, взятое из какой-нибудь вытекающей вещи» (Цицерон. «Оратор»).

«Перенос (значения) дан нам самой природой для того, чтобы ею

часто пользовались также и необразованные и бесчувственные... Он увеличивает также богатство речи, вводя изменения или заимствуя то, что является труднейшим, (а именно), чтобы не казалось, что у какой-либо вещи отсутствует название. Таким образом, имя или глагол переносится с того места, где они собственные, в то, где либо отсутствует собственные (слово) или (переносное) лучше собственного. Мы это делаем либо тогда, когда (это) необходимо, либо потому что (введенное слово) лучше обозначает или потому, что (оно) пристойнее» (Квинтилиан. (О воспитании оратора)).

Потебня образ, троп туралы былай ой түйеді: «Всякое искусство есть образное мышление, т.е. мышление при помощи образа. **Образ заменяет множественное, сложное, трудноуловимое по отдаленности, неясности, чем-то относительно единичным и простым, близким, определенным, наглядным.** Таким образом, мир искусства состоит из относительно малых и простых знаков великого мира природы и человеческой жизни. В области поэзии эта цель достигается и отдельным словом».

Құран Қәримде образды бейнелер ете көп. Бір-екі мысал келтіреік: «Ол күні адам баласы бытырап таралған көбелектей болады» (Әл-Қарига (Улкен апат) – 4) Бұл жерде киямет күні

болатын апат туралы айтылып жатыр. Адамдар бұл күні коркыныш пен үрейден, жан-жакқа ретсіз таралған көбелек тәрізді болады.

«Олардың көздері корлана жасыған күиде, бытырап жайылған шегірткелер секілді қабірлерден шығады» (Әл-Камар (Ай) – 7).

Бұл суретте киямет күнгі адамдардың қабірлерінен кайта тіріліп, тұратын уақыттағы жағдайлары айтылып тұр. Құртуби: «Шегірткелер ете көп боп жиналғанда, бірінің үстіне бірі шығып кетеді, адамдар кайта тірілгенде дәл солар секілді опыртопыры боп жатады» деген.

Құранда тағы хор қыздары катты суреттеледі: «Әрі (оларға) жанарлары үлкен де әдемі (хурлар), бейне бір (қабығы ашылмаған) сактаулы інжу секілді (жубайлар бар)» (Әл-Уакіға (Болары анық) – 22-23).

«Әрі олардың жаңында көздерін қорғайтын, жанарлары үлкен (қыздар) бар. Әрі олар бейне бір (аялап) қорғалған жұмыртқадай» (Әс-Саффат (Сапка тізіліп тұру) – 48-49). «Олар бейне бір күрк тауық басқан жұмыртқадай ешкім тиіспеген кемшілікіз, нұксансыз пәк қыздар

(Сағди). Құрандағы жаннат суреті: «Олар онда перделермен сәнделген жұмсақ сәкілерде сүйеніп отырады. Олар онда күнді де, аязды да көрмейді. Әрі оларға онын коленекелері жақын, ал жемістері төмен

ніліп тұрады. Және оларды күміс ыдыстармен, шыны көзелермен айналып жүреді. Ал шынысы – күмістен. Бұл ыдыстар (сайма-сай) алшенип койылған. Эрі оларға Зәңжәбил (сусыны) хош иісті дәмді есімдік) араластырылған кеседен ішкізіледі. «Сәләбіл» деп атала-тын бұлактан. Эрі оларды мәңгі жас өрендер айналып (қызмет етіп) жүреді. Оларды көргенінде, шашылған інжу деп ойлайсың. Эрі көрген кезде, онда (жәннәттә) іглік эрі ұлы патшалықты көре-сің. Олардың (жәннәттүктердің) үстерінде жұка және қалын жасыл жібек киімдер болады, олар күміс біләзіктермен безендіріледі, эрі оларға Раббысы тап-таза сусын ішкізеді» (Әл-Инсан (Адам) – 13-22).

Құран Кәримдегі көркем бейнелер троптарды шебер пайдалану арқылы жасалып тұр.

Інжілдегі троп әдістерін келтірейік:

«22. И сказал ученикам Своим: посему говорю вам, – не заботьтесь для души вашей, что вам есть, ни для тела, во что одеться: 23. душа больше пищи, и тело – одежды. 24. Посмотрите на воронов: они не сеют, не жнут; нет у них и хранилищ, ни житниц, и Бог питает их; сколько же вы лучше птиц?».

Эрі қарай:

«27. Посмотрите на лилии, как они растут: не трудятся, не прядут; но го-

ворю вам, что и Соломон во всей славе своей не одевался так, как всякая из них» (Новый завет от Луки. Святое благовестование 12).

Енді шейх Тарази кітабынан тропика мысал келтіреміз:

«Тәшбиң – олбулурким, бир нәрсеге уқшатурлар.

Тәшбиң – логатта уқшатмақни айттурлар. Вә ол нәрсеким, уқшатурлар «тәшбиң» дерлер. Ол нәрсеким, анга уқшатурлар, «мошәббәһ» укурлар.

Тәшбиң тәнкис ол булурким, бир нәрсини бир нәрсеге адати тәшбиң бирле уқшатурлар, нетакки, булат тиқин, ламзардик, вә тәшбиңнинг адати туркіда дегай: сен фәләндүр. Вә айқай: – сен фәләндүр. Вә сағенғай: – сен фәләндүр. Я фәлән нәрседик я фәләнга уқшар: я «мингзәр», я мингезлик, я бикин, я – фәлән, я – рәсә янглико».

Қазакша мәтін:

«Тәшбиң – бір нәрсеге теңеу деген сөз.

Тәшбиңтің мағынасы «ұқсау» (теңеу) болып келеді, яғни ұқсауларды «тәшбиң» дейді. Ұқсатылған нәрсеге «мошәббәһ» делінеді.

Тәшбиң тәнкис дегеніміз – бір нәрсеге адати тәшбиңмен бір деңгейде екендігін білдіреді. Мәселен, бұлбұл тегін лалезарлықта теңесе, мықты бір нәрсе не кісіні болатқа теңейді. Ол теңеулер – тәшбиңтің адати түріне жатады. Туркілерде: дегайсың пәлендүр, айтқайсың пәлен-

дұр, сағынгайсың пәлен-дұр немесе пәлен нәрселік, не пәленге ұқсайды. Немесе мендеу яки мензерлік секілді, сияқты, пәлен нәрсе»

Мысал:

Ирур кәдинг биле тишинг, ләбинг әйа дел бәр,

Бири сәнубәр-у бири дүрр-у бири шекәр.

Қазакша:

Сүңгақ бойың, тіс пен ернің ей сүйкітім,

Бірі қайың, бірі дұр, бірі шекер болған ұқсайды.

(Шейх Ахмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері (фонун әл-бәлағе), Алматы: Таңбалы, 2013. – 161-170 б.).

Троп пен фигура айырмасы

Троп – нәрсенің (заттың деректі яки дерексіз) ішкі негізгі сипатын (сол арқылы оның мағынасын ашып) көрсету үшін қолданылатын тәсіл.

Фигура – нәрсенің (заттың деректі яки дерексіз) сыртқы жанама сипатын (оның мағынасына онша қатты әсер ете алмай) көрсету үшін қолданылатын тәсіл.

Ішкі негізгі сипат – заттың мағыналық болмысына тікелей қатысты нәрсе.

Сыртқы жанама сипат – заттың мағыналық болмысынан ғөрі формалық болмысына қатысты нәрсе.

IHC – лексикалық қалыпқа жақын.

CJC – грамматикалық қалыпқа жақын.

Егер тропты *өзгерту*, *аудыстыру* деген сөзben балап айтсак, ол мағынаны *өзгерту*, мағынаны *аудыстыру* болмак.

Егер фигурага да осы сөзді телігіміз келсе (*өзгерту*, *аудыстыру*), онда ол форманы *өзгерту*, форманы *аудыстыру* бол шығады.

Осы ретте троп түрлері: метафора, перифраз, тенеу, эпитет, символ, гипербола, литота, антитеза (шендестіру), оксюморон, т.б. бұлардың бәрі жоғарыда айткан нәрсенің, заттың сипатын, сол арқылы оның мәнін (мағынасын) ашып көрсету үшін қызмет ететін көрнек күралдары бол табылады.

Зат (нәрсе) – сипат арқылы ғана танылады. Затты тану үшін оның сипатын тану керек. Сипатсыз зат болмайды һәм танылмайды (яки толық, дұрыс танылмайды).

Троп – сол үшін қолданылатын күрал. Троп заттың сипатын өткілендіреді. Қомескі, бұлдыр нәрсені жарық түсіріп, анық-канық етеді. Бұл қаранғыға жарық түсірген сияқты нәрсе. Осы жерде сезбен сурет салудың хас шебері Мағжан еске түседі: Құміс тан жерге құміс сәуле шашты, Сәуле мен қаранғылық ара-

засты, Алыспас адал, арам бекерге ұзак. Женіліп каранғылық жылжып кашты!

Фигура заттың сипатын ашып көрсетпейді.

Енді екеуіне мысалдар келтірейік.
1-мысал:

*Жүргім, мен зартымын жаралыға,
Сүм омір абақты гой санағыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендегулі,
Сондықтан жсаным күйт жанады да.*

Мағжан. «Батыр Баян»

*Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң,
Нәр кім жейді біздің қазақ баласын.*

Міржакып. «Оян, казак!»

*«Сен біреудің асырап отырған
Жағыз ақсұңқары... Ақ жұмыртқа,
Сары уыз. Сен бір сүт емген құлышақ. Сен біреудің еркесі»* (С. Садуа-
касұлы. «Күлпаш» әңгімесінен).

Бұлардың бәрі метафораты, перифразды троп тәсілімен жасалған образдар шоғыры.

2-мысал:

Хан тәңірі – қарт Тянь-Шанның жүрегі...

Хан тәңірі – көк аспанның тірегі...

Хан Тәңірі – көп жасаган қария.

Хан Тәңірі – жер жузіне жария.

(Қасым Аманжолов)

Бұл аллитерациялық фигура тәсілімен жазылған шыгарма. Екі мысалда да кара сөйлемді көрнектеу, безендіру бар. Яғни, сол арқылы көркемсурет (бейне) жасалып тұр. Бірақ екі тәсілде айырмашылық бар. 1-мысалда затты, нәрсені сипатын айтып, көрсетіп, бедерлі суреттің шығару бар. А. Байтұрсыновтың: «Кара сезде әдебиетте пікір сүлле түрінде айтылады. Дарынды сезде пікір сурет түрінде шығады. Яғни, сүлле үстіне өн, ажар, жан, мінез, қылыш беріліп, тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады» деген сөзін жоғарыда келтірген болатынбыз. Яғни, мұнда «тірі нәрсе» – сурет шығару, жан бітіру бар. Е. Ісмайлұв: «Өмірде кездесетін сездерді де айтылған күйінде алмай, одан көрі жандандырып, бір сезді екінші бір сезге қатар койып салыстырып алады. Расында жалғыз нәрсенің артық, кемдігі, айқындығы дара тұрғанда ашық сезілмейді, екінші бір нәрсемен қатар койса ашық сезіледі» дейді. Бұл тәсілде өліні тірі, тіріні өлі етіп көрсету бар, яғни өліге тірі сипатын, тіріге өлі сипатын береді. Немесе нәрсені жұмбақтап, жасырып айтады. Яғни, атын жасырып, сипатын айтады. Тағы да нақтылап айтсак, көрнек тіл (А. Байтұрсыновтың «қақын тілі», «көсө лебіз», «көрнек тіл», «дарынды сез», деген сездері) негізінен тенеп айту һәм жасырып айту деген екі тәсілден тұрады. А. Байтұрсынов

тағы: «Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттепіл, адамның сана-санлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек» деген. Көрнекі тіл болуы үшін керек екі нәрсесі: *тенеп айту* мен *жасырып айту* осы үшін керек. Яғни, көрнекі тіл «тамакты шайнап беру» сияқты нәрсесі. Тамакты шайнамаса ас корытылып, сіңбейтіні сияқты көрнекісіз сез, тіл «адамның сана-санылауына келіп түспейді»; яғни, адам ішіне өтпейді, әсері болмайды.

«Тенеп айту» троптары: метафора, кейіптеу, заттандыру, эпитет, тенеу, гипербола, литота, антитеза, оксюморон, тавтология, т.б. – бұлардың бәрі бір затты бір затпен не бір нәрсенің бір нәрсемен тенеп, балап айтудан шықкан нәрселер.

«Жасырып айту» троптары: перифраз, метонимия, синекдоха, т.б. Шындаған келгенде, метафора, кейіптеу, заттандыру, эпитет, тенеу, гипербола, литота, антитеза (шендестіру), оксюморон, тавтология – бұлардың бәрі бір затты бір затпен, не бір нәрсенің бір нәрсемен тенеп, балап айтудан шықкан нәрселер.

*Сен – жер болдың, нөсер болып төгілсем,
Шұғыласың, қара бұлт бол көрісем.*

(Мұқағали)

Осы мысалда: метафора (*заттандыру, гипербола, антитеза*), эпитет, һәм тенеу белгілері бар.

Метафора эпитетке яки эпитет метафораға оңай айналады. Жоғарыда келтірген бір мысал:

Балталы, екпінді оттан Оразымбет (эпитет)

Осы құрылым метафораға оңай айналады:

Балталы Оразымбет – екпінді от.

Ал метафораның тенеуге айналуы тіпті оңай:

Балталы Оразымбет екпінді оттай.

Оксюморонда сипатты ашып көрсетудің метафоралық «тенеп айту» түріне жатады. Мысал: *Тірі өлік*. Бұл *tіrі* әрі *өлік* адам. Ол қандай адам? Ол: рухы өлген, бірақ дені сау тірі адам. Яғни: *tіrі өлік* тіркесінің *tіrі* белігі – эпитет, *өлік* белігі – эпитеттегі шешімнен айналған нәрсениң өзі. Бұл жердегі тенеу мынау: рухы өлген, бірақ дені сау тірі адам – өлген адаммен тен. Тенеп айту троптары неге бір-біріне оңай айналады? Өйткені олардың шығу тегі бір, олардың шығу тегі – *балап айту*.

«Жасырып айту» троптары – перифраз, метонимия, синекдоха, т.б.

«Жасырып айту» тропының «тенеп айту» тропынан айырмасы нәрсенің өзі айтылмай тенеліп айтылатын нәрсе ғана айтылады. Мысалы:

Адамдық диканышы қырга шықтым,
Колі жсоқ, көгалы жсоқ құрга шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, екпім.
Коңілін котеруге құл халықтың.

Яки:

Қырагы, қия жазбас сұңқарым-ай,
Қажымас қашық жолға
тұлтарым-ай.
Үйлген олексені өрге сүйреп,
Шыгармақ қыр басына іңкарің-ай!

Бұлар астарлы мағынамен айтылған перифразды жолдар. Перифраз – жұмбактап айтту. Яғни, жұмбактардың бәрі – перифраз. Оның озық түрі. Қазак жұлдызды қалай жасырған: «Там басына тары шаштым», яки: «Такиям толған сөк, тантерен тұрсам жоқ» деп. «Жаралғанда жабысқан» дегені тіпті ғажап! (Адамның яки заттың есімін айтып тұр).

Метонимия мен синекдохада жасырып айтту жеңіл түрде болады. Жасырылған зат мүлде бүркелмей, жартылай ашық айтылады, мысалы: «Бұл Абайдан басқаны менсінбейді». Бұл жерде белгілісі – Абай. Қалғаны белгісіз. Бұл деген кім? Басқа кім? Менсінбегені несі? Бәрі жұмбак. Жұмбакты жасырушы – автор, табушы – оқырман. Окушы белгілі үлкі сөзбен куалап, қалған сөздердің астарлы мағынасын ашады.

Енді фигураға келейік. Біз оны жоғарыда СЖС деп атадық. СЖС-

ның ИНС-дан айырмашылығы біріншісі формалық болмыска, екіншісі мағыналық болмыска – қатысты күбылыс әрекеттер дедік. Жоғарыда аллитерациялық фигураға «ж» әрпіне қатысты келтірілген мысалға каратайық. «Хан тәнірі – карт Тянь-Шаньның жүрегі өлеңіндегі әр тармақ басында келген «ж» әрпі не күшке ие? Өлеңде келтірілген сөздердің мағынасына тікелей әсері, алып-косары бар ма, оның? Жоқ. Өйткені фигура элементтерінде мағыналық бөлік үлесі жоқ. Аллитерация, ассонанс, инверсия – бәріне осы ерекшелік тән. Яғни, фигурада лексикалық емес, тек грамматикалық тұрғыдан әсер ету күші бар. Ол дыбыстық яки күрылымдық болуы мүмкін. Мысалы, аллитерация (ассонанс) – дыбыстық, инверсия – күрылымдық әрекетке негізделген күбылыстар.

Яғни, фигура дыбыстық, күрылымдық сипатқа ие, троп мағыналық сипатқа ие тәсіл түрі.

Дыбыс, күрылым, мағына – үшеуден косылуынан **сөз** шығады. Зат пен нәрсенің сипатын тек сөз бере алады. Сөздің дыбыс, күрылым, мағына бөліктерінің ішінде негізгісі – мағына. Дыбыс, күрылым – косымша бөліктер түрі.

Троптың мағынаға иелігінің негізгі мәні – нәрсенің сипатын ашып көрсетуі.

Фигураның дыбыска, күрылымға иелігінің негізгі мәні – нәрсенің

сыртқы сипатының тартымдылығын арттыруы.

Троптың фигурага қарағанда мәні зор.

Троп – көркем бейне жасайтын неғізгі құрал.

Фигура – көркем бейне жасайтын косымша құрал.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚОР

Сөз деген не? Зат һәм құбылыстың атауы. Орыс Ожегов тіл деген ой жүмысын қағазға түсіретін дыбыстар жүйесі дегендегі пікір айтқан. Затты, құбылысты тану арқылы оқушы дүниені таниды.

Жазушы тілі – халық тілі байлығынан, тіл корынан өсіп-өніп шығатын құбылыс. Жазушы тіліне койылар талап көп. Профессор Ы. Үсмайлов: «Ақын жазушының тілі асері көркем, сұлу, әрі халыққа түсінікті жатық болу кажет. Жазушының тілі – барлық әдебиеттің, халық тілінің көркемдік асыл қазынасын бойына сактайты» деген.

Тіл байлығы – көркем әдебиеттегі бір қатпарлы қабат. Ол қабатқа жататындар: неологиям, архайзм, синоним, омоним, диалекті, жаргон, говор, т.б.

Жазушылар көркем шыгарма тілін нанымды ету үшін кейде **неологиям** һәм **архайзм** сөздерін колданады. Неологиям (грекше: *neos* – жана,

logos – сөз) – бұрын болмай, бүгінгі күні жаңадан колданыска тускен сөздер.

ХХ ғасыр басындағы қазақ үшін **неологиям** болған сөздер:

Һүнермен хасыл болған нағселер

Һүнердің афзалдығын еттім зікір,
Мұхтарым окуышылар, жібер пікір.
Гылыммен хасыл болған нағселерді
Жазайын баян етіп, тыңдал отыр.

Ат жетпес алты айшылық
алыс жолга,
Аз күнде жеткізеді бұл от арба.
Естілмес хабарларды жер шетінен
Аламыз телеграммен я, гәжисеб.

Жүргізді автомобиль ат жекпестен,
Әмірі қолда болып теріс кептестен.
Һүнермен от пен суды қолік қылып,
Алыстан телефонмен жүрт
гәләскән.

Дариямен қара жердей файдаланды,
Бұрынғы қыныштық жайға қалды.
Балықтай мұхиттарда жузіп жүріп,
Фамал ғып **параходпен** қайда барды?

Дәхіда хәйламенен аспанға ұшты,
Кезінде қажсет болса жерге түсті.
Есімін **воздушный шар** деп қойды,
Халық бұрын көріп пе мұндай істі?!

Телеграф және шықты сым темірсіз,
Иланып болған іске жүрт сенерсіз.

Үстіңнен жүргенменен коз көрмейді,
Әлбетте, қалайыниша сіз білесіз.

Машина жер астынан жүрді тағы,
Гажайып мұнысы да қиялдағы,
Не інгресе өздігінен жарагалмайды,
Һүнермен мұны тапқан пендे дагы.

Берденке, бомбы, мина, зенбіректер.
Пистолет, револьвер, браунингтер –
Інамасі бұл уақытта болды тамам,
Қылатын жауға қару не керектер.

Машина электрический және келді,
Жарық бол май мен отсыз
Жана берді.
Түн болса шәндар іші күндізгідей,
Әлбетте, бұл әсері гажап енді.

Сөз сөйлем громафон әнге салар,
Гажайып аят оқып, дұға қылар.
Бұл сөзге көрмеген наңбас еді,
Не керек, халықтың көбі көрген шыгар.

Телескоп дейтін нарсе болды тағы,
Нәрсені корсетеді алыстағы.
Түймені түйедей гып зорайтады
Баяғы мұны тапқан һүнер дагы.

Руссияның заводы мен көп фабрикасы,
Табылған соныменен халық пайдасы.
Кымбатты арзан қылған сол екеуі,
Нашарга жеңіл келіп пұл бағасы.

Машина және шықты шоп шабатын,
Аз күнде жсан қынамай көп шабатын.
Соқа бар егін салған қам машина,
Секілді көп пайданы тен табатын.

Баспахана және шықты кітап
Басатұғын,

Халыққа һүнер, магариф шашатұғын.
Арқылы газет-журнал һәр тарафтан,
Хабармен халықтың көзін ашатұғын.

Іүнермен мәзкүрлерді адам тапқан,
Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап жатқан.
Іеш бірін осы айтқанның істей алмай,
Қатардан кейін қалдық нағандықтан.

Біз-дагы ғылым білсек етпес не едік,
Ілгері озғандарға жетпес не едік?
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Іүнерлі халық атанаң кеппес не едік?

Архайзм (грекше: *archaios* – ежелгі) – заман ағысына қарай тарих қойнауына сініп, күнделікті колданыстан шығып қалған сөздер.

XX ғасыр акырында казақ үшін архайзм болған сөздер:

Казақтың өз тілінде жоқ **матбугат**,
Жаңиіллік пен жалқаулық көп.
Жоқ **әммият**
Дәртке дәрмен табиб қайдан
табылар –
Күннен күнгө ауырлады магиша.

Күн көреміз қайда барып, алашым?
Білгіштердің хал мүшкілін қарасын.
Сүйегі жоқ, тіске жүмсақ болған соң,
Іәр кім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз, алты миллион халықтың.
Әлхәмдүллила нағандыққа гарықтыз.
Жайымыз жоқ онан басқа мактаптар,
Сахарада дикарь болып қалыптыз.

Біздің жүргіттың **зарредей** жоқ намысы,
Гайрылардың үндерменен жарысы.
Магрифлі озып кетіп мілләттер,
Коз жеттейтін арамыздың алысы.

Надандық **шәрбәтіне** мас болдық,
Зарарга дос, пайдамызга қас болдық,
Үлкеніміз **қадимлаққа** жазылып
Жәдид деген партияда жас болдық.

Мұнымыз да дұрыс емес ойласақ,
Файдасты жоқ халқымызга қоймасақ.
Өзді өзіміз дүшиман болып жүргенде,
Жарар еді басқага жем болмасақ.

М. Дулатов «Оян, қазақ!»

1. **Матбуғат** – баспасөз;
2. **Жаһиллік** – надандық;
3. **Әһмият** – маңыз, мән;
4. **Дәрт** – құмар, ынтық;
5. **Дәрмен** – қуат, жігер;
6. **Табиб** – дәрігер;
7. **Ғарық** – бату, карық болу;
8. **Зәрре** – бүртік, мыскал;
9. **Гайры** – басқа;
10. **Шәрбәт** – тәтті ішімдік, жүзім шырыны;
11. **Қадим** – ескі, көне;
12. **Жәдид** – жаңа, жаңаша.

Синоним (грекше: *synonymos* – аттас) – айтылуы мен жазылуы бөлек бірақ мағынасы бір сөздер. Қазакта синоним өте күшті: бет, жұз, түр, түк, келбет, көрік, өн, ажар, шырай, пішін, кейіп кескін, дидар, нұска, рен, әлпет, ұсқын, мусін, сүрен, сиық, сұрық, тұрпат, сықпыт.

Жазушының сөз қоржынында осы нұсқалардың бәрі бола беруі мүмкін. Керегіне қарай жаратып қаламгер шеберлігіне байланысты.

Омоним (грекше: *homos* – бірдей, біркелкі, *опута – есім*) – айтылуы мен жазылуы бөлек бірақ мағынасы бір сөздер. Мысалы **қара** деген бір сөзде қаншама мағына бар: қара жүрек (мінез-кулық), қара торы (түр, түс), қара өлең (шығарма), қара торғай (күс), Қара камыс (елді мекен), қара ағаш (есімдік), т.б.

Диалекті (грекше: *dialektos* – жергілікті сөз) – жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір аймакта ғана қолданылатын ұлт тілінің құрамадас бөлігі. Шығармада ол автор (баяндаушы) сөзінде һәм кейіпкер тілінде де колданыс табуы мүмкін.

1. Әтеш, кораз;
2. Әтір, иіс су, иіс май;
3. Әкпіш, суағаш, қүйенте, құрамыс, інагаш, мойынагаш;
4. Қамыр, інқол, жұка нан, жайма нан, құлақ нан.

Осындағы құлақ нан – Кекшетау, інқол – Орал, қамыр – Шымкент, жұка нан – солтүстік қазактарының сөзі.

Говор – жергілікті диалектілердің шағын аймакты камтитын болігі. Говордың да әдебиетте орны үлкен. Шығармада ол кейіпкер тілінде де колданыс табуы мүмкін. Говорға мысалдар:

Сірінке – кеуірт, күкірт, шырны, шагар, ши, оттық, шақпақ;

Шылапшын – леген, жам, кірлен, шылаужын, тас;

Кесе – самал, пиялай, кәсе, тас аяқ, шын аяқ, ақпыр, ақпар, кардон, жанан;

Күрке – балагаш, балаган, шайла, шабра, кепе, аткурке, алтайқ, қопын, запас, жапта;

Известь – эк, ақтас, нотас, у тас, ақтеріш.

Шыгарма ренін кіргізу үшін жергілікті сөздерді ретімен пайдала асыра билетін авторлардың бірі – шымкенттік жазушы Мархабат Байғұт. Жазушының «Ақтолғай» шыгармасынан үзінді: «Біраз белімдер орысша жоспар жасамақтан және олардың орындалу қорытындылары жөнінде орысша мәтіндік есеп (отчет) мәністемектен қатты киналатын. Бізге нәніпәтір». Нәніпәтір – бізге бәрібір, сөз емес, бүйім ғұрлы көрмейміз деңгей той, жазушының.

Жаргон (французша: *jargon*) – шының әлеуметтік топтарға қызмет ететін арнаулы сөздер. Жаргонды да әдебиетте пайдаланады. Шыгармалық қолданыс аясы говорға тең.

Кеңестік әскери жаргон:

Дембел – әскерден босаған солдат.

Шола – балыктың азаоюы (Арал балықшыларының жаргоны).

Коробейниктер жаргоны: (Революцияға дейінгі Ресейдегі майдашүйде сататын саудагерлер (біздің ауылда 60-70-жылдарда ат арбамен жүріп әр түрлі майдашүйделер: шар, ыскырық, кораз қампитеттер, т.б. сататын «кокымшылар» деген болған, солар секілді болса керек).

Үй – рым

Сұт – мелех

Ақша – сары

Товар – шивар

Сейлеу – зетить

Софу – мастырить

Енді біраз сөздердің шығу тегіне көз жүгіртейік: *Еуропа* – финикише; *ереб* – құннің батуы, *Пәкстан* – пәк ел, *Саратов* – Сары тау, *Аїшабад* – әдемі кала, *ашх* – әдемі, *абад* – кала, *Киев* – күйеу, *цифр* – арабша – сыйыр: «нөл» дегенді білдіреді, *магазин* – арабша махазин, подвал – койма деген сөз, *телефон* – грекше, *теле* – алыс, *фон* – дыбыс. Сөздердің шығу тегін, тарихын білу жазушының интеллектуалдық корын арттырып, таным ауқымын көнектеді.

Сондай-ақ, жазушы тіл байлығын құрап, оның құнарын арттыратын бір құнды құрал ретінде біз жоғарыда фразеологиялық сөздерді ерекше мән бере айттып кеттік.

Қысқасы сөз құбылтудың, оның құнарын арттырудың иширлы мың жолы бар. Сөз құбылту һәм оның

құнарын арттыру арқылы шыгарманы қалаудыңша құлпыртып, өрнектей беруге болады.

Жазушының жаңы сөз шырайынан көрініп түрмак. Сөздің бетіне шықкан шырай жүрек канының қызыбы болмай, жасанды бояу болса, ондай сөз иесі суреткер санатына косылмак емес. Тез оңатын әсіре-қызылға барабар болмак.

* * *

Көркем сөз. Көркем сөз (художественная речь) үш жұп, яки алты түрге болінеді:

- 1 жұп: прозалық яки олең түрінде
- 2 жұп: монологизм яки разноречие (әр түрлі қалыптаң сөйлеу)
- 3 жұп: номинативті яки риторикалық (өрнекті шешен сөйлеу)

Монологизмдеген бір сарынмен сөйлеу. Номинативті ідеген тұра, дұрыс, бұзылмаған мағынасында сөйлеу. Көркем шыгарма тілінде өрнек түрғысынан 3-ши жұп: номинативті яки риторикалық (өрнекті шешен сөйлеу) негізгі тәсіл болып табылады. Ақын, жазушы осы екі тәсілдің бірін тандайды.

Лингвистикалық проза. Әдебиеттің лингвистикамен жақындастасуы – XX ғасыр басында (турлі тіл техникасы) үлкен ренк алған процесс. (Бұндай әдеби процесс шығыста да

болғаны мәлім, ол мысалы, Абайдагы:

Иузи-раушан, көзі гауъар,

Лагилдек бет уші әхмәр.

Тамаги қардан әм биңтар,

Кашың құдрет, қоли шига.

деген сияқты шағатайша түр, үлгі. Яғни, көркемдегіш элементтердің тым әсерлі қалыпта пайдаланушылығы.) Жалпы бұл құбылыс (поэтиканың лингвистикамен катты әсерленуі) реалистік стильдегі жазушылардан ғері романтикалық стилдегі жазушылардың үлесі деуге көп негіз бар.

Лингвистикалық проза деген әдебиеттану ғылымында теориялық түрғыдан белгілі бір канонға, арнаға түсken ұғым жок немесе сондай бір анық мектеп, не бағыт болған емес. Бірак бұл мәселе төнірегінде тікелей әрі жанама түрде айтылып жүрген ой-пікірлер жетерлік. Яғни, лингвистикалық проза бұл – даму, пісіп-жетілу кезеңіндегі ғылыми термин десе болады.

Әдеби энциклопедияларда (риторикалық стиль), көркем филология (художественный филологизм), эзоп тілі (эзопов язык), өрнекті проза (орнаментальная проза) деген ұғымдар бар. Осы терминдердің барлығы да біз айтып отырған лингвистикалық проза ұғымының түпкі, негізгі мәніне қатысты ұғымдар бол келеді.

Тіл – әдебиеттің негізгі материалы. Тілсіз әдебиет жок. Лингвистикалық яки филологиялық проза тілге байланысты әдеби құбылыс. Тіл мен көркем тілдін (художественная речь) езіндік айырма ерекшеліктері бар. Көркем тіл – тілдің әдеби материалға айналуы болып табылады. Осы әдеби материалдардың өз колданыс ерекшеліктері бар. Ол колданыс түрін екі түрге бөліп карауға болады. Бірінші, тілдің кәдімгі қарапайым түсінікті түрде колданыс табуы, екінші тілдің әрнекті-экспрессивті стильде колданыс табуы. Жалпы, тілге қатысты бұл екі колданыс түрі ежелден келе жаткан үрдіс. Мысалы, қарапайым тіл немесе шешен тілде сөйлеу мәнері ерте заманнан-ақ бар нәрсе.

Әдебиетші Б. Эйхенбаум 1945 жылы орыс жазушысы Н. Лесковтың 100 жылдығына арнап жазған «Шекспир шығып жазатын жазушы» («Черезмерный писатель») атты макаласында (Б. Эйхенбаум. О прозе. О поэзии. Ленинград: Худ. лит. 1986) дәл осы әдебиет пен тіл материалы арақатынасының проблемасын көтөреді. Жоғарыда келтірілген көркем филологизм (художественный филологизм) тіркесі Б. Эйхенбаумның Н. Лесковтың жазу мәнеріне арнап айтқаны.

Б. Эйхенбаум Лесков стилі турали айтканда, оны орыс әдебиетіндегі XIX ғасырда қалыптасқан прозалық екі мәнер, мектеп үлгісімен

байланыстыра қарайды. Біріншісі, Л. Толстой, Достоевский, Гоголь бастаған «реалистік» мектеп өкілдері, екіншісі прозалық филологизм өкілдері болып табылатын Даль, Вельтман, Сенковский сынды жазушылар. Бұл прозалық екі мектеп өкілдерінің айырмашылығы көркем проза тіліне қатысты болып келеді. Бірінші мектеп өкілдерінің тілге деген қатынасы өте қарапайым түрде болып келсе, екінші мектеп өкілдері көрісінше шығарманың тілдік құрылым экспрессиясына екпін түсіре қарайды. Эйхенбаум бұл екі стиль ара-жігін «игровой филологизм Лескова и словесный аскетизм Толстого» деп ажыратады.

Лесковтың тілі көркем фигураналар мен троптардың әдепкі «мөлшерден тыс» пайдалануымен ерекшеленді. («его отношение к слову и к языку было на сквозь артистическим». Эйхенбаум).

Л. Толстой Лесков туралы «**көркем тілдің сикыршысы**» деп айткан («язык он знал чудесно, до фокусов» Б. Эйхенбаум).

XIX ғасырдың бірінші жартысында дамыған Лесковтың тіл өрнегі XX ғасырда футурист В. Хлебниковке келіп тірелген.

Көркем тілге, сөзге деген құштарлық («**особый вкус к слову, к языку**»). Б. Эйхенбаум) жазушы Аскар Сүлейменовтің қолтаңбалық мәнерінде де бар. Аскар – шығармашылық тілге көп мән берген жазушы. Бұл

турасында жазушы мынадай ой-пікір білдіреді. «Сөйлемнің жазатын өмірі бар да, сөйлемнің өз өмірі бар. Жазарман сөйлемді тірі шөпті таптағандай таптайды. Сөйлемнің тән екені, оның сан тарау тамырлары, капилляр-тамыршалары бары ұмыт калады. Абзацка, тарауга, бүкіл кітапқа қызмет ететін сөйлемнің автономды өмір кешерін ұмытады. Шыгарманың бір аты – ыргағы ыңқылдаған, бояуы кемпірқосақ бол көрінер, күміс ойы түпке тартар сөйлем ғана. Жазарманға бәрібір, ал жазушы үшін қынға түсері – сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірі бірікпегесін тірі тіркес тумайды. Өмірдің тамыр солқылы мен сөйлемнің тамыр солқылын лингвистикалық проза ғана қоса алады». (Шашылып түскен тіркестер // Егемен Қазақстан. 9. 05. 1992). Бұл – жазушының шеберлік ұстанымы, бір жағынан, поэтикалық декларация деп қабылдауға да болады. Өз шыгармашылығында жазушы осы жолды айнымай жүріп өтті. Қалыпты әдеби шыгармаларда сөз материал арқылы көркем образ жасалса, Аскар сөз материалдың өзінен көркем образ күрайды. Яғни, көркем образ жасаушы тіл материал өзі көркем образ материал қалпына көп түседі. Бұлай болатыны жазушының «сөйлемнің жазатын өмірімен ғана болмай, сөйлемнің өз өмірімен де» санаатындығынан.

Ол туралы лингвистикалық проза өкілі деп айтудың мәні осыған келіп тіреледі.

А. Сүлейменовтің «Адасқақ» шыгармасынан бейнелі үзік үзінділер:

Күн семерде, күн сөнерде ана-а жатқан Жөкей көлде әжімсіз бетіне қызыл дәке бүркеген Жөкейде қан ба?

Кек көлдің ортасынан, тай қазанның қақпагындаи, қақтаган күміс көрді;

Карадан ақ, айраннан қымыз шыққан Құнекен;

Қанын ішине тартып күлдей сұрланған Біржсан;

Сүт көл;

Күміс сүлік;

Қылдырықтай алтын сыммен күрсалған көзілдірік;

Қара қазанды қасқыриша талауга кошкен от;

Үйдің іші ерітіп күміс құйғандай самалаланып кетті;

Отарды алтынсүр болса да қой бастамайды, бастайтын – серке;

Елді шын ойлаганның жасын қан жеңеді;

Түбіне жестер ауру-сырқатты қасмет көрген адам қайсы? Қойшысы

жылқышысын тарптын, сиры әйгырын сүзетін, қаргасы қаршығасына түсетін, көлеңкесі иесін талайтын ел көрдің бе?

Сұраптар:

1. Тіл байлығы. Троп пен фигура.
2. Бетен сездердің көркем шығармадағы атқаратын қызметі.
3. Шағатай тілі. Оның казак әдебиетіндегі орны. Ол тілде жазған казак ақын-жазуыштары.
4. Мажнанның «Батыр Баян» шығармасындағы тенеудің колданыс табуы.
5. Абайдың «Қара сездеріндегі» діни термин сездер.
6. Ж. Аймауытовтың «Картқожа» романындағы орыс сездері.
7. М. Дулатовтың «Оян, казак» шығармасындағы орыс, араб, парсы сездерінің колданыс табуы.
8. Аскар Сүлейменовтің «Адасқақ» әңгімелер-цикльндағы троптың пайдаланылуы.

шығармаларынан, нағыздағынан да
шығармалар жаңа даңыздардың мәдениеті¹
жөндеуінде орналасқан жағдайда көркем
шығарма атауларынан да даудың мәдениетін
жөндеуде орналасқан жағдайда көркем

шығармалардың мәдениеттегі орталықтың
жөндеуде орналасқан жағдайда көркем
шығармалардың мәдениеттегі орталықтың
жөндеуде орналасқан жағдайда көркем

7-тарау. ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Көркем шығарма атаулары екі түрлі кейілпі жазылады. 1) **Проза** (латынша: *prosa* – тікелей, тұра айтылған сөз). 2) **Поэзия** (грекше: *poiesis* – шығармашылық). Ежелгі дүниеде көркем әдебиет поэзия деп аталған, кейіннен проза пайда болған соң поэзия екеуі белінді. Поэзияның ең басты ерекшелігі оның – ыргағында. Поэзиялық туындылар белгілі бір тәртіпті ыргакка құрылады. Өлең жолдары одан соң үйкес сөздерге құрылады. Прозада мұндай формалық шектеушілік жокқа тән.

«Сөйлемдер» деген тараушаларында айтқан. Оны ол даусы ағымы деп атайды. Галымның айтудың даусы ағымы өлеңді шырайланырады. Ол ушін даусы ағымы сөзден басталып дүрыс құралуы керек. Мысалы, сөздің өнді болуы үшін дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстар катар келуі керек. Екі дауыссыз яки дауысты дыбыстар катар келсе, сөз онша әуезді шыкпайды. Мысалы *шамалы* деген сөздің *шанышқы* деген сөзге қарағанда құлакқа жағымды естілуі *шанышқының* жамандығынан емес ондагы *Ш*, *Қ* дауыссыздарының катар келуінен һәм сөздегі дауыстының сан жағынан дауыссыздан аз болуынан. Сондай тоқырак болмас үшін казақ айтқандаторы *айғыр* демей *торайғыр*, *сары* үй демей *сарыүй* деп жедліртіп кетеді. Сонда сөздегі әуез жорға бол шығады. Осылай буыннан басталған ыргак (даусы ағымы) бунакка түседі. «Бунак дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін даусы толкынының сокпа-сокпасының арасы». Ары қарай әуезді ыргак өлеңнің өн бойына тарайды. Яғни, өлең акырында бір дыбыстан басталып бунак, тармак, шумактарды қуалап ретті бір даусы ағымына айналады.

7.1. Ыргак

Ыргак – қалыпты бірсыдырғы дыбыстық қайталанулар. Өлеңдегі үлкен мәнгеге ие. Ыргаксыз өлең түзілмейді.

«Ыргак – поэзияның журегі», – деген әдебиет теориясын зерттеуші Е. Ысмайылов.

Қазақ өлеңіндегі ыргак негізі – буын (акад. З. Ахметов).

А. Байтұрсынов ыргак туралы «Әдебиет танытқыш» енбекінің «Тіл (лұғат) әуезділігі», «Сөйлеу әуезділігі», «Өрнекті сөйлемдер», «Өлеңді

Яғни, өлеңдегі ең үлкен екі қасиет: **мағына һәм дыбыс.** Мағынада дыбыстар шығады. Дыбыс бірақ мағыналы һәм мағынасыз бол бөлінеді. Мағыналысы – сөз, мағынасызы – құры ырғак. Мағынасыз ырғак мағыналы ырғакты тұздықтайтын, әшекелейтін дауыс ағымына жатады. Ол оның бойында мағынадан бөлек өрнектілік касиет болғандығынан.

Академик З. Қабдолов өлеңге былай аныктама береді: «..өлең – еркін сөйленетін жат сөздер тіркесі емес, ырғагы мен үйқасы белгілі қалыпта түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі, Абайша айтсак, «сөз патшасы, сөз сарасы».

Л. Тимофеев былай дейді: «*Корни стиха уходят в речь эмоционального типа, т.е. речь, в которой максимально повышено субъективно-эмоциональное отношение говорящего к тем или иным явлениям жизни. Стих и представляет собой предельно сконцентрированную, так сказать, гиперболизированную форму эмоционально окрашенной речи, где предельно ощутимы каждое слово, каждая пауза, звук и темп речи являются эмоционально повышенными, строй переживаний, подчеркивающий в речи все формы передачи тончайших оттенков мысли и чувств.*

Өлең шығару ерте кездерде музыкаға тәуелді болған. Яғни, өлең жәй айтылып, оқылып қоймай, әуен-

мен айтылған. Өлең оқылғанда дауыс созылып күбылып, оқылатын болған. Осындай өлең **метрикалық** деп аталған. Метрикалық өлең б.д.б. VIII ғасырда ежелгі грек елінде пайдада болып, б.д.б. III ғасырда Римге көшкен. Оның ямб, хорей, дактиль, анапест, бакхий, т.б. сияқты түрлері көп. Яғни, өлең құрғак өлең емес, ән айту сияқты болып, өлең арқауы ән болған. Өлең негізі ырғақ – әнмен құралған. Кейін заман өзгеріп, қоғам жетіліп, жазу мәдениеті дамыған сон, әншіл өлең өзгеріп, енді өлең әуенсіз-ак өлең бола бастаған. Бірақ осы кездे өлең ырғагының арқауы – ішкі буын санының бірдейлілігі мен шеткі үйқас болды. Яғни, өлең ырғагы әнмен емес, үйқас және буын санының бірдейлілігімен жасалатын болды. Ішкі буын һәм үйқас арқылы ырғақ құрайтын өлең **силлабикалық** деп аталады. Казак өлеңі осы силлабикалыққа жақын. Әйтсе де казактың кара өлеңінің негізіне силлабикамен карат метрикалық өлшем де жат емес.

Орыс өлеңінде үйқас, буынмен коса екпін де рөл аткарады. Орыс тілінде өйткені екпін күбылмалы. Ол сөздегі буынның басында, ортасында, сонында келе береді. Сондықтан ырғакка әсер ете алады. Бұндай өлең **тоникалық** яки **силлабо-тоникалық** деп аталады. Өлеңнің үйқаска, музыкаға да бағынбайтын тұсы болады. Оны **ақ өлең** дейді. Осының бәрі әдебиет теориясы үшін керек.

Өлеңді тануға керек. Әйтпесе ақын ямб, хорейсіз-ақ, силлабика яки метрикасыз-ақ өлең шығара беруі бек мүмкін. Академик З. Қабдолов айтпақшы: «Әдебиет теориясын білу – әдеби шығарма жазуға рецепт емес, сөз өнерінің құпиясын тануға кілт».

Осы жерде **шабыт**, рух, деген нәрселер алға шығады. Шабытты теориямен түсіндіру, оның жіліктеп ажырату әсте мүмкін емес шығар. Онын бар болмысын, стихиясын тек ақынға сезінер. Әйткені ақындық дегендеге құдайдың өзі беретін қадір, қасиет. Ендеше бір сәт өлең жайлы, поэзия жайлы, шабыт жайлы, рух жайлы ақын болып айтып көрейікші. Ол үшін **Мұқагалиға** сөз берейік:

В жизни не знаю, в поэзии не вратъ!!!

... **Поэзия – ғылым.** Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол – тек поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!

Бұл жыл да өтті. Жырмен басталған жыл жырмен аяқталды. Күйбенмен, азаппен өткен өлі күндерді қойшы. **Жырсыз өткен күндер мен үшін өлі күндер.** Тәнірдің бұл алданышты киғанына да күлдых. Поэ-

зия болмаса қайтер едім? Не істер едім?! Ақынның өз мемлекеті, өз қоғамы, өз дүниесі бар. Бұл аз дүние емес. Демек, мен сол үшін өмір сүрем, сол үшін күресем. Күресем?! Кіммен, немен күресем? Өзіммен өзім бе?

Сонғы сөзді айтып өлу керек кой... Қандай сәби едім. О, Тәнірім! Түйсік бере ғөр, түсінік бере ғөр!?

Больница мне помогла. Там, в больничной палатке, ночью в буфете (столовая), работалось отлично.

После долгой разлуки мы встретились (с поэзией) как влюбленные. Видать, соскучились друг без друга. В течение двух месяцев (с 8 декабря 1974 г. по 24 января 1975 г.) написано около 4000 стихотворных строк. Работал по совести, не думая, возьмется ли кто-нибудь опубликовать их.

Мен өлеңді үзіп-жұлқып, орайы келгенде, кезі келген жerde жазуға әрекеттенбегем. Жок! **Поэзия – жан бұлқынысы,** бұлқыныс пайда болғанда қаламнан кол үзбей отыру керек. Кімнің қайтетінін қайдан білейін, мен өзім шабыттың бүкіл солін сығып алып, күр сүлдерін қалдырганша орныманнан тұрмаймын. Аурудың аты ауру, бірақ жұмыс өте жақсы істелді. Кейде ол творчество

мені бүкіл сыркаттан сауықтырып жібереді.

Өлең – ең әуелі шығармашылық, қажырлы енбек. Азапты, жүйке-те салмақ салатын жұмыс. Онашалануды және тыныштықты сүйе-ді. Егер мен ондай толғақ үстінде жарым жолда токтап қалсам, кейін онда ой соңынан қуалау маған киын. Алғашкы құмарлыктан ажырап қалам.

Мен өзімнің «Менім» арқылы жасырмай, жаппай өмірімнің ше-жіресін жасап шыктым. Жанымның мұны мен қуанышы – бәрі сонда. Солар басқа жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс деп ойлаймын.

Сонымен, достар, бүкіл менің жазғаным – бар-жогы бір ғана бүтін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасреті мен қуанышы туралы поэма. Егер нанбасандар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып керіндерші. Естерінде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын. Яғни, жылына және бойына қарай, соナン соң көз алмай оқындар. Сюжетіне көніл аудармай-ақ коюларына болады, ал композициясы мен архитекто-никасына зер салындаршы. Егер

мені содан таппасандар, онда ақын болмағаным!

Ия, Мұқағали рас айтады...

7.2. Үйқас

Үйқас – өлең қатарларының (тар-мақ) үндесін келуі.

Тармактардың аяғының үй-кастығы үйқастық деп аталады (А. Байтұрсынов).

Үйқас қайталаңып отырып, өлең-нің ыргақтылығын күшетеді. Үйқас өлең жолының аяғындағы паузаны күшеттіл, өлеңнің жолға бөлінуін айқын білдіріп отырады (Е. Ысмайылов).

Шейх Ахмет Хұдайдад Тарази: «Барлық ғұлама және ғылым саласының майталмандарына қафия ғылымын білу өте маңызды екені белгілі. Өйткені шабыттың жемі-сі – өлең. Ал өлеңнің негізі – қафия (үйқас). Қафиясыз өлең болуы мүм-кін емес», – дейді.

Буыннан кейін ыргаққа қан жү-гіртетін – үйқас.

Жоғарыда айтқан силлабикалық өлең жүйесіне жататын казак өлеңін-дегі негізгі үйқас түрлері мыналар:

Үйқас түрлері:

1. Кара өлең үйқасы:

- а Іші алтын өлеңімнің, сырты күміс,
- а Жақсы атқа бірдей бітер жорға, жүріс.
- б Өлеңім – жақсылардың жан азығы,
- а Тағы да табам екі қолға бір іс.

2. Шұбыртпалы үйкас:

- а Бәрімізге ай ортақ,
- а Қайырлы болса, бай ортақ,
- а Жақсы болса, би ортақ,
- а Көп жасаған көне ортақ.

Шернияз

3. Ерікті үйкас:

- а Бұлттан шыққан айға ұқсан,
- б Тұр еді Назым нұрланаңып,
- в Атлас көйлек үстінде,
- г Кек арбага сүйеніп,
- б Шыбыктай белі бұралып.

«Камбар батыр» жыры

4. Кезекті үйкас:

- а Еділдің бойы ен тоғай,
- б Ел кондырсам деп едім.
- в Жағалай жаткан сол елге
- б Мал толтырсам деп едім.

Махамбет

5. Шалыс үйкас:

- а Желсіз тунде жарық ай,
- б Сәулесі суда дірілдеп.
- а Ауылдың шеті терен сай,
- б Тасыған өзен гүрілдеп.

Абай

6. Егіз үйкас:

- а Ак сақалды бабалар,
- а Ак сүт берген аналар,
- б Таласып өскен женгелер,
- б Тенесіп өскен інілер.

Күдерікожа

7. Арапас үйқас:

а Кебеже қарын кен күрсак,
 б Артық тұган Абылай,
 в Көтере көр бұл істі.
 в Көп Қытайдың жылкысы,
 в Тұрымтайдай құнысты
 г Жау жағадан алғанда,
 г Ит етектен алғанда,
 д Ер Абылай қорықкан жок,
 в Эншейін еңкейіс бере жылысты.
 ж Бәсентиін Сырымбет
 в Оқ жіберіп ұрысты.
 и Ақыл қалмас кашканда,
 и Дегір қалмас сасқанда,
 с Баяндай ерді көрмессін
 и Бұрылым жауды шанышканда.

Тәтіқара

Өлеңнің ыргак жасайтын боліктегі мұналар: дыбыс, буын, бунақ, тармақ, шумак, түйдек (тирада).

7.3. Буын

ЫРГАҚ туралы А. Байтұрсыновтың айтқаны: «Сөздің олең болып көңілге ұнауы – реттіліктен туатын қасиет. Сөзді айтқан кезде, сағаттың шық-шық жүргені сияқты, тамырдың бұлк-бұлк сокқаны сияқты, дауысың бір түрлі ыргақ-ыргақ болады. Сағат шық-шық еткенінің, тамыр бұлк-бұлк сокқанының арасы қандай бірдей болса, сөйлегендегі дауыс ыргақ-ыргағы сөзді бірдей-бірдей буынға беледі. Сондыктан сөз табиги негізінде камыс сияқты бунақ-бунақ буыны бар нәрсе болып шығады. Және де сөздің буындары бір қалыпқа құйып шығарған кірпіш сияқты бірдей деп білуіміз керек».

Буын деген мұнау:

Жел-сіз түн-де жа-рық ай,

Бунақ деген мұнау:

Желсіз түнде / жарық ай

Тармақ деген мұнау:

Желсіз түнде жарық ай

Шумак деген мұнау:

а Желсіз түнде жарық ай,

б Сәулесі суда дірілден.

а Ауылдың шеті терен сай,

б Тасыған өзен гүрілден.

Бұл үйқасы – а-б-а-б ретті, 7-8 буынды, 2 бунакты, шумагы – 4 тармакты олең түрі (*Әлемдік әдебиетте*

ең көп тараган өлең шумагы төрт тармақты болып келеді).

Осы бөліктердің ішінде буын, бунактың ырғакқа әсері недәүір. Үрғак бірсыдырыгы болу үшін өлең

шумагындағы әр тармак буын һәм бунактары бірдей болу керек. Сонда өлең техникасы қатесіз, мұлтіксіз орындалған боп саналады. *Осылай тәжірибелі өлеңге мысал:*

Бас бунағы үш буынды, қалған екі бунағы төрт буынды өлең:

3		4		4
Ызындан	үшкан мынау		біздің маса,	
3		4		4
Сап-сары	аяқтары ұзын		маса,	
3		4		4
Өзіне	біткен түсі		өзгерілмес	
3		4		4
Дегенмен	қара яки		қызыл маса.	
3		4		4
Үстінде	үйіктағанның		айнала үшіп,	
3		4		4
Қакқы	жеп қанаттары		бұзылғанша.	
3		4		4
Үйкысын	аз да болса		бөлмес пе екен.	
3		4		4
Коймастан	құлағына		ызындаса.	

Ал енді казақ өлеңінің патшасы Абайдың өлең техникасына карайык:

Бунактары бірынғай емес өлең:

4		3		4
Олең	сөздің патшасы		сөз сарасы,	
3		4		4
Киыннан	кыстырыар ер		данасы	
4		3		4
Тілге женіл	жүрекке		жылы тиіп,	

3	4
Теп-тегіс	жұмыр келсін
4	3
Бөтен сөзбен	былғанса
4	3
Ол ақынның	білімсіз
4	3
Айтушы мен	тындаушы
3	4
Бұл жұрттың	сөз танымас

4
айналасы.
4
сөз арасы, 1. А инициалы
4
бишарасы.
4
көбі надан
4
бір парасы.

Абайдың өлең техникасында бірнеше кате байқалады. А. Байтұрсынов бұл өлең кемшіліксіз болу үшін байланыс көрсеткендегі деңгээлде оның мәдениеттік мағынасын сипаттауда орналасқан.

4	3
Өлең сөздің	патшасы
4	3
Киыстырыар	киыннан
4	3
Тілге женіл	жүрекке
4	3
Жұмыр келсін	теп-тегіс
4	3
Бөтен сөзбен	былғанса
4	3
Ол ақынның	білімсіз
4	3
Айтушы мен	тындаушы
4	3
Сөз танымас	бұл жұрттың

4
сөз сарасы,
4
ер данасы
4
жылы тиіп,
4
айналасы.
4
ең арасы,
4
бишарасы.
4
көбі надан
4
бір парасы.

Осы жерден не байқауға болады?
Эрине, Абай өлеңінің өзгерілген екінші түрінде буын, бунактар тарактың тісіндегі теп-тегіс болып реттелді. Яғни, өлең техникасы орын-

далды, бірақ одан Абайдың стильдік өрнегіне закым келген сиякты. Сондағысы бір-екі сөздің ғана орны ауысты. Демек, жалпы ереже нақты өлең өрнегіне зиянын тигізіп тұр.

Бұдан әрине біз бунактардың реттілік қағидасын жокка шығарайын деп отырған жокпыш. Мысал ретінде келтірілген А. Байтұрсыновтың өлеңі бунак реттілігінің арқасында, шынында, оқылғанда жорғадай тайпалып, жағымды-ақ болып түр. Бірақ Абайдың да өлеңін әлгі бір-екі ғана ретсіз бунактардың асерінен көркемдігі солғын тартып түр деуте бола ма? Демек, бұл жерде А. Байтұрсыновтың Абай өлеңіне жасаған түзетуі онша дұрыс болмай шыкты. Бунак саны келмесе де түпнұсқа өзгертілген варианттан әдемі әрі келісті бол түр. Өйткені түзетуге өлең пішіні келгенмен, рухы қөнбей түр. Бұны бірақ А. Байтұрсыновтың өзі де «Әдебиет танытқышта» айтып кеткен: «Егер де сөз бір жүзді нәрсе болса, казак өлендерінің көбі асыл сөздін табынан шығып калар еді. Олай болмайтыны – сөздің бір жүзді емес, екі жүзді нәрселігі. Сөздің сыны жалғыз тынысында ғана емес, ішінде де бар. Тыскарғы кесте кемшилігін ішкөргі мағына жақсылығы жуып, көбінесе өлең кестесі жағындағы кемшіліктегін біліндірмейді, тексере бастағанда болмаса, жогарыда айтылған кемші-

ліктердің көбі жай қарағанда сезілмей өтеді».

Силлабикалық өлең туралы кезінде Э. Коныратбаев та ой-пікірін айттып кеткен: «..туркі тілде екпін (accent) жок. Түркілерде метрикалых емес, силлабикалық өлең ғана бар. Түркілердің өлең буындарын екпінді-екпінсіз немесе ұзак-қысқа деп белу – жасандылау.

...Казак өлеңінің бунактарында «долгость», «краткость» дегендер жок. Біздегі өлендердің екпіні буынға, тұтас бунакқа туседі. Акцент деген жалғауда емес, түбірде. *Бунақ дегеніміз* – дауыстың бір көтеріліп барып тынған жері, оны музыкалық ыргак дейді. Сол ыргак жойылса өлең жок. Егер «Құдатку биликтін» өлеңдік өлшеуін: «Баят (2) аты (2) бирла (2) созум (2), башладум (3) деп бөлсек, бұл жасандылық болар еді. Өйткені мұнда бунақ жеке сөздерге бөлініп, божырап кеткен, ондай жерде түрк өлеңі үйқасы бар мақалға, прозаға айналады. Шынында бұл өлең байт үйқасында көрінген түркмен күйінің бір түрі ғана. Оның рубайды көрінетін классикалық үлгісі мынау:

Айыл тарттым (4) наз бедеудің (4) беліне (3).

Сұңқар шуидім (4) айдын шалқар (4) көліне (3).

Мен айтамын (4) Барын қайда (4) сіздерге (3).

Шаптай атты (4) қайта бер, қалмақ (4) еліче (3).

Бұл ән емес, домбыра күйіне құралған өлең, жазбага ерте түскен өлшемінің бірі. Жазбага сүйенген ақындар әнге үлкен мән бермеген. Абайдың кара өлендерінің бір жолы 4-3-4, екінші жолының бунақтары 3-4-4 болып келеді. Бірақ ол бунақ заңын берік қолданған. Түркі өлендеріне тән бунақ заңын бұзу «Құдатқу билик» өлендерінде бар. Мысалы «Билип (2) сөзлаған сөз (4) биликке (3) санур» (2) деген жолдың сыртқы өлшеуі 11 болғанмен, бунақ заңдары сақталмаған. Мұнда екпінді, екпінсіз буындар жок. Үйкастың барлығын ғана айтпасак, өлең прозаға үксап кеткен. Бұл жерде бантайкасын ғана аruz элементі деу керек. «Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса» деген жерде екпін буын емес, бунакка түсіп тұр. Бунақ екпіні дегеніміз – музыкалық ыргак. Буындардың ұзын-кысқалығы, екпінді-екпінсіздігі – араб, парсы тіліне тән метрикалық белгі. Араб-парсы ұзак және қыска буындардың кезектесіп келуіне негізделеді. Оны (акцент) буын екпіні дейміз. Ондай буын екпіні түрктерде жок. Сондықтан екпін африкатизмге негізделген тілдердің заңын акцентсіз тілдерге қолдану кажетсіз». (Ә. Коныратбаев, Түркі арузы жөнінде бірер сөз // Қазак эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – 287-286.).

Тәкен Әлімқұлов: «Қазақ өлеңінде буын өлшемінің бірдей боп отыруы шарт. Біз «8 буынды өлең, 11 буынды өлең» дегендеге, көбінесе осы жағынан алып айтамыз. Рас, халық:

*Көгілдірік,
Көк дөненге жасасар өмілдірік, –*

деген сияқты, өлеңнің буын өлшемін бұзып та айта береді. Бірақ соның өзі бірәуенес келеді. Осы айтылған екі жолды сол күйінде де әнге салуға болады, немесе:

*Көгілдірік деген соң көгілдірік,
Көк дөненге жасасар өмілдірік, –*

деп, сөз косып (буын өлшемін толтырып) әнге салуға да болады».

Жеті буынды өлең. Академик Ф. Корш (Корш Ф. Түркі нәсілділердің байыргы халық өлеңі. СПб., 1909. – 26 б), В. Гордлевскийлер (Гордлевский В. Түркі әніне жасалған байқаулардан // «Этнографиялық шолу». 1908. – 79 кітап. № 4. 69 б.) жеті буынды өлең – түркі текстес халықтардың ең ескі өлең түрі деген (З. Қабдолов). Профессор Ә. Коныратбаев: «Түркілердің жыр өлшеуі 4+3 (7), кейде 7-8 буыннан құралады» деген. А. Байтұрсынов: «Жар-жар – 13 буынды, жай өлең – 11 буынды, ескі жырлар – 7-8 буынды деген».

Мысалдар:

Ескі тарих сөздері:

Алаш, алаш болғанда, (7)

Ала тай ат болғанда, (7)

Таңбасыз тай, (4)

Еңсіз қой болғанда, (6)

Алаша хан болғанда. (7)

*Ақ-та-бан / шұ-быр-ын-ды /, Ал-
қа-көл / сү-ла-ма*

4 3

Барап жерін, / Балқан тау,

4 3

Ол да біздін / көрген тау.

*Бұланайдай / тау болмас, (7) Бұ-
ланайын / аң болмас (7).*

4 3

Ұлытауга / бардың ба,

4 3

Үлар етін / жедін бе?

Мақал

2 5

Көрмес / түйені көрмес

4 3

Битке пышақ / суырма

Бесік жыры

4 3

Әлди, әлди / ай бөпем

4 3

Айналайын / айымыз!

4 3

Алты қарын / майымыз!

4 3

Жеті қарын / жентіміз!

4 3

Шахар Бұхар / кентіміз!

Tolgay

4 4

Сере, сере, / сере қар

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Қазыгүрт ауданы, Үш бастау ауылы-
ның 90 жастагы тұрғыны Сөлтәй
Сұлтанқызынан жазылып алғынған
*Ұлы Отан солисы кезіндегі фоль-
клор улгісі:*

Эн-гір-ен-нен / ат кел-ді,

Ат жал-ын-да / хат кел-ді.

А-пар-май кет-кір / ку пой-ыз,

А-пар-ып тас-тап / бос кел-ді.

Он бір буынды өлең. Он бір
буынды өлең – қазақ өмірімен біте
кайнасан ескі өлең өлшемдерінің
бірі. Формасы – 4 шумак, үйкасы не-
гізінен – (ааба) (Зәки Ахметов), бұл
үйкасты – қара өлең үйкасы деп те
атайды. Қара өлең қазақ поэзиясында
ең көп колданылатын – жанр. Про-
фессор Б. Кенжебаев: «Ертеде казақ
өлендерінің кай түрі болсын әнге ке-

леді – баяу, желдірме, шыркама әнмен айтылады, оқылады. Әсіресе кара өлең шыркамалы, ырғакты әнмен айтылады», – дейді. *Он бір буынды өлең туралы З. Қабдолов* былай дейді: «...он бір буынды өлең – казактың ақындық өнері баяғыда туғызған, калыптастырған, дамыткан етене, тұма өлшем, адамдардың куанғанда әні, кайғырганда мұны болған, қашаннан қоңылдегі сырын, өмірдегі шындығын сәулелендірумен келе жаткан, аса икемді, сұлу, сазды да назды өлең. Бұл өлшемнің ықылым ғасыр жасаса да, көнеру орнына жанарып, картаю орнына жасарып келе жатуы да сондықтан. Бүгінде де бұрынғыша он бір буын әрбір талантты ақынның ешкімге ұқсамай, тек өзінше, тек өз өзгешелігімен ғана жазуына ешқашан кедергі болған емес, болмайды да, бұл өлшемнің мұмкіндігі мол, ғұмыры ұзак болу себебі де сондықтан». Айтса айтқандай, он бір, буынмен Абай жазды (*Алланың өзі де рас сезі де рас*), Мағжан жазды (*Жүргегім мен зарлымын, жаралыға, Сүм өмір абақты гой санағыға*), Мұқагали жазды (*Фариза, Фариза жан, Фариза қызы, Өмірде ақындардың бәрі жалғыз*), жазғанда да қарал отырсақ, олар ең асыл жыр шумактарын осы өлшеммен жазыпты. Шын мәнінде бұл казактың онтайына келетін жыр өлшем.

Басқа буынды өлеңдердің бәрі осы аталған негізгі буынды өлең

түрлерінен (7-8, 11, 13) шығатын өлшемдер екенін айттып кету керек.

Кара өлең. Қазақ поэзия тарихында кара өлеңнің алар орны ерекше: афоризм-фразеологизмдер – әдебиеттің нәр сорғыш түп тамыры болса, кара өлең – оның алтын дінгегі. Кара өлең – казақ өмірінің шежіресі һәм айнасы. Ақиық ақын *Мұқагали*:

Қалқам,

*Мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен,
Қазақтың қара өлеңі-құдіретім
Онда бір сұмдық сыр бар
естілмеген, –*

деген.

Соган қарағанда қара өлең Мұқагалидың әдеби шикізаттық коржыны болғанға құсады. Кара өлеңді өзіне темірқазық еткен Мұқагали шатастапған. Ол XX ғасырдың екінші жартысындағы лидер ақынның бірі яки бірегейі болды. Мұқагали – кара өленнен өсіп шықкан әдебиет ағашының бір бұтағы, жайқалған сәнді жапырағы.

Кара өленнің түптік негізі жөнінде оны жинаушы Оразакын Аскар былай деген: «Ауыз әдебиетінің арғы атасы эпостық поэмалар делініп журген кезендерде: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар

тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады», – дейді М. Әуезов (Әуезов М. Шыгармалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 2Т. 236 б.). Ал тұрмыс-салт жырларының өзіне оның ең шағын түрі қара өлең

іргетас болмады ма екен? Осы тұста ауыз әдебиетінің қара өлеңнен де ықшам жанры мақал-мәтелдер бар екенін еске алу орынды. Бірак сол мақал-мәтелдің өзінде қара өлеңнің нышаны бар:

Орамал тон болмайды, жол болады,

Бұл – үш буынды сөзбен басталып, төрт буынды сөзбен аяқталатын кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің айна қатесіз бір түрі.

Алтынның қолда барда қадірі жоқ,

Ер мойнында қыл арқан шірімейді,

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды,

Дүние бір тыыннан қуралады.

Жеке жол қалпында да образды ой туындағы, мақал-мәтел ретінде өмір сүріп келе жатқан мұндай қара өлең жұнрақтарын айта берсек тіпті көп» (Аскар О. Қара өлеңнің қайнары // Қара өлең. – Алматы: Жазушы, 1989. – 4-5 б).

Енді біраз қара өлеңдің жілкө тізейік. Оның шырын дәмін татайык.

Басы алтын өлеңімнің бақайы жез,

Өзіңе болдым бүгін оңынан кез.

Іздеген сұраганға ұшырасса,

Әр түрлі ойда жүрген айтылар сөз.

Іші алтын өлеңімнің, сырты күміс,

Жақсы атқа бірдей бітер жорға, жүріс.

Өлеңім – жақсылардың жсан азығы,

Тағы да табам екі қолға бір іс.

Біледі судың жайын мұрап деймін,

Жарасар көрпешеге құрақ деймін.

Осындаи бір-бірмеге кез келгенде,
Айта отыр олеңінді шырақ деймін.
Куырдым қоңыр бауыр, қызыл өкпе,
Көктемде қырау тұраг үзын шөпке.
Өлеңді жақсы да айттық, жаман да айттық,
Баласы текті атанаң бізді сөкпе.

Әуеде үшып жүрген ала шыбын,
Ол дагы іздей ме еken жсанашырын.
Не болар мен келгение деп жүруші ем,
Барсың ба аман-есен қараашыым.

Күн батып сам жабыла түн болады,
Көртышқан қазған жері ін болады.
Әріптес, өз атыңды енді білдім,
Айтыңыз әкең аты кім болады?

Шықпайды жерге егін екпесеңіз,
Келмейді арман өзі жетпесеңіз.
Конбейтін дұрыс іске жан болмайды,
Абаілап ақылменен ептесеңіз.

Жантакты жолда жатқан алып таста,
Кірмесін кісіге де сенен басқа.
Мың болып бір жақсылық еселенер,
Кейінгі үлгі болса келер жасқа.

Қарагай мәуе болмас ілгендемен,
Кара құс қаз ілмейді шуйілгендемен.
Аяғын аңдан басқан құр қалмайды,
Іс бітпес құр далақтап жүгіргендемен.

Келсекте әрқайсымыз әлдеқайдан,
Демеуші ек мынау аргын, мынау найман.
Жүруші ек тіршілікте бір төбеде,
Өлсек бір табылардай терең сайдан.

Ошақта от өрши жанар көсегендеге,
Жейді екен елді болыс төсегендеге.
Шет жерде жарлы болып, жалғыз қалсаң,
Сол жаман ыңқылдаған кеселден де.

Адам басы тағдырдың добы деген,
Қайда үрса сонда кетер қолыменен.
Тыңнан із салып кетсе алдыңғы арба,
Соңғы арба жүрер болар соныменен.

Жарқырап жүлдіз біткен ай болмайды,
Есекті қанша күтсөң тай болмайды.
Сагызды күндіз-түні шайнасаң да,
Бір тістем жүрек жалгар май болмайды.

Жібекті түте алмаган жүн қылады,
Әйелді күте алмаган күң қылады.
Жаманга жайды білмес ісің түссе,
Балсініп, жігеріңді құм қылады.

Жаманга жолдас болсаң кунде кейіс,
Жақсының жүрген жері бейне бейіш.
Тұргандай жеміс пісін бақшадағы,
Болады бір рақат дүние кеңіс.

Атыңнан айналайын атамекен,
Кім сени Баркөрнеу атады екен?!
Кайғы мен қатаны да көремісің,
Саганда соның зілі бата ма екен?

Шыққалы мен үйімнен көп күн болды,
Соққан жел қабыргадан екпін болды.
Жалғанда ел күйігі жаман екен,
Саргайып акша бетім секпіл болды.

Калбаның қар токтайды биігіне,
Кім шыдар туган жердің күйігіне.

Жерінен жас баланы көп шеттетсең,
Өгейсір ер жеткен соң үйіріне.

Елді тастап кеткенде алыс жаққа,
Созған қолың жетер ме атақ, баққа.
Канша жүйрік болсаң да өгей жердің,
Өз жасабысы саналадар аргымаққа.

Күнде алишы туысірсең де асығыңды,
Көрмейді жат жер сені тасы ғүрлү.
Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді,
Әркімнің өз елінде басы құнды.

Таң атып баяғыдай күн шығып жүр,
Бес парыз мұсылманда құлышылық жүр.
Ел жаңа ету жылда жүз жыл қазан,
Заманға қарай пендे құлышынып жүр.

Шаш алмас жасық темір қайраганда,
Томар су суат бермес жайлаганга.
Көңілің таста болса бір жібиді,
Кектемде қара торғай сайраганда.

Алтын бу ақ көбіктің бетін жабар,
Судан бу көкке төніп маржан тағар.
Есіме ақ еркемді алған кезде,
Ақ маржан жылт-жылт етіп жерге тамар.

Жаз болса жердің жузі жайнап тұрған,
Ән шырқап, бұлбұл құстар сайран тұрған.
Болғанда қырық күн шілде сарша тамыз,
Ыстық бол, жердің жузі қайнап тұрған.

Жаз болса жарқыраган көлдің беті,
Көгеріп толқындаиды алыс шеті.
Дірілден толқын басқан мөлдір сұын,
Шайқайды жас баладай желдің лебі.

Қаратай бірде мұнар, бірде тұман,
Аяғын әсем басар жөргө құнан.
Жақсымен өздеріңдей сырласқанда,
Ездіріп құрт ішкендей шерден шығам.

Аспанда бір жұлдыз бар айдан жақсы,
Тигізбез залалыңды, пайдан жақсы.
Жаманга бір сөз айтсаң қорс етеді,
Еріген сары майдай қайран жақсы.

Ай батса қалар дала күңгірт болып,
Көктемде қой өледі қылқұрт болып.
Барында оралыңың ойнада күл,
Қалармыз бізде бір күн жыым-жырт болып.

Үш арқар айдай туып, күндей батар,
Туганда Шабансары таң сонда атар.
Аспаннан жұлдыз тарат, Шолпан туып,
Таң райы күнменен манауратар.

Туады таң алдында Есекқырган,
Көр-жерді дос болмайды есеп қылган.
Арада қыл оттейтін тату едік,
Біздерді дұштан оңбас өсек қылган.

Шығыстан Үркөр туса егініңді ор,
Батса көктен егісті егетін бол.
Қырық күн, қырық түн сол Үркөр көктен беziп,
Жоғалып қараңғыда шегеді жол.

Біреуі он бір балық – Аққайран-ды,
Таза су мекен еткен құм-қайраңды.
Күмістей ақ бауырын жарқ еткізіп,
Жүреді қызықтырып көрген жанды.

Балықтың сүйегі де ас болады,
Тарысын жеген адам жас болады.

*Көлдерден су тартылып шөлге айналса,
Балық жер қабатында тас болады.*

*Ілінсе қармагыма шабақ балық,
Бейне бір ине-жіптей сабакталып,
Балықтың бал сорпасын ішеміз деп,
Жүгіріп жүрсөң, саулем, табақты алып.*

*Көксерке дейтін балық серкесі бар,
Қос қанат – үстінде екі өркеші бар.
Балықтың емін-еркін сайран салар,
Кең байтақ мұхит дейтін өлкесі бар.*

*Көшкенде жылқы айдаймын Жалбаспенен,
Орттан жілік бітеді жамбаспенен.
Көрмегелі көп айдың жузі болды,
Ауыл-аймақ аман ба мал-баспенен.*

*Ауылым көшіп жатыр, қонып жатыр,
Үығын сыртылдатып эконып жатыр.
Бірге өскен кішкентайдан, беу қарагым,
Арманым саган айттар толып жатыр.*

*Білгенге бұл дүние кезек еken,
Қанша айтсаң, жаман оны сезе ме еken.
Жаманның алденеге қолы жетсе,
Достан да, туыстан да безеді еken.*

*Дүние көз жеттейтін бір кең сарай,
Тоймайсың қызығына қарай-қарай.
Сарайдың қожасы мен болам деген,
Адамдар дүниеден өтті талай.*

*Кедейдің не қылса да ісі өнбейді,
Әйтседе кедейліктен кісі өлмейді.
Бір сырлы, сегіз қырлы болсаңдагы,
Жоқшылық аяқ-қолды кісендейді.*

Аяғыма кигенім киіз етік,
Жаяу қайттым аулыңнан бүлкілдеміп.
Сұмырай бай ақымды бермей қойды,
Ақыретте алармын зікірлеміп.

Астыма мінген атым қоңырым-ай,
Қолыңнан берші науат омырып-ай.
Түсімде қыраныма түлкі алдырдым,
Сол түлкі сен болгай деп жорыдым-ай.

Агашы Керекудің селдіреген,
Үстіңде жібек көйлек желбіреген.
Тұндырган тоостаганга қара шайдай,
Көзіңнен айналайын мөлдіреген.

Басы бар үршығымның қорғасыннан,
Өзіңе болды гашық он жасымнан.
Төрт болды екі көзім жолға қарап,
Тым құрса сәлем айтыши жолдастынан.

Мінемін той дегенде қызылымды,
Жайлайды Коңырат елі Қызылқұмды.
Өріктей жаңа піскен уылжытып,
Қандай жсан көрер екен қызығыңды.

Қызыл сиыр, ендеши қызыл сиыр,
Ауылыңның маңайын қылдым шиыр.
Жәйімді құй білерсің, құй білмессің,
Жабырқап жаман азып журмін биыл.

Мінеки біздің сөздің өрлегені,
Пенденің жур көрісіп өлмегені.
Әуеде ұшып жүрген тұз құсы едім,
Қолыңа қонып түрмyn жем жегелі.

Қамысы Әупілдектің мүше-мүше,
Саргайдым осынау көлдің сұын іше.

Қос қанат құсқа біткен маган бітсе,
Барар ем қалқажсанга алденеше.

Сені көріп ішіме түсті гой дерт,
Сүтке салып қайнатқан тарыдай бөрт.
Көзім көріп қошемет мен айттаймын,
Талтынгандан бала құстай сертіңе жет.

Кигенім аяғыма көк кебісті,
Қазанда қалқып жүріп өкпе пісті.
Бірге өскен бала кезден, беу, қарагым,
Жас шағым сені көріп еске түсті.

Карқаралы басында жалғыз ариша,
Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманиша.
Тіршілікте ойнат-кул осындаиды,
Өмірің аз ба, көп не әлде қанша.

Жігіт бол жігіт болсаң шым жібектей,
Қаттылық қадалады тікенектей.
Ақылың Аплатондай болса-дагы,
Оңбайсың өз халқыңа қызмет етпей.

Қыз емес қыздың аты-қызыл күріш,
Келгенде қыз он беске ногай журсіс.
Қырымнан қыз көзіме шалтынганды,
Жазылар бойымдагы күрыс-тұрыс.

Бесіктен шықпай жастып қайғы торып,
Жаңбырысız саргалдақтай қалған солып.
Алдыңда қайда барсаң қорқыт көрі,
Бақытсызы неге тудық халық болып.

Кең жайлай қош аман бол өскен жерім,
Қалың ел қайтқан қаздай көшкен жерім.
Есейіп есіл қазақ ел бола алмай,
Таланып ит пен құсқа өшкен жерім.

Ақ орда артта қалды сарайлары,
Агарар артын ойлан самайлары.
Қаңғырып жүргенінде көп қазақтың,
Көмүсіз қала ма алда талайлары.

Бауырың қатын-бала жауда кетті,
Қатал жсау Қаратаяды ойран етті.
Қазақтың қайдасыңдар батырлары,
Алсанышы жасақ бастап жаудан кекті.

Желектің жібек еді жиектері,
Қалтыраг қалжыраса иектері.
Хандардың қазынасында болған қазақ,
Төрт түлік малга толған үйектері.

Көзімнен ақкан жасқа жүзеді үйрек,
Тайсойған, Қызылқога, қалды бүйрек.
Патшага бір қылмысты болып қаштым,
Көзіне уезднодың наиза түйреп.

Аяғы Бұлдыртының түзды көлді,
Қоныстан кудерімді үздім енді.
Патшаның жарлығына көнбекен соң,
Тентек деп патша құды біздің елді.

Үгып ал мына сөзді миң барың,
Жаратқан Аллаң болсын сиынарың.
Қатышылық неше күндік қонақ шыгар,
Көре жсур күйсізінді күйі барың.

Сенбендер сіра, зіннәр алдекімге,
Сұлтандық солтек жүріп өнер деме.
Алаштың адап жүрмек ата жсолы,
Тіліне нәспін шайтан ере көрме.

Өзінді сақта влімнен ертелі-кеш,
Еш уақта намысыңды қолдан берме.

Үй табу, үйр табу қын болар,
 Жаулармен сүйектамыр бола көрме,
 Жүрмесін өкініш бол пенделігін,
 Болмасын ата жауга ермелігін.
 Жеп қалма саяқ жүріт сырттан таяқ,
 Шықпасын есте естен елдегі күн.
 Биік көкте қалықтар қара құмай,
 Қаратаудан кош келер үбай-шұбай.
 Ата қоныс жайлалауга жүк түсіріп,
 Күліп-ойнар күн қайда баягыдай.

— Іңбіл мінінде калың көрдің көбі

* * *

Жыраулар. Жыраулар поэзиясы – казак әдебиетінің алтын кеңіш мұрасы. Жырауларды қатты зерттеп, зерделеген – Мұхтар Мағаун. Фалым жыраулар мұрасын зерттеген еңбекінде (Кобыз сарыны, 1968) жыраулар поэзиясының біршама ерекшеліктері туралы айтады. Жырау – өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй аксакалы (М. Мағаун). Жыраудан ел-жүргір дағдарып, халық бүліншілікке үшыраған сәтте кеңес сұрайтын болған (Ә. Марғұлан). Олар неғізінен толғау жанрында жырлаған. Толғауда шумак болмайды, түйдек болады. Түйдекте тармактар шумак секілді шағын түрде емес (2-4-6), ұзак, шұбыртталы түрде топтасады. Жыраулар толғауында буын саны бірқалыпты болмаған. Жыраулар үйкес күрганда тек соңғы емес, басқы буын үйқастарына да мән берген:

*Салт-салпынишақ анау уш өзен,
 Салуалы менің ордам қонған жер.
 Жабагылы жасас тайлак
 Жардай атан болған жер,
 Жарлысы мен байы тең,
 Жабысы мен тайы тең,
 Жары менен сайы тең,
 Ботташығы бұзаудай,
 Боз сазаны тоқтыдай,
 Балығы тайдай тулаган,
 Бақасы қойдай шулаган...*

Толғауларда бір сөздер қайталағып келетін болған:

*Алаң да алаң, алаң жүрт,
 Агала ордам қонған жүрт...
 Салт-салпынишақ анау уш өзен,
 Салуалы менің ордам қонған жер...
 (Казтуған)
 Тогай, тогай, тогай су,
 Тогай қондым өкінбен...*

Сере, сере, сере қар...

(Доспамбет)

Ор, ор қоян, ор қоян,

Ор қоян атты бір қоян...

(Шалқиіз)

Бұындар бұзылып келе беретін болған:

Темір еді биіміз, 7

Теңіз еді халқымыз, 7

Тебірлерге қалғанда, 7

Теңселер сойды ауыр ногай

жүртүңыз! 13

Соқса бір жілік сындырган, 8

Көк қоянның қос құлагын

тұндырган, 11

Көгілдірдің жез қанатын

сындырган, 11

Тегеуірінді болат темірдің 9

Тегеуріні өзіңсің! 7

(Шалқиіз)

Зерттеуші бұындардың бұзылып келуін жыраулар поэзиясының әлі толық зерттелмеген көркемдік ерекшелігі дейді. Б. Кенжебаев: «Жырда өлеңдегідей өлшемінің, үйкастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз үйкасына емес, ой түйдегіне, ой үйкасына қарай киыстырылады. Көп жерлері, тіпті үйкассыз да келеді», – деген (Б. Кенжебаев. Қазақ өлеңінің күрылсы туралы. – Алматы, 1955. – 21 б.) Жырдың

бұл ерекшелігін А. Байтұрсынов та байқаған, ол «Әдебиет танытқышта» бұл туралы: «Жырлар, кесте кескіні жағынан қарағанда, нағыз өлең сөйлемдер мен жай сөйлемдердің арасындағы, жорға мен жортактың арасындағы жүріс сиякты, сөйлемнің дүрегей құлді-бадам түрі» дейді. А. Байтұрсыновтың бұл пікірін біз тек таза буын теориясы тұрғысынан айтылған тұжырым деп кабылдаймыз.

Осы жерде қазақ өлеңінің бірі – айы, бірі – күні, бірі – жұлдызы болған һәм оған аямай жарық нұрын түсірген, зор тұлғаларды теріп, айта кетейік. Соның бірі – Бұқар жырау. Абылай ханның жанында болып ақыл-кенес айтушы. Қазақ хандығының ірі тұлғасы. Тарихта аты қалған бедерлі тұлға.

Айтар болсаң Алланы айт,

Таңертеп азан шақырган,

Дауысы сұлу молланы айт.

Өз жынысының ішінде

Даусы аңы тырнаны айт.

Тауық жунді таз тырна

Тақырышық жерге қонбас па?

Таралып жуні қалмас па?

Ақ сұңқар құстың баласы

Үяда алтау тұмас па,

Үяда алтау тұғанмен,

Оның ішінде біреуі-ақ алғыр

ғылда болмас па?

Алғырының белгісі

Ұзақтан жемді ілмес не,

Бірге тұган ұялас
 Бізге сауға демес не,
 Өзі аштан өлсе де,
 Айырып жемін бермес не?
 Сәйтіп жүрген кезінде
 Алғырынан айырылса,
 Қанаты түптен қайырылса,
 Құс жаманы жасаптақ
 Оған да қор болмас па?
 Адамзаттың баласы
 Атадан алтау тумас па,
 Оның ішінде біреуі арыстан
 болмас па?
 Арыстаниң барында
 Жоргасы болса мінісін,
 Торқасы болса киісін,
 Толғамалы қамши алып,
 Толғай да толғай дәүрен сүрмес не?
 Сәйтіп жүрген кезінде
 Арыстанинан айырылса,
 Қанаты түптен қайырылса,
 Ез шетіне жау келсе
 Өтініп оны ала алмай,
 Алдына келген жақсының
 Қадірін оның біле алмай,
 Қадір құрмет қыла алмай,
 Артында қалған жамандар
 Бас-басына тозбас па?!

Келесі айтар тұлғамыз – Махамбет. Қазактың шиырлы тарихында ысатай һәм Махамбет (Мұхаммед) сәмдері елеулі жарық жүлдзыздарын бірі боп қалған. Махамбет – ершілт ақын. «Ақиқатқа барад жолда басын тіккен жан» деп түсінеді, оны бүтінгі жұрт. Тарихта Жәңгір ханмен

ерегіске түсіп, арты қайғылы казамен аяқталғаны мәлім. Солай болғанда Жәңгір ханның да өмірі кедір-бұдыры көп болған өмір. Біреулер оны орыс отарының қуыршағы десе, біреулер халқы үшін қаскайған білімді, зерделі хан деседі. Анығын Алла білер.

Ереуіл атқа ер салмай

*Ереуіл атқа ер салмай,
 Егеулі наиза қолға алмай,
 Еңку-енқу жер шалмай,
 Коңыр салқын төске алмай,
 Тебінгі терге шірімей,
 Терлігі майдай ерімей,
 Алты малта ас болмай,
 Өзіңнен тұган жас бала
 Сақалы шығып жат болмай,
 Ат үстінде күн көрмей,
 Ашарыштық, шол көрмей,
 Өзегі талып ет жемей,
 Ер төсектен безінбей,
 Ұлы түске ұрынбай,
 Түн қатып жүріп, түс қаштай,
 Тебінгі теріс тағынбай,
 Темір қазық жастанбай,
 Құ толагай бастанбай
 Ерлердің ісі бітер ме?*

Өлеңді айтып, Абайды қалай айтпаймыз? Ол туралы қазақ оқындары өткен ғасыр басында былай деп еді: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қаранғы түні ғылым сөүлесінен бүркеп, тұншықтырып түрган кезінде, тұншықкан елге дем болуга,

каранғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге құдай жіберген хакиқаттың ұшқыны Абай туды» (Екеу. Абайдың өмірі һәм қызметі // Абай. 1918. №2. Ескертү: «Екеу» – Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің әдеби бүркеншік есімі).

Абай сол. Абай туралы осы «Екеу» жақсы айтқан. Сөздерінде зор астарлы шындық қабаты бар.

Күлембайға

Болыс болым мінеки,
Бар малымды шығындан.
Түйеде қом, атта жасал,
Қалмады елге тығындан.
Сойтсе-дагы елімді,
Ұстай алмадым мығымдан.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындан.
Әлсіздің сөзін салғыртсын,
Шала ұғамын қырындан.
Сияз бар десе жүргегім
Орнықпайды суылдан.
Сыртқыларга сыр бермей,
Күр күлемін жынындан.
Жай жүргенде бір күні,
Атшабар келді лепілден:
«Ояз шықты, сияз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілден.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті дүпілден.
Тың түяқ күнім сүйтсе де,
Карбаңдадым өкімден.
Старышын, биді жигыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,

«Ат жарамды, уй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып журмін күпілден:
«Құдай қосса, жүртыхмың
Ақтармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттанып, қамқорсын,
Сайманымды бүтіндел.
Оңашада оязга
Мақтамаймын елімді,
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ, – деп – белімді»,
Мақтанаңын кісімсін,
Оязга сөзім сенімді.
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлгайды,
Мақтанның көті корінді.
Казақты жеген қайратты «ер»
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысын
Ісі арамы жеңілді.
Ағыны күшті асаулар
Ноқтага басы керілді.

Өлең жайлы сөзімізді кішкене корытпамен бітіреміз. Өлең туралы теориялық мәселелер айтылып жатқанда шарттылықтар көп болады, соны дұрыс түсініп аңғару керек. Мысалы жоғарыда біз келтірген өлең жүйесі деңеген мәселелер осы сиякты болып келеді. Біз өлең жүйесін 3-ке бөлдік: 1) Метрикалық, 2) Тоникалық 3) Силлабикалық деп. Соның ішінде метрикалық өлең жүйесі туралы Тимофеев: антикалық өлеңді шын мәнісінде құлақпен есіткен ешкім

жок, ал терминдер (метр, созымды буын, созымсыз буын, мора, пентаметр, гекзаметр, триметр сияктылар, т.б.) кейінгілердің шығарғаны дейді. Яғни, метрикалық өлең жүйесі дегеннің өзі белгілі бір жағдайда жок нәрсеге сыртынан тон пішуге құсайтын әурешілік бір іс. Яғни, кейбіреулер тарапынан тым тасырлатып, теория шылдатып жіберген тірлік кой. Эйтпесе тілінің өзі өлі тілге айналған (латын) ескі жұрттың өлең өлшемін қаузап одан жүйе, заң жасау онша күптарлық та нәрсе болып көрінбейді. Осыны және басқа айтылғаның бәрін ескере келе, жалпы өлең атаулыға қатысты біздің ұсынатын концепциямыз мынау: Өлеңнің өлең болуы үшін оған әсер ететін үш қасиет ерекшелігі бар. Олар:

Сұраптар:

1. Өлең. Ыргак туралы түсінік.
2. Буынның ыргак жасаудагы қызметі.
3. Казак өлеңіндегі 7-8 буынды өлеңнің алар орны.
4. Үйқастың ыргак жасаудагы ерекшеліктері.
5. Қара өлеңнің ерекшеліктері.
6. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің ішкі құрылсы.
7. Ак өлең ерекшеліктері.
8. Төлеген Айбергенов жырларында ак өлең өрнектерінің орын тебуі.
9. Қазак өлеңіндегі 11 буынды өлеңнің алар орны.
10. М. Макатаев шығармашылығының қара өлеңмен байланысы.
11. Өлеңдегі шабыт мәселесі.
12. Ақын және өлең жазу стихиясы.

1. Эмоциялық, белгілі бір ырғактық дауыс ағымы (Тимофеевтің өлең туралы анықтамасында бұл жақсы айтылған: *эмоционально окрашенная речь, Байтұрсыновша: өнді ыргақ яки жортас ыргақ*).

2. Формалық айшық құрылсымы (дыбыс, буын, бунак, тармак, шумак, түйдек, аллитерация, ассонанс, инверсия, үйкас, ырғак, т.б.).

3. Рухани қалыптық (оган: ақынның дүниеге көзқарастық ұстанымы, мінез-құлқы, таланттық қабілеті, интеллектуалдық білім деңгейі һәм шығармада айтпақ болған ойы, діттегені, т.б. кіреді).

Осы нәрселер бойынан табылған сөздердің жәй сөз болудан қалып, өлең сөзге айналары хак.

8-тарау. ӘДЕБИЕТТІК ТЕКТЕРІ МЕН ТУРЛЕРІ

Әдеби шығармаларды ғалымдар ретке келтіріп, түсінікті болу үшін, тұрлеп, түстеп тектерге және жанрларға бөлгөн. Бұлай бөлу шығармаларды бойға сініріп, кабылдауды оңайлатады. Осы уақытқа дейін әдеби шығармалар үш текке бөлінген: **эпос** – (грекше: *eros* – сез), **лирика** (грекше: *lyra* – лира – өлең айтқанда сүйемелдейтін музыкалық аспап), **драма** (грекше: *drama* – әрекет, кимыл). Эпос деген – оқигалы, ұзакты-қыскалы, автордың баяндауымен болатын шығармалар класы. Байтұрсыновша: «**Әуезе**. Әуезелеуші айтатын сезіне өзін қатыстырмай, өзінен тыскарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады. Ескерту. Тыскарғы ғалам деудің мәнісі – адамда екі ғалам болады: ішкі ғалам, тыскы ғалам. Ақыл, көніл, киял сияқты адамның рухына қараган жағы ішкі ғалам болады да, одан басқалары – басқа адамдар, макұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тыскы ғалам болады. Әуезе тыскы ғалам тұрасындағы сез».

Лирика – автордың ішкі көніл күйінің толғаныс көрінісі болатын шығармалар түрі. Байтұрсыновша: «**Толғай**. Толғаганда айтатын нәр-

сесін толғауыш тыскарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғауыштың ақын әуел көнілінің күйін, мұнын, мұддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айттып, шер тарқату үшін толғайды, екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тыска шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көнілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды». **Драма** – негізінен диалогтен тұратын, әрі сахнага койылатын шығармалар сыныфы. Байтұрсыновша: «**Айтыс-тартыс**. Ақын адамдарын жасап, ауыздарына сөздерін салып, істейтін істерін тағдырлап, «ал істей беріндер» деп, өзі ғайып болып кеткен сияқты, айтыс-тартыста ақынның өз тарапынан еш нәрсе сезілмейді. Әуезеде (әңгіме) уақығаны сөйлесе, айтыс-тартыста ақын өзі сөйлемей, өзгелерді сөйлетіп, айтыстырып, тартыстырып жіберіп, өзі бейтарап болып, тек кызығына қарап отырып калған сияқты болады. Мұнда өткендік жок, осы уақытпен көрсетіледі».

Орыстар текті род деп бөледі. **Ю. Петерсон** деген ғалым былай дейді: «Эпос – шығармадағы іс-әрекет жайында монологтық хабар

(эпос – монологическое сообщение о действиях), лирика – шығармадагы хал-жағдайдың монологтық суреті (монологическое изображение действия), драма – шығармадагы іс-әрекеттің диалогтық көрінісі (драма – диалогическое изображение действия). **К. Бюлер** деген ғалым тілге сүйеніп (речевой) эпос – хабар (сообщение), лирика – экспрессия, драма – карсы жаққа тіл кату (обращения, апелляция) дейді. **В. Хализев** осылай шығармаларды тілге қарап, текке бөлген дұрыс дейді. **Б. Кроче** деген ғалым шығармаларды жалпы текке бөлуге карсы. Бұл әдеби мәселе (проблема) емес дейді.

Жалпы, тек жайлы осындай ой-пікірлер көп-ак. Мысалы, әдеби тек үшке бөлінгенмен кейбіреулер «сатираны да әдебиеттің тегі деу керек» дейді. Сол сиякты көсем сөзді де кейбір энциклопедияларда әдеби тек (род) деп айтады. Романды да тек тің түрі дегісі келгендер болған. Ал француздар әдебиетті проза һәм поэзия деп кана бөледі (Макпиров С.). Бірақ біз қалыптанған жүйені бұзбай сол үш текке бөлу үрдісін ұстандық. Өйткені оған жүрттың көзі үйренген. Содан кейін әдеби жанрларды да осы үш тек төңірегіне топтастырып беруге тырыстық А. Байтұрсыновта осы жүйені ұстайды. А. Байтұрсынов зпости – әуезе, лириканы – толғау, ал драманы – айтыс-тартыс деп атаган.

Тектер жанрлық турғе бөлінеді. Мысалы: эпос – әңгіме, повесть, роман, поэма, баллада, кисса, ертегі, мысал, аныз, хикая, эпопея, мемуар, памфлет, эссе, очерк, т.б., лирика – қара өлең, қасида, эпиграмма, арнау, элегия, т.б., драма – трагедия, комедия, миниатюра, т.б.

8.1. Эпостық жанрлар

Роман (французша: *roman*) – композициялық құрылымы құрделі, уақыт жағынан тұтас бір кезеңді қамтитын, қоғам, адам өмірін жан-жакты қырынан, терен қамтып, сарапайтын ең үлкен зпостық жанр. Роман жанры бірден пайда болмаған. Дүниеде әдебиеттің формалық-құрылымдық даму жолы бір. Әуелі бәрі ауыз тіл әдебиетінен басталған. Кейін ол жазба тілді әдебиетке ұласкан. Ауыз тіл (ауыз екі әңгіме) формалары (афоризм, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаши, шешендік өнер (риторика) аз қалыптан көп, мол қолемді жазба тіл формаларына көшкен (кисса, дастан, поэма, роман, т.б.). Ауыз тіл әдебиетті құбылмалы, көп варианты, ең ірі негізді ғана қамтитын болып келсе, жазба тіл әдебиетті тұракты, аз варианты, ең ірі негізben қоса, жанрама майда-шүйделерді де қамтитын болып келеді. Анығында роман осындай ретпен басталып, жанр ретінде еуропада кайта өрлеу дәүі-

рінде пайда болса, орыс әдебиетінде XIX ғасырда, казак әдебиетінде XX ғасырда пайда болып, кеңестік дәуірде катты жетіліп, толысты. Қазак әдебиетінде роман орнын бұрын кисса һем дастандар басқан. *Мысалы дастандар:* «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек», «Айман-Шолпан», «Едіге», «Шора», т.б., киссалар: «Бозжігіт», «Зарқұм», «Салсал», «Қырық үәзір», «Шәкір-Шәкірат», т.б. А. Байтұрсынов роман туралы: «Ұлы әңгіме, яки роман» деп тұрмыс сарынын түстеп, терен қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз...

Ұлы әңгіме түрде қазак тілінде басылған шығарма елі жоқ. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) деп ат койылса да өресі мен ерісі шағын болғандықтан, о да ұлы емес, ұзак әңгімеге жақын», – деген. М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалы» жазылуы жағынан алғашқы казак романы болса (1910), (Ол туралы автор былай деген:

Мир-якуб – төмендердің аласасы,
Сөзімнің бар ма жоқ па тамашасы.
Жылтырап тесік моншақ

жерде қалмас,

Казақша бір роман жазса салы.

роман жанрының шарттарына жақын, сәйкес жазылған тұңғыш роман ол – Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романы (1926).

Роман XIX-XX ғасырларда ең сәнді жанрға айналды. Роман сол кезде әдебиеттің ең биік жеткен жері санауды. Бүтінде әлем романнан біраз сұнынып отыр.

Повесть (орыша: *повесть* – энгіме, хикая) – оқиғасы әңгімеден күрделірек, романнан оңайлау шығарма. В. Сорокин деген ғалым оны үлкен әңгіме яки шағын роман деген. Тредиаковский французша романы, орыша повесть деген. Қазак әдебиетіндегі классикалық повесть – М. Әуезовтің «Қылы заман» повесі. Кейінгілерден повестің хас шебері – Оралхан Бекеев десе болады.

Әңгіме (новелла) (итальянша: *novella* – жаңалық) – шағын оқиғага құрылған прозалық шығарма. Қазак әдебиетіндегі бұл жанрдың айшықты мысалдары ретінде: Ж. Аймауытовтың «Әнші», М. Жұмабаевтің «Шолпаниның күнәсі», М. Әуезовтың «Оқыған азамат», Б. Момышұлының «Жонарқа», М. Магауиннің «Салахад-диннің үкімі», О. Бекеевтің «Жасын», т.б. әңгімелерін атауға болады.

Миф (грекше: *mythos* – сез, сейлеу) – түрі жағынан өртегі, аңызға құсайтын фантастикалық шығарма. Қазак мифтері қазір тақырыптық жағынан: гарыш туралы (*космогониялық*), андар мен құстар туралы (*этнологиялық*), адамдар мен рулардың шығу тегі туралы (*генеологиялық*) болып бөлініп жүр (Т. Шаңбаев).

Көсем сөз – қоғамдағы ең керекті тауып, жүрттты өзіне қаратпақ оймен жазылғатын көркем шыгарма түрлері. Кейбір ұсак эпостық жанрларды осы көсемсөз тобына қосып айтпақыз. Олар: эссе, очерк, фельетон, памфлет, қойын жазба, шағын ой-толғаныс (философиялық миниатюра), күнделік, нация, эпистолярлық шығарма, газеттік мақала, анекдот, т.б.

Эссе (французша: *essai* – сынал керу, латының *exigo* – «таразыға тартып өлшеу» деген сөзінен шығады) – сюжетсіз, философиялық ойға құрылған шағын көркем шығарма түрі.

Очерк – накты дерекке сүйенген газеттік әрі әдеби жанр. Очертің майын тамызатын шебері Әзілхан Нұршайықов сынды жазушы болған.

Фельетон (французша: *feuille* – парап) – негізінен газет-журналда жарық көретін сатириалық көсемсөз жанры.

Памфлет (французша: *feuillet* – ұшатын парап) – саяси әрі қоғамдық ірі кайраткерлердің жағымсыз кылқытарын ирония, сарказммен әшкөрелейтін шығарма. Кеңестік дәүірде ақын А. Тоқмаганбетов саяси памфлetti көп жазған.

Қойын жазба – жазушының өзін қатты толғандырган, әсер еткен жайлтарды, омірден көрген-білгенін, түйгенин еркін формада қойын әзітеріне шағын колемде түртпін жүзуру.

Қойын жазба нағыз шыншыл жанр, шыншылдардың жанры. Оған қalamгерлер өмір бойы өзгелерден жасырған, тек өзіне ғана мәлім сырларын актарып, төгү үшін яки төгіп кету үшін келеді Неге? Ишкі жан дүниесін ауыр, корғасын ойлардан, телегей-теніз толғаныстардан арылтып, аршып кету үшін келеді. Не бар шындықты айтасын, не айта алмағаныңды айтасын. Екеуі де киын нәрсе. Бірак екеуі де таза, жақсы нәрсе. Екінің бірінің колынан келе бермейтін нәрсе. **Қойын жазбаның хас шебері – Бауыржан Момышұлы.** Аталмыш автордың «Көз алдында бәріңсін» атты естеліктер мен күнделіктірінен үзінді келтірейік:

Ұлы Отан соғысының бас кезінде
менің атағым ел аузына ілінді.
Содан бастап орысша айтқанда «Меня без
меры хвалили и без вина терзали!»
Екеуіне де шыдап келе жатырмын...

Накануне съезда Мусрепов обязал меня прочесть шесть военных романов и написать тезисы его доклада по этим романам. Я отказался, заявив ему, что не желтый раб.

Мен работягамын. Мен атағым, шатағым, білімі бар кісімін. Д. Снетин менің 60 жылдығымда: «Б. Момышұлы – писатель, прозаик, поэт, – деді. – Ученый, военный историк», – деді. Бұл – үлкен баға...

Біздің Құлыйдан Ақментей деген батыр шықкан. Ол Өреке болады. Бекболаттан Байзак датка шықкан. Ақментей мен Байзакты қалың Дулаттар фана таныды, ал мені бүкіл әлем біледі. Мен – полиоведский, но не глупый полковец. Мен өмірді бакылай білемін. Өмірдің өзі трагедия әрі поэзия. Соған мен халім жеткенше шама-шарқыммен түсінгендердің біреуімін деп ойлаймын. Толық деп айта алмаймын.

Шокан... Ол орыс тілін прекрасно знал. Даже русские завидовали ему. Ал мен болсам двухязычный писательмін. Қазак тілінің тарихының екі тілді жазушысы көп, бірі мемнін, оны великий Мұхтардың өзі мойындаған.

Мен писатель емеспін, я честно признаюсь. Я это категорически отрицаю. Мен – мемуаристін. Мемуар деген сөзді түсіну керек. Ол ой толқыны, сыр толқыны деген нәрсе. Тіл жағынан, саяси жағынан менің кемістігім мол, бірақ шындық жағынан да растығым аз емес. Вот почему я вышел в литературу.

Я очень недоволен. М. Эузовтың «Абай» ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себебі не? Ол кісі Абайды көтеремін деп, Құнанбайды кемітеді. Бұл өте үлкен қате деп білемін.

*Иттен ит туады боқ жейтүгын,
Малдан мал туады шөп жейтүгын. –*

dedі. Осы принципті Мұхан саясатка бейімдеуге барды.

Құнанбай – ол қазақтың Иван Грозный. Иван Грозный мақсатына жетті, бірақ Құнанбай ойына жете алмады. Мұхан осыған түсінбеді. Мен бұл ойымды Мұхана айтканмын. Құнанбай қазак мемлекетін жасауға үмтүлған еді. Қытай шекарасында наймандар бар. Құнанбай найманға тілін алдыра алмаған.

*Ертеде ер екен қалың найман,
Қалың найман Қытайга қанат жайған... –*

дейді Мағжан.

Ел десе еніреген ерлер майданда үзенгі жолдас болып, ел сынап, ел арқылы ер сынап, ер қадірін, ел қадірін білгендей болды...

«Ер намысы – ел намысы. Ел намысы – ердің туы болып, жаксы жігіт елін өрге, жаман жігіт елін көрге сүйрейді», – деп казак айтпакшы, жігіттердің көбі ата күшін, ана сүтін актап, елін өрге сүйреді. Халқымның қалпына кара таңба бастырмаймын, ел намысына кір жұқтырмаймын, еркіме ен салдырмаймын деген ниет арпалыста медет те, қуат та болады.

Қазак тарихындағы бір үлкен аскар бел – Алашорданың құрылғанынан бастап, оның құрығанына дейін. Ең үлкен саяси айтыс пен тартыс сол дәуірде болған еді. Сол дәуірдің адамдарына (қасы бар, дұшпаны бар) әділ, ғылыми билік айта

жазылған еңбектер әлі жок. Сол тақырып – өте үлкен тақырып екендігін айттым.

Мұхтар мен Сәбит екеуде ол дәүірді әділ жаза алмайды, оған адальдықтары мен ерліктері жетпейді. Екеуде жалтақтайты.

Сталин умер. Хрущев сел на престол. В ход пошла другая крайность. Все наши беды, несчастье приписывались Сталину в розницу и оптом. Кому нужна это крайность? Нам это крайность не нужна...

Разночтение истории не делает нам честь. Меня учили одному, а моих детей учат другому. Наши учебники ежегодно переиздаются несколько раз. Я взрослый, пожилой человек. Путайте меня сколько угодно. Но зачем путать моих детей от первого класса по десятый двадцать раз. Что это за безобразие? Кому нужен такой безответственный поступок? Нам, нашим детям такие безответственные поступки не нужны.

Один бог хорош. Но когда боги меняются, с каждым днем вполне закономерно, что дети делаются безбожниками...

Жылқы айғырларының жұмыртқасы ішінде болатындарын ауылшаруашылық ғылымында внутряк дейді. Ал образно выражаясь біздің партия қызметкерлерінің көбі внутряктар. Олармен құдай ешкімді

дастаркан басына отырғызбасын. Мен өз басымнан соны көп кешірдім. Обком, райком жиналып, мені қонаққа шакырды. Сондағы сезгенім, адал тамак, адал дастарқан, ак ниет дейтін олар отырган жерде бола бермейді екен. Емін-еркін отыру жок. Бірін-бірі іштей андып отырган кіслер...

– Адал асты арам істейді екенсіндер, ак дастарканды кара істейді екенсіндер, ак ниеттің бетіне түкіреді екесіндер, – дедім маған сөз бергенде. – Бұдан былай аштан өліп, көштен қалсам да, обком мен райкомның үйінен дәм татпаймын. Манаң бері не ішіп, не жегеніме түсінбестен отырмын. Бұдан былай мені қонаққа шакыруыш болманыздар, ракмет! Отырғандар ха-ха-ха деп өтірік күлісті. Мен ішімнен күлдім.

30-шы ноябрь. Крюковаға шегініп кайттық. Ол Москвадан отыз-ақ километр жерде. Москвандың іргесі дірлідеп, қалтырап тұрған кезі еді...

Шағын ой-толғаныс – жеке сырдан ғөрі көпшілікке арналған сипатты басымдау бол қорінетін қойын жазбаның бір түрі. Жазушы Аскар Сулейменовтің «Шашылыш түскен тіркестер» атты ой-толғаныстарынан үзінді келтіреміз:

Келер қазактың да ішетін уы мен балы – Абай.

Таулы Карабах емес – таулы Қара бак (Қаратай, Қара теңіз, қара шанырақ, қара кобызы...)

...Мұқағали:

– Екеуімізге жұз жүрмейді, Бізге
99 не 101 жүреді.

– Неге?

– Біліп тұрып сұрау Қалырдың еншісі,

Казак ұлты, түрік ұлты, ислам ұлты, әлем – ұлты бірі кем болса басқалары да шала.

Калька гипстен жасалған жілік көз алдайды. Кемігі мен майы түгіл, сүйегі – физикасы жоқ.

Түрікпен мен казақ совет интеллигенциясындай бұқпа торғай интеллигенция болған емес.

Қақсауық бар, ділмәр бар, оттампаз бар, шешен бар – тортеві төрт жүртттан.

Есесін жіберген ел – ел емес.

Ел дерпті – зар шықпаса, тән дерпті – зэр шықпаса.

Тіс тимеген **шөп жесір**, құс конбаган көл жесір.

Мінсіз шығарма жазу онай. Қынығұмырынды мінсіз шығармага айналдыру.

Лигачевша, Лигачев боп жазсан «Я живу долго потому что читал и чи-

таю одну книгу и один устав – историю ВКП(б) и устав КПСС».

Көшпелі, көшпелі, көшпелі... Сонда, Сауран, Саудакент, Отырар, Созак, Түркістан, Шымкент, Ташикент, Тараз, Құлан, Мерке, Алматыдағы біздің дәүірге дейін казылған су жүйелері қайда қалады? Осы біз көрген дикандар, кекпар тартып журіп мұрап болған, торлама қауынды құранды ердің алғы қасына ұрып жеген жеті аталарымыз қайда қалады? Оратын жерін орган, егетін жерін еккен, жайлайтын жерін жайлаган жүрт болмай ма? **Бицивилизация** дегенді естіп пе едіңіз?

Поляктар десе қояншығы ұстап қалатын, «Стамбулдың Царьград атаплатын күні туады әлі дейтін», Түрікменстанды таптап шықкан **Скобелевтің жарышы** болған Достоевскийдің Шоқанға жазған хаты күдік те тудырады.

Қызық мінгесулер: еврей – шахтер, ішпейтін орыс, маскүнем – ағылшын, казак интеллектуал, Кастро – демократ, Саддам – пацифист, өзбек – жылқышы.

Күнделік – суреткердің күнделікті өмірден көрген-білгенін, түйгенин уақыт ретімен қағаз бетіне түсіріп отыруы.

**Мұқагалидың
қүнделіктітерінен үзінді:**

25 мамыр 1974 жыл.

Ерте-ертеде Нерон патша өмір сүрген. Жүрт оны ақымақ деп атауга дагдыланып кеткен. Шынында да ол сондай болды ма, мен онысын білмеймін. Бірақ мен оны өз сөзі арқылы білемін және терең түсінемін. «Қандай ұлы актер вліп барады!» – оның бүкіл өмірінің дәні сол созінде. Ол – оның шын жүректен мойындауы. Біз баріміз – артистіз, тіпті ұсақ-туйекте де.

31 Қаңтар 1975 жыл.

Озіме бір жаңа екі костюм алғы кимей-ақ вліп кету (құдай оның бетін әрі қылсын) қандай аянышты...

17 ақпан 1976 жыл.

Что должен иметь поэт, чтобы быть поэтом?

Первое: Талант. Талант и образование, эрудицию. Диплом необязательно.

Второе: совесть, чтобы стыдиться сам перед собою, прочтя свои слабые вещи.

Третье: простоту. Пусть не гениальную, как у Пушкина и Абая, но простоту человеческую, чтобы быть понятным другим. Не умничать, не рассуждать и воспеть!

Четвертое: интуицию. Чего не видяты другие, увидеть и познать.

Пятое: труд, чтобы постоянно совершенствоваться.

Шестое: дух.

Менің денсаулығым қираган үй сияқты. Әзірше түзелген сиқым байқалмайды. Әсіресе таңға жұық қының. Кеудемді тас басып жатқандай ауыр, оң жақ қабыргамның астынан алдене сыздайды. Бауыр ма, өкпе ме білмеймін.

Жүрек! Менің жалғыз тірегім – тек сол.

Нашия – оқыған кітаптың мәтінінің шетіне алған әсерлерін, түйген ойларын сол мезетте ізін суыттай түртпін отыру. Бір жанрлар болады онша көзге түсे бермейтін. Бірақ аркалар жүті ауыр болады. Сондай елеусіз бол жатқан жанрдың бірі – осы Нашия-тын. Ол туралы соңғы кезде арнайы сөз көзғаған профессор Мекемтас Мырзахметұлы болды (Бауменнің Нашиясы //Айналған аты анызға Момышұлы. – Тараз, 2000). Жанрга шолуды М. Мырзахметұлы Б. Момышұлы шығармашылығы негізінде жасайды. Нашия туралы автор: «Шығыс әдебиетінде орын тепкен кәнігі құбылыс – кітапты не қолжазбаны талдап окудан, өзінше танудан туындаған өзіндік жеке сын пікірлерін, ой ұшқынын көбінесе кітап шетіне жазу яғни Нашия түрінде қалдыратын. Пікір білірудің мұндай формасы Европа және орыс әдебиен-

тінде һашия деп аталмаса да көптең ұшырасады», – деген. Еуропаша һашияны *глосса* (колжазбаның шетіне я ішіне жазылған ескертү, түсінік), *комментарий* яки *посткриптум* (хаттың аяқ жағына қол койғаннан кейін – «*P. S.*» таңбаларын қойып, одан кейін жазылған сөздер) деп атаган. Һашия – арапша колжазба шетіне жазылған түсініктеме, ескертпелер, *мунаши* – түсінік беруші адам (комментатор) дегенді білдіреді. Б. Момышұлы Абайды һашия жанры арқылы деңдеп зерттеген. Абайдың «Құлактан кіріп бойды алар» оленінің бір шумағын кітап шетіне былай деп аударған: Құлактан кіріп бойды алар (*Пленяя слух, добирают душу мою в полон*), Жақсы ән мен тәтті күй (*Красивая песня и сладкая мелодия*), Көңілге түрлі ой салар (*И погружают меня в мир размышлений*), Әнді сүйсек менше сүй (*Если песни ты любишь – люби их как я*).

Жазушы шығармашылығын таңуда һашияның орны зор деп айтуда болады.

Діндар проза – діни хабарды көркемдеп, қалың көшпілікке оңайлатып жеткізу үшін жазылатын шығарма түрлері.

Ы. Алтынсариннің діндар прозасы

*Бисмиллаи-р-рахмани-р-рахим.
Қайыр-ракымы мол Алланың атымен
бастаймын!*

Қанша мактау бір Құдай табарак уа тағалаға лайық. Ол лайыктығында ешбір зат, макұлықта тенденсі жок. Бұл – үстіміздегі шеті-шегі жок көк, құндіз болса дүниені жарық еткен күн, кеш болса құлімсіреп тұрған ай, жұлдыздарменен, бұл – дүнианы айналып жатқан шеті жок мұхит, теніздері һәм таулардан таза жаунардай жылтырап аккан өзендері, ішінде неше алуан макұлықтар, балыктарменен, астымызда біздің дүниамыз атанған жер казып карасақ астында алтын, күміс, мыс, бақыр темірменен һәм үстінен карасан, алыстан тұманданып көрінген, ішіне кірсөн жапырактары жайқалып, дүниаға хош иістер жайған биік орман ағаштар, алуан-алуан жеміс шешектеріменен желкілдеп шықкан неше-неше түрлі көк шөптер, гүл – жапырактары һәм неше алуан дәмді дәрү һәм тамақ болатын тұқымдарыменен, мәселен, бидай, тары, алма, жұзім рәуішті, қырда, орманды, тенізде неше-неше түрлі жаратылған алуан-алуан макұлықтар – өрмелеген тышқаннан бастап, таудай биік пілдерге шейін, кішкене ғана құрт шабактан бастап ұзын бойы он саржан, ауырлығы жеті-сегіз мың пүттаған балыктарға шейін, кішкентай ғана шымшыктан, сайрап тұрған сандуғаштардан бастап, кой мен бұзауларды аспанга алып ұшуға жарайтын бүркіттерімен сонша зат, макұлықтың бәрін де Құдай берген ақыл-хайламен жинап алып, өз

пайдасына жаратып, неше түрлі һәм неше жұз, һәм мың түрлі патшалы, патшасыз жұрт болып тұрған адамзаттар – мұның бәрі де жалғыз тендересі жок, үқассы жок бір Құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық – кадір екендігіне дәлел болса керек. Оның үшін мұншамағайып ойлап, ақыл жетпейтін естір һәм зат маклұқаттар бір Құдайдың бол деген жалғыз бүйрығымен болғандар.

Биография A. Алтынсарин.
Мұсылманилық тұтқасы.

Газеттік мақала – белгілі бір тақырыпқа арналған, газетке лайықтап шешен тілмен жазылатын шыгарма түрі. Мысал ретінде төмендеңдегі өзіміз құрастырган екі коллаж – мақаланы ұсынамыз:

Малайзия

Фасыр базында қазак Жапонияны айтып таңғалатын. Бүгінде фасыр соңында қазак Малайзияны айтып таңғалса болады. Малайзия мұсылман мемлекет. Бұрын ол Британия колониясы болған. 1957 жылы Құдай жарылқап тәуелсіздік алды. Халқы – 60 % малайлар (бумипутра), 30 % – қытай, 8 % – үнді. Малайзия тәуелсіздік алғанда бүкіл ұлттық байлықтың 62,3 % шетел компанияларының,

22,9 % – қытайлардың, 7 % – үнділердің, 0,07 % – малайлардың қолында болды. Британдыктар мұнай мен пальма плантацияларын, өндіріс, қалайы кені һәм сауда атаулыны қытайлар, каучук (сағызды) үнділер иемденген. Малайлар ауылға үймелеп, плантацияларда телім-телім болып кара жұмыс істеген. Бүгінде Малайзия әлемдегі дамыған 20 мемлекеттің катарында. Қазіргі ұлттық байлыққа иелік былай (яғни 2007 жылғы мәлімет): шетел компаниялары – 25 %, қытайлар – 34,3 %, үнділер – 8,4 %, малайлар – 18,9 %. Малайлардың улесі 1970-2007 жыл аралығында 270 ессе есken! Өз еліне өзі не болды. Дінге де катты көніл бөлді. Харам мен адал ауқатты ажыратты. Осының бәрін істеуге мұрындық болған малайдың адал ұлы, бұрынғы білім министрі, кейінгі патша – Махаткир Мухаммад. Малайзия резина өндіруде әлемдегі ең ірі ел. Олар бүгінде: сыртқа пальма майының орнына – дәрі-дәрмек, ағаш орнына – жиһаз, балшық орнына – керамика, құм орнына – шыны шыгаратын болған. Олар караңғы, бишара елден, әлемге үлгі – өнеге көрсететін үлкен елге айналды. Болсан сондай бол, шіркін, әні!

Отарлау ойыны

Казакты отарлау 3 кезеңнен тұрған, орыс таралынан. 1) 1731-1822 жылдар.

Бұл сырттан билеу кезеңі. 2) 1822-1867 жылдар. Хандық жойылып, аға сұлтандық енгізілген кез. 3) 1867-68-1917 жылдар. «Жаңа низам» ережесі. Қазактың жері орыс патшасының мұлкі ретінде жарияланған кез. Осы кезде жер атын өзгерту қызған шак. Мысалдар: **Алматы** Омбы генерал губернаторы Гасфордтың қызы Вераның құрметіне әуелгіде Верина кейіннен (1867 жылдан) патша қалауы бойынша Верный аталған. 1720 жылы Кряковтың атымен казактар **Кереку** деп атаған қала 1861 жылы генерал-губернатор Госфордтың еркімен 2-Александр патшаның баласы Павелдін бір жасқа толу қошметіне Павлодар (Павел ханзадаға сый) деп өзгерілген. Бұрынғы **Ақмешіт** оны бағындырғаны үшін генерал-губернатор Перовскийдің құрметіне Перовский форты деп аталды. Қызылдардың отарлауы кезінде Қызылорда аталды. **Көкірек** ауылы 1891 жылы, Ресейдің соғыс министрі болған П.С. Ванновскийдің құрметіне Ванновка атауына ие болған. **Шымкент** қаласы қандыбалак патша генералы Черняевтің құрметіне Черняевка аталып еді. Тағы бір әдемі атау **Ақмола** Н.С. Хрущевтің өктемдігімен Целиноград аталды. Тұлқібастағы **Шітөбе** ауылы (кандай керемет ат) 1902 жылы Черняев оязындағы атақты священник Д. Вознесенскийдің 1868 жылдан бастап казак балаларын шоқындыратын мис-

сионерлік мектеп ашып, бүкіл уездегі шіркеулерді салуға жан сала кіріскен еңбегі аса жоғары «бағаланып» Вознесенский аталып еді.

1868 жылы Ресейде «Переселенческий комитет» құрылды. Бұндай нәрсе АҚШ-та 1824 жылы **Бюра Дело Иностранных дел** деген лақаппен болған. «Обрушительная палата» деген де осы кезде құрылды. 1872 жылы Қазан қаласында миссонерлер дайындастырын окушылар семинариясы ашылды. Оның директоры болып атақты дінбұзар Ильминский сайланған. Осының бәрі бір отарлау мақсатында болған. Қазактың тілін, дінін, елін алу үшін жұмыс жасаған. Осының ішінде ең бастысы – дінді құрту. Ал тілді жою, алфавитті өзгерту, елді, жерді басып алу басты мақсатқа жету жолындағы баспалдактарға. Өйткені дін – адам рухани дүниесіндегі ең басты нәрсе. Бұл жұмысқа кенес дәүірінде Сталин де көп үлес косты. Ол қазактың алфавитін екі рет өзгертип, жерін орыстарға толтырды. Орыс тілін қазактың бойына мықтап сінірді. Атеистік қоғам орнатты.

(М. Мырзахметовтың
«Қазақ қалай орыстандырылды»
кітабы бойынша)

Аннегдот – (грекше: *anekdotos* – жарияланбаған) күлкілі шагын әңгіме түрі. Мысалы: *аббревиатуралық аннегдот* деген болады.

8.2. Лирикалық жанрлар

Лирикалық жанрлар әр түрлі жікке бөлінеді. Қазак әдебиетінде: қара олең жоқтау, айтыс, мақтау, даттау, ділмар сөз, той бастар, беташар, жар-жар, сынсу, бесік жыры, терме, т.б. А. Байтұрсынов сындар дәүір лирикасын (толғауды): сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтаныс толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау деп жіктеген. Қазіргі кезде лириканы философиялық, табигат, махаббат, саяси лирика деп бөлу үрдісі бар.

Еуропаша – біздінше (шығыста):

лирика – толғау,
ода – мақтау,
сонет – газал,
катрен – рубай,
истих – бәйіт,
эпитафия – жоқтау,
былинный стих – қара олең,
поэма – қисса,
эпиграмма – беташар,
элегия – шерлі олең, т.б.

Айтыс – екі импровизатор ақынның өлеңмен айтысуы, казактың дәстүрлі өнері, өзі лирика мен драмага жакын, әйтсе де ол әдеби уш текті де қамтитын синкреттік жанр.

*Бүгінгі айтыс жанрының
мысалдары:*

Бекіжан:

Көгамдық акустика элсіреген,
Кім айттар ақиқатты
қатысты елге...

Тілге еркіндік бердік деп,
Дінге еркіндік бердік деп,
Ділге еркіндік бердік деп,
Кімге еркіндік бердіңдер?
Пушкиасы келіп үйді атқан
Пушкині келіп миды атқан...

Академиялық білімді
Әкеден алу – әділ жол...

Миссионерлерден жиссын да,
Мәсісін киген ел есін.
Бейітке белгі болғанша,
Бұл жерге өзің егесің.
Кришнайтқа откендер,
«Крышалары» кеткендер.
Махамбетіңді мазақ қып,
Мияулап откен демесін.

Баптистерге иланып,
«Илла-ланқа» қиналып...

Мұхамеджан:

Адалдың аспанында бұлт болмайды,
Арамың ауласына құт қонбайды.
Жүргеңінде иманы жоқ адамның,
Жүрген кезде табаны нық болмайды.
Аллада адамдарды алалау жоқ,
Тәубе қылсаң күнәңнан түк қалмайды.
Бара аласаң ададықтың ақ жолымен,
Пейіштің есігінде құт болмайды...

Әке мен шешеден де әсерлірек,
Тәрбиелеп жатқанда видео-фильм.
Қай қазақ өз иманын тірнектемес,
Қай мұсылман өз дінін құрметтемес.
Шапаның қырық жамау болса-дагы,
Ағайын, иманыңды кірлетте еш...

Бекжан:

Октябряттар орнына –
Ақлақлақтар келді гой,
Пионерлер орнына –
Зиянерлер келді гой.
Комсомолдар орнына
Нан согарлар келді гой
Коммунистер орнына
Корупционерлер келді гой...

Қайық қайда баарын ағыс біліп,
Жагалаудан күтуде алыс күдік.
Таныстырып ойнайтын басшыларды,
Аспанында қазактың тағы үскірік.
Сексен бестен басталған реформага,
Ел сенбеске айналды әдісті ұғып.
Таныта алған бір кезде жүйріктігін,
Кәрі тарлан шабады намыс қылып.
Әлиханның заманын бара жатыр,
«Алихандр» сериялы ауыстырып...

Мұхамеджан:

Дүшпанның қалмау үшін табасында,
Болу керек ынтымақ, жарасымда.
«Екі ауызды» болмайық деген сөзді,
Сіңіру керек бүгін әр асылга.
Себебі мына бес күн фәни дүнисе,
Тұрмайды тартысуга, таласуга.
Пешенелі пендениң соқлагы бар

Бесік пенен бейіттің арасында.
«Құдайсыз қурай сынбас»
деген нақыл,
Әр жаннның тұру керек санасында.

Алладан адамзатқа жесті Күран,
Ұстанар табылмай түр өткір ұлан.
Тағылыш, Бекжан, солай өрістейді,
Тап-таза тектіліктің жоқтығынан.
Желісін ғасырлардың жел үзбеген,
Тарих пен тағылымды егіз корем.
Кешегі Кенесары тұлпарына
Доңызың басқан шөбін жеңізбеген.
Арлы ана улғасіндей Зере әжеміз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаниң бойындағы тазалықтан
Абай тұды тектілік негізбенен.
Азғындан жүрген пенде аз ба бүгін,
Торқа киіп, мінсе де семіз дөнен.
Былғанған бұлақтар кеп құйғанменен,
Кінә арттаймын халықтай тәңізге мен.
Осынау аурудан айықса деп,
Пайғамбардың барлығы ем ізdegен.
Білікті жігіттер жүр мол арналы,
Аузына да алмаган тобаңды алі.
Кешегі банк басқарған Жандосовың,
Ілгергі Жандосовтай бола алмады,
Орысша ойлат, жойітше тус көргесін.
Халқының көкейіне қона алмады.
Ораздай бабасының тектілігі,
Баласының бойына оралмады.
Осындаи үлдар тізігін ұстаган соң,
Кобалжу басылмайды қогамдагы.

(1998 ж. 9 мамырда
Алматыда откен
«Супер дода» айтысы)

Айтыс жанры тәуелсіздік тұсын-
да жаңадан түлеп, есіп біраз қоғам-

зық пікірді серпілтуші, козғаушы құйде болды. Оған ат салысқан Мұзamedжан Тазабеков, Шорабек Айдаров, Мэлс Қосымбаев, Аманжол Әлтаев, Балғынбек Имашев, Айбек Қалиев, Айнұр Тұрсынбаева, т.б. сынды ақындар болды. Олар хөбіне елдің көкірегінде жаткан сыр сөзді сахна төрінен жалпак жүртқа зер кезінде, колма-қол жеткізуши рупор бола білді.

Эпиграмма (грекше: *epigramma* – жазу) – бір тұлғаны яки құбылыстың мазактап жазатын сатираптың оленшін шағын түрі. Эпиграмма шебері – Мажсан Жұмабаев пен Жарасқан Әбдірашев. Ж. Әбдірашевтен мысал көтіреік:

Сагат Әшимбаевқа

Белинскийден бастайды,
Жирмунскиймен жасақайды.
Алдыңды орап Абаймен,
Апарып біраз тастайды.

Жуковскиймен састырып,
Жүзінді әбден пәс қылып,
Пушкинмен періп отеді,
Толстоймен басқа ұрып.

Көрсетпес шағын тәбені,
Шыңдар да неткен көп еді...
Тартады сосын көлденен
Кафка мен Кобэ Абэні...

*Танымал талай дананы
Тізімге солай алады...
Қаламдастарга келгенде,
Қаламы журмей қалады.*

Шындықпен шымшып, қатырған гой Жарасқан Сағатты... Қазак әдебиетінде эпиграмма жайлыш тұнғыш кітапты осы Ж. Әбдірашев жазды (Әбдірашев Ж. Әзілің жарасса... – Алматы: Жалын, 1989). Ежелгі грек әдебиетінде бұл жанрдың Платон, Анакреонт, Эзоп, Эсхил, Менандр, Алкей, Лукиан, Диоген Лаэртский, Апполинарий сынды шеберлері болған. Латын әдебиетінде – Катулл, Марциал, Тибул, Проперцийдегі өкілдері болған. Французда – Вольтер, Руссо, орыста – Кантемир, Пушкин, Курочкин, Д. Минаевтар болған. Қазакта Қазтуған, Жиембет, Бұхар жыраулар һәм Абай қарап жатпаған. Кенес дәүірінде:

*Сабыр ойла саспаши,
Тым ертерек таспаши.
Бірден Пушкин болмай-ақ,
Баймұқанша басташы!*

деген К. Аманжоловтардың тілі тым азы болғанға ұқсайды. Орыс әдебиетінің тенденсі жоқ жазушысы Л. Толстой өзіне арнап «Анна Каренининаның авторына деген» эпиграмма жазған, былай деп:

Толстой, ты доказал с терпением и талантом,
Что женщине не следует «гулять»
Ни с камер-юнкером, ни с флигель-адъютантом,
Когда они жена и мать.

(Ж. Әбдірашев. Сөз иесінен бір сөз // Әзілің жарасса...)

Буколика – малшылар әні дегенді білдіреді. Антикалық әдебиетке тән александрық поэзия жанры. Фольклорлық негізі бар: екі әншінің айтыс түріндегі өнер көрсетуі (біздің кара өлең сиякты). Элементтері: ауыл өмірін һәм малшылық енбекті мактау. Кейін анакреонтикалық поэзиямен ашына бол маҳаббат тақырыбын жырлауга көшті. Жанрды ойлап табушы – Феокрит, Мосха, Биона (б.д.д. 2 ғ.) сындылар. Римге көшкен буколикалық поэзия саясат тақырыбын көтерсе (императорларды мактау. *Вергилий*). Кейін дидактикаға көшеді (Кальпурния б.д. 1 ғ., Немесиан б.д. 2 ғ.). Кейінгі европалықтар антикалық өнерге құмартудан буколистік өлендерді жаңғыртып отырған. Пушкиннің кезінде ол ескіріп мысылға ұшыраған:

И дрожь, и злость меня берет,
И шевелится эпиграмма
Во глубине моей души,
А мадригалы им пиши!

Пушкин бұл жерде мадригалды эпиграммаға қарсы қойып отыр. Буколистік жанрлар: *мадригал, пастораль, идиллия, эклога сияқтылар*.

3. Қабдолов: «Қазір идиллиялық олең жазып жүрген ешкім жоқ» деген.

8.3. Драмалық жанрлар

Комедия (грекше: *kotos* – көңілді жүрт, *oide* – ән) – өмірдің күлкі шакыратын жағын карастыратын драманың негізгі бір түрі. А. Байтұрсынов оны арамтер деп атаған.

Трагедия (грекше: *trags* – ешкі, *oide* – ән) – драманың тағы бір түрі. Трагедияның шығу тегі қызық. Ежелгі гректер өздерінің Дионис құдайының құрметтіне ән мен би арнап, құрбандыққа ешкі шалатын болған. Мейрамда тағы Дионис құдай жайлыш арнау әнгімелер трагедия айтылатын болған. Кейін трагедия театрға айналған. Жанр ерекшелігі: бітіспес тартыс, қактығыска құрылып, бас кейіпкердің мерт болуымен аяқталады. А. Байтұрсынов сондыктан трагедияны – мерт деп атаған.

Драма – айтыс-тартысы кісі өліміне шейін апармайтын шиеліністі шығарма түрі. А. Байтұрсынов сергелден деп атаған.

Мелодрама – ән-күй қосылған драмалық шығарма А. Байтұрсыновтың айтуынша – **зауыктама**.

Фарс (латынша: *farcio* – бастаймын) – шағын сюжетке күрүлған

кулқи жанры. Интермедиа сиякты, маска (*беттерде*) комедиясы сиякты. Жеке адам өмірінің келеңсіз тұстарын сыйкымаңақ ететін.

Сұрақтар:

1. Көркем шығармаларды текке, жанрларға бөлудін мәселелері.
2. Қазак әдебиетіндегі ен өміршен жанр түрлөрі.
3. Тәуелсіздік тұсындағы көсемсөз жанрының жандануы.
4. Қазак әдебиетінде күнделік жанрының дамуы
5. Роман жанрының қазак әдебиетіне үйлесуі. Кемшиліктері мен артыкшылықтары.
6. Ә. Нұршайқовтың «Ақиқат пен аныз» роман-диалогының жанрлық ерекшелігі.
7. Абайдың кара сөздерінің жанрлық ерекшелігі.
8. О. Сүлейменовтің «АЗИЯ» шығармасының жанрлық ерекшелігі.
9. Б. Момышұлының күнделік жазудағы шеберлігі.

Четвертің көркемдіктеріндең биіктіктеріндең
жоғары мөндеріндең біріншіндең көркемдіктеріндең
біріншіндең көркемдіктеріндең биіктіктеріндең

біріншіндең көркемдіктеріндең биіктіктеріндең
біріншіндең көркемдіктеріндең биіктіктеріндең
біріншіндең көркемдіктеріндең биіктіктеріндең

9-тарау. ӘДЕБИ ПРОЦЕСС

Әдеби процесс – токтаусыз жүріп жатқан әдебиет ағысы, оның иыршиыр иірімдері, Өгем суындай екпінің аттылы адамды ағызын толқынды қозғалыс ырғак түрі. Ол ескі мен жаңаның қосылып, қазіргінің тайказанында бұрк-сарқ кайнауы. Содан бүтінгінің корытылған саф әдебиет материалдары пісіп-жетіліп пайда болады. Әдеби процестің қызығы да сол, соның бәріне дәл қайнап жатқан кезінде көз салып карау, айтарын болса айтып қалу, істерің болса істеп қалу, әйтпесе қорғасын ерігенде қалыбынды сайламасаң ол құйылып, барад жеріне барып катқан соң балтамен шауып әуре болуга тұра келеді, ал балтамен шауып қандай өрнек салып катырасың, солай болмас үшін ерте бастан ойлану керек, мәселе сонда. Яғни, әдеби процеске араласу тек қызықтау үшін емес, оның жана пайда болып жатқан жанды клеткаларының дүрыс қалыптануына мән беріп, керек корегін тауып беріп, бар жағдайын жасау үшін керек. Сонда әркімнің өзіне керек, өз сезін жақтап сөйлейтін әдебиетке, өзіне ұнамды бейнедегі әдебиетке ие болары хак.

Әйтпесе әдебиет сол өзі тиесілі болған жүрттың ырқынан шығып кетіп, оның өзіне бағынбай кеткен тарихи бұралан кезеңдер көп болған. Яғни, әкпелесен, өзіңе ғана әкпелейсін, басқага емес, сенің әдебиеттің нашар болуына тарих кінәлі емес, кінәлі өзің. Осындай үлкен жауапкершілікпен уайым жей жүріп, біз төл әдебиетімізге жанашырлық танытуымыз керек, оның жай-күйін ойлауымыз керек, оған қызмет жасауымыз керек-ак. Әдебиеттің көсегесі сонда көгереді.

Әдеби процестің кейір ерекшеліктеріне тоқталайық:

1. Әдебиет және қоғам. Өнер барлық уақытта қоғаммен тығыз байланыста болады. Әйткені өнер қоғамсызы өмір сүре алмайды, қоғамның ішкі жанартаудай бүлкіншістарыныңыз өнер жалаң жерде тумайды. Тусада ол жасанды, куыршақ өнер болар еді. Оның өнерге тән өзіндік дәмі, сөлі болмас еді. Қазақ әдебиеті өзінің екі мың жылдық тарихында әсіресе өзінің қоғамшыл әдебиет екенін көрсетіп келді. Мысалы, Орхон ескерткіштеріндегі жазбалар былай дейді:

Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Інім Күлтегінмен бірге,
Екі шадпен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлгайттым.
Біраз ұлгайтып,
Біріккен халықты өштестірмедім.
Мен өзім қазан бол отырганда
Жер-жерден босыған халық
Өліп-жейтіп,
Жаяу-жалты
Келіп жасты.
Халықты көтермек бол
Терістікте оғуз халықына қарсы,
Шығыста-қытай,
татабы халықына қарсы,
Түстікте табғашқа қарсы
Көп қалмен он екі жорық
жасадым.
Сөйтіп тәңірі жарылқады.
Багым болғандықтан,
Сәті түскендіктен,
Өлімші халықты тірілттім,
Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық жасадым.

Осы жолдардан не көреміз? Соңау VII-VIII ғасырлардағы түрік халықының жатса-тұрса жайын ойлаған ел басшының бейнесін көреміз. VII ғасырдағы түрік елінің тарих толқынындағы мүшкіл халі осылай өнер тілімен таска басылған. Демек, тарихи сұраныс, қоғамдық қажетті-

лік өнер дүниесінің тууына тікелей себепші бол тұр. Өнердің қоғаммен, тарих ірімдерімен байланысы оның пайда болуына, дамуына тұрткі болады. Дәл осы желі, осы мотив қазак әдебиетінің өн бойына алтын желі бол тартылған.

Ақтамберді былай дейді:

*Жауға шаптым ту байлан,
Шепті бұздым айгайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жүртты қоргайлап,
Өлімге жүрміз бас байлан.*

XX ғасырда Ахмет Байтұрсынов не деді?

*Адамдық диқаншысы –
Қырга шықтым,
Көлі жсоқ, қоғалы құрга шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым,
ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың.*

Міржакып Дулатов өзінің «Оян, қазак!» шығармасын кім үшін, кай себеппен жазып еді? Әрине, ел үшін, қазак үшін тарих бұраланында қысылған халыққа ұран тастап, тығырықтан шығар жол ізделеп еді ғой! Сондықтан да ол:

*Козіңді аш, оян, қазак, көтер басты,
Откізбей қарашыда бекер жасты.*

Жер кетті, дін нашарлан,
Хал харам бол,
Казагым енді жату жарамасты, —
Деп жан дүние ышқынысын білдіріп
еді.

Жалпы, казак әдебиетінің әр кезеңіне тән ерекшелік іспеттес алашорда әдебиетінің де ең басты қасиеттерінің бірі ол оның елшілдігі, ел деп, жер деп еміренуі, соны өмірлік кагидага айналдыруында жатыр. Ал егер Абайды айтсақ, Абай өлеңді, кара сөзін болсын тұтас елдік моделін құру үшін, казак халқының ішкі-сыртқы бүге-шігесін зерттеп, зерделеп таратып беру үшін ғана жазғандай бол көрінеді. Жас кезінде өнер атаулыға үлкен бір әлеуметтік, қоғамдық күш яки кару деп қарамаған Абай өнердің қоғамдық қуатына орыс, европа әдебиетімен жете танысканнан кейін барып ден койған. Содан бастап ол өзінің шығармашылық талант қуатын ел ісіне, қоғам ахуалының қажетіне жаратпакқа бекінген.

Қалың елім қазагым, қайран жүртүм,
Үстарасыз аузыңа тусты мұртың.
Жақсыменен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май бол енді екі үртүң, —

дегенді тек Абайдай даналар ғана айта алса керек. Бұл да сол Орхон ескерткіштерімен, жыраулар әдебиетімен, алашорда өкілдерінің үстанымдарымен пікірлес, үндес дүние

гой. Осы ретті бір түйіндеңенде айтартымыз: әдеби процесс ол қоғаммен тығыз байланыста дамитын, үздіксіз қозғалыста болатын эстетикалық категория екендігі.

2. Әдебиет және ұлт. Әдеби процеске таза теориялық тұрғыдан келу бар, сонымен бірге ұлттық тұрғыдан карау бар. Ал әдебиеттегі ұлттық элемент, ұлттық колорит мәселесін бүкіл әлем әдебиеті үшін бірдей болып, бір тексті бола бермейді. Жалпы, ұлттық бояуы қанық емес көркем шығарма толыкканды көркем шығарма бола алмайды. Ұлттық мәселе кенес әдебиетінің ең осал тұсы болды. Өйткені кенестік әдебиеттің негізгі ұстанған көркемдік қағидасты пролеткульттік идеяға бағынышты еді. Ол идея бойынша әдебиет таптық көзқараста болу керек болатын, яғни социализм идеясы бойынша әрбір адам космополиттік көзқарасты ұстануы керек болатын, өз кезегінде бұл ұстаным ұлттық ерекшелікті жоюға бағытталған құйтұркы кадам еді. Сондықтан қазак әдебиетінің ең талантты деген екілдерінің бәрі кенес әдебиетінде шетқақпай өмір сүрді. Абайдың өзі де кенестік қоғамда өмір сүрмese де, одан көп теперіш көрді. Профессор М. Мырзахметовтың айтуынша, кенестік дәүірде Абайды тұрпалы социологиялық әдіспен (ҚазАПП әдісі) танымақта құлшыныс болған. Бірак ол шикі идеяның сәтсіздікке үшіраганы белгілі. Неге? Өйткені

Абай пролеткульгіткі макамға еш келмейтін, өйткені Абай космополиттік емес, нағыз ұлттық тұлға болатын. Сол сиякты қазақтың үздік ақыны Мағжанға ҚазАПП билеп-тестеген әдебиеттен орын табылмады. Нагыз ұлт ақыны Мұқагалидың да 60-70 жылдары жазушылар одағынан шеттетіліп, теперіш көргені қазір айтылып жүр. Ұлттық ақын кім, ұлт жазушысы кім? Оның кандай шарттары бар? Ол үшін біз ұлт ұғымын таратып алуымыз керек. Ұлт жайлыштыкамалар көп, оның көптігі оның біркелкі стандартқа келе бермейтінін білдіреді. Ұлт ұғымына телинеттін ұғымдар ретінде мыналар көп айтылады: 1) тіл; 2) салт-дәстүр; 3) дін; 4) атамекен жер; 5) ұлттық тарих. Шынында осы категориялар бойынан табылған суреткерлер ұлт суреткеріне жататыны ақырат. Сондыктан да қазір қазақ әдебиетінде қазақ тілінде жазбаған ақын-жазушыны қазақ әдебиетінің өкілі емес деген пікірлер бой көрсетуде. Мысалы, саясаттанушы Әзімбай Фали ақын Олжас Сүлейменовті «қазақ мотивіне жазатын орыс ақыны» деп айткан. Бұл тұрғыдан келсек мордва Максим Горькийдін, украин Н. Гогольдің шығармашылығына да біраз сын айтылатыны кәдік. Ақыкатында шын суреткердің өзінің шын ұлттық бет-бейнесін сақтай отырып, әлемдік мәселелерді көтеруіне болады. Мысалы, дағыстандық Расул Гамзатов сиякты.

Ұлттық уызга жарыған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыровтан мысал келтірейік:

*Мен – қазақ, қазақтың деп мақтанағын,
Уранга алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанағын?*

*Ерікті ен дағаның құсынша ұшып,
Ержеттім кешіліктің сүтін ішіп.
Сен құсан сармасадай ілбіткен жеке,
Қаланың кошесінде жоқтық қысын.*

*Алтай, Ертіс, Сырдария,
Есіл, Жайық,
Арасын қоныс қылдым ірге жайып.
Елім, жерім, қорғайтын ерім болып,
Ер жеттім ен дағада лықа байып.*

*Ер түрік үрпағымын даңқы кеткен,
Бір кезде Европаңды тітіреткен.
Кіргені есік, шыққаны тесік болып,
Күнбатыс, Күншығысқа әмірі жеткен.*

*Кешиегі хан Шыңғыстың үрпағына,
Талай қаръ, талай князь тәжім еткен.
Мен – қазақ, қазақтың деп мақтанағын,
Уранга алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанағын?*

Демек, ұлттық ерекшеліксіз толықканды әдеби процестің болуы мүмкін емес.

3. Әдебиеттегі ақын, жазушы һәм сыншы. Ақыкатында әдебиетті жасаушы, әдеби процестің қайнаған

ортасында жүретін кім? Ол талантты өнер иелері. Оларсыз әдебиетте жок, әдеби процесс атаулы да жок. Қазак әдебиеті де талантты ақын, жазушы, синшылардан кенде емес. Оларсыз қазак әдебиеті әлемдік деңгейге жете алмас еді. Абайсыз, М. Әуезовсіз, Мұкағалисыз қазак әдебиеті не күйге түсер еді? Әдебиеттің талантты өкілдері – төл әдебиетімізді өгізше өрге сүйреген нар тұлғалар. Соның ішінде синшылардың рөлі ете зор. Сынсыз әдебиет өспейді. Қазак сынын Абай бастап берді. Ол өзінін:

Өлеңге аркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы, –

деген өлеңімен-ақ тұтас бір синшылдық концепция ұсынды. Яғни, қазак әдебиетінің мағынасы – алтын, түрі – күміс болу керек деген. Бұл жерде кейбір европалық әдеби ағымдардағыдан жалаң формашылдыққа жол жоқ. Әсілінде формашылдықты шебер менгерген әдебиеттің бірі ол – төл әдебиетіміз. Ол формашылдық алдағы уақытта да тек ақиқат идеяның құлы бола білсе болғаны.

Тәүелсіздік тұсындағы әдеби процеске ерекше синшылдық соны леп экелген оқига батыр Бауыржан Момышұлының 30 томдық шығармалар жинағының шығуы болды. Б. Момышұлы – ерекше әдеби талғам

иесі. Оның еткір синшылдық көзқарастары биік талғамнан туындайды. Мысал:

Өз заманымызға синды, билікті өзіміз айту үшін: Сын айту үшін – шын айту керек. Билік айту үшін – біліп айту керек. Қықарты айтканда, сын айтсаң шын айт, билік айтсан біліп айт. Білмей айткан билік – былшыл.

Біздің заманымызда, біздің өмірімізде, тарихтың күндей күнірентіп, жерді сілкіндірген ғажайып оқиғалар өтті. Дәүіріміздің сұрапыл дауылдының азы-тұщысын таңдаймызben таттық. Тағдырыңқа пешенемізге жазғанын толығынан көргендей болдық. Сын сағатта синнан, қысылтаяң жағдайда тар жол, тайғак кешуден, аскар асудан құз-киялар жағалап өткендей болдық. Жетім мен жесірдің көз жасы көл болып, карттардың белі қайғыдан опырыла синип, белуардан кан кешкен майданда ел ерлесір қыршын – шейіт болған соғысты басымыздан өткіздік. Мұндай мұнды заман келешекте болуы екіталай. Тілегіміз – болмасын. Үрпак, немере-шеберлеріміз біз көрген мұн мен қайғыны көрмесін, біз тартқан азапты тартпасын деген дұға жатсак-тұрсақ қайсымыздың оймызыда жок.

Дүниеге біреу келіп, біреу кетіп жатыр, бір күні біз де өлеміз. Бастан кешкенді үрпакқа айтпасақ, кім айтады. Көзіміздің тірісінде заман ырғагын мұра етіп біз калдырымасақ, кім

калдырады? Көргенімізді, білгенімізді өзімізбен бірге қабірімізге ала кеткеніміз бізге үлкен айып, зор кешірместей күнә.

Оқиганы ой болжайды, ой ыргағын сөз жеткізеді, сөз ыргағын қалам желісі, заман, дәуір желісі етіп, ақ қағазға түсіреді. Саналы ер сөзсіз санасын салмақтайды, зерек зерттейді. Біреу келіп, біреулер кетеді. Жылдан жыл түлеп, өзгереді, өседі. Қысқа айтқанда, ой ыргағына, сөз ыргағымен қалам желісі, көркем шеберлік, данышпандық жолдас болса ғана заман ыргағын үрпакқа жеткізе айта алмақпрыз. Әрине, ол әркіннің қолынан келе бермес, бірақ та талап етіп қолын айға созу – біздін заманың ақындарының міндегі. Жығылсан, арпалыса жығыл, құласан нардан құла.

Үрпак

Суретті – сырымен,
Ақынды – жырымен,
Әншіні – үнімен,
Шеберлікті – ісімен,
Жүйрікті – шабысынан,
Сұңкарды – алысынан

танитын етіп дастан жазу – әдебиет, мәдениет кайраткерлерінің алдындағы үлкен, киын, касиетті максат.

M. Макатаевтың тәүелсіздік тұсында жарияланған күнделіктірі әдебиет әлеміне үлкен козғау салды. Ақынның сыншылық қозкарасын билдіретін бір-екі мысал келтірейік:

Бойында бір тамишы талантты жоқ бола тұра, талантты әдебиетшілердің қатарында тұргысы келгендер ақымақ емес, өз творчествосын бүгінгі күнмен және өзінің ура – патриотизмімен олшайтін, сыйте тұрып, әдебиетте қалғысы келетіндер ақымақ. Үнемі ізден жүретін және ылғы әдебиеттегі «бос орынды» тауып ала қоятындар ақымақ. Осы күні талантты адамдар әдебиетте аз роль атқарады. Қазір біздің әдебиетке құлдық ұра беретін құлдар қажсет. Олар, әрине, «борразданы бүлдірмейді». Осы күнгі ережелер оларды толық қанагаттанадырады. Рұқсаттен жазады, жұмыс істейді. Тамақ іshedі және жүріптүрады. Олар тәртіпті. Өйттегенде ше, талант буырқанса, ол өз жолымен қозғалғысы келеді және жолдан шығып кетіп, бірдемені булдіріп те алады, сондайда құлдар аяқ асты табыла кетеді. Ұятсыздар, олар таланттың «орнын басады» да, орынга отырады да, таланттардың устінен бұйыра бастайды. О, қандай өкінішті! Одан откен өкініш болмайды...

Әдебиетімізді арамшоңтерден тазартатын күн туар ма екен?! Қайдам? Осы күнгі әдебиет нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер мен достардың, жағымпаздр мен корқактардың шатпағы. Әдебиеттің көкжиегіне өйтіп-бүйтіп

бір алаяқ іліне қалса, ол өзі сиякты бір Санчо-сыншысымакты сүйрелей келеді. Ол «сыншысымақ» белгілі бір уақытка дейін өз шәркейін сол салада сүйретіп жүріп жатады. Жағдайы барда айпап-жайпап қалуға тырысады. Біреуге жағымпазданады, біреуді корқытады (өзі де корқады), содан соң жан-жағына қарайды: жок, бұдан әрі бүйте беруге болмайды еken, ол өзінің шатпақайшыл серіктепінің көмегімен ұялмай-қызырмай үлкен әдебиетке аяқ салады, сөйтіп енді өзі шығармалар жаза бастайды. Сондықтан бізде ай сайын әдебиетімізде жана, бірақ өзі белгісіз, аты-жөнсіз бір «жұлдыз» пайда болып жатады. Ал біз құнарлы топырағымыз тағы бір арамшөпті өсіргенін елемейміз.

Қашанға дейін осылай созыла бермек? Арамшөптерді түп-тамырымен жұлып тастауға әлдекімнің батылы жете ме? Менің ойымша, ол бір кісінің ғана колынан келетін іс емес. Сондықтан мен әдебиетіміздің тазалығы үшін киналатындарды, азшылық таланттарды мынаған шақырам: Достар, таланттар! Бірігіндер! Барлық шатпақайшыларға қарсы майдан ашайық! Олардың желеп-жебеушілерін түгелдей әшкерелейік! Ұқсандаршы, біздің әдебиетіміз түншыға бастады!

Тәнірім-ай, бізде акын мен жазушы каншама? Бәрі де атақты болғысы келеді. Бәрінің де халыққа танымал болылары бар. Алайда сол әрекет-

теріне халықтын қалай қарайтынына бұрылып бір өздері көз салмайды-ау.

Қайран әдебиетіміз кәрі не бол кетті? Ол бәрін асыраушы: талантты да, талантсызды да, пенсионерлерді де, тағы-тағыларды. Екі-үш өлеңін алып жана жаза бастаған жас келеді, бірер жерге көрсетеді де, бұл істен ештеңе өнбейтінін, етіп кетудің мүмкін еместігіне көзі жетеді. Соңан соң өз күшін проза жазып байкайды. Ол да алдында алынбас камалдай түрліп алады. Ашынған, жана жаза бастаған жас соңан соң сынға жармасады. Поэзия мен прозадағы беделділердің біріне болмаса біріне жағымпазданудың онай еместігін біліп, ал сын саласын ынғайлы әрі тиімді санайды. Сонымен, өз әрекетін бастап кеп жібереді. Кейде тіпті біреуді (әрине, онша қауіпті емесін), яғни қызметі жокты, корқытып та тастайды, сөйтіп күндердің күнінде біздің әдебиетіміздің «білгіші» болып шыға келеді. Және әдебиетімізге пікір айта бастайды.

Мен кейде дүмбілездердің әдебиетке қандай жолмен келгенін, кімнің бакшасында өскенін, кімнің канаты астында қатайғанын, оның қамкоры кім екенін, бүкіл кезген жолын зерттегім келеді, эттен, уақытым жок...

Бұлай бола беруі мүмкін де емес. Түптің тубінде бәрінің де акыры боллады, шыда, күт...

Көркем сыйысyz көркем әдебиет өмір сүрмейді. Сын өз мойнына талай нәрсөні алуға тиіс.

Сын қазы да, адвокат та болуы керек, ал қажет болса калған жағдайда ол өте катал, мейірімсіз айыптаушы да бола білуі керек. Әйтпесе әдебиет, жалпы өнер атаулы алғашкы қоғам құрылышын елестеді. Әркім өз білгенінше, әйтеуір сезікпен, көркем еместігін және жаксы еместігін біле тұра әрекет жасайды. Ойпырым-ай, коймайды-ау коймайды. Соның бәріне сын кінәлі. Бізде дұрыс сын жоқ. **Тек жағым-паздар бар.** Олар беделділерді мақтау үшін өзара жарыска түседі. Олар сол арқылы әдебиеттің асырауында өздерінің кала беруін қамтамасыз етеді. Бұл урашыл-сыншылар көркем шығарманы шатпақтан ажырата алмайды. Олар үшін автор бірінші орында тұрады. Оның кім, қандай қызметте екенине көnl аударады. Ал ондай шатпақайлардың көлөнексінде таланттар бірте-бірте сөне береді.

Өмірге, өзі өмір сүріп отырган қоғамға белгілі бір көзкарасы жоқ адам ақын емес. Ондай адамның өзін ақын ғана емес, қоғамның ойлай билетін азаматымын деуге де хакысы жоқ.

Казіргі нағыз ақын алдымен ойшыл, яғни философ болуы қажет. Поззияның жалаң сұлулығы жалаңаш сұлуға ұксайды. Оған тек таңдана карауға ғана болады. Ақынның мін-

деті суреттеп шығу, баяндап беру емес, қайта сол сұлулықтың құпиясын, оның ар жағындағы нак сол жасырынды ашып беруде. Осы заманғы ақын, тәжірибелі құбылнамашыдай уақыт тамырын дәл басып, дәуірдің, қоғамның дертін өз дертіндей кабылдауга тиіс. Поззияда философ болу деген сез, өзін қоршаған әлемді үгіну, әр заттың мәнін білу. Алайда салқынканды, ақылгей философ болу жарамайды, ақырына дейін «адам жанының инженері» болып калу керек.

4. Өзара ықпал. Әдеби процестің қыры көп, соның бірі әр түрлі ұлт әдебиеттерінің өзара, бір-біріне ықпал етуі. Ол болмай түрмайтын құбылыс. Шығыс әдебиеттің батыс әдебиетіне, жаңарған Еуропа әдебиеттің орыс әдебиетіне әсер етіп, одан кейін сол орыс әдебиеттің әлемдік деңгейге көтерілуі, осының бәрі сол өзара ықпалдастық нәтижесі. Оның әдебиеттің өсуі де болмайды. Бұл әдеби ықпалдастықтың жаксы жағы. (Мысалы: Эзоп-Лафонтен-Крылов-Абай-Байтұрсынов желісі – әдеби ықпалдаудың он көрінісі. Сондай ықпалдаудан орыс әдебиеті «алтын гасырының» маржан тұлғасы Толстой тұған. Батыстың бары мен шығыстың шырының катар еміп, бойына сіңірген таңғажайып «телғара» тұлға Гете тұған. Бұндай «телғаралар» көп болған). Сонымен бірге, оның қауіпті тұсы болуы да бек мүмкін, мысалы

бір әдебиеттің бір әдебиетке идеялық түрғыдан катты шабуыл жасап, оны мәнгүрттендіріп тастауы да мүмкін іс. Ол нашар әдебиеттің өзінен күшті әдебиетке ес-түссіз еліктеуінен болуы да мүмкін. Одан сақ болу керек. Еліктеу ақылмен болу керек. Әсіре-се идеялық түрғыдан еліктеуге абай болу керек. Форма да сондай, өйткені формаға қызықтырып идеяны тықпалап, байкаттай өткізіп жіберу әдебиет тарихында көп болған нәрсе. Ікпалласудың бір түрі аударма өнері арқылы да болады.

Аударма – керек өнер. Тәржімәсіз тілдер түсініктігі болмайды. Бірақ та аударманың түпнұсқа бола алmasын үққан абзal. Аударма оңай жұмыс емес. Ертеде евropaда 1546 жылы галым-баспагер

Этьен Доле деген кісі Платонды аударуда қателік жіберіп, шіркеу тарапынан влім жазасына кесіліп, отқа жағылған. Мартин Лютер деген неміс Библияны неміс тіліне аударам деп біраз күгін көрген. Құранды аударушылар да көп болған, орыс тіліне оны И. Крачковский деген шығыстануши (1963), профессор M. Османовтар аударған. Қазақ тіліне Құранды тұңғыш рет 1991 жылы Халифа Алтай аударды. Басқа басқа Алланың сөзін тәржімелау оңай емес екені анық. Қазақ әдебиетінде аударма өнері біраз дамыған. Галымжан Мұқанов Махамбетті француз тіліне аударған. Аударма шебері A. Байтұрсынов болған. Төменде аударма үлгілерін ұсынамыз.

Волк и ягненок
Был сюжет, пожалуй, самая известная в мире сказка. Впервые она появилась в Европе в 1546 году в книге французского писателя Этьена Доле.

(Касқыр мен қозы)
Был сюжет, пожалуй, самая известная в мире сказка. Впервые она появилась в Европе в 1546 году в книге французского писателя Этьена Доле.

И.А. Крылов
(A. Байтұрсынов)

У сильного всегда бессильный виновать;
Тому истории мы тьму примеров слышим.
Но мы истории не пишем

А вот о том, как в баснях говорят
Ягненок в жаркий день зашел к ручью напиться;

Бұлаққа су ішүге келді Козы
Жанында серігі жоқ жалғыз өзі.

Бұлаққа су ішүге келді Козы
Жанында серігі жоқ жалғыз өзі.

Волк и ягненок
Был сюжет, пожалуй, самая известная в мире сказка. Впервые она появилась в Европе в 1546 году в книге французского писателя Этьена Доле.

(Касқыр мен қозы)
Был сюжет, пожалуй, самая известная в мире сказка. Впервые она появилась в Европе в 1546 году в книге французского писателя Этьена Доле.

И.А. Крылов
(A. Байтұрсынов)

У сильного всегда бессильный винователь;
Тому истории мы тьму примеров слышим.
Но мы истории не пишем

А вот о том, как в баснях говорят
Ягненок в жаркий день зашел к ручью напиться;

Бұлаққа су ішүге келді Козы
Жанында серігі жоқ жалғыз өзі.

Бұлаққа су ішүге келді Козы
Жанында серігі жоқ жалғыз өзі.

И надобно же беде случиться,

*Бөрі жоқ десен – шыгар бөрік астынан
Бәле мен қаза алыс па келсе кезі.*

Что около тех мест голодный рыскал волк

Қаңғырган тамақ ізден бір аш бөрі

Ягненка видит он, на добычу стремится

Козыга жетіп келді, жайнап козі

Но делу дать хотя законный вид и толк

Жемекке кінә қойып сол арада

Кричит:

Жала гып, міні Қасқыр айтқан сөзі:

«Как ты смеешь ты, наглец, нечистым рылом

«Сен Козы текке қарап жүре алмайсың

Здесь чистое мутить питье

Мое

С песком и илом?

За дерзость такову

Я голову с тебя сорву».

Соқтықпа маган десем, тіл алмайсың

Мойныңды қазір жұлдып алайын ба?

Суымды неге былгап, лайлайсың?»

«Когда светлейший волк позволит,

Козы айтты: «Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ,

Осмелюсь я донесть, что ниже по ручью.

*Тергөніз күнәм болса гаділ бірақ
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,*

От светлости его шагов я на сто пью,

Іштім мен жуз қадамдай қашығырақ.

И гневаться напрасно он изволит:

Питья мутить ему никак я не могу», –

*Бұл жерден ең аз болса бір жуз қадам
Мүмкін бе лайлайга осы арадан?*

*Сіз түгіл, өзгеге жоқ қияннатым
Не шара, жеткен болса бугін қазам?!»*

«Поэтому я лгу!

«Бекер ме, – Қасқыр айтты, – менің сөзім,

Негодный! Слыхана ль такая дерзость в свете!

*Білесің жалғанши деп кімді өзің.
Әкеңді алдыңдагы танимысың
Балем, сен байқап қара, ашып көзің!
Осындай сөздер мені күйдіреді,
Десем де, шыдайын-ақ етіп төзім.*

Да помнится, что ты еще в прошлом лете
Мне здесь же как-то нагрубил;
Я этого, приятель, не забыл!» –

*Есімнен өле-өлгенише кете қалмас,
Былтырғы осы арада сөккен сөзің»*

«Помилуй, мне еще и от роду нет году», –

Ягненок говорит.

«Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр
Келемін жарты жасқа күзде, тақсыр.
Жаралып дүниеге биыл келсем,
Тиемін былтыр негып сізге, тақсыр?!»

«Так это был твой брат», –

«Ол әсте сен болмасаң, сенің агаң,
Ойларың мені жоймаң келсе шамаң.
Ит болсын, қойши болсын, қожаң болсын
Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маган!»

«Нет братьев у меня».

«Нансаңыз ағам да жоқ інім де жоқ,
Уа, тәйірі, нашарлықтан мінім де жоқ.
Нақақтан мені, тақсыр, күйдіресіз,
Жауыздық сізге ойлаган күнімде жоқ.»

«Так это кум иль сват,
И словом, кто-нибудь из вашего же рода.

Ол саган алде күйеу, алде қуда.
Сүмейді қой атаулы мені жұда.
Я болең, я нағашың, я жиенің
Әйтіеүір саган ұқсас еді о да.

Вы сами, ваши псы и ваши пастухи,
Вы все мне зла хотите,
И если можете, то мне всегда вредите;
Но я с тобой за их разведаюсь грехи», –

Кой заты талай зәбір берді маган,
Соларын мен де істеймін енді саган.
Кегімді қойдан алмай, кімнен алам?!» –

Тауысты, о деп, бү деп, сөзді оған.

«Ах, я чем виноват?»

«Тақсыр-ай, еш жазыгым жоқ қой менің
Жәбір гой біреу үшін күйдіргенің!»

«Молчи! Устал я слушать.

«Үндеме, жетер, қазір пұрсатым жоқ

Досуг мне разбирать вины твой, щенок!

Тұруға ақ-қараңды тергеп сениң.

Ты виноват уж тем, что хочется мне кушать».

*Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжыңдастып.
Айтайын білгің келсе, Қозым саган,
Күнәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып!»*

Сказал – и в темный лес ягненка поволок.

*Шошыды Қозы байғұс құлқын танып,
Құтылар білгенменен онан нағып
Болсын ба қозы жұмыс Қасекеңе, –
Жонелді иығына салып алып.*

*Орманга қасқыр кетті қозыны алып,
Белгілі етер ісі алып барып.
Осындай жазықсызды жазғыратын
Эр жерде күштілерде бар гой қалып.*

*Қасқырдың зорлық болды еткен ісі
Ойлаймын: мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несін.*

5. Қорытпа. Әдеби процесс дегеніміз – үздіксіз жүргізілетін шыгармашылық іс. Әдеби процесс әдебиет тарихының әр кезеңде өзіндік ерекшеліктерімен даму үстінде болады. Оған әсер ететін сол кезеңдегі нақты қоғамдық саяси тіпті экономикалық жағдайлар деуге болады. Мысалы, ортағасырларда қазак әдебиетінде роман, повесть, жанрлары болған жоқ. Дәл қазіргідей формада эссе жанры да болған жоқ. Әйткені ол кезде бұл жанрларға деген сұраныс жоқ еді. Яғни, қоғамдық сұранысызы әдеби форма жоқ һәм идея да жоқ. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің пролеткультті ұстанбағаны сиякты. Қазіргі кездегі біздің әдебиетіміз әуропа және шығыс әдебиеттерінің синтезінен тұратын күрделі заманауи әдебиет. Осы тұрғыда ол біраз өсіп-жетілді. Енді қазіргі әдеби процестің алдағы уақытта дәл кай бағытта өрбитінін тап басып айту өте киын. Әйткені әдеби процесс математика сиякты нақтылықка бағынбайды. Математикалық формуулалар әдебиет ірім стихиясының құпиясын шеше алмайды. Білеріміз: дәл күні бүтін әдеби процестің кайнаш жүріп жатканы. Сол бүтінгі 2000 жылдардың әдебиет ірімнің бір шайыры Нұрлан Мәуkenұлы былай деп жырлапты:

**Зайсан деген жерден кеткен ем,
Там-түм жүкпенен, аздан өклемен.
Құшагы ыстық, елден кеткен ем,
Кайта оралам деген ниетпенен.**

*Досым көп еді, қасым жоқ еді.
Аллам жіберді, басым доп еді.
Қызметте жүрдік, көлік те міндік,
Тамақ тоқ та, койлек-кок еді.*

*Барін тастадық, тіршілік бастадық,
Баспана салдық, жатақтан қашпадық.
Омір өзгерді – көңіл-коз көрді,
Жүрген жандарды әсіре аш қалып.*

*Заман солай ма, Адам солай ма? –
Ештеме келмеди бірден қолайга.
Есіңді шығарып, еңсөңді езетін
Жазылды нарық біздің талайга.*

*Зайсанға енді қайта бара алман,
Құшагы ыстық елге енді айта
бар арман.*

*«Тауғулді» қылдық мекен гып
жайлап,
Біздің тұрақтан «Қалқаман» әрмән.
«Қалқаман-Мамыр» білесіңдер ме?
Күссасын жаттан жүресіңдер ме?
Киссадай болды біздің де өмір
Лақтыра салған күресін жергег...*

Осы ірімнің тағы бір жас шайыры өзінің жыр кестесін былайша өрнек салып, токиды:

Күз

Сурет – құңғірт,

Әуен – жыым-жырт.

Күз бен дала

Сәнсіз сұргылт.

Сурет – сәнсіз,

Әуен – әнсіз.

Түссіз бояу,
Мұңсыз, мәнсіз.

Қызы да – арман,
Сезім жсанган.
Әлсіз үміт
Нәр сыза алған.
Арман, арман.
Дунис жалған.
Бал бала шақ
Артта қалған.
Үмітті үзбе,
Кудікті үз де.
Жан тәнді апар
Келер күзге.

Әлем – аде.
Күн – дүр сауе.
Жанга бір жсан
Мыңнан мәве.
Күлкі – женіл.

Сұраптар:

1. Әдеби процесс, әдеби процесті саралауда ұстанар өлшемдер (критерийлер). Казіргі әдеби процесс ерекшеліктері (1990-2000 жылдар).
2. 90-жылдардағы әдеби процесс. Тәуелсіздіктің әдебиетке әсері. 90-жылдардағы көркем шығармалар, әдеби ой-пікірлер. Осы кезеңдегі әдебиет ерекшелігі.
3. Б. Момышұлының бүрын жарияланбаған сценарии. «Коз алдымда бәрінсін...» естелігі. Ондагы үлттық тарих, үлттық өнер, әдебиет мәселелері.
4. Жазушы Рамазан Токтаров шығармашылығы. Оның сонғы «Бітесу жара» романы. Романиның жазылу стиліндегі тын ерекшеліктер.
5. Шерхан Мұртаза. Оның тәуелсіздік түсіндагы шығармашылығы. «Елім саған айтам, Елбасы сен де тында» атты журналист Камал Смайловпен бірлесіп жазған епистолярлық туындысы.
6. Аскар Сүлейменов шығармашылығы. Ол екілі болып табылатын интеллектуалды-лингвистикалық проза. «Парасат падишаһы» атты естеліктер жинағында жазушының шығармашылық лабораториясынан көн мәлімет берілуі. Аскар Сүлейменов-

Сыңай – көңіл.
Сізді, бізді,
Сынайды өмір.
Алыс – арман,
Жақын – жалған,
Жым-жырт – күңгірт,
Шу да сүргылт.
Күңгірт кунді,
Кара түн құрт.
Әуен баяу,
Кара жаяу,
Караша. Куз.
Қысқа таяу.

Корыта айтканда, әдеби процесті тірі организм ретінде көре білу керек. Эйтпесе әдеби шығармалардың өлі материал күйінде қоғамға кажеті шамалы.

тін «Шашылып түскен тіркестер» атты философиялық, әдеби ой толғаныстары. Аскар Сүлейменовтің хаттары – эпистолярлық жанрдың озық үлгісі.

7. Мекемтас Мырзахметұлы – әдебиеттанушы ғалым. Галымның Абайтану, Бауыржантану, Түркология салаларын зерттеудегі үлесі. Оның «Қазак калай орыстандырылды?» атты зерттеу енбегі.

8. Мұқагали Макатаев туралы жарық көрген «Естеліктер» жинағы. Оның бүрін жарияланбаған өлеңдері. Ақынның «Жылап қайттым өмірдің базарынан..» атты жыр жинағы.

9. Кеңестік дәүірдегі эмиграциялық әдебиет. Ақын Мәжит Айтбаев шыгармашылығы.

10. Хасан Оралтайдын «Елім-айлап өткен өмір» атты естелік романы.

11. Мұхтар Шаханов. Оның Шыңғыс Айтматовпен бірігіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты роман естелігі. Ақынның «Желтоқсан эпопеясы» атты романы.

12. «Қазак әдебиеті» газеті. 1990-2000 жылдардағы газеттің үстанған бағыты.

13. «Абай» журналы. 20 жылдардағы «Абай» журналының 90 жылдарда жаңғыруы.

14. Тәуелсіздік түсінідә айтыс жанрының дамуы. Мұхамеджан Тазабеков шыгармашылығы.

17. Нұрлан Мәуkenұлы шыгармашылығы. Ақынның өлеңдеріндегі үлттық бояу, реңктің жаңаша көрініс беруі.

14. Мархабат Байғұт. Оның «Онтүстік Қазақстан» газеті беттерінде естелік жанрына қалам тербеуі. «Ақтолғай» шыгармасы.

15. 2000 жылдардағы әдебиет. Ондағы жас ақын-жазушылардың алар орны.

жыныс жағдайда болғанда да көркемдік деңгээлдең орталықтың мәндерінен салынады. Адам Сандовичтың дүниетанымының тарихи-литературалық мәндерінен салынады. Энциклопедияның 1990-жылдан берінен орталық мәндерінен салынады. Адам Сандовичтың дүниетанымының тарихи-литературалық мәндерінен салынады.

10-тaraу. КӨРКЕМ ӘДІС. ӘДЕБИ БАҒЫТ, АҒЫМДАР

10.1. Әдеби ағым

Ақиқатында әдіс, ағым, стиль дегендер өзара тығыз байланысты ұғымдар. Стиль өзі кен мағынада әдіс, ағым ұғымын берсе, тар мағынада бір жазушының қолтаңбалық өрнегі дегенді білдіреді. Яғни, қолтаңбалық ерекшеліктер бір жазушыға ғана тән болғанда стиль болса, бірнеше яки көп тұлғага тән болғанда ағым деген мағынаны береді. Осы ұғымдарға қатысты әр түрлі ой-пікірлердің әдебиеттану ғылымында көп болғанын да ескеру керек. З. Қабдолов өзінің «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде сонын біразын термелеп кеткен. Мысал келтірейік:

«Ұғым демекші, айтыстың үлкені әдіс деген сөзге тән ұғымға, мағынаға байланысты...

«Әдіс – творчестволық тәсіл», – дейді В. Щербина. «Творчестволық тәсіл дегеніннің өзі не нәрсе, – дейді Л. Тимофеев, – оны нақты шығарма талдауға қалай колданамыз?»

Біреулер әдісті суреткердің дүниетанымына байланыстыра байыптаса, біреулер бұған қарама-карсы, «әдістің таза дүниетаным категориясымен

кабыспайтынын» (Л. Новиченко) дәлелдеп жатады.

Г. Абрамович «әдіс – шындықты суреттеудің жалпы принципі» десе, Л. Щепилова «әдіс – өмірді образ арқылы көрудің айрықша типі» дейді.

Сондай-ақ, мәселен, Ф. Головенко «Әдіс пен ағымның арасында анық шекара жок» десе, В. Сорокин әдісті ағымға коса тексерे тұра, екеуінің аражігі айқын екенін, яғни «әдіс – ағымнан әлдекайда кен ұғым» екенін айтады. Шынында, калай өзі? Айталық, романтизм немесе реализм... Осылар ағым ба, әдіс пе? Біреулер әдіс десе, біреулер ағым дейді; ал үшінші біреулер әрі әдіс, әрі ағым деп, екеуіне бірдей телиді.

...Жә, сонымен реализм, немесе романтизм... Ағым болды ма, әдіс болды ма? Жаңа ғана Посмыштың ағым дегенін білдік. Әдебиет теориясына арналған окулықтардың көбінде ағым ретінде жүр: классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм... Осылай тізбектеледі, бірін-бірі ауыстырады, бірінің орнына бірі келеді (Қараңыз: Сорокин В.И. Әдебиет теориясы. – М., 1960). Біз де солай сырғытып өте шыксақ болмас

па? Шынында да көркемдік әдіс деген үғым әдебиеттану ғылымында күні кеше ғана шыкты; керегі не әдіс деп, ағыммен жүре берсек кайтеді?..

Мүмкін, тіпті ағымды да әдісті де койып, біржола стильге қошерміз. Бұрын солай болатын, оқымыстылар әдебиет пен өнер тарихын стильдер тарихы деп түсіндіретін: Ригль, айталық, өнер тарихын «оптикалық» (кору) стильдің «хаптикалық» (сезину) стильге ауысуы десе, Кон-Винер конструктивтік, деструктивтік, декоративтік «стильдердің» өзара алмасуы, ал Вельфлин «ренессансын» бароккога кошуі деп белетін».

З. Кабдолов Аристотель мен Белинскийді реализм, романтизм әдістерінің бар екенін дәлелдеу үшін келтіреді: «Бір жолы (Гоголь повестеріне байланысты) В.Г. Белинский поэзияда өмірді өнерге айналдыру тәсілі екі түрлі екенін, бірі қонілдегі қиялға неғізделген тәсіл болса, екіншісі өмірдегі шындықка тамыр тартқан тәсіл екенін, екеуі – бір-біріне керегар тәсілдер, бірақ бір максатқа аппаратын бағыттас жолдар екенін дәлелдей келіп, жалпы поэзияны екі салаға – асыл мұрат поэзиясына және мөлдір ақырат поэзиясына бөлгөн еді. Ұлы сыншының дәл осы арада айтып отырғаны (атын атап, түсін түстемесе де) көркемдік әдіс мәселесі екені даусыз.

Белинскийдің пікірі бұдан жұз елу жыл бұрын айтылса, Аристотель дәл

осындаған ойды, тіпті, екі мың екі жұз елу жыл бұрын айтты. Өзінің «Поэтикасында» (129-бет) Аристотель Софоклың «мен адамдардың ертең кандай болатынын суреттесем, Еврипид бүгін кандай екенін суреттейді» деген пікірін тілге тиек ете келіп, поэтикалық шығармада көркем жинақталатын арман мен ақырат жайлы енді өз толғамдарын танытады. Ұлы философтың дәл осы арада айтып отырғаны (атын атап, түсін түстемесе де) көркемдік әдіс мәселесі екені тағы даусыз».

Әдебиеттегі барлық үғымдар мен мәселелерді Аристотель мен Белинскийге апарып тіреп беру бүгінде ескірген тәсіл екені белгілі. Кезінде кеңестік заман талабынан солай болғаны ақырат. Бүгінде біз тәуелсіздік алған кезде санамызды да тәуелсіз ұстауымыз керек. Жоғарыдағы келтірілген пікірлердің бәрінің жаны бар. Әдіс жайлы айтыстың сонша қатты өршігені бір жағынан түсініксіз. Әдіс деген бір нәрсеңі танып яки іске асыру үшін сүйенетін нәрсе. Әдебиет те, әдебиеттану да сүйеніш болатын нәрсеге зәру, демек әдіс керек. Кеңестік дәүірдегі даудың түсініксіз жері: әдебиетте неге екі-ак әдіс болуы керек (романтизм яки реализм)? Бұның бір себебі біздіңше кешегі кеңестік идеологияны насиҳаттау талабынан туындаған. Ақын-жазушыларды катап түрде бірқалыпқа түсіріп, түсап коюдың аллегі. Әдіс жай-

лы таластың «Соц. реализм» әдісінің женісімен аяқталғаны мәлім («Русская критика этого времени («Перевал» (1924-1932), «РАПП», «ЛЕФ») искала новые эпитеты к слову «реализм». Наиболее подробно и точно все эти филологические поиски исследованы Г.А. Белой (Белая Г.А. Из истории советской литературно-критической мысли 20-годов. М., 1985). Как известно, были предложены понятия «монументальный реализм» (А. Толстой), «романтический реализм» (Вяч. Полонский), «динамический реализм» (Дм. Горбов), «пролетарский реализм» (А. Зонин). В конце концов, как самый адекватный революционной эпохе был избран термин «социалистический реализм». Как видим, с самого начала политическое определение предшествовало художественности» (Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика. Жанр. Стиль. – Алматы: Фылым, 1998. С. 240-241). Өйткені ол солай болу керек еді. Ақиқатында әдебиет деген ұғымды, әдебиет өнерін реализм, романтизм әдістеріне ғана теліп, қамап қоюға бола ма, ондай хұқықты кімге кім және қашан берілті? Сондыктан бүндай мәселе-лерге казіргі кезде байыппен қарап, кеңестік дәүірдегі терминнің бәрін трафарет етіп, көшіре беруден сак болуымыз керек. Әдістің негізінде дүние таным жатады деген тұжырым шындыққа келеді, бірақ бүндай

тұжырым да реализмнің пайдасына шешілмейді? Өйткені ондай болған жағдайда біздін дүние танымымыз неге реализмге (соц. реализмді айтпағанның өзінде) барып тірелу керек? Ал дүниетаным, көзқарас деген нәрселер бұл өте қажетті ұғымдар, әдебиеттің ең бастауында тұратын нәрселер. Әдіс, стиль, ағым, такырып, идея деген нәрселердің бәрі жазушы дүниетанымынан шығады, соған басыбайлы тәуелді. Кеңестік дәүірде әдебиетшілер образды, шығарма стихиясын автордың өзінен, жазушы дүниетанымынан да жоғары қойды. Содан жазушыға бағынбайтын кейіпкерлер класы (сыныбы) пайда болды. Осының бәрі соц. реализм идеясын әдебиетке зорлықпен тықпалап, сініру үшін жасалған-тын. Анығында бұл қате пікір. Ақиқатында реализм деген материалистік түсініктен шыккан өте шектеулі ұғым (яғни, тек көрер көзге сенген, дүниенің фотографиялық қалпын ғана қабылдап, жаратылыс дүниенің шын астарлы сырын андамау яки андаса да өтірік анқаусын білмеушілік). Қазак әдебиеті мысалы бұл ұғымға сыймайды. Академик З. Қабдолов өкінішке орай осылай жасауға талпынған: «Кай кезде жасамасын, бәрібір, барлық казак жазушылары (Махамбет пен Абай, С. Торайғыров пен С. Сейфуллин, Б. Майлин мен И. Жансүгіров, М. Әуезов пен С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов пен Ә. Тәжібаев, Ф. Мұстафин мен Т. Жа-

роков, Х. Есенжанов пен К. Аманжолов, т.б.) жайлы да дәл осыны айтуға болар еді: бәрінің творчествосында да реализм мен романтизм араласып жүр. Жалғыз-ак бір есте болатын нәрсе – осылардың жеке алғанда әрқайсысы, жалпы алғанда барлығы, колдан келгенше, романтизмнен реализмге келе жатады. Әдеби дамудың *объективті заңы, әдеби әдістің эволюциясы тек қана осылай жылжуга тиіс.*

Бұл – бір біздегі емес, бар елдегі жағдай. Осыған қарап, бүкіл әлемдегі күллі ілгерішіл әдебиет пен өнердің ғасырлар бойынан тарихын, бір се-бептен, дүниенің көркем тану, дәлірек айтқанда, өмірдегі шындықты өнердегі шыншылдықпен тану жолында реализмнің туу, қалыптасу және даму тарихы деуге болар еді. Мұның өзі философияның тарихы – философиядағы материализмнің туу, даму тарихы деген қағидалы пікірлерге де сәй келеді». З. Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы, 1970. – 369 бет).

Казіргі таңда қазақ әдебиеті де, әдебиеттануы да өзінің төл әдісін, бағытын, құралын іздеу үстінде. Оның бірсызырасын біз жоғарыда көлтірілген «90-жылдардағы әдеби ой-пікірлер» атты тараушада көлтіріп оттік. Қазіргі казақ әдебиеті осы ізденулер арқылы шынығы үстінде. Ол кашан өзінің ақиқат болмысын тапқанша, солай бола бермек.

Классицизм ағымы – XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың ортасына дейін европада пайда болып, өмір сүрген ағым. Ерекшелігі – өз шығармаларында күнделікті күйкі тіршілікпен жүрген қарапайым жандарға назар аудармай, тек қоғамдағы елеулі тұлғалар катыскан, ірі тарихи оқиғаларды арқау етті. Өздеріне үлгі ретінде көне дүние классикасын алды, атаулары да содан шыккан. Философиялық демеуші – Декарттың рационалистік философиясы. Олардың әдеби ағым ретінде «Үш бірлік» деген шартты болды. Ол шарт бойынша шығарма: 1) бір тәулік ішінде; 2) бір орында; 3) бір ғана сюжеттік желі бойынша болуы керек. Бұл ағым осындай өрісі тар, шектеулі әдеби принциптерді ұстанды (інш жақсы жақтары да барышылық).

Сентиментализм – классицизмге карсы ағым ретінде пайда болды. Ол ірі тұлғаларды емес қарапайым жандардың бейнесін сомдады, тек ірі тарихи оқиғаларды емес отбасындағы қарапайым тіршілікті де суреттеді. Сыртқы оқиғалардан ғөрі адамдардың ішкі жан сезім, толғаныстарын ашып көрсетті.

Романтизм мен реализм әдеби ағым ретінде де, әдеби әдіс ретінде де бірдей қарала береді. Энгельс романтизмді «ерекше жағдайда ерекше характер жасау» әдісі ретінде, реализмді «типтік жағдайда типтік характер жасау» әдісі ретінде түсін-

дірген. Романтизмге киял тән болса, реализм көз көріп тұрған дүниені нысанған етеді (профессор І. Ысмайлов: «Романтизм методы классицизмнің рационализм методын керексіз деп тастап, кияли сезім елесін алға ұстады. Классицизм античный дәуірді дәріптеп өзіне үлгі етсе, романтизм ортағасырдың кияли дүниесін, күнгірт миф, фантазиясын дәріптеді» деген).

Социалистік реализм. З. Қабдоллов «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде «**Социалистік реализм** – әдеби дамудың лениндік жолы, совет жазушыларының шындықка барап жолы» деп айткан. Қазіргі ақиқат бұл пікірдің уақытша айтылған, негізі жок тұжырым екендігін дәлелдеді. Ия, заман бір орнында тұра бермейді. Кешегі шындық деп айтылған нәрселер бүтінгі күні өкінішке орай кейде өтірік болып жатады. **Кеңестік дәүірде қекке көтеріп дәріптеген социалистік реализм ақиқатында шындықтың жолынан шетке шығарар сокпак болып шықты.**

Модернизм – XX ғасырда пайда болған өнер түрі (бағыт, ағым). Ол тек әдебиет емес, сондай-ақ: кино, театр, музыка, скульптура, живопись, дизайн, сәулел өнеріне тиесілі (*Біз модернизмді негізінен әдебиетке қатысты тұрғыдан қарастырамыз*). Модернизм – XX ғасырда қатты білініп, қатты сәнге айналған өнер. Бірақ

бұл жүрттың бәрі соны құлтаган яки ен дұрыс, озық өнер осы екен дегенді білдірмейді. Осы жағын дұрыстап ажыратып алған дұрыс. Ол үшін азын-аулақ тарихқа көз жүгіртейік.

Модернизмнің шықкан бұлақ көзі – Еуропа. Яғни, Еуропа казанында қайнаған ас-ауқат. Еуропалық өнім мәдениеті. Еуропа мәдениетінде қайдан шықкан? Ол аспаннан түскен жок. Еуропа мәдениетінің басы – грек (*юнан*) һәм рим (*рұм*) мәдениеті. Грек-рим мәдениетінің кейбір ерекшеліктері мынадай болған:

1. **Материализм** танымын ұстану;
2. Комфортқа қатты құмарлық;
3. Денеге табыну (денені рухани өмірден жоғары кою. Сұлу дene – гректер үшін ен биік идеал болған);
4. Аста төк дастарқан, той-томалак, сауық-сайранға құмарлық, мейрамшылдық (олардың кеңес кеziңдегідей жыл он екі ай календары мейрамга, даталы кундерге толы болған).

5. **Трансцендентальды ақиқатты мойындау** (Ақыл, сана, танымнан тыс нәрселерді, мысалы: Құдайды ойлап бас қатырмау. Олардың құдайды бүтіндей жок демесе де құдай туралы түсініктеп тым күнгірт болған. Құдай дүниені жаратады, басқарады деген нәрселер ойларына кіріп шықпаған. Әйттеір адамнан сәл артықшылығы бар *Белсенді Сана* (Активный Разум) деген құдай іспеттес бірдене болады деп пайымдаған).

Корыта айтканда, олардың мәдениеті рационализмге сүйенген һәм эклектикалық (құранды) бол келеді. Негізгі философиялық ұстанымдары – эпикуришілдік, яғни ішіншіл, ойнап-күліп, нәпсі қалауымен рахаттанып сибарит (жылы-жұмысаш, жайлы өмірді ұнататын тұлға) бол өмір сүру. Олар өмір сүруді – той тойлау деп түсінген. Олардың негізгі қалаулары: алтын-күміс әшекейлер, кымбат бағалы заттар, суду әйелдер, қызылды-жасылды торка киімдер, салтанатты астаулары бар моншалар, арак-шарап ішу, анфа шығу, философиямен айналысу, театр һәм гладиаторлар ойынын тамашалау, т.б. Грек һәм Рим империялары негізінен еңбекпен емес, өзге елдерді жауап, басып алушмен дамып отырған. Сондықтан олар өздерінің рахат өмірлөрінің бірден-бір көзі ретінде әскери күшті құдайдан кемге баламаған. Осы империялардың шат-шадыман өмірінің қалай біткені тарихтан белгілі.

4-ғасырдан бастап император Константин кезінен (б.э. 306 ж.) европа жеріне христиандық діні енді. Еуропа өзгеріске түсті. Ол біртұтас христиандық әлемге айналды. Христиандық әлем ақиқат дінмен шелі қанғанша сусындаған жок. Христиандық дін о баста көпқұдайшылдықпен шатасты. Дінде жоқ монахтық пен шіркеу институттары, яғни діни каста пайда болды. Інжіл (Библия) адам қолымен

өзгертіліп, оның әр түрлі вариантыры көбейді. Осының бәрі христиандық діннің қожырауына әкелді. Ортағасырларда пайда болған ғылыми жаңалықтарға өзгеріске ұшыраған Інжіл сәйкес келмеді. Сөйтіп, христиандық дін мен жаратылыстану ғылымы кайшылықка, артынан теке-тіреске түсті. Содан ғылымның, ақыл-ойдың дінге карсы дүшпандық көтерілісі пайда болды. Қайта өрлеу, қайта тірілу немесе қайта ояну дауірі (эпоха возрождения, ренессанс) деңгендер осы кезде пайда болды. Қайта ояну батыс үшін шала діни үйқыдан рационализмге қайта ояну болды. Сөйтіп, дінсіз, құдайсыз өркениетке жол ашылды. Өйткені христиандық дін мен ғылымның теке тіресінен батыстықтар ғылым дамуы үшін міндетті түрде дін жойылуы көрек деген тарихи қате корытынды шығарды (Обскурантизм – білімге, ғылымға қарсылы). Содан қайта ояну, яғни баяғы грек һәм римдік когамға жана ғылыми табыстармен еуропаның қайта оралуы жүзеге асты. Қайта үйқыдан оянған еуропаның діні – гедонизм (рахатқа батып өмір сүру, бұл дағы сол эпикуризмнің өзі) болды. Білгілердің айтуынша, олардың шіркеулері: ірі зауыттар, кинотеатрлар, химиялық лабораториялар, тунгі клубтар, гидро электростанциялар, ал поинтары: банкирлер, инженерлер, кино, эстрада һәм спорт жүлдіздары, өндіріс алпауыттары,

каржы магнаттары болды (*Грек, рим мәдениеттері жайлыш мәліметтер Леки, Хаас, Дрэпер* сынды ғалымдардан алынды). Яғни, екі дүниежүзілік соғыстың ошағы болған, біртекті жыныстық қатынасты заңдастырыған, пайызға негізделген экономикасы бар Еуропаның бұрынғы һәм қазіргі хәлі бізге аян. Еуропа – созылмалы ауыр дерлек үшінраған өркениет. Модернизм – осы өркениет тудырыған өнер түрі. Яғни, біз аса қызығатын да, қатты қызғанатын да өнер емес. **Модернизмнің тұрткісі – философия.** Еуропалықтар да бар өнердің тұрткісі һәм ашытқысы ол философия болады. Өйткені оларда дін жок. (*В Европе преобладает философское стремление, в Азии религиозное. Дрэпер*). Сондықтан дін тұрткі яки ашытқы бола алмайды. Модернизмге тұрткі болған философияның аты – **иррационализм** (*ақылға қонымсыздық*). Қайта өрлеу дәуірінің тұрткісі – **рационализм** (*ақылға қонымдылық*) болса, модернизмнің тұрткісі – **иррационализм** болды. XV ғасырдан рационализмге қатты дең койған Еуропа неге XIX ғасырдан бастап иррационализмге көшті? Өйткені олар күдай дәрежесіне жеткізген ақыл шын мәнінде өте керемет нәрсе болғанмен шектеулі ғана дүние-тін. Арада III-IV ғасыр өткенде ақылды әбден сауған Еуропа оның шектеулілігін, әлсіздігін, бір ғана ақылмен мына жаратылыс дүниені танып-біле алмасына

көздері жеткен кезде катты торыкты. Рас Еуропа ақылмен Эйфел мұнарасын сокты, бүмен жүретін паровоз, радио ойлап тапты. Сәл кейінрек гарышка үшты, интернетті ойлап тауып, адам мүшелерін ауыстырып салуды менгерді... Бірақ бір нәрсені түсінбей-ак қойды. Осының бәрі не үшін? Адам не үшін өмір сүреді? Өмір деген не? Өлім деген не? Бұған өнер де, ғылым да жауап бередімді. (*Яғни, адам астанда ұшуды үйренгенмен, жерде қалай жүрүрді білмей-ак қойды*). Осы торығудан иррационализм пайда болды. Оның айтуынша, ақыл деген шынында колынан түк келмейтін бейшара бір пақыр екен. Әйтпесе жаратылыс дүниенін, адамның не екенін түсіндіріп бермей ме? Сөйтіп, артынан мынадай корытындыға келді: алем деген ешқандай заңдылық, реттілік, қандай да бір жүйе атаулы жок, бей-берекет сапырылысқан бір нәрсе. Яғни – **хаос!** Адам өмірі мағынасыз нәрсе. Абсурд. Олар осылай әлемнен (*айдалада ақ отау, аузы, мұрны жоқ отау*) бір сокыр күшті іздел тапты. Сөйтіп, ақылға жүгінген логикалық ойдан ештепе шықпасын білген соң, ақиқатты түйсікке, (интуицияға) сүйентен логикасыз, бей-берекет ойлардан, сезімдерден іздеді. Яғни, бей-берекет дүниені, бей-берекет ойлар, сезімдер арқылы тануға болады деп шешті. Содан адам бойындағы һәм ойындағы күжинаған, бытысқан ойлар

мен сезімдерді іріктемей, жүйелемей, кайта сол таз қалпында шашауын шығармай қағазға түсірсе – адам өмірінің болмысын, ақиқатын ашып көрсететін нағыз өнер түрі сол десті. Людвиг Бьерн деген 1923 жылы «Искусство стать в три дня оригинальным писателем» деген макаласында былай дейді: «Возьмите лист бумаги и записывайте три дня подряд без фальши и льстивости все, что вам придет в голову. Пишите все, о Гете, о криминальном процессе Фукса, о дне великого суда, о ваших начальниках – и по прошествии трех дней вы будете страшно поражены и удивлены своими новыми невероятными мыслями. Вот оно искусство стать в три дня оригинальным писателем!». Өткен ғасырда жұрттың бәрін шулатып жүрген *impression* немесе психоаналитикалық техника деген осы. Профессор Е. Үсемайлов модернизм туралы: «Бұлар реалды өмірді танымайды, бұларға негізгі объект, негізгі такырып кайғы, мистикалы киял, сезім, ой дүниесі. Бұкіл әлемнің шындығын жеке адамның ойына әкеліп сыйғызыбап болады. Бұлар философиядағы силопсизизмге, дүниеде «мен» ғана бармын, қалғаның бәрі, басқа адамдар да сезуімнің жемісі, «мен» менің себепсіз сезуім – бұл шындық өмір дегенге келіп қолын береді. Өмірді ойымызда бұзып, жасап ала береміз деген силопсизизмнің теориясы Вайлдтің «искусство өмірді өзі

жасайды» деген пікірімен қабысып жатады», – дейді.

Яғни, дүниеде менен басқа ешкім жок, тек мен бармын дейтін, көзіне ешкім көрінбейтін, барды жок дейтін, жоқты бар дейтін тәкәппәр философия. Пруст нағыз болмыс сыртқы дүние емес, адам ішіндегі психологиялық сезім әлемі (қалпы) деп есептеген. Яғни, бұлар адам рухы мен денесін және сыртқы жаратылыс дүниенің әрқайсысын өз орнына қоя алмай шатаскан гой.

Олар адам миындағы құжынаган ойлармен катар галлюцинация (елес), тұс, инстинкт, неше түрлі сандырактарды да (жүйке ауруына үшыраған адамдардың сандырактарын да косып) том-том кітап қылыш жаза бастады. Ең онай нәрсе. Ойлану да, толғануда керек емес. Мағына да керек емес. Өйткені әлемнің өзі мағынасыз боп шыкты гой. Мағынасыз һәм шексіз әлемде шектеліп, қысылудың да қажеттігі жок. Анау болады, мынау болмайды деп. Үят-аят деген де керексіз нәрсе, осы уақытка дейін адамды тұспап, кібіртіктеп келген деп лепірісті. Өнер де осы еркін дүниені, еркіндікпен бере білуі керек. Оның да көп негізсіз қысымшылықтардан босануы керек. Мысалы, көркем шығармаларда идея, такырып болу керек деген нәрсені қою керек. Сюжет құрып әуре болу ескіліктің сарқыншагы десті. Сөздерді олардың бостандығын шектейтін

грамматика, пунктуация деген ережелер қамауынан босату керек. Үтірсіз, нүктесіз шығармалар жазу керек. Кеңек болса адамдардың осы уақытқа дейін қолданылып келген сөздері де ескірді, енді жана, ешкім түсінбейтін **акылға қонымызың тіл (заумный язык)** ойлап табу керек десті тағы. Яғни, білгенінді істе. Нагыз бостандық деген міне осы. Ақыкатында нагыз бостандыкка жету үшін адам өзіндеңі артық жұктін бәрін тәрк ету керек. Мысалы, отбасын, малын, дінін, сезімін, ақылын... Сонда не қалады? Қалатын нәрсе көп. Қайта ең пайдалы, ең керекті нәрселер ғана қалады екен: дене, тамак (тәбетімен бірге), секс, билік, акша, комфорт... Міне, модернизм деген сиқырлы өнердің бар ішкі сарайы осы! Бей-берекет ойларды қағазға түсірушінің басы – француз жазушысы **М. Пруст** деген болды. Оқиғасыз, идеясыз роман жазушы. Ойна келгенді жіпке тізіп тұрте бересің. **«Ой ағымы»** (орысша «потока сознания») деген керемет әдіс осы. Ағылшын жазушысы **Д. Джойстъң** «ой ағымы» әдісі Прустан да күрделі болды. Ол өнін қойып, кейін шымшытырық түсін жазумен айналысты. Оның өзін түсініксіз, шифрлы тілмен жазды. Бұлардан бек көп улғи алған, абсурд жазушысы **А. Камю**: дүниеден еш тірек, түйірдей мағына таптаған адам жаны қысылып, шыдамаған соң төнкеріс жасаумен шерін таркатады деген ойын таратты

(**Экзистенциализм** деген «әдемі» философия осы). Несі ой? Оның айттынша, II Александр патшаны, ұлы князь Сергейді, ішкі істер министрі Плевені, т.б. өлтірген орыс терроршылары: И. Гриневицки, Сазонов, Каляев, Желябов, Перовскаялар да ішкі шерін таркатушылар екен. «Сизиф туралы миф»-ті жазған Камюдін **Ф. Достоевский**ді оки бергенше **Л. Толстой**дың «Арылу» («Исповедь») атты шығармасын оқымағаны өкінішті-ак. Бәлкім оқыса да түсінбеген болар. Бұларға философиялық демеуші – **Ницше**. Ницше әлемнің хаоска түсіуіне көп үлес қоскан философ. Ол «құдай өлді» деген. Өлтін күдайдың орнына адамның өзі күдай болуы керек деген. Оның философиясынан шықкан адам – күдайдың бірі (сверх человек) – **Гитлер**. Гитлердің қандай күдай болғанын әлем біледі.

Жалпы, модернизмнің саласы көп, әралуанды. Бірақ түбірі бір. **Декаденттік** дей ме, авангард дей ме бәрінін жүрер сокпағы бір. Авантгардтық өнердің бір түрі – **футуризм**. Бұл ағым да шектен шығудың бір нобайы (Ол туралы айтылды). Декаденттік деген үміті үзілген, көnlі торықкан бүкіл әлемге капа, дүшпан бейшара жан іші. Оның бір мысалы жоғарыдағы – абсурдтық. Басы – модернизм, аяғы – **тобырлық мәдениет** (парнография, дедектив, рок-музыка, т.б.). Пролеткультте модернизмнің бір түрі. Модернизм – былғаныш,

грамматика, пунктуация деген ережелер қамауынан босату керек. Үтірсіз, нүктесіз шығармалар жазу керек. Керек болса адамдардың осы уақытка дейін қолданылып келген сөздері де ескірді, енді жана, ешкім түсінбейтін **акылға қонымысыз тіл (заумный язык)** ойлап табу керек десті тағы. Яғни, білгениңді істе. Нағыз бостандық деген міне осы. Ақыратында нағыз бостандықка жету үшін адам өзіндеңі артық жүктің бәрін тәрк ету керек. Мысалы, отбасын, малын, дінін, сезімін, ақылын... Сонда не қалады? Қалатын нәрсе көп. Қайта ең пайдалы, ең керекті нәрселер ғана қалады екен: дене, тамак (тәбетімен бірге), секс, билік, акша, камфорт.. Міне, модернизм деген сикырлы өнердің бар ішкі сарайы осы! Бей-берекет ойларды қағазға түсірушінің басы – француз жазушысы **М. Пруст** деген болды. Окиғасыз, идеясыз роман жазушы. Ойына келгенді жіпке тізіп тұрте бересін. **«Ой ағымы»** (орысша «потока сознания») деген керемет әдіс осы. Ағылшын жазушысы **Д. Джойстың** «ой ағымы» әдісі Прустан да күрделі болды. Ол өнін койып, кейін шымшытырық түсін жазумен айналысты. Оның өзін түсініксіз, шифрлы тілмен жазды. Бұлардан бек көп үлгі алған, абсурд жазушысы **А. Камю**: дүниеден еш тірек, туýірдей мағына таппаған адам жаны қысылып, шыдамаған соң төнкеріс жасаумен шеңін таркатады деген ойын таратты

(**Экзистенциализм** деген «адемі» философия осы). Несі ой? Оның айтуынша, II Александр патшаны, ұлы князь Сергейді, ішкі істер министрі Плевені, т.б. өлтірген орыс терроршылары: И. Гриневицки, Сазонов, Каляев, Желябов, Перовскаялар да ішкі шерін таркатушылар екен. **«Сизиф туралы миф»**-ті жазған Камюдін **Ф. Достоевский**ді оки бергенше **Л. Толстой**дың «Арылу» («Исповедь») атты шығармасын оқымағаны өкінішті-ақ. Бәлкім оқыса да түсінбеген болар. Бұларға философиялық демеуші – **Ницше**. Ницше әлемнің хаосқа тусуіне көп үлес қосқан философ. Ол «құдай өлді» деген. Өлген құдайдың орнына адамның өзі құдай болуы керек деген. Оның философиясынан шыққан адам – құдайдың бір (сверх человек) – **Гитлер**. Гитлердің қандай құдай болғанын әлем біледі.

Жалпы, модернизмнің саласы көп, әралуанды. Бірак түбірі бір. **Декаденттік** дей ме, **авантгард** дей ме бәрінін жүрер сокпағы бір. Авангардтық өнердің бір түрі – футуризм. Бұл ағым да шектен шығудың бір нобайы (*Ол туралы айттылды*). Декаденттік деген үміті үзілген, көnlі торыққан бүкіл әлемге қата, дүшпан бейшара жан іші. Оның бір мысалы жоғарыдағы – абсурдтық. Басы – модернизм, аяғы – **тобырлық мәдениет** (парнография, дедектив, рок-музыка, т.б.). **Пролеткультте** модернизмнің бір түрі. Модернизм – былғаныш,

пролеткульт – керемет деген заман өткен. Ақиқатында екеуі бір нәрсе. Мысалы, Ницшеңің **валюнтаризмі мен Маркстің пролетариат диктатурысы** ұқсас нәрселер. Екеуі де адам жаратылысына кайшы ағымдар. Модернистердің көбісінің социализм сойылын соғып кеткені содан, Мысалы, футуррист **Маяковский**, эспрессионист **Бехер** кейін социализм жаршысына айналғандар. Гитлер, **Сталин, Муссолини** – **бұлар саяси модернистер.** Ницше шапанынан – Гитлер, Маркс шапанынан – Сталин саяси аренада шықса, Пруст, Маринетти, **Хлебников**, Маяковскийлер әдебиет аренасына шыккан. (*Суретшілерден Пикассо, Тулуз Лотрек, Кандински, Малеевич, т.б. сындылар толып жатыр*). Яғни, Декарттан басталған ертегі-философия **Дарвин** мен **Фрейдтің «қырық өтірігімен»** (*Тазша бала бұл жерде жіп есе алмай қалады*) қосылып, одан әрі Прустардың, **сюрреалистердің**, футуристердің, пролеткультшылдардың, т.б. көркем фантазиясымен өрнектеліп, Гитлер мен Сталиннің сойқанымен біtedі. Міне, бары осы. Ақиқатында біттейді, алі күнге жалғасын таба береді. 60-жылдары Америка мен европада пайда болған **«Хиппи»** атты жастар козғалысының кесемдері **Герберт Маркузе** мен **Джерри Рабин** сындылар болған. Д. Рабин өзінің бір кітабында: «Мы смешаем

молодость, музыку, секс, наркотик и дух бунтарства с предательством, а такое сочетание трудно побить» деген. Бұл козғалыс осындағы айлатасілдермен батыста **«Жыныстық тоңкеріс»** (*сексуальная революция*) жасаған. Яғни, адамдарды жануарлар құсап ашық, еркін, коллективтік, жабайы түрде жыныстық катынас жасауға шакырган һәм өздері соны жүзеге асырган. Яғни, ар-үят, ождан, сенім дегеннің, яғни адамшылықтың бар шекарасынан аттаған.

Модернист Маяковскийден бір тармақ үзінді:

Лысый фонарь сладострастно сни-
мает с улицы черный чулок.

Осы бір жолда қарап отырсақ, жаңағы біз айтқан: иррационализм де, модернизм де, авангард та, сюрреализм де, футуризм де, пролеткульт та, абсурд та, т.б. бәрі бар... Яғни, адам миына конбайтын қо-
йыртпактың бәрі бар.

Авангард Давид **Бурлюктың** рабайсыз образдарына қарайык:

Душа – кабак, а небо – рвань, / Поэзия – истрапанная девка, / А красота – кощунственная дрянь... Небо – труп, не больше! / Звезды – черви – пьяным туманом.

Орыс футурисі **А. Крученыхтың** «заумь» тілімен жазған жырлары:

Дыр буль щыль
убешур
скум
Вы со бу
рл эз

* * *

Фрот фрон ыт
Не спорю влюблен
Черный язык
То было и у диких племен

* * *

Та са мае
Ха ра бау
Саем сию дуб
радуб мола
аль

(Ушоленде 1913 жылы жазылған)

Ал түсініп көрініз...

Асылында академик З. Қабдолов дұрыс айткан: «...көртартпа ағымдар бүкіл әлемдік әдеби дамудың кезең-кезеңдерінде көптен-көп: әдебиеттегі мазмұн дегенді біржола ұмытып, жалаң пішінді ғана куалаган жат сарынды формализм, оның асқынған түрі – абстракционизм, бұлардың «бел балалары» – әсіре-се қызыл экспрессионизм, беталды лақкан футуризм, дараышыл, күйрек импрессионизм, күнірентген символизм, діни-мистикалық акмеизм,

қылтың-сылтың трюкке толы имажинизм, күллі көртартпа ағым атаулының бүгінгі буржуазиялық өнердегі қырық құрау косындысы – өні айналдырылып, қайта тысталған түрі – модернизм...» – деп.

Біз де соған бек косыламыз.
Енді стилге мән берейік.

10.2. Стиль

Стиль (грекше: *stylos*) – әрбір суреткердің жеке даралық ерекшелігі. Стиль шығармада идея, тақырып, сюжет, тіл төнірегінде бой көрсетеді. Стиль – шын мәнінде нағыз дарындарға тән нәрсе. Стильсіз шығарма – мінезсіз адамдай, тұзы жок тамактай. Стиль жоқ шығарма – нашар шығарма. Ол көбіне дарынсыз, үстірт, әлжуаз, айтары жоқ шығармаларға тән болады. Әдетте олардың шығармашылық ғұмыры да ұзакқа бармайды, су бетіндегі кобіктей әп-сэтте із-түссіз әдебиет әлемінен жоғалып отырады.

Л.И. Тимофеевтің айтуынша, стилдің мағынасы біртінде өсіп, кеңіп отырған. Әуелгіде стил деп бір басы үшкір, екінші басы күрекші тәрізді таяқшаны айткан. Бұндай таяқшаны римдіктер бетіне балауыз жағылған тақтайшаға жазу жазу үшін пайдаланған. Таяқшаның үшкір басын қаламұш етіп, күрекшемен бүрін жазылған не кате кеткен жазуды өшіру үшін, балауыздың бетін сүрттеп болған.

да риторикалық тілдік қабат катты ерекшелік болып көрінеді. Шыңғыс Айтматов романдарының структурасы курделлілігімен көзге туседі. Илияс Есенберлин шығармашылығы тарихи такырыпты қозғауымен әйгілі болды. Мұқагали лирикасы кара өлеңді өзіне поэтикалық үлгі-модель тұтуымен жаңа сапалық дәрежеге ие болды. Ақын кара өлеңнен өзіне қажетті рухани һәм формашылдық өрнек пен бағыт таба білді. Мұхтар Шаханов шығармашылығындағы негізгі желілердің бірі – халықтық тарихи һәм әмірданалығынан алынған сюжеттердің жаңаша бейнелілікке көшірілуі болды. Оның халықпен жақындығы осыдан көрінді. Ақын кенестік дәүірде әмір сүрсе де соц. реализм ұстындарынан бойын аулак салды. Ол тіпті кенестік қоғамда әмір сүрмегендей әсер қалдырады. Откінші идеялардан бойын аман сақтаған жандар ол кезде сирек болды.

Асылында стилдің негізгі тұптамыры – формалық әралуандықтан ғері идеялық басты ой ұстанымынан нәр алушылығында болып келеді. Казак әдебиетіндегі бұл нәр беруші бұлак көзі – ұлттық таным, оның алтын өзегі – Ислам. Мысалы, *фольклор* (Ер-токым сарыала атқа салады екен, уақытымен оқып намаз алады екен), *Бұхар жырау* (Сабаны әкел ордага, Құран оқыт молдага), *A. Байтұрсынов*, «Әдебиет танытқыш» (Дін үшін шәр ту-

зеп, мешіт салсам! Хақ жолға жаннан кешіп бағыштасам, Азаншы даусын естіп риязатпен, Намазға бес уақыт жаяу барсам), т.б. Орыс әдебиетіндегі неше шырылы философиялық ағымдармен көмкерілген негізгі ірі әдеби өрнектердің бәрінің шыққан тегі – христиандық, православиялық таным-түсінігіне барып тіреледі... (Аввакум: «Житие протатопа Аввакума», Н.М. Карамзин: «Записка о древней и новой России», Ф. Достоевский: «Братья Карамазовы», Л. Толстой: «Воскресения», И. Бунин: «Октябрьские дни» т.б). Яғни діннің үлт әдебиетіндегі ролін жаңа заманда жаңаша бағамдай алу керек. Нағыз стил стихиясын ашып түсінүүшін бұл керек нәрсе. Бұл тұрғыда стил деген көркем әдебиеттің көркем құпия көмбесі. Бұл құпия көмбе болмаса, көркем әдебиет те болмайды. Ол үшін оны сөгуге болмайды. Оны іздеп табу керек. Абайдың «Қара сөздерінің» құпия кілтін біздің әдебиетшілеріміздің әлі күнге дұрыстап, толымды ғып таба алмай жатуы нені көрсетеді? Бұл әрине соц. реализмнің зардабы, бір жағынан, екінші жағынан қашанғы өз кемшілігімізді біреуге жаба береміз!? Бұл тұста ойланатын нәрсененің жоктығы емес, көптігі таңғалдырады.

«Алпысыншы жылғылардан» бір сыйнышың стильге қатысты айтканын келтіре кетейік: «Стиль, ол – адам» (Бюффон). Стилі – жоқтың

жазғанын оқу арпа талқанды құрғак асағандай. Стильсіз жазушы, өз стилін таба алмаған жазушы іріге еліктеп көленке-калькага барады да сорпанаң сорпасының сорпасы болады. Калька түпнұсканың – казан сорпанаң, сорына жаралады... Еліктеме. Еліктеп-солықтадың ба – мазакқа өзің қалмау үшін – бойлап, баар жерінді біл. Сен түгіл балықтың өзін жаңқадай ойнатар кара ііріміне жолама. Мұқандар почерк-графиканың өзін кисайтып жібереді».

Мысалдар:

Стильдің идеялық – мағыналық түрпательна сай келетін мысалдар келтірейік:

Абайдан мысал:

Каңқылдан біреу ән салса,
Біріне-бірі жусықтап.
Тебінісін қамалар
Тоқтатып болмас сырыйқтап.
Түзу бол деген кісіге
Түзу келмес ырықтап.
Сырдаң тартып қашады,
Үстайсың қайтіп құрықтап.

* * *

Жарлы емеспін, зарлымын
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын
Өзге жүрттап үялтып.

Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жүрт құмар
Сытыра елірме, сүркия
Көп тиянишік нені ұгар?
Татулықты, тыныштықты
Коңыр көрер, кем көрер
Ұрлық пенен құлықты
Қызық көрер, оні енер.
Мұндай елден бойың тарт
Мен қажыдым, сен қажыс,
Айттып-айтып өтті қарт
Көнбеді жүрт не ылажы.

* * *

Туган жерді қия алмай,
Тентекті жесең тыя алмай,
Әлі отырмыз ұялмай.
Таба алмадық өңгे елді,
Әзелде тәңрім сорлы етті,
Арсыз елмен дуре етті,
Жалғыз үйде күнірентті,
Тағдырга білдік қонгенді.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар,
Өтірік пен өсекке,
Бәйге атындаі аңқылдар.

* * *

Патша Құдай сиындым,
Тура баста озіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, наиман жиылса,
 Таңырқаган сөзіме.
Қайран сөзім қор болды,
 Тобықтының өзіне.

* * *

Олсе олер табигат, адам олмес,
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап-кулмес.
Мені мен менікінің айырылғаның,
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес.
Көп адам дүниеге бой алдырган,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.
Өлді деуге сия ма ойлаңдаршы,
Өлмейтұгын артына соз қалдырган.
Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терен ойдың телміріп соңына ермей.
Дүниеге дос ахиретке бірдей болмас,
Екейі тап бірдей орныга алмас.
Дүниеге ынтық маҳшарға амалсыздың,
Иманын түгел деуге аузым бар.

Эпигоншилдик (грекше: *epigoi* – кейінгі ұрпақ; А. Македонскийдің империясын қалпына келтіреміз деп тырбанғандарды тарихта осылай деген; аудиспалы терминдік ұғымы: мардымсыз ізбасарлар; жалаң еліктеушілік) – ол күргак еліктеу. Біреуге еліктеп жазып, ол сияқты бола алмай, не өз бетімен кала алмай ада-сушылық. Еліктеушілікті түбегейлі терістен дұрыс емес. Оның да керек жері бар. Әсіресе шығармашылық жолына жаңа түскен жастар үшін ол болмай тұрмайтын жайт. Тек одан дер кезінде құтылып, өз жолын тауып кетуге тырысу керек. Дұрыс мағынасында орнымен еліктей алып, керекті тұлғадан қажетін ала білушілік те – өнер. Казактың күшті ақыны Магжан да еліктеген. Ол туралы Әбділдә

Тәжібаев: «Магжан бұл дәрежедегі жаңа жырларымен ХХ ғасырдың бас кезіндегі символистер деп аталған, орыс поэзиясын жаңа биікке көтерген **Мережковский, Андрей Белый, Бальмонттармен** және ХХ ғасырдағы француз ақындарымен тен туспіп, ортақ тақырыптарға жарыса қосылып жырлап жатады. «Мені де, өлім, әлдиле» деген цикл өлеңдерінде тақырыпта біздің түрік тілдес халықтардан жырлар жазған екі ақын бар. Оның бірі – татар ақыны атакты Дартманд та, екіншісі – казак ақыны Магжан Жұмабаев.

..Өлім күйі тәтті күй,
Балқыды жсаным бұл күйге.
Мені де, өлім алдиле,
Әлдиле, өлім, алдиле...

Символистермен сабактас болып, Европа, орыс поэзиясының көркемдік жағынан ашқан жаңа биігіне еркін көтерілген жаңа өнер, жаңа шеберлік сырларын менгерген ақын өз өмірінің, өз халқының шындығынан кол узген жок».

Магжанға казак ақыны **Берніяз Құлеев** көп еліктеген. Б. Құлеевтің «Магжанға» деген өлеңі:

Мен менен сен, сен сенен мен
Сөзде басқа, істе бір
Таусылып дәм, тоқталып дем
Айырылғанша болсын бір...

1922 жылдың I наурызы

(«Өлді жүрек, идеал жоқ...» // Қазақ әдебиеті. 1995. № 9. ҚР ҰҒА колжазба коры. Б. Қулеев. Өлеңдер. 592 папкі. Әзірлеген: Мұсалиева Ж.)

Мағжан күспе өлімді жырлаған:

Өлді жүрек, идеал жоқ,
Идеал табар қиял жоқ.
Әрттен қалған көмірмін, –

деп.

Манера (ағылшынша: *maniere* – әдет, стиль, стиль тәсілдері; казакша – мәнер, үлгі, өрнек) деген – шығарманың формасы (яғни, пішіні) ерекше өрнекті болып, бірақ мазмұн жағынан онша терен мәнді болмауы. Бұл жағынан манера стилемден бір саты төмен тұрады деуге болады. Өйткені стилі зор шығарма ол – идеялық мағынасы да, формалық пішіні де зор шығарма.

Манераға катысты мысалдар:

Ақан серіден мысал:

Көптен-көп поклон айттым, скажия,
Сырымды кімге айттамын, сізден зия.
Именной, искренний ескеріңіз
Хорошенко, сестра, сватия.

Мағжаннан мысал:

Мұхамеджан Тынышбаевқа
(эпиграмма)

Ескі кебіс,
Собакевич,

Жаны кер.
Весьма тупой,
Член Думы,
Инженер.

Жай әншейін ойын ғой...

(Саясатымыз)

1

Айм! Күйт! Ха, ха, ха-ау!
Бітір бер Мәскеу...
Иванов қалқам,
Мә, саган Арқам!..
Әй, керек-ау, әй, керек.
Арақ ішсең, асыңа
Май керек.
Торелерге жем керек,
Оқығанга шен керек.

2

Март, апрель, май,
Жортта түр! Уайдай!
Дүбір жатыр,
Губірнатыр – біздің бай.
Керенский Саша,
Жаса Саша! Жаса!
Вся Россия наша!

3

Толстой, Колчак,
Давай сюда конъяк.
Ой, Иван, аламан,
Мені өйт, атаман!

Өрледі батыр, өрледі,
Агашиңайза сермединде...
Қарсы алдында қалтыған
Николайды көрмединде...

Саясат – агаши ат,
Мінді есер – киме есер.
«Шу, – деді сабаз, – шу!» – деді.
«Шу» дегенде гүледі.
Табаны тасқа тимеді.
Туган елін биледі.
«Қызыл ерін – мен», – дейді,
«Қазагым, қасым – сен!», – дейді.

Шулады қазақ шүркүрап.
Барады «батыр» тыркүрап,
Аузынан көбік бұркүрап...
Айтсаңы иман, молдеке-ау,
Барады гой қоркүрап...

Сұлтанмахмұттан:

Підие, зекет, пітірге қапшық болып,
Миллетке микробтігі тие отыруга...

Казаққа басшымыз дер шиятаптар,
Очки сап, портфель ұстап
жүрген жандар,
Істеген он тиындық еңбегі жоқ,
Бос мылжың даурықпада
қанша мән бар.

Шагатай өрнегі. Мұсылман тұрік текес халықтардың Исламды қабылдағаннан кейін қалыптасып, 1917 жылғы революцияға дейін мың жыл бойына колданған арап, парсы сөздері көп араласқан жазу өрнегі. Абайдағы шагатайша өрнек:

Әлифби

Әлифдек ай үзуіңе гибрат еттім,
Би, балән дәртіңе нисбәт еттім.
Ти, тілімнән шығарып түрлі әбіет,
Си, сәнаи мәдхия хурмәт еттім.

Жем, жамалың қандай ақ рузи маган,
Ха, халіллік таппадым, жсаным, сәнан.
Хи, халайық, мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл, дарига гишиқ оты бермес аман.

Зәл, зәлиллік көрген соң, сайрай бер, тіл,
Ре, риза қылмагыңды, яр, өзің біл.
Зи, зәңдердай күйірді гишиқың қатты,
Сын, сәләмат қылмагым болды мүшкіл.

Шын шикәр ләб есіме түскен саңын,

Сат, сабырым қалмады, мен не әйләйін,

Зат, зайді өмірім өтті мениң бекер

Тай, талаптан әйттеуір құр қалмайын.

Зай, залым көп қылыш бол жсанга оқталды,

Гайин, гақылымды басымнан тартып алды.

Гайын, гаріблік басыма түскеннен соң,

Фи, файдаң тие ме деп жаза салды.

Қаф, қабыл болар ма екен жазған хатым,

Кәф, қамил ақылың, асыл затым.

Ләм, ләбіңнен ем қылсаң мен дерптіге,

Мен, меңріңнен қалмас ед бар апатым.

Нон, налағ ғылт қайғыңмен күйдірдің көп,

Үау, уәйлана гишиң үайым жеп,

Ии, ңеш файдаң тимесе өлді ойлаңыз,

Ләм әлиф, лә иләңа илалла деп.

Я, ярым, қалай болар жауап сөзің,

Мат – қасың, тәшитим – кірлік, сәкін – көзің.

Үтірмен асты-устілі жазуда бар,

Болуга асты-устілі көнсөң өзің.

Шагатай тек таза әдеби стиль түркісінан ғана түсіндірілетін құбылыс емес, сондай-ақ ол ірі көркем, тарихи, қоғамдық астарға бай құбылыс. Шагатай өрнегін – біздің тарихи жадымыздың баға жетпес құнды парактары деуге болады. Онын көп ішкі өрнектері, арналары бары анық.

Мысалы, Махмұд Қашқариден («Диуани лугат ат-түрік», XI ғ.):

Құлан құдуғқа түссе,

Құрбақа айғыр болур.

(Құлан құдыққа түссе,

Құрбақа айғыр болар).

Кодекс Куманикус (XIII ғ.): «Ақ үй – мама, авзу иоқ. Ол – әумуртқа (дыр). (Ақ үй – емшегі (не) аузы жоқ. Ол – жұмыртқа).

Рабғузи (XIV ғ.): «*Ҳарут уа Марут нам фаришталар байаны дұр*». (Харут пен Марут атты періштерел туралы әңгіме). Сайф Сарай (14 ғ.): «*Мал ғұмыр рахаты үчүн дұрұп*». (Дүнис-мал өмір рахаты үшін керек).

Абай (38-қара сөз): «*Бұл күндеғі тәхсилгүлім ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманга пайдасы жоқ болды. Соган қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушдиялар салынып, жаңа низамга айналған*».

Ғұсмания – Османия (Түркия).

Мектеп харбия – соғыс мектеп.

Мектеп рушдия – түрлі пәндер оқытылатын орта мектеп.

«Тамғалы тас» (XIV-XV ғ.): «*Қыпшақ, найман, алашын, аргын, қара кесек, үйсін, табын Илаи кәр расиге ńамиша хайа рахмет қыл сен алтауын*». (О. Ием, умітіце жету үшін осы алтауына рахметіңді бере гөр!) (Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда тасқа бедерленген бедерлер // Жұлдыз. №1. 193-83, 132-146 б.).

Ә. Нәжіп: «Орта ғасырда түрік тілді халықтар түгел аралас тілде сөйледі, жазды» деген (лексика, фонетика, морфологиясын да қосып). Оларды әр түрлі диалектілерге болетінімізге карамай (қыпшақ, оғыз, осман, үйгыр, қарахан, хорезм, бұлгар, т.б.). Түрік тілі – арап, парсы, грек, тибет, монгол, славян, т.б. тілдермен аралас-құралас болған. Соның ішінде

арап, парсы (бұл парсы тілі дегеніміз Самани әулеті тұсында арап сөзі көп сіңген жаңа парсы тілі, Сасанилер ұстанған пахлауи тілі емес) тілінің орны зор. Мысалы, Р. Сыздық К. Исаяйидің «Хикметтер» лексика корын былай белгендегі: түрік сөзі – 57-60 пайыз, араб-парсы сөздері – 40-43 пайыз. Академик Ә. Қайдардың айтуынша, қазіргі қазак тіліндегі арап-парсы сөзінің лексикалық арасалмағы – 15 пайыз (Қайдаров А.Т. Казахский язык, язык мира. Тюркские языки, институт языкоznания РАН, Москва. – 1996). Түріктер әр түрлі алфавиттерді де көп пайдаланған. Ә. Марғұланың айтуынша, ескі ғұн, үйсіндер пайдаланған руна жазуы, Орхон дәүіріндегі руна жазуы, Шығыс Түркістанда ойғырлар пайдаланған арамен жазуы, араб жазуларын кәдеге жаратқан. Тағы бір ғалымдар түріктер арап әліпбінен бұрын 7 әліппе колданғанын айтады: орхон, соғды, ойғыр, манихей, брахман, тибет, эстронгело (М. Бұлұттай. Ата-баба діні: түріктер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000). Марғұлан арап жазулары қазақ сахарасында XI ғ. бастап кездеседі деген. Шагатай әдеби тілінің калыптасуындағы негізгі фактор – Ислам діні һәм арап алфавиті (Шагатай тіліндегі бірақ ойғыр жазуымен жазған авторлар да болған). Ф. Мұсабаев: «Әдеби тіл – туған тіл (ана тіл) болуы да, болмаса атасы баска

бөтен тіл болуы да заңды» дейді (F. Мұсабаев. Қазак тілі тарихынан. – Алматы, 1988. – 37 б). Шагатай – әдеби жазба тіл. Орта ғасырларда еуропада латын тілінің әдеби тіл болғаны сияқты. Шагатай тілінің пайда болатын кезеңін проф. А.К. Боровков: «Осы кез (XI-XIV ғ.) тіл жөнінен ең күрделі, аса киын кезең еді», – деген (Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тифсира 12-13 вв. М., 1963. З с). Шагатай тілін кітаби тіл деп те айтады. «Проф. С.Е. Малов: «Олар мұсылман-түркі кітаби жаргонда жазылды, онымен ұлтына қарамай, түркі, башқұрт, казак, қырғыз ғалымдарының бәрі де пайдаланды» деген (Малов С.Е. К истории казахского языка //Известия АН СССР. Отд. Языка и лит-ры, №3, 1941, 99-бет). Сол С.Е. Малов *кітаби тіл* дегенді жөн-жосықсыз колдануға қарсы да

болған: «Сонау Пекиннен Түркияға дейін бір ғана кітаби тіл» деген кімді үйіта алады деп қынжылған (Малов. С.Е. Енисейская письменность тюроков. – М., 1952).

Шагатай сөзі Шагатай ұлысын күрган Шыңғыстың Шагатай деген ұлының атымен шықкан. Шагатай ұлысының территориясына Әмудария, Сырдария, Мауреннар, Жетісу, Іле, Шығыс Түркістан (*бұрынғы Батыс-Ляо мемлекеті негізінде*) жерлері енген. Шагатай ұлысы ибн Баттуштың айтуынша Қытай, Үндістан, Иран, Өзбек хан билігіндегі Алтын Орда (1224-1346) сынды ұлы мемлекеттермен терезесі тен мемлекет болған (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2007. – 9 т). Шагатай ұлысынан атакты Моголстан елі шықкан. Моголстанның казіргі Қазақстанмен этникалық һәм саяси астарлы қатысы бар.

Сұраптар:

1. Стильдің калыптасу алғышарттары.
2. Стиль, манера, эпигоншылдық айырмалары.
3. Әдебиеттегі ағым.
4. Модернизм бағытының ерекшеліктері. Оның қазак әдебиетіне қатысы, әсері.
5. Магжанның ез шығармаларында орыстың А. Блок, Фет сынды ақындарына еліктеуі.
6. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романының жазылу мәнері.
7. М. Дулатовың «Оян, қазак» шығармасындағы шагатай стилінің колданыс табу ерекшелігі.
8. Абай стилі.
9. Казіргі әдеби процесс ерекшеліктері.
10. Әдеби процесс және ұлттық құндылықтар.
11. Әдебиеттегі елікгеудің пайда және зияны.

ТЕСТ СұРАҚТАРЫ

- 1. Эдебиет қай елдін сөзі?**

 - A. Араб;
 - B. Француз;
 - C. Неміс;
 - D. Парсы;
 - E. Американ.

2. Эдебиет теориясы жайлы кітаптағынан көрсеткішін аныктайыңыз.

 - A. А. Байтұрсынов;
 - B. Ж. Аймауытов;
 - C. С. Сейфуллин;
 - D. М. Жұмабаев;
 - E. И. Жансүтіров.

3. «Эдебиет танытқыш» кітабынан көрсеткішін аныктайыңыз.

 - A. А. Байтұрсынов;
 - B. С. Сейфуллин;
 - C. С. Садуакасов;
 - D. Б. Майлин;
 - E. Ж. Аймауытов.

4. Өнер деген не?

 - A. Адамның қолынан жасалған нәделіктер;
 - B. Діни ұғым;
 - C. Философиялық ұғым;
 - D. Ғылым түрі;
 - E. Миология.

5. Көрнек өнері қайсы?

 - A. Сөз өнері;
 - B. Киім тігү;
 - C. Етік тігү;
 - D. Тамақ пісіру;
 - E. Машина жасау.

6. Тірнек өнері қайсы?

- A. Күім тігү;
 - B. Сурет салу;
 - C. Сөз енер;
 - D. Ән салу;
 - E. Кино.

7. Литература қай елдің сөзі?

- A. Латын;
 - B. Араб;
 - C. Грек;
 - D. Америка;
 - E. Жапон.

8. «Намысты наңға сатпа». Кімнің сезі?

- А. Б. Момышұлы;
 - В. Ә. Тәжібаев;
 - С. М. Әуезов;
 - Д. С. Сейфуллин;
 - Е. С. Кирабаев.

9. «Каз елік катар ушып канкыллаған». Кімнің сөзі?

- A. А. Байтұрсынин;
 - B. М. Әуезов;
 - C. С. Сәдуақасов;
 - D. О. Сүлейменов;
 - E. М. Мырзахметов

10. «Позитика» кімнін енбеті?

- A. Аристотель;
 - В. А. Байтұрсынов;
 - С. Платон;
 - Д. Ш. Аймауытов;
 - Е. В. Гюго.

11. «Тарихи Рашиди» кімнің енбегі?

- А. Мухаммед Хайдар Лудати:

- В. Бабыр;
- С. Аристотель;
- Д. Сократ;
- Е. Эл-Фараби.

12. Эл-Фараби шығармаларын қай тілде жазған?

- А. Араб;
- Б. Парсы;
- С. Түрк;
- Д. Шағатай;
- Е. Ағылшын.

13. Эдебиет теориясы қай ғылымға жатады?

- А. Филология;
- Б. Философия;
- С. Кибернетика;
- Д. Библиография;
- Е. Герменевтика.

14. Американдық әдебиетші?

- А. Р. Уэллек;
- Б. А. Рембо;
- С. А. Белый;
- Д. Эйхенбаум;
- Е. Сологуб.

15. Эдебиет теориясын зерттеген орыс совет ғалымы?

- А. Томашевский;
- Б. Карамзин;
- С. Ломоносов;
- Д. Белинский;
- Е. Лессинг.

16. Француз әдебиетшісі?

- А. Буало;
- Б. Энгельс;
- С. Леонардо да Винчи;

- D. Коперник;
E. Галилей.

17. Битке пышак сүйрмә. Қандай сөз?

- A. Макал;
B. Философиялық тұжырым;
C. Гипотеза;
D. Жырдан үзінді;
E. Романинан үзінді.

18. ҚазАПП қандай үйым?

- A. Пролетар жазушылардың;
B. Синтементалистердің;
C. Модернистердің;
D. Бай-құлактардың;
E. Зар заман ақындарының.

19. Зар заман ақыны кім?

- A. Шортанбай;
B. Мағжан;
C. Иассауи;
D. Б. Қүлеев;
E. К. Аманжолов.

20. ҚазАПП мүшесі кім?

- A. С. Сейфуллин;
B. Мағжан;
C. А. Байтұрсынов;
D. И. Байзаков;
E. Жамбыл.

21. ҚазАПП бағыты не?

- A. Социализм;
B. Капитализм;
C. Дін;
D. Эстетика;
E. Мифология.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/Ж.М.А.
шабака/С.В.
шабака/С.О.
шабака/Н.Д.
шабака/Г.Б.Е.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/У.А.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/А.
шабака/А.
шабака/А.
шабака/А.
шабака/А.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/И.А.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/А.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.
шабака/С.О.

Тест сұрақтарының жоғарыдағы жаңылар
негізде жасалған. 55
шабака/А.

22. «Алқа» мүшесі кім?

- A. М. Жұмабаев;
- B. С. Сейфуллин;
- C. С. Мұқанов;
- D. F. Мұсірепов;
- E. Ә. Тәжібаев.

23. «Алқа» бағыты не?

- A. Ұлттық жаңғыру;
- B. Социализм;
- C. Капитализм;
- D. Философиялық;
- E. Дін.

24. «Лаоокон» кімнің енбегі?

- A. Лессинг;
- B. Кант;
- C. Гегель;
- D. Буало;
- E. Дидро.

25. Абай онерді немен байланыстырады?

- A. Шаригат;
- B. Философия;
- C. Социализм;
- D. Капитализм;
- E. Мифология.

26. «Қазақ» газетінің бағыты не?

- A. Ұлт мәселесі;
- B. Еуропага бет бұру;
- C. Еуразиялық идея;
- D. Модернизм;
- E. Социализм.

27. «Айқап» журналына әсер еткен тұлға?

- A. Гаспринский;

- В. Ленин;
С. Маркс;
Д. Кант;
Е. Сталин.

- 28. Алашордашылар ұстанған бағыт?**
- А. Жадидизм;
Б. Социализм;
С. Капитализм;
Д. Модернизм;
Е. Клерикализм.

- 29. Жадидизм қандай бағыт?**
- А. Үлттық либерализм;
Б. Діни-либерализм;
С. Социализм;
Д. Анархизм;
Е. Катедер-социализм.

- 30. Абай қай сөзінде өнерге көзқарасын білдіреді?**
- А. 38;
Б. 50;
С. 1;
Д. 17;
Е. 20.

- 31. Жыраулар қандай тақырыпты көбірек қозғайды?**
- А. Саясат;
Б. Махабbat;
С. Табигат;
Д. Жан-жануарлар;
Е. Соғыс.

- 32. «Таза өнер» өкілі кім?**
- А. Фет;
Б. Маяковский;
С. Л. Толстой;

Тест сұрақтары

- D. Магжан;
E. Есенин.

33. Абай кімді сынаған?

- A. Шортанбайды;
B. С. Сейфуллинді;
C. С. Мұқановты;
D. Ақтамбердіні;
E. Махамбетті.

34. Абай Бұқарды не үшін сынаған?

- A. Тақырып тарлығы үшін;
B. Ұйқасы үшін;
C. Көзқарасы үшін;
D. Мінез-күлкі;
E. Тілдік машығы.

35. А. Байтұрсынов образды не деп атаған?

- A. Tipi nәрсе;
B. Образ;
C. Көркем бейне;
D. Портрет;
E. Тұлға.

36. Образ деген не?

- A. Сурет;
B. Хабар;
C. Жұмыс;
D. Көленке;
E. Жанр.

37. Д. Исабековтың «Қарғын» романындағы Жасын прототипі?

- A. А. Сүлейменов;
B. Ш. Мұртаза;
C. Д. Қонаев;
D. М. Әуезов;
E. К. Маркс.

38. Ж. Аймауытовтың «Шерніяз» шыгармасындағы Шерніяз прототипі?

- A. С. Торайғыров;
- B. М. Жұмабаев;
- C. А. Байтұрсынов;
- D. В. Маяковский;
- E. В. Ленин.

39. М. Әуезовтің «Оқыған азamat» әңгімесіндегі Мейрхан прототипі кім?

- A. М. Әуезов;
- B. Ермеков;
- C. Бірімжанов;
- D. С. Сейфуллин;
- E. Менделев.

40. Бобэби деген қай ақынның сөзі?

- A. Хлебников;
- B. Пушкин;
- C. Тургенев;
- D. Фет;
- E. Лермонтов.

41. «Атам менен анамның, асыранды қазы едім». Қай әдеби кейіпкер сөзі?

- A. Ақжүніс;
- B. Қыз жібек;
- C. Шолпан;
- D. Құртқа;
- E. Баян сұлу.

42. Жас Маркесіл, тағы бір шіл. Әңгіме кім туралы?

- A. Н. Төрекұлов;
- B. С. Сейфуллин;
- C. Ә. Тәжібаев;
- D. М. Дулатов;
- E. Х. Досмұхamedов.

43. Мұтылған кімнің бүркеншік аты?

- A. Шәкәрім;
- B. Мағжан;
- C. Сәкен;
- D. Абай;
- E. Ахмет.

44. Арғын кімнің бүркеншік аты?

- A. Міржақып;
- B. Сәкен;
- C. Абай;
- D. Эбділдә;
- E. Жамбыл.

45. Қоңыр кімнің бүркеншік есімі?

- A. М. Әуезов;
- B. С. Сейфуллин;
- C. Абай;
- D. Тургенев;
- E. Гаспринский.

46. Мағжан кімді футурист деген?

- A. Сәкенді;
- B. Абайды;
- C. Жамбылды;
- D. Шортанбайды;
- E. Сталинді.

47. Ә. Нұршайыковтың «Ақиқат пен азыз» романындағы басты кейіндер?

- A. Б. Момышұлы;
- B. Ә. Нұршайыков;
- C. Г. Жуков;
- D. Қ. Қайсенов;
- E. И. Панфилов.

48. «Оллаңи айт етемін Алла атымен, орыс тілін білемін һәм хатымен».

Кімнің сөзі?

- A. Сұлтанмахмұт;
- B. Мағжан;
- C. Абай;
- D. Сәкен;
- E. Жамбыл.

49. «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын», кімнің өлеңінен?

- A. Сұлтанмахмұт;
- B. Мағжан;
- C. Абай;
- D. Сәкен;
- E. Жамбыл.

50. «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай, Сүт беріп сұлы беріп баптаған-ай», кімнің өлеңі?

- A. Махамбет;
- B. Абай;
- C. Сұлтанмахмұт;
- D. Мағжан;
- E. Сәкен.

51. Абайдың «Күлембайға» өлеңінде кімнің образы сомдалған?

- A. Болыстың;
- B. Артистің;
- C. Жандаралдың;
- D. Сұлтанның;
- E. Ояздың.

52. «Іұнердің афзалдығын еттім зікір». Кімнің өлеңі?

- A. Міржақып;
- B. Мағжан;
- C. Сәкен;
- D. Ахмет;
- E. Жамбыл.

53. «Орыстың тәржіме еттім мысалдарын». Кімнің олени?
A. А. Байтұрсынов;
B. М. Жұмабаев;
C. С. Сейфуллин;
D. Ж. Жабаев;
E. Б. Майлин.
54. «Патша құдай сиындым, тұра баста озіңе». Кімнің сөзі?
A. Абай;
B. Жамбыл;
C. Махамбет;
D. Сәкен;
E. Бейімбет.
55. Түрік олесіндегі ең ескі буынды олесі?
A. 7;
B. 6;
C. 11;
D. 15;
E. 8.
56. «Құлқайырдай ағарды сақал-мұртым». Кімнің сөзі?
A. Сүйінбай;
B. Тубек;
C. Жамбыл;
D. Шеже;
E. Балуан Шолак.
57. Композиция қай елдің сөзі?
A. Латын;
B. Грек;
C. Араб;
D. Қытай;
E. Француз.
58. Композиция сөзінің қазақшасы?
A. Құрастыру;

- 58. Сюжеттың негізгі мәндерінің біріншісі?**
- A. Акыл; D. Оғандағы
 - B. Ақырату; E. Ертегіде
 - C. Сызу; Г. А
 - D. Кесу; Демек, оның тарихи мәндерінің біріншісі болып табылады.
 - E. Кесу.
- 59. Сюжет қай елдің сөзі?**
- A. Француз; А
 - B. Араб; Б
 - C. Неміс; С
 - D. Қытай; Д
 - E. Жапон.
- 60. Сюжет сөзінің қазақшасы?**
- A. Зат; Е
 - B. Шығарма; В
 - C. Оқиға; С
 - D. Өлең;
 - E. Тақырып.
- 61. Қандай шығармада сюжет болмайды?**
- A. Лирикалық; В
 - B. Эпикалық; Г
 - C. Драмалық; Д
 - D. Детективтік;
 - E. Ертегіде.
- 62. Сюжетке қатысы жок нәрсе?**
- A. Экспозиция; К
 - B. Тартыс; Л
 - C. Кульминация; М
 - D. Шешім; Н
 - E. Оқиға өрбүй.
- 63. Соғыс тақырыбын жазатын жазушы?**
- A. Б. Момышұлы;
 - B. Бекеев; О
 - C. Ысқаков;

Тест сұрақтары

- D. Сегізбаев;
C. Елубаев.
- 64. О. Сүлейменовтің «Азия» шығармасының тақырыбы?**
- A. Түріктану;
B. Славян тарихы;
C. Эдебиет;
D. Философия;
E. Ересология.
- 65. Магаиннің «Аласапыран» романының тақырыбы?**
- A. Тарих;
B. Философия;
C. Соғыс;
D. Махаббат;
E. Табиғат.
- 66. «Қырық мысал» идеясы не?**
- A. Халыктын көзін ашу;
B. Қызықты мысалдар келтіру;
C. Аударманы жетілдіру;
D. Орыс әдебиетіне еліктеу;
E. Крыловка еліктеу.
- 67. «Оян, қазақтың» идеясы не?**
- A. Қазакты ояту;
B. Демография мәселесі;
C. Дінді уағыздыу;
D. Автономия сұрау;
E. Қалаға көшуге үндеу.
- 68. Магжанның «Батыр Баян» шығармасының идеясы?**
- A. Елдікке шақыру;
B. Махаббатты жырлау;
C. Табиғаттты жырлау;
D. Жауынгершілікті аңсау;
E. Достықты уағыздыу.

69. Советтік идеяны жырлаушы?

- A. Сейфуллин;
B. Мағжан;
C. Шортанбай; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
D. Махамбет;
E. Бұқар жырау.

Б. Сейфуллин

А. Мағжан

В. Шортанбай

Д. Махамбет

Е. Бұқар жырау

70. Ұлттық идеяны жырлаушы?

- A. Мағжан; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
B. Иассауи;
C. Сейфуллин; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
D. Бақыргани; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
E. Әл-Фараби.

А. Мағжан

Б. Иассауи

В. Сейфуллин

Д. Бақыргани

Е. Әл-Фараби

71. Метафора қай елдің сөзі?

- A. Грек; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
B. Неміс; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
C. Араб; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
D. Латын; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
E. Қытай. шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде

А. Грек

Б. Неміс

В. Араб

Д. Латын

Е. Қытай

72. Метафораның аудармасы не?

- A. Ауыстыру; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
B. Қосу; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
C. Азайту; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
D. Безендіру; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
E. Бейне салу. шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде

А. Ауыстыру

Б. Қосу

В. Азайту

Д. Безендіру

Е. Бейне салу

73. Фигуранның аудармасы не?

- A. Бейне салу; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
B. Ауыстыру; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
C. Орнын жоғалту; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
D. Белгі; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде
E. Мазақтау. шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде

А. Бейне салу

Б. Ауыстыру

В. Орнын жоғалту

Д. Белгі

Е. Мазақтау

74. Фигура қай елдің сөзі?

- A. Латын; шартастың тәжірибелі жаһан мәдениет шыншыры. Көм көңілдерде

А. Латын

Б. Греция

В. Египет

Г. Китай

- B. Грек;
- C. Араб;
- D. Қытай;
- E. Түрік.

75. Инверсияның аудармасы?

- A. Орнын жоғалту;
- B. Бейне салу;
- C. Ауыстыру;
- D. Белгі;
- E. Мазақтау.

77. Табу қай елдің сөзі?

- A. Полинезия;
- B. Грек;
- C. Малайзия;
- D. Иран;
- E. Араб.

78. Ирония аудармасы?

- A. Мазақтау (кехесін);
- B. Таңбалалу;
- C. Бейнелеу;
- D. Ауыстыру;
- E. Төңкеру.

79. Қайсысы метафора?

- A. От тілді орақ ауызды;
- B. Лимон тұстес көйлек;
- C. ҚазАПП;
- D. Қызғалдақтай қызық өмір;
- E. Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы.

80. Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы. Қай шығарма?

- A. «Қыз Жібек»;
- B. «Ер Тарғын»;
- C. Б. Күлеевтен;

D. С. Сейфуллиндікі; Е. М. Жұмабаевтан.

В жеке тәсілде:

81. Қызгалдақтай қызық өмір. Қай шыгарма?

- A. Б. Күлеевтен;
- B. М. Жұмабаевтан;
- C. «Ер Тарғын»;
- D. «Қыз Жбек»;
- E. С. Сейфуллиннен.

82. Қайсысы тенеу?

- A. Арыстандай айбатты;
- B. Қара шаш;
- C. ҚазПИ;
- D. Жас қырандар балапан;
- E. Тән көмілдер, көмілмес еткен ісім.

83. Эпитет қайсы?

- A. Алтын арка жерім дер;
- B. Қажу барма тұлпарға;
- C. Қелторғай – адыра қалғыр көрген жерім;
- D. Иманжүсіп атымды хатқа жаздым;
- E. Россия бір заманда қазакты алды.

84. Эпитет қайсы?

- A. Қыпшақтың баласымын Иманжүсіп;
- B. Әкем – Құтпан болғанда, ағам – Шонай;
- C. Арғынмын, атым – Әсет арындаған;
- D. Жаннатта жаның болғыр Абай күткіп;
- E. Мен өзім акқан судай тасып журмін.

85. Тенеу қайсы?

- A. Екінші бір жігіт бар баулы құстай;
- B. Абылай аспас Арқаның сары-ай белі;
- C. Шардарбек, ағайын ең асыл затты;
- D. Арак – ардың ажалы;
- E. Хикаят сөйле, Кете Жүсіп.

86. Тенеу қайсы?

- A. Бұрандап ак моншактай керілген қыз;
- B. Жайық деген жанды су;
- C. Алашқа атын шыккан Әсет ақын;
- D. Білімдінің азығы шикі надан;
- E. Хан Тезек ғаділеттен кеттің тайып.

87. Тенеу қайсы?

- A. Әділ іс-агын судың арнасында;
- B. Танбаймын шәкіртімін Толстойдын;
- C. Ағаңың айтқан сөзі алтын тарак;
- D. Күз болса күс қайтады жайлauына;
- E. Мысалы, дунис – теңіз, ғылым – кеме.

**88. Аз емеспіз, алты миллион халықпаз, Әлхэмдүллила надандықка
ғарықпаз.**

Кесінің 1967 жылғы мемлекеттік премияның номинациясы

Гарық не сөз?

- A. Бату;
- B. Дәрігер;
- C. Баспасөз;
- D. Бөтен;
- E. Надандық.

89. Надандық шәрбәтіне мас болдық.

Шәрбәт не сөз?

- A. Ішімдік;
- B. Ескі;
- C. Жана;
- D. Халық;
- E. Кішкентай.

90. «Ардақты жыл, атақты жыл, қанды жыл...»

Бернияздың қай олеңінен үзінді?

- A. Таң алдында;
- B. Жас теректің жапырағы;
- C. 1917 жылға;
- D. Шын сырым;
- E. Қайтер едін?

Райондардағы 1, 2, 3
жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары
жеке мемлекеттік премиялары
жеке мемлекеттік премиялары
жеке мемлекеттік премиялары

Бүгінгі мемлекеттік премиялары
жеке мемлекеттік премиялары
жеке мемлекеттік премиялары

Олардың тарихы 18

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

«Ыздық тарихы» 18

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

«Ыздық тарихы» 18

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

жеке мемлекеттік премиялары

91. Сөз сөйлем грамофон әнге салар. Кімнің сөзі?

- A. М. Дулатов;
- B. А. Байтұрсынов;
- C. Ж. Жабаев;
- D. Б. Майлин;
- E. С. Сейфуллин.

92. Қай сөз сіріккенің говоры емес?

- A. Ләген;
- B. Қеүірт;
- C. Құқірт;
- D. Шырпы;
- E. Шагар.

93. Қайсысы диалекті сөз емес?

- A. Лапас;
- B. Әтір;
- C. Іңқал;
- D. Әтеш;
- E. Әкпіш.

94. Модернизм қайдан шыққан?

- A. Батыс;
- B. Қытай;
- C. Америка;
- D. Араб;
- E. Африка.

95. Модернизмге жататын ағым?

- A. Футуризм;
- B. Натурализм;
- C. Реализм;
- D. Классицизм;
- E. Рококо.

96. Қазак өлеңін зерттеуші ғалым?

- A. З. Ахметов;

- B. Т. Кәкішев;
C. С. Сәдуақасов;
D. О. Сулейменов;
E. М. Мырзахметов.

97. Импрессионизм деген не?

- A. Эсер;
B. Бейне;
C. Жана;
D. Табигат;
E. Белгі.

98. Имажинизм деген не?

- A. Бейне;
B. Жана;
C. Табигат;
D. Белгі;
E. Эсер.

99. Импрессионизм өкілі?

- A. Фет;
B. Блок;
C. Пушкин;
D. Мағжан;
E. Шекерім.

100. Имажинизм өкілі?

- A. Шершеневич;
B. Горкий;
C. Симонов;
D. Шолохов;
E. Евтушенко.

101. Модернизм деген не?

- A. Жана;
B. Бейне;

- C. Табиғат;
D. Белгі;
E. Әсер.

102. Модернизм өкілі?

- A. Пруст;
B. Горький;
C. Державин;
D. Сервантес;
E. Байрон.

103. Натурализм деген не?

- A. Табиғат;
B. Әсер;
C. Жаңа;
D. Бейне;
E. Белгі.

104. Символизм деген не?

- A. Белгі;
B. Табиғат;
C. Әсер;
D. Жаңа;
E. Бейне.

105. Символизм өкілі?

- A. М. Жұмабаев;
B. Б. Майлин;
C. А. Пушкин;
D. А. Құнанбаев;
E. И. Гете.

106. Ақ олең жазушы ақын?

- A. Т. Айбергенов;
B. М. Макатаев;
C. М. Шаханов;
D. О. Сүлейменов;
E. Т. Медетбек.

101. 1913 жылда шығарған мемлекеттік музей.
A. Академия
B. Тарихи
C. Еркебүз
D. Ертегін
E. Геология

102. Салынған мемлекеттік музей.
A. Салынған музей
B. Академия
C. Еркебүз
D. Ертегін
E. Геология

103. 1919 жылда шығарған музей.
A. Халықаралық
B. Салынған музей
C. Еркебүз
D. Ертегін
E. Геология

104. 1911 жылда шығарған музей.
A. Ушымбат
B. Мемлекеттік
C. Халықаралық
D. Салынған музей
E. Геология

105. 1911 жылда шығарған музей.
A. Кинотеатр
B. Ушымбат
C. Гимназия
D. Ушымбат
E. Геология

106. 1911 жылда шығарған музей.
A. Кинотеатр

107. Футуризм деген не?

- A. Болашак;
- B. Табигат;
- C. Эсер;
- D. Бейне;
- E. Белгі.

108. Северянин үстанған ағым?

- A. Эгофутуризм;
- B. Кубофутуризм;
- C. Футуризм;
- D. Символизм;
- E. Натурализм.

109. Кубофутуризм өкілі?

- A. Хлебников;
- B. Северянин;
- C. Горький;
- D. Эйхенбаум;
- E. Есенин.

110. Реализм өкілі?

- A. Пушкин;
- B. Маяковский;
- C. Хлебников;
- D. Северянин;
- E. Марионетти.

111. Миниатюра қандай шығарма?

- A. Кіші;
- B. Үлкен;
- C. Романға ұқсас;
- D. Ұзақ әңгіме;
- E. Повесть.

112. Марш қандай жанр?

- A. Шеру;

- B. Саяхат;
C. Соғыс;
D. Махаббат;
E. Табигат.

- 113. Қасида қай ел әдебиетінің жанры?**
- A. Араб;
B. Түрік;
C. Латын;
D. Грек;
E. Қытай.

- 114. Импровизация шебері кім?**
- A. Иса Байзаков;
B. Магжан;
C. Сәкен;
D. Мұқағали;
E. Жұмагали.

- 115. Жанр деген не?**
- A. Түр;
B. Тек;
C. Тарая;
D. Бөлім;
E. Бет.

- 116. Ремарка деген не?**
- A. Ескертпе;
B. Үрсу;
C. Үмыту;
D. Естірту;
E. Айтпау.

- 117. Эзоп тілі деген не?**
- A. Ойды бүкпелеп айту;
B. Ойды сыртқа шығармау;
C. Ойды тіке айту;

Тест сұрақтары

- D. Өтірік айту;
E. Ойды бұрмалап айту.

118. Автор сөзінің этимологиясы?

- A. Жаратушы;
B. Айтушы;
C. Көруші;
D. Беруші;
E. Жасыруши.

119. Авторы белгісіз шығарма?

- A. Аноним;
B. Антоним;
C. Анегдот;
D. Антиреза;
E. Анафора.

120. Альманах деген не?

- A. Шығармалар жинағы;
B. Жанр;
C. Роман түрі;
D. Өлең түрі;
E. Тек.

121. Абаб қандай үйкас?

- A. Шалыс;
B. Кезекті;
C. Шұбыртпалы;
D. Кезекті;
E. Арапас.

- F. Уланы.
G. Балалар ресми.
H. Үйк, арзым.
I. Понест.

122. Марш жағынан көр?

- A. Шеру.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиет:

1. А. Байтұрсынов. Әдебиет таныткыш //Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998
3. В.Е. Хализов. Теория литературы. – М., 2000.
4. З. Қабдолов. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970;
5. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
6. Қ. Жұмалиев. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969.
7. Қазақ әдебиеттандырылған тарихы. – Алматы: ҚазАкпарат, 1-том, 2007.
8. Қазақ әдебиеттандырылған тарихы. – Алматы: ҚазАкпарат, 2-том, 2008.
9. Қазақ әдебиеттің тарихы. – Алматы: ҚазАкпарат, 10 томдық, 2006.
10. Т. Кекішев. Қазақ әдебиет сынның тарихы. – Алматы: Санат, 1994.
11. ІІ. Ысмайлұев. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Косымша әдебиет:

2. 90 жылдардағы «Қазақ әдебиеті» газетінің тігіндісі.
3. А. Ахметов. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, Жазушы, 1973.
4. А. Есин. Принципы и приемы анализа литературного произведения. – М.: Флинта, 1998.
5. А. Есин. Принципы и приемы анализа литературного произведения. – М.: Флинта, 1998.
6. А. Исмакова. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. – Алматы: Гылым, 1998.
7. А. Қалшабеков. Аскар Сүлейменов шығармашылығындағы көркемдік ізденістер. Канд. дисс. авторефераты. – Алматы: Типография «MIRAS-K» баспа-ханасы, 2005.
8. А. Сүлейменов. Шашылып түскен тіркестер // Егemen Қазақстан. 09.05.1992.
9. А.А. Потебня. Теоретическая поэтика. – М., 1990.
10. А.Т. Қайдаров Казахский язык, язык мира. Тюркские языки. Институт языкоznания РАН. – М., 1996.
11. Ә. Коныратбаев. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
12. Ә. Коныратбаев. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Гылым, 1987.
13. Ә. Коныратбаев. Түркі арузы жөнінде бірер сөз // Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987.

14. Ә. Марғұлан. «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда тасқа бедерленген бедерлер // Жұлдыз. № 1.
15. Әбу Насыр әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат. Ежелгі дәүір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991.
16. Әдебиеттануға кіріспе. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991.
17. Б. Кенжебаев. Қазақ өлеңдерінің құрылышы туралы. – Алматы, 1955.
18. Б. Момышұлы. Қазақ алдыңда бәріңсін. – Тараз, 2007.
19. Б. Эйхенбаум. Черезмерный писатель // О прозе. О поэзии. – Л., 1986.
20. В. Горлевский. Түрік әніне жасалған байқаулардан // Этнографиялық шолу, 1908. – 79 кітап. № 4.
21. В.Н. Комиссаров. Теория перевода. – М., 1990.
22. Ф. Мұсабаев. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1988.
23. Дулати М. Тарих-и-рашиди. – Алматы: Тұран, 2003.
24. Е. Ысмайлұлов. Әдебиет теориясының мәселелері // Жұлдыз. 1959. № 7.
25. Екеу. Абайдың өмірі һәм қызметі // Абай. 1918. № 2.
26. Ж. Аймауытов. Мағжанның ақындығы // Мағжан Жұмабаев. Шығармашылығы. – Алматы: Жазушы, 1989.
27. Ж. Әбдірашев. Сөз иесінен бір сөз // Әзілің жарасса... – Алматы: Жалын, 1989.
28. З. Әбетов. Әдебиеттану терминдерінің қыскаша орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1962.
29. Захир ад-дин Мұхамед Бабыр. Бабырнама. – Алматы: Ататек, 1993.
30. Каллер Джонатан. Теория литературы. – М.: Аст-Астрель, 2006.
31. Қазақ әдебиетінің энциклопедиясы. – Алматы, 2002.
32. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2007. – 9 т.
33. Л.И. Тимофеев Основы теории литературы. – М., Государственное учебно-педагогическое издательство министерства просвещения РСФСР, 1959.
34. Литературный энциклопедический словарь. – М., 1987.
35. М. Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Фылым, 1988.
36. М. Әуезов. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
37. М. Бұлғұттай. Ата-баба діні: түріктер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000.
38. М. Мағауин. Қобyz сарыны. – Алматы, 1968.
39. М. Макатаев. Қунделік. – Алматы: Жалын, 1991.
40. М. Мырзахметов. Қазақ калай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра, 1993.

«Жоғары білім» сериясы

Аюжол Батырұлы Қалшабек

Әдебиеттану ғылымына кіріспе

— АРЫМДАСЫРЫ — қызынан көбілес жағдайда мемлекеттік мәдениет жағдайын анықтаудың тарихи мәнінен тура түрде сипаттаудың тәсілі болып саналады.

«Астана Принт»

Бекшіліктерге ынталанбек

Одаберлік туризм жаңалығы

Алғы әмбебап

Басуға 21.10.15 көл қойылды.
Пішімі 70x90 $\frac{1}{16}$. Қазақ оғсеттік.
Оғсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 13,49.
Тапсырыс №0335. Тарапымы 1000 дана.